



**МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС
МӘДЕНИ МҰРА РЕТІНДЕ ҰЛЫ ЖІБЕК
ЖОЛЫ ТОПОНИМИЯСЫН ЗЕРТТЕУ**

ұжымдық монография

**МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС
МӘДЕНИ МҰРА РЕТІНДЕ ҰЛЫ ЖІБЕК
ЖОЛЫ ТОПОНИМИЯСЫН ЗЕРТТЕУ**

ұжымдық монография

Астана, 2023

ӘОЖ 80/81(035.3)

КБЖ 81.2

М 29

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған ұжымдық монография ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерін ғылымдар тоғысында зерттеу» жобасы аясында әзірленді

Жауапты редакторы Кенжалин Қ.К.

Пікір жазғандар:

Мукажанова Л.Г., филология ғылымдарының докторы, профессор

Қалиева А.К., филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Кенжалин Қ.К., Екижи М., Жалелов Д.С., Зинедина А.С. Материалдық емес мәдени мұра ретінде Ұлы Жібек жолы топонимиясын зерттеу. Монография. – Астана: «Таңбалы» баспа орталығы, 2023. – 278 бет.

ISBN 978-601-337-946-3

Сауда жолдарының торабы саналатын Ұлы Жібек жолы тауар алмасуды жеңілдетіп қана қоймай, тілдер мен мәдениеттердің, дәстүрлердің өзара алмасуына көпір болды. Бұл зерттеу еңбегінде мәдени, тарихи және лингвистикалық білімнің өзегі ретінде осы тарихи жол бойындағы жер атаулары мен материалдық емес мұралардың берілуі, таралуы қарастырылады. Топонимдерді талдай отырып, өркениеттің дамуына үлес қосқан түрлі этникалық топтарды, тілдерді және өркениеттерді бейнелейтін мәдени өзара әрекеттесудің күрделі көрінісі ашылады.

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

© «Таңбалы» баспа орталығы, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
I тарау. Ұлы Жібек жолындағы топонимияларға қатысты лингвофольклорлық мұра	7
II тарау. Ұлы Жібек жолы бойында қалыптасқан дәстүрлі орындаушылық өнер	66
2.1 Ұлы Жібек жолы бойындағы дәстүрлі би өнері	73
2.2 Ұлы Жібек жолы бойындағы дәстүрлі музыка өнері	98
2.3 Ұлы Жібек жолы бойындағы дәстүрлі сахналық өнер	109
III тарау. Ұлы Жібек жолы бойында қалыптасқан салт- дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, мерекелер	124
IV тарау. Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерде қалыптасқан жаратылыстану мәдениеті	191
4.1 Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалалардағы от культі	195
4.2 Аспан денелері мен Ұлы Жібек жолы	200
4.3 Жануарлар дүниесі мен Ұлы Жібек жолы	204
4.4. Өсімдіктер дүниесі мен Ұлы Жібек жолы	215
4.5 Табиғи құбылыстар (салттар, ырымдар) мен Ұлы Жібек жолы	217
V тарау. Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерде қалыптасқан дәстүрлі кәсіптік дағдылар	223
5.1. Дәстүрлі қолөнер және Ұлы жібек жолы	226
5.2. Дәстүрлі тамақ өндірісі және Ұлы жібек жолы	266
Қорытынды	276

КІРІСПЕ

Ұлы Жібек жолы – ежелгі өркениет жетістіктерінің бірі. Керуен жолында Батыс пен Шығыс арасында сауда айналымы жүзеге асты, саудамен қоса мәдениеттердің айналымы да жүрді. Мәдениет, кең мағынада, адам мен қоғамның материалдық және рухани құндылықтарының нәтижесі. Материалдық мәдениет адам баласының түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалады. Ал материалдық емес рухани мұраға әдеп-ғұрыптар, нанымдар, салт-дәстүрлер, фольклор, тұрмыстық бұйымдар, музыкалық аспаптар, т.б. жатады. Материалдық емес мәдени мұра – этникалық, әлеуметтік, діни топқа тән рухани, моральдық, этикалық құндылықтар жиынтығы. Мәдениеттің басты қызметі – қоғамның мәдени және ұлттық ерекшеліктерін тіл, мінез-құлық нормалар арқылы көрсету. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау халықаралық және ұлттық деңгейде жүзеге асады. Жібек жолындағы материалдық емес мұраның түрлерін төмендегідей жіктейміз:

Тіл және әдебиет. Саудагерлер, саяхатшылар және ғалымдар өзара коммуникацияға түсуі негізінде тілдер мен тілдік элементтермен алмасып отырды. Көптеген халықтардың әдеби мұрасы, оның ішінде поэзия, фольклор, эпостар Жібек жолы бойымен жүріп өтті. Бұл желі арқылы Таяу Шығыстағы «Мың бір түн» сияқты көрнекті шығармалар мен Үндістан мен Қытайдан келген буддалық сутралар мен мәтіндер жер-жерге тарады.

Діни-философиялық дәстүрлер. Буддизм, ислам, христиан, даосизм және зороастризмді қоса алғанда, әртүрлі діни нанымдар мен философиялар Жібек жолы бойында өзара

әрекеттесіп, синкреттік тәжірибелер мен діни идеяларды бөлісуге әкелді.

Иконография және рәміздер. Жібек жолы діни иконография, рәміздер мен рәсімдердің алмасуын жеңілдетті. Буддистік ступалар, исламдық мешіттер және христиан шіркеулері, басқа діни орындармен қатар, әртүрлі сәулет және көркем стильдерді көрсетті.

Музыка және орындаушылық өнер. Әртүрлі аймақтардағы музыка мен аспаптар араласып, бір-біріне әсер етті. Мысалы, Жібек жолы парсы ситарысының (лютаның) Үндістанға таралуына ықпал етті, онда ол классикалық үнді музыкасында қолданылатын ситараға айналды.

Би және театр. Қытай операсы сияқты театрландырылған қойылымдар мен би дәстүрлері Жібек жолы бойындағы қалаларда кең тарайды.

Дәстүрлі қолөнер және өнер түрлері. Жібек өндірісі мен жібек шаруашылығы туралы білім Жібек жолы бойымен таралып, әртүрлі аймақтардың тоқыма өнеркәсібіне әсер етті.

Азық-түлік алмасу. Жібек жолы өзге халықтардың дәмдеуіштерін және аспаздық техникаларын меңгеруге көмектесті. Бұл жаңа дәмдер мен тамақ өндірісіндегі әдістерді біріктіретін әртүрлі аймақтық тағамдардың дамуына әсер етті.

Шай мәдениеті. Шай саудасы Қытай, Орталық Азия және Таяу Шығыс сияқты аймақтарда шай мәдениетінің дамуына үлес қосқан маңызды мәдени алмасу болды.

Мәдени фестивальдер. Мәдени мерекелер мен діни жоралғыларды тойлау Жібек жолы бойындағы жаңа ортаға бейімделу кезінде мәдени ерекшеліктермен бөлісу және сақтау тәсіліне айналды.

Ұлы Жібек жолы адамзат үшін бірегей мәдени құндылық, сол себепті ЮНЕСКО ежелгі халықтардың бүгінгі ұрпаққа қалдырған орасан зор мұрасын зерттеуге ғана емес оны сақтауға көңіл бөледі. 1972 жылы ЮНЕСКО Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау жайында конвенция қабылдады. Жүз қырық алты мемлекет жақтаған бұл конвенция «әлемдік мұра

тұжырымдамасын» қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ал 2003 жылы Парижде «материалдық емес мәдени мұраға анықтама беріліп, конвенция қабылданды. Бұл құжатта материалдық емес мәдени мұраны былай жіктеп көрсетеді:

- ✓ Лингвофольклорлық мұра;
- ✓ Орындаушылық өнер;
- ✓ Әдеп-ғұрыптар, мерекелер, рәсімдер;
- ✓ Табиғат пен қоршаған ортаға қатысты білім мен әдеп-ғұрыптар;
- ✓ Дәстүрлі кәсіптік дағдылар.

Зерттеу Ұлы Жібек жолының материалдық емес мәдени мұра ретіндегі топонимиясын зерттеуге және талдауға бағытталған. Әр түрлі мәдени топтардың үлестері, олардың өзара әрекеттесуі және осы тарихи маршрут бойындағы топонимикалық ландшафттың қалыптасуына әсері басты назарда ұсталады. Бұл монографияда Ұлы Жібек жолының материалдық емес мәдени мұрасын сақтау тәсілі ретінде осы топонимдерді сақтау мен құжаттаудың маңыздылығын атап көрсетіледі. Оларды қазіргі әлемде мәдени түсінік пен ынтымақтастыққа ықпал ету үшін пайдалану мүмкіндігі туралы да сөз болады.

I ТАРАУ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ ТОПОНИМИЯЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЛИНГВОФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРА

Ұлы Жібек жолының тарихы, Қытай саяхатшысы Чжан Цяньның айтуынша, б.з.б. II ғасырынан басталады. Бұл жол Сиань қаласынан Ланьчжоу арқылы Дуньхуа қаласына келіп, екі тарапқа бөлінген: солтүстік және оңтүстік. Солтүстік жол – Тұрфан, Қашқар, Алматы, Қарақастек, Баласағұн, Аспара, Мерке, Құлан, Тараз, Саудакент, Құмкент, Манкент, Испиджаб (Сайрам), Жаңабазар, Шарапхана, Ташкент, Самарқанд, Бұхара қалалары арқылы Мервке жетіп, ал оңтүстік жол – Хотан, Жаркент, Балх және Мервке жетіп, Ұлы Жібек жолының екі тармағы қосылған. Бұнан кейін Ұлы Жібек жолы Ниса, Гекотомпил, Акаме, Экбатан, Бағдад, Ктесифан арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға – Антиохия, Дамаск, Тирге дейін созылып жатқан.

Б.з.б. I ғасырдың ортасында ғана Ұлы Жібек жолы тұрақты дипломатиялық және сауда жұмыстарын жүргізу дәрежесіне дейін көтерілген. Ол арқылы Шығыс пен Батыс елдері саяси, экономикалық және мәдени байланыс орнатқан. Өз сағасын ертеден алатын Шығыс халықтарының мәдени табыстарын Батысқа, оның жетістігін Шығысқа таратқан. Б.з.б. 138 жылы

Қытайдың сол кездегі императоры У-ди өзінің астанасынан бұрын белгісіз болған Батыс елдерге Чжан-Цзиян басқарған елші жіберген. Ол Батыс саяхатында 13 жыл жүріп, Орталық Азияның шығыс, оңтүстігін аралап, Ауғанстанға дейін барған. Елші барған жеріндегі елдермен байланыс жасап, келіссөздер жүргізіп, Ұлы Жібек жолының күшейе түсуіне қолайлы әсерін тигізген. Бұнан кейін, Қытайдан жібек тиеген сауда керуендері Батысқа бірінен кейін бірі ағылып жатқан. Жібек саудасы Жерорта теңізіне дейін жеткен. Бұл Орталық Азиядағы көптеген қалаларды, тұрақты қоныстарды басып өткен (Шәлекенов, 2014: 254).

Ұлы Жібек жолы Шығысты да, Батысты да қызықтырған. Екі жақтың көп салалы байланысын дамыту үшін, б.з. I–II ғасырларының арасында Қытайға, Қытайдан осы сауда жолымен, керуендермен бірге дипломаттар ерсілі-қарсылы жүріп жатқан. 97 жылы Қытай саяхатшысы Гань Ин Персия қолтығына дейін барған, ал 100 жылы македондық Май Тициан Ұлы Жібек жолы басталған Ланьчжоуға жеткен. Осы Ұлы жолмен Еуропа, Алдыңғы Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азия дипломаттары, саудагерлері, ғалымдары мен саяхатшылары жүріп жатқан. Ертедегі ортағасырдың VII–X ғасырларында Ұлы Жібек жолының халықаралық мәнге жетуінің нәтижесінде Қытай, Византия, Иран және Араб елдері арасындағы байланыс дамыды және ол үздіксіз күшейіп отырды.

Ұлы Жібек жолының Византиядан Иран арқылы Орталық Азияның батысынан шығысына дейін созылып жатқан ең ұзақ бөлігі – ежелден түркі халықтарының кір жуып, кіндік кескен жері. Түркілер бұл Отанын ертеде – Тұран (Түркістан) деп атаған. Оның жалпы көлемі туралы Махмұд Қашқари: «Қазір бүкіл Түркі елінің шекарасы Абискусун (Каспий) теңізінен айналып, Рұм елі мен Өзкенттен Шыңға дейін созылады. Ұзындығы сегіз мың персек (парсақ, – У.Ш.)» деп жазған (Шәлекенов, 2014: 255).

Осы ұлан-байтақ Орталық Азияны мекендеген түркілер өз Отанының табиғи-жағырапиялық жағдайына икемделіп өмір сүрген. Жер бетіндегі басқа халықтар сияқты, түркілер отырықшылыққа қолайлы жерлерде қалалар мен тұрақты

мекендер салып, отырықшы мәдениеттің іргетасын ертеден қалаған. Жартылай шөлейтті жерде жартылай отырықшы болып, егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан. Гоби, Қызылқұм, Қарақұм, Бетпақдала, Үстірт сияқты жерлерде көшпелілік басымырақ болған. Сөйтіп, барлық түркілер, соның ішінде қазақтар шетінен көшпелілік өмір сүрмеген. Олар көп салалы шаруашылықты дамытып, өркениетті мәдениетке жеткен. Ол IX–XII ғасырлардағы Афрасиабтың ұрпақтары болған қарақанидтер дәуірі.

Отырықшы мәдениетінің орталықтары болған үлкенді-кішілі қалаларды түркілердің өздері ерте заманнан бастап Тұран өлкесінде салғандығы аты аңызға айналған, тегі түркі Афрасиаб пен байланысты екендігі тарихи деректерде кең көлемде суреттелген. Афрасиаб туралы иран, араб, түркі тілдес әдебиеттерде кең жазылған. Шығыстың атақты ұлы ғұламаларының бірі Фирдоусидің «Шаһнамасында» Афрасиабтың аса жақсы суреттелгеніне жоғарыда тоқталғанбыз. Енді Қазақ совет энциклопедиясындағы жібек құрты, жібек иіру, жібек көбелектері, жібек құртын өсіру, жібек мата және жібек ширатулар туралы мамандардың пікірлерін сол күйінде беруді жөн көрдік. Себебі көпшілік оқырмандар, әсіресе жастар жібек маталардың қалай дүниеге келетінін біле бермейді. Осы жібектердің негізі ертеде салынғаны, оның дүниеге ең жайғаны туралы оқырмандардың білуі қажет. Сондықтан бұл мәселе бойынша мамандардың пікірлерімен таныссын.

Жібек – жібек құртының пілләсынан өндіріліп, тоқыма өнеркәсібінде пайдаланылатын табиғи талшық. Әдемі жалтырлығы, жіңішкелігі, беріктігі, оңай боялуы оның ерекшелігі болып табылады. Көп еңбек тілейтіндіктен, жібек ең қымбат талшық саналады. Өндірістік жібек негізінен асыранды тұт ағашы құртынан және жабайы емен құртынан алынады. Асыранды жібек құрты барлық жібектің 97-98%-ын береді.

Жалғыз пілләдан алынған талшық тым жіңішке болатындықтан, өндірісте қолданылмай, тек жібек қасиетін зерттеу үшін пайдаланылады. Техникалық жібек жіп бірнеше

пілләны қатар тарқату арқылы алынады да, өз бойындағы желіммен өзара берік жабысып қалады. Бұл шикі жібек деп аталады. Бүкіл шикі жібектің жартысынан көбі ширатылған жібек өндіруге жұмсалады. Жібек өнеркәсібінің өзге барлық қалдықтары қайта өңделіп, жібек жіп алынады. Жібек бұйымдар (өңделу, боялуға дейін), ширатылған жібектің кейбір түрлері (пайдалануға дейін) және өндіріс қалдықтары (иіруге дейін) сабынды яки басқа ерітіндіде қайнату арқылы желімінен ажыратылады. Қайнатылған жібек жұмсарып, жалтырап кетеді, оңай боялады. Шикі жібек қайнатылмайды, өйткені желімнен айрылған соң жеке талшықтарға ажырап, тарқату қиындап кетеді.

Жібектің механикалық қасиеттері жоғары. Тұт ағаш құртынан алынған жібек жіп 8-10 г салмақ көтереді, 14-18%-ға созылған соң ғана үзіледі, ал дымқыл кезінде беріктігі 10-15%-ға дейін кемиді. Бұған қарағанда емен құртынан алынған жібек жіп 1,5 есе берік, созылғыштығы да 2 есе жоғары. Жібек әрі жақсы диэлектрик, 120- 130° С ыстыққа төтеп береді, тек 160-170° С-та ғана ыдырай бастайды. Жібек құртын тек Түркістан облысының кейбір оңтүстік аудандары өсіреді, сондықтан республикамызда жасанды жібек өндірісі жақсы дамыған. 1970 ж. Қазақстанда 623 мың т жасанды талшық өндірілді. Жасанды жібек өндірісі 1975 ж. 1065 мың т-ға жетпек (Шәлекенов, 2014: 256).

Жібек иіру – жібек өндіретін өнеркәсіптердегі жібек талшығы қалдықтарынан жіп дайындаудың технологиялық процесі. Оған шикізат ретінде піллә қалдықтары мен жібек жіптерінің қиымдары пайдаланылады. Жібек иіру шикізатты сұрыптау, кесу, желімсіздендіру, қопсыту, тарау, шүйкелеу және иіру процестерінен тұрады. Шикізат сапасына қарай сұрыпталады; кейбірі кесіледі; былғаныш қоспалардан, жабысқақ талшықтардан, майдан ажыратылады; қайнату арқылы желімінен айырады. Қопсыту кезінде шатасқан талшықтардың арасы жазылып, талшық иіруге икемді, қысқа кесінділерге (орта есеппен 150-250 мм) бөлінеді. Тарағанда талшық жігі ашылып, ұзынынан сараланады. Тарау жұмысы тарағыш дөңгелек машинамен жүргізіледі. Бірінші машинада таралған неғұрлым қысқа

талшықтар екінші машинаға жіберіледі, сөйтіп 3-4 рет, кейде одан да көп таралады. Таралудан шыққан талшықтар шайырдан арылту цехында сілкуден өтеді де, тарақтап тұту машинасына беріледі. Тарау процесі өңделіп отырған талшықтан 0,02-0,03 нөмірлі, ұзындығы 1,5-3 м лента алынғанға дейін жүргізіледі. Шүйкелеу және иіру белгілі жүйе бойынша және қысқа жүнді тарақтап иіру процесінде пайдаланылатын құралдарға ұқсас жабдықтармен жүзеге асырылады. Дайын жіп әбден тазаруы үшін екі ұшынан бірдей сыдырылады да, арнаулы білікке оралады. Жібек жіп өте жіңішке болып иіріледі. Ал тарау кезінде түскен талшықтар қайта өңделеді де, одан төмен нөмірлі жіп алынады (Шәлекенов, 2014: 257).

Жібек көбелектері – қабыршақ қанаттылар отрядына біріктірілетін бірнеше көбелек тұқымдасының жалпы атауы. Бұған нағыз жібек көбелектері (*Bombycidae*), емен көбелектері (*Attacidae*), піллә түзгіштер (*Lasiocampidae*), волнянкалар (*Orgyidae*), т.б. жатады. Жібек көбелектерінің бір ерекшелігі, олар қуыршаққа айналар алдында арнаулы бездері бөлетін жібек жіпше – піллә түзеді. Тұт жібек көбелектері, қытай емен жібек көбелектері таза жібек алу үшін қолдан өсіріліп көбейтіледі. Жібек көбелектерінің кейбір түрлері бау-бақша және орман шаруашылығына өте зиянды. Сақиналы жібек көбелектері (*Malacosoma neustria*) КСРО-ның Еуропа бөлігінде, Қырымда, Кавказда, Сібірде, Қиыр Шығыста кең тараған. Олардың жұлдыз құрттары жеміс ағаштарының және жалпақ жапырақты ағаштардың бұтақтарын, жапырақтарын, гүлдерін жеп зақымдайды. Тал жібек көбелектерінің (*Leucoma salicis*) жұлдыз құрттары тал, терек, көк терек, қандыағаш, жеміс ағаштарының жапырақтарымен қоректенеді. Бұл КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда кең тараған. Қарағай жібек көбелектері (*Dendrolimus pini*) қылқан жапырақты ормандардың бәрінде де кездеседі. Қарағай, самырсын, шырша, бал қарағайдың зиянкесі. Сыңар жібек көбелектері (*Porthetaria dispar*) КСРО-ның Еуропа бөлігінің орталық және оңтүстік аудандарында, Кавказда, Қырымда, Орта Азияда, Қазақстанда, Сібірде таралған (Шәлекенов: 2014: 258).

Жеміс ағаштарының және жапырақты ормандардың аса қауіпті зиянкесі. Жібек көбелектерінің зиянды түрлеріне қарсы олардың биологиясы, экологиясы, т.б. ерекшеліктеріне байланысты түрлі агротехникалық, химиялық, биологиялық әдістер қолданылады.

Жібек құртын өсіру – ауыл шаруашылығының тұт және емен жібек көбелектерін өсіріп, жібек піллеларын алатын бір саласы. Тұт жібек көбелегін тұт шаруашылығында өсіреді; тұт ағашының жапырағы тұт жібек көбелегіне және оның жұлдыз құрттарына қорек болады. Тұт жібек көбелегін көктемде тұт ағашында 3-5 жапырақ шыққан кезде азықтандырады. Олардың жұмыртқаларын құрғақ, таза, жарық, жылы және ауа алмасып тұратын 2-3 бөлмелі инкубаторда дамытып өсіреді. Инкубаторларды 150 жұмыртқа қорабына есептеп жасайды. Жібек құртын өсіру шаруашылығында жібек көбелегінің ұрығын және оның жұлдыз құрттарын азықтандырып, оларды іріктеп піллеларды өңдейді.

Жібек мата – табиғи, жасанды немесе синтетикалық жібек талшықтарынан тоқылған мата. Жібек матаға жібек жұтқызылған (арнаулы – табиғи яки жасанды жібек, өріс жібі – мақта) және штапель жібектер мен жасанды немесе синтетикалық талшықтардан тоқылған маталарды да жатқызады. Табиғи жібек мата тоқуда шикі жібек, жібек өріс, жібек арқау, муслин, креп, мооскреп, жібек жіптер пайдаланылады. Жасанды және синтетикалық талшықтардан мата өндіруде қолданылатын негізгі жіп түрлері мыналар: капрон талшық, вискозадан, мысаммиактан, ацетаттан, капроннан бос иірілген жіптер, муслин, креп, мооскреп, крепгранит, түкті, спиральді, штапель жіп, т.б (Шәлекенов, 2014: 259).

Жібек ширату – шикі жібектен яки бос ширатылған жасанды талшықтан жіп дайындаудағы технологиялық процестер жиынтығы. Алдымен шикі жібекті сабын езілген майлы суға малып, желімін жібітеді. Бұл оны жұмсартып, созылғыштығын арттыруға және электрлену мүмкіндігі мен үйкелісін кеміту үшін керек. Кейде осы жібіту үстінде жіптер сәл боялады, өйткені ол ширатылған жібек құрамындағы жіптердің түрін және санын

анықтауға мүмкіндік береді. Жібiтiлген жiбек суы сығылып, түйiнi жазылып, кептiрiледi де, шөлмекке төгiледi. Шикi жiбектi кейде сыдырып кедiр-бұдырын тегiстейдi, жуандау жерлерiн жiңiшкертедi. Жуан жiбек жiп алу үшiн бiрнеше шөлмектi қатар қайта төгедi де, шатысып қалмас үшiн шала ширатып отырады. Осыдан кейiн ол ширату машинасына жiберiледi. Ширатылған жiбек қайта тарқатылып кетпес үшiн ыстық бумен буланады. Бұлар тоқыма және мата өндiрiсiнде, сондай-ақ изоляциялық және хирургиялық жiбек, тiгiн жiптерi т.б. жасауға пайдаланылады.

Ұлы Жiбек жолының негiзгi аймақтарының бiрi Қазақстан батыс бөлiгi. Қазақстанның батыс өңiрлерiнiң қалалары Еуропа мен Азия сынды екi алып құрлықтардың шекарасында болғандықтан бiршама саяси өзгерiстерге ұшырап отырды. Бұл өлкедегi қалалардың құрылысына өз әсерiн тигiзгенiн де байқатады. Елiмiздiң батыс өңiрiндегi Сарайшық пен Жайық қалаларындағы жүйелi түрдегi қазба жұмыстары негiзiнен республика тәуелсiздiк алғаннан кейiн басталды (Дулатова, 2010:118).

Қазiргi Атырау қаласынан 50 шақырым жерде, Жайық өзенiнiң оң жағасында, бiр кездегi ұлы да атақты Сарайджук (қазiргi атауы - Сарайшық) қаласының қираған құландысы жатыр. 1834 ж. Ф. Гебель осында шағын қазба жұмысын жүргiздi. 1937 ж. Н. К. Арзютовтың жетекшiлiгмен Қазақстанды зерттеу Қоғамының Батыс-Қазақстандық бөлiмшесi Саратов облыстық мұражай қызметкерлерiмен бiрге қалашықтың кейбiр жерлерiнде зерттеулер жүргiздi.

1950 ж. Ә. Х. Марғұлан тағы да Жайықтың суы мәдени қабаттарын үздіксіз жуып-шайып жатқан Сарайшық ескерткіштерін жедел де кешенді түрде зерттеу туралы үлкен мәселе көтерді. Ескерткішті зерттеуде визуалды қарастырумен қатар жоспарларды инструментальды түсіру және аэротәсілдер қолданылды. Қалашықты зерттеу барысында стратиграфия, хронология, даму динамикасын анықтау мақсатында шурфтар мен кескіндер (разрез) пайдаланылды.

Сарайшық қаласы тарихи мұраларға бай орын. Өз заманында қала тұрғындары мәдени, рухани, экономикалық жағынан да көш басында болған. Мәселен Сарайшық тұрғындары өздерінің жоғары деңгейдегі сауаттылығымен де ерекшеленген. Оған қазба кезінде табылған ыдыстардағы, қола бұйымдардағы және қағаздағы әртүрлі мағынадағы жазулар дәлел бола алады. Әсіресе, қыш ыдыстардағы жазулар жақсы сақталған. Сондай бір үлкен қыш ыдыс - хумның сыртына Шу аңғарында туып, Қашқарда өмір кешкен Жүсіп Баласағұни поэмасынан (XI ғасыр):

«Адам көркі - жүз, бұл жүз көркі - көз,

Ауыз көркі - тіл, бұл тіл көркі - сөз.

Тағы көркі кісіге - білім мен өнер,

Жанын құрбан етер білім үшін ер, - деген үзінді жазылған».

Жанына «Бұл күбіге көз жасын құяр болар», - деп белгісіз шебер өз атынан сөз қосқан. Екінші бірінде еркін шебер-көзешінің осы хумды жасағандығын дәлелдейтін таңба белгі бар. Бетінде жазуы бар ыдыстың келесі бірі - кесе. Бұл кесенің бір бөлігі нақыл сөздермен көмкерілген. Оның бір нұсқасы былай деп оқылады: «Түнде екі әлемнің періштелері оның алдына келді». Ал зергердің тас қалыбында бізге дейін толық жетпеген қысқа: «Жұмыс» деген фраза сақталған. Керуен жолының тоғыз торабында орналасқан қала, сөз жоқ, кең ауқымдағы халықаралық саудаға қатысқан (Дулатова, 2010:124).

Жанданған сауда Қытаймен, Кавказбен, Иранмен, Үндістанмен, Орта Азиямен және Русь мемлекеттерімен жүргізілді. Қытай фарфоры ауқатты қалалықтардың дастарханын көріктендіріп тұрды. Жылтыратылған ашық жасыл түсті селадон деп аталатын бұл ыдыстар нәзік өрнектермен қоса бұлттар, құстар бейнелерімен, иероглифтермен де безендірілген.

Иран және Сириялық оюлармен өрнектелген, шыңылтырмен (эмаль) және алтынмен апталған әйнекейлі құмыралар, құтылар, шамдалдар көздің жауын алады. Сарайшық тұрғындары ішіндегі тамақ аса дәмді болады деп ерекше жұмсақ тастан ойылып жасалған Хорезмнің қазандарын ерекше ұнатқан. Қара қыштан құйылып, күн түскенде ою-өрнектері жарқырап

тұратын құмғандар, кеселер мен табақтар молынан саудаға түскен. Шыны, ақық, маржан тастардан айшықталған әшекейлер, жүзіктің көзіне орнатылатын гауһарлар Иран мен Орта Азиядан әкелінетін, болмаса жергілікті жерде жасалынған; «каури» ғажайып қабыршақтары Үндістаннан, амфоралар сонау қиырдағы қаратеңіздік сауда қаласы Трапезундтан тасылған ыдыстарда шарап пен май сақталған, ол қырымдық әйнекейлі сырлы аяқ-табақтар керуеннің теңдерінде, кемелердің трюмдерінде тасылып әкелінген. Хорасаннан және Еділдің төменгі сағасынандағы қалалардың діни және пәлсафалық мазмұнда жазу жазылған әртүрлі кеселері мен пиалалары Сарайшық халқының күнделікті өмірінде көп пайдаланылған. Алтын Орданың басқа қалаларының тұрғындарының сұранысына қажет әшекейлі әдемі сырлы табақтар мен құмыралар Сарайшық шеберлерінің қолынан да шыққан. Осындай ыдыстардың біреуі Мәскеудің Қызыл Алаңындағы Мемлекеттік Тарихи Мұражайға қойылған (Дулатова, 2010:125).

Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың бірі – Сауран. Қалада тарихи маңызы бар, ескі замандардан сыр шертетін жәдігерлер мен тарихи деректер мол кездеседі. Жалпы, өткенді өшірмей, тарлан тарихты таразылап, келер ұрпаққа аманат етіп қалдыру рухани жаңғырудың негізі. Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын халық санасына сіңірудің маңызы ерекше. Елдегі барлық қасиетті нысандар, оның ішінде археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар, қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді. Сауран қаласы да осы тізімде.

Енді көне қаланың тарихына тоқталсақ. Сауран – құпияға толы, Қазақстандағы қорған дуалдары неғұрлым толық қалпында сақталған әйгілі ортағасырлық қалалардың бірі. Оның ерекше әскери-стратегиялық, сауда-экономикалық және мәдени-тарихи мәнінің құндылығымен Сырдария бойында және қазақ даласында болған барлық ортағасырлық авторлар жазбаларында

қалдырылған. Археологиялық зерттеуі жүз жылдан астам уақыт бұрын басталған тарихи мекен жайында орыс ғалымдары П. Лерхтың шығармаларында, П. Пашино жол естеліктерінде кездеседі (Жарықбаев).

Түркістан қаласының батыс жағында 40 шақырым, қазіргі Жаңақорған ауданы, Манап ауылының оңтүстігінде 15 шақырым жерде орналасқан. Қаланың орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттарға қарағанда қаланың іргесінің қалануы VI ғасырдан басталады. Қолөнердің дамуына X-XII ғасырларды айтуға болады. X ғасырдағы араб (Ибн Хаукаль, Мақдиси, Истахри) жазба деректері қаланың жақсы салынған құрылыс жүйесі – мешіт, медреселері және сауда орындары туралы мәліметтер береді. Қаланың қазіргі кезде сақталған дуалының биіктігі 7-8 метр және оны айналдыра қазылған ордың кеңдігі мен тереңдігіне қарағанда, мықты бекініс болған. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде қаланың XVII ғасырға дейін өмір сүргендігі анықталған.

Тағы бір деректе XIII ғасырдың орта тұсында Сауран қалашығы Ақ Орданың астанасы болғаны жазылады. XIV ғасырдың аяғында Сауранды Әмір Темір әскери қамалға айналдырған, осылайша Сауран қалашығы ислам дінінің Қазақстанға таралуына ықпал еткен деседі. Сауранды зерттеген ғалымдардың бәрі Сырдария бойында және қазақ даласында болған оқиғалар жайында жазғанда шаһардың ортағасырлық екенін алға тартады (Жарықбаев: zhanaqorgan-tynysy.kz).

Көне шаһардағы ірі құрылыстардың арасында «шайқал-малы минаретті», сондай-ақ шаһарды ауыз сумен қамтамасыз еткен кәріздері – жердің астынан салынған канал ерекше көзге түседі. Осы күнге жеткен Сауран қалашығының қабырғалары мен мұнараларының қалдықтары дөңгелек алаң ретінде қаз-қалпында жатыр. Ауданы 550-800 м құрайды. Қаланың ішіне қақпа арқылы кіруге болады.

«Сауран қамалы – өте берік бекітілген қорған, оның мықты және күшті қамал болғандығы соншалықты тағдыр тәлкегінің қолы оның қорғанының түбіне жетіп көрген емес, және көктегі

аспанның өзі де әлем жерінің төрттен бірінде мұндай берік қамал көрген емес. Оның биіктігі соншалықты, күннің көзі де одан асып көрген емес. Қамалдың беріктігі соншалықты, оның мұнаралары мен дуалын қирату ешкімнің ойына да кіріп шықпайды». Сауранды жаулап алмақшы болған Абдоллах-ханның әскери жорығын суреттеген (XVI ғ. екінші жартысы) автор қамал-қала туралы осылай деп жазған (Жарықбаев).

Сауран қаласына көңіл бөлген зерттеушілердің қай-қайсысы да шайқалмалы мұнаралары бар медресені басты назарда ұстаған. Олар үшін бірінші кезектегі мәселе – осы медресенің орнын анықтау болған. Академик К.М.Байпақов шайқалмалы мұнаралары бар медресе орнын қаланың бас көшесі алаңға келіп тірелетін жерде деп көрсеткен болатын (Байпақов, 1992: 76). Оның жорамалын анықтау үшін қала алаңының солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан төбеде қазба жұмыстары жүргізілді.

Жазушы Дүкенбай Досжан өзінің зерттеу мақаласында: «Қаланы алты мұнаралы үлкен қорған қоршап тұрған екен. Қорған саз балшықтан, кей жері күйдірген қыштан өріліпті. Әр мұнарада қарауыл қарайтын күмбез, жауға оқ ататын тесіктер бар. Осы белгілер Сауран қаласының негізгі міндеті – ел күзету, басқыншы жауға бірінші тосқауыл болу екенін байқауға болады. Қорған төрт бұрышты етіп салынған. Қалаға кірер қақпа мен шығар қақпа бір-біріне тұспа-тұс орнатылған. Оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа көлбеу жатыр. Тосын көзге бірден шалынатын нәрсе – қала халқының өте тығыз отырғанға ұқсайтындығы. Өйткені белдеу-белдеу, қатпар-қатпар болып жатқан топырақ үйінділері бұрынғы үйлерді, дуалдарды көз алдыға елестетеді. Сонымен қатар ескі қару-жарақ, қыш құмыра, ыдыстарынан аяқ алып жүргісіз. Сәл қазып көрсеңіз – бірі болмаса, бірі шыға келеді. Қаланы 1219 жылы Жошыхан қиратқанымен Сауран XV ғасырдың аяғына дейін өмір сүрген», – деп жазады (Жарықбаев).

Ал, шамамен XIV ғасырда салынған екінші Сауранның орны Түркістан қаласынан Қызылордаға қарай өтетін теміржолдың бойымен 45 шақырым жерде сақталған. Қазіргі кезде шаһардың

орнындағы көне ғимараттарды қалпына келтіріп, туристер көретін музей жасау жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Ортағасырлық Сауран қаласының тарихынан сыр шертетін мәліметтер араб-парсы және орыс деректерінде, сонымен қатар қазақ халқының дастандарында, т.б. кездеседі. Ескі қаланың қалдықтарына үлкен қауіп төніп тұрғанын ескеріп, кешендік археологиялық жұмыстар әлі де жүргізіліп жатыр. Келер ұрпақ үшін көне қаланың қалдықтарын сақтау мақсатында және қайта қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда.

Қазіргі кезде көне қаладағы археологиялық жұмыстар шамамен 50 гектарды құрайтын территорияны алып жатыр. «Мәдени мұра» Қазақстандық бағдарламасы шеңберінде өткізіліп жатқан зерттеу жұмысы барысында табылған заттар, яғни күйіктастың, гипстің сынықтары осында мешіт пен медресенің болғандығын дәлелдейді. Тарихшылардың пікірінше, осы себептен бұл жерді мекендеген адамдар айтарлықтай жоғары білімді болған. Дәл Сауранда осы аймақтағы алғаш оқу орны ашылған.

Сауран туралы алғашқы деректер X ғасырдың бірінші жартысына жатады. «Мәдени мұра» Қазақстандық бағдарламасы жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде Сауранның орталық бөлігінен табылған күйіктас, гипс сынықтары мұнда мешіт пен медресенің болғанын дәлелдейді. Тарихшылардың пікірінше, осы жерді мекендеген адамдар айтарлықтай жоғары білімді болған. Қазақстан бойынша теңдесі жоқ, бірегей қаланы сумен қамтамасыз ету технологиясы болғаны да осы Сауран жерінен табылып отыр.

Қазақстандағы ортағасырлық қала мәдениетінің маңызды ескерткіштерінің бірі – ежелгі Сауран қаласы. Ол Шығыс Ренессансы кезінде әлемге белгілі ғұламалар мен көрнекті тұлғаларды тарих төріне шығарды. Сырдарияның ортаңғы ағысында орналасқан Сауранның қираған орны қазақ халқы тарихының, сәулет өнерінің, ғылым-білімінің, мәдениетінің талай заманалар тылсымында қалған құпия сырларын сақтап жатқан қазыналы жабық мұрағат секілді. Бізге қаланың салыну тарихы мен өркендеу мәдениеті, оның Орта Азия халықтары тағдырында атқарған маңызы туралы жазба мағлұматтар жүйесіз және

мардымсыз түрде, ал археологиялық тұрғыдан жан-жақты зерделенбеген қала қирандысы күйінде жетіп отыр. Ортағасырлық Сауран қаласының тарихынан сыр шертетін мәліметтер араб-парсы және орыстың ғылыми деректерінде, сонымен қатар қазақ халқының тарихи жыр-дастандарында кездеседі. Көмекей әулие атанған Бұқар жырау қала жұртының басқыншы жаумен шайқасқан ерен ерліктері туралы «Тас қамал» атты дастан да шығарған деген дерек те бар (Тілешов & Итеғұлова & Қадырхан, 2017: 165).

Біздің заманымызға дейінгі 128 жылы төтенше тапсырмамен Сыр бойына арнайы келген қытайлық саяхатшы Чжан Цянь тек бір ғана Ферғана өңірінде ірі 70 қала бар деп жазыпты. Бірақ тарихи деректер бойынша Сауранның алғашқы іргетасы VI ғасырда, яғни түркі қағанаты дәуірінен бастап қалана бастаса, сол кездегі Сырдария алқабындағы маңызды стратегиялық және сауда орталығы ретінде белгілі болып өркен жаюы VII–XVIII ғасырлардың еншісіне жатады. XII ғасырда «Ұлы Жібек жолы» арқылы ірі сауда орталығы ретінде бүкіл әлемге танылған. XIII ғасырда «Испиджаб сияқты харадж (салық) төлемейтін» шекаралық үлкен қала дәрежесінде болса, XIV ғасырда Сауран Ақ Орда хандығы құрамына қарап, оның астанасы дәрежесіне дейін аталады. Ұлан-ғайыр Дешті-Қыпшақ даласын мекен еткен тайпалар мен халықтар үшін сыртқы жаудан қорғануда стратегиялық бекініс ретінде маңызы зор болды. XV–XVII ғасырлардағы жазба жәдігерлердегі деректерде Түркістандағы билік үшін қазақ хандықтары мен шайбаниліктер арасындағы күресімен байланысты айтылған. Қазақ хандығы құрылған соң қаланың ұлт тарихындағы орны туралы мәліметтер аз болғанымен, ірі қала ретіндегі мән-маңызы төмендемеген. Сауран XVIII ғасырдың басында әлсіреп, XIX ғасырдың басында біржолата күйреді (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 166).

Сауран мұнаралы биік және бірнеше қабырға-дуалдармен қоршалған үлкен қала болған. X ғасырда өмір сүрген арабтың географ-ғалымы әль-Мұкаддаси (Махсиди) әл-Муттахар Тахир «Дүниенің басталуы мен тарихы» деген еңбегінде «Сауран – жеті

қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде күмбезді сарай, мешіт бар» деп жазған. Зерттеушілердің пікірінше, қаланың орталығында бірнеше мешіт пен медреселердің табылуы ғылым-білімнің, өркениеттің ордасы болғандығын байқатады. Мешіттер ислам дінінің таралуына ықпал етсе, медреселер Шығыс Ренессансы арқылы дамыған ғылым-білім, өнерді өркендетуге ықпал жасады. Оның ірі-ірі құрылыстарының ішінен жылнамашылар «шайқалмалы минаретті» және қала мен оның айналасын сумен қамтамасыз еткен кәріздерді – жердің астынан салынған каналды ерекше атаған. Оны қазақ жері бойынша теңдес құрылыс жүйесі жоқ осы бірегей қаланы сумен қамтамасыз ету технологиясы дәлелдейді. Сауранның басты екі орталық көшесінен басқа, күрделі түрде тармақталған көше жүйесін құрайтын жоспарлы архитектуралық құрылымы зерттеушілерді таң қалдыруда. Тұран даласы аталған үлкен аймақтың рухани және саяси орталығы ретіндегі дамуы мен даңқын жаңғыртқан Сауран сәулетті қала болған (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 167).

Ұлы Жібек жолында орналасқан топонимдердің бірі – Сейхун. Туған жердің әр төбесінің, қырқа-жотасының, өзен-көлінің қойылған атауының өзі құпия сырға толы. Солардың бірі талай дәуірлермен жарыса аққан қазіргі Сырдария өзенінің атауына қатысты. Кермиық далада керіле көсілген дарияның алғашқы атауы «Яксарт» екен. Бұл өзеннің грекше аты көне парсы тіліндегі Yaksart Ata («Үлкен маржан») деген сөз тіркесінен бастау алады. Ертеде Сыр бойында өмір сүрген сақ-скифтер өзеннің орта ағысын – «Яксарт» деп атаған (Кляшторный, 1953: 3).

«Яксарт» сөзі әртүрлі тілдердегі аудармаларына қарай мағыналары да өзгеріп отырады. Мысалы, қытай тілінде – «Нағыз інжу өзені», көне иран тілінде – «Інжу өзені», моңғол тілінде «Үлкен өзен», парсы тілінде – «Суық өзен» деген мағыналарға ие. Ал «Яксарт» сөзі түрікше «иенчү-үгүз», яғни «Інжу өзен» деген мағына береді. М. Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» атты еңбегінде «өкүз» сөзімен Жейхун мен Еврат секілді үлкен дарияларды атаған (Қашқари, 1997: 87).

Ертеде көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені Яксарт (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан ол өзенді түркілер «Інжу» (моншақ, маржан) деп атаған (Бияров, 2013: 10).

«Сейхун» этимологиясы көптеген оқулықтар мен ғылыми еңбектерде Сырдарияның көне атауы ретінде беріледі. «Ортағасырлық мұсылман жазбаларында жұмақтағы төрт өзеннің бірінің атымен «Сейхун» деп аталған. Әмудария өзені «Жейхун» деп аталған. Бұл – жұмақтағы төрт өзеннің тағы бірінің аты. Қазақстанда жергілікті тұрғындар оны күнделікті тілде «Дария» деп атайды.

Бартольдтің «Орта Азиядағы Түріктердің тарихы» атты кітабының 53-бетінде Сырдария өзені жайлы мәліметтер берілген. Абу әл-Ғазида осылай атаған. Ибн Хауқал Сейхун өзені түрік елдерінен шығып ағады деп айтқан. Ибн Хауқалдың айтуынша, таудан аққан бұл өзен Арал теңізіне барып құяды. Араб саяхатшылары Сейхун, Жейхун өзені секілді, онда кемемен жүзуге болады дейді. Қыс мезгілінде ұзақ уақытқа өзеннің бетінде мұз қатады. Осы себепті өзеннің үстінен арбалар жүре беретін.

Сырдария мен Әмудария Сейхун, Жейхун болмас бұрын Жаксартекс және Оксис деп аталған. Арабтар Сейхун, Жейхун атауларын яһудилерден алуы мүмкін деген болжам айтылады. Яһудилердің жазбаларында Писон және Гихон деген өзендер жайлы айтылады. Сейхун мен Жейхун осы сөздерге жақын болуы мүмкін, бірақ мағыналары белгісіз. Моңғол шапқыншылығы заманында Сейхун атауы қолданыстан шығып, Сырдария деп атала бастаған (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 169).

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Б. Әшімов «Сырдарияның көне атаулары» атты мақаласында бұл атаулар туралы мәліметтерді қорытындылай келіп былай дейді: «Сырдарияның ежелгі атаулары өзеннің алқабында өмір сүрген халықтар мен тайпаларда әртүрлі аталған, онда ғұмыр кешкен тайпалардың, қалалар мен елді мекендердің ықпалымен, өзеннің атауы әрдайым өзгеріп отырған,

ал антикалық тарихшылардың, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде өзінді Танаис, Силис, Канг, Яксарт, Банакит, Сейхун деп аталғанын көреміз» (Тілепов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 169-170).

Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев бұл атауларды өзінің «Түркістан» өлеңінде былай деп жырлайды:

«Ертеде Оқыс, Яксарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейтін!»

Сонымен бір мағынасын моншақ, маржан, інжуге баласа, екінші мағынасы зәмзәм суы шәрбәттай жұмақ өзенге теңеудің өзі оның халықтың ерекше ықыласына бөленгендігін білдіреді. Қазіргі таңда да жердегі інжу әрі жұмақ өзені ағаш үйлі, киіз туырлықты Алаш баласының құтына айналғандығын көреміз.

Сығанақ қаласы. Сығанақ – халқымыз үшін мыңжылдық тарихтың куәсі ретінде танылған қала. Сондықтан да ол ұлтымыздың қадір тұтып, қасиет санайтын киелі тарихи орындардың бірі саналады. Алғашқы дерек бойынша, «Шығыстан батысқа дейінгі әлем шекаралары» (Худуд ал-Алам мин ал-Машрикила-л-Мағриб) атты авторы белгісіз еңбекте «Сунах» атымен белгілі болған. X ғасырда жазылған «Худуд әл-Әлемде» деген парсы шығармасында 982 жылдан «Сығанақ» атауымен таныла бастаған. «Сығанақ» атауы түрікшеден аударғанда «қамал, қорған» деген мағына береді. Осы X ғасырда араб географы әль-Мұкаддаси (Мақдиси) Сығанақты «Отырармен кіндігі бір егіз қала» деп көрсеткен. Сол кездегі тарихшылар Сығанақты «Қыпшақ даласының гаваны» деп атаған. X ғасырдағы атақты араб жағрафиятанушы, ғалым әл-Идриси Сырдария бойындағы ғұндардың (оғыздардың) қалаларының көптігін жазып, олардың ішіндегі «Сауран, Сүткент, Сығанақ қалаларын ірі қалалар еді. Ал Сығанақ нағыз сауданың қайнаған ортасы» деп ерекше көрсеткен.

Сығанақ XII ғасырдың соңы XIII ғасырдың басында әлі де мұсылман дінін қабылдай қоймаған, Тәңірге табынған көшпенді қыпшақ хандығының шығыс астанасы болды. Сол себептен кейбір

мұсылман ғалымдары деректерінде «Дарь-уль-Куфр» немесе «дінсіздердің ордасы» деп те аталды. «Абдулланаме» жылынамасында Сығанақ туралы «Ол – ежелден бері қыпшақ (қазақ) хандарының астанасы» деп атап жазылған. Махмұт Қашқари «Сығанақ – оғыздар еліндегі қала» деп, ал Әбілғазының жазбаларында: «Қала қақпалы, қуатты дуалдармен қоршалып, ішінде сауда үйлері, керуен сарайлары және басқа да қоғамдық құрылыстары бар қала үйлері орналасқан. Сығанақ Сырдария өңіріндегі ірі тұрақ еді. Оның тұрғындары елші Хасан-Қажыны өлтіріп, моңғолдармен барынша қарсыласты» деп жазған.

Сығанақ Ұлы Жібек жолыда Сырдария өңіріндегі өте ірі сауда орталығы болды. Қаланың атақты кезін көрген Фазлах ибн-Рузбихан: «Шаһарда күн сайын бес жүз түйенің еті қуырылып, кешке қарай одан түйір де қалмайды», – деп жаза келіп, оның орналасқан жерінің дала жұрты үшін маңызы мен географиялық ерекшелігіне сипаттама берген. Қаланың қазақ халқы үшін атақты болуындағы тағы екі себебі бар. Біріншіден, қала өзінің 2000 жылға жуық тарихында қаңлылардың, қыпшақ хандығының (XI–XII ғғ.), Ақ Орданың (XIII–XIV ғғ.), Әбілхайыр хандығының (XV ғ.), Қазақ хандығының (XVI ғ.) астанасы болса, екіншіден, қандай да бір шапқыншылық болса да қайтадан жанданып отырғандығы. Әрине, оның Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы да оны үлкен даңққа бөлеген. Сығанақ өз тарихында талай қияметті басынан кешірді. Ақ Орда хандары мен Темір ұлысы арасында, кейінірек қазақ хандары мен (Бұрындық, Қасым хан) Мұхаммед Шайбани, оның ұрпақтары арасында Сығанақ үшін талай кескілескен ұрыстар болды. Сығанақты 1446 жылы шайбанилік Әбілқайыр басып алса да, Орыс ханның ұрпақтары Әбілқайыр билігін мойындамады. 1456 жылы Әбілқайыр мен Енге төре арасында Сығанақ үшін болған шайқаста Әбілқайыр жеңіліс тапты. Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ хандығы Әбілқайырдың осы әлсірегенін пайдаланып, Елордасын Шу бойындағы Қозыбасына әкеліп тігіп, Сығанаққа ықпал жасады. Осыдан бастап, Сығанақ өлкесі территориялық тұрғысынан қазақ мемлекетінің қарамағында қалды. Кейін қазақ ханы Бұрындық Сығанақты алуға келгенде

қаланың әкімі Қазы Садыр әл Ислам бастаған басшылығы ақылдаса келе: «бұл қала бұрыннан Бұрындық ханның ата-бабаларының қолында болған, сондықтан қаланы оған берсек тыныштық болады», – деп шайқассыз беріледі. Міне, осы кезден бастап Сығанақ қаласы қайтадан Қазақ хандығының астанасына біржолата айналады. XVII–XVIII ғасырларда болған жоңғар шапқыншылығына бірнеше рет ұшырады. Осы шапқыншылықтар және басқа да себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты. Сығанақта халық салдырған мешіт ғимараты шамамен 1937–1938 жылдарға дейін болған және жергілікті жұрт үшін киелі саналса да, атеистік көзқарас әсерінен бұздырылған (Тілешов, 2017: 178).

Қаланы алғашқы зерттеуші П.И. Лерх, Е.А. Смирновтар барлау жұмысы кезінде Сығанақта болып, қаланың суландыру жүйесі туралы ғана хабарласа, В.А. Каллаур «Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии» жинағында қала құрлысының ғылыми топографиясын сипаттап: «Сунақ атада ең алдымен, күйдірілген қыштан соғылған екі құрылыс назар аудартады. Олар осы жердегі қаламен тұспа-тұс болуға тиіс», – деп архитектурасына да назар аударған. XX ғасырда археолог ғалымдар К. Ақышев пен К. Байпаковтар Сығанақ қаласының топографиялық тарихына да назар аударып, «бұл ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала» деген қорытынды жасады.

Қазір қаланың тарихи орны – 10 га жерді алып жатқан үлкен бес бұрыш бейнесіндегі төбе. Географиялық тұрғыдан алғанда, Қаратау жотасының оңтүстік-батысындағы Белқар үстіртінде жатыр. Ол Қазақстанның қазіргі әкімшілік-аймақтық бөлінуіне байланысты Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында орналасқан.

Ұлы Жібек жолындағы ірі өзендердің бірі – Талас. Бүгінгі Талас өлкесінде аңыздарға арқау болған көп ғасырлық тарихы бар екі жүзден астам қала жатыр. Талас өзені арнасы сәулет өнерінің үздік нұсқалары болып табылатын тарихи ескерткіштерге бай. Ұлы Жібек жолы бойындағы көне қалалар осында орналасқан.

«Ерте ислам дәуірінің мешіті», «Төрткөл қалашығы» (VI–VIII ғғ.), «Құлан қалашығы» (VI–XII ғғ.), «Меркі қалашығы» (VII–XIII ғғ.), «Түймекент қалашығы» (VI–XII ғғ.), «Төменгі Барысхан қалашығы» (VI–XII ғғ.), «Айша бибі кесенесі» (XI–XII ғғ.), «Бабаджа Хатун кесенесі» (XI ғ.), «Қарахан кесенесі» (XI–XII ғғ.), «Дәуітбек кесенесі» (XIII ғ.), «Тектұрмас кесенесі» (XIV ғ.) секілді сәулет өнерінің жауһарлары көне тарихтан сыр шертеді. Тылсым сырлы «Ақыртас сарай» кешені (VIII–XII ғғ.), «Баласағұн» (Ақтөбе) қалашығы (VI–VIII ғғ.), «Ақкесене» қарауыл мұнарасы (X–XIII, XVII ғғ.), «Қарақожа» мешіті (XX ғ. басы), «Әбдіқадір» мешіті (XX ғ. басы) сияқты тарихи орындар Тараз қаласы тарихымен тығыз ұштасып жатыр. Мысалы, «Қарахан кесенесі» қараханидтер әулетінің көрнекті тұлғасының бірі – Шах Махмуд Қараханға арналып салынған. 1836–1936 жылдар аралығында қала Қараханның құрмегіне Әулиеата деп аталды. Бұлардың көбі Ұлы Жібек жолындағы аса ірі мәдени, саяси және экономикалық орталық болды (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 182).

Талас өлкесінің тарихы, өмір-тіршілігі туралы материалдық мәдениет ескерткіштерінің аттарына байланысты ерте заманнан бері ел жадында сақталып келе жатқан аңыздар мен әңгімелер де өте мол. Талас өлкесінде туып, жат жерге тараған, шет елде хатқа түскен аңыздар да бар. Сондай аңыздардың бірі-Ақыртас туралы аңыз. Ақыртас туралы қазіргі күнде 5–6 түрлі аңыз бар. Солардың бірінде былай делінеді: «Алаңғасар алып бір сұлуға ғашық болыпты. Сұлу алаңғасар алыптан өзіне арнап тастан сарай салуды талап етеді. Алаңғасар алып Бота мойнақ тауынан тас алып тасып, оларды қашап, тегістеп, сарай салуға кіріседі. Ол сарайды тұрғызып болған соң, Бота мойнақ тауын тесіп, Талас өзенін сол тесік арқылы сарай маңынан өткізбекші болады. Таудан тас тасып жүргенде, Алаңғасар алып ай десе аузы, күн десе көзі бар басқа бір сұлуды кездестіреді. Мұның сұлулығы алдыңғы қыздың сұлулығынан артық, әрі сөзі назды екен. Алаңғасар алып сол қыздың қасында қалып қояды. Алаңғасар алып дүниеден қайтқанда, оның сирағынан өзенге көпір салынған».

Келесі бір аңызға сүйенер болсақ: «Ақыртас қорғанын Манас батыр мен оның баласы Семетей тұрғызады. Баласы таудың басынан тас лақтырып тұрады, әкесі ол тастарды қағып алып, қашап, қалай береді. Қамалды тұрғызып, Манас пен баласы сол жерде тұрақтап қалады. Әкесі өлген соң бала Ақыртасты тастап, Манас базарға кетеді. Сол жерде көшпенділер оны өлтіреді. Батырдың аяқ сүйектерінен жұрт Талас өзенінің үстінен көшір салады». Әр көне қорған орны ментау-тасын түртсең тарихынан сыр шертетін Талас жеріндегі атақты Ақыртас қалашығы туралы осындай бірнеше аңыздар бар. Ал зерттеліп келе жатқанына 130 жыл болса да байлықтары таусылмаған Таластағы атақты орындар әлі де өзінің кереметтерімен таңғалдыра берері сөзсіз! (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 184).

Бұл өлкенің осылай аталуы Талас өзеніне байланысты. Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мыңнан астам өзен болса, олардың ішінде тек жетеуінің ғана ұзындығы мың км-ден асады. Олардан кейінгі ұзындығы жағынан келгенде, Талас өзені 661 км-ге созылып ағады. Ол – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен болса, елімізде ағатын бөлігі – 453 км. Негізінен, Жамбыл облысының Байзақ, Талас, Сарысу аудандары жерімен ағады. Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықтарынан шығатын Қарақол және Үшқоша өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады. Таластан тармақтала ағатын Шалқы, Көделі, Тасарық секілді өзендер де бар.

Қазақстандағы көне тарихи қалалардың бірі – Сайрам қаласы. Қазіргі орны Шымкент қаласының оңтүстік шығысында 12 шақырым жерде орналасқан. Талай құпияны ішіне бүккен қала орнында әлі күнге дейін үйілген қорған қалдықтары мен көне кесенелерді т.б. ескерткіштерді көруге болады. Сайрам туралы алғашқы дерек М. Қашқаридың «Диуани-лұғат-ат-түрк» атты еңбегінде кездеседі. Онда Сайрам – «Испиджаб» деп аталатын ақ қаланың аты делінген. Демек, Сайрам Испиджабтың кейінгі аты. «Испиджаб қаласының дәуірлеп гүлденген шағы Х–ХІІ ғасырлар болды. Бұл кезде қала өз маңындағы көптеген елді мекендерді

біріктірді. Отырықшы ел жер жыртып, егіншілікпен айналысты. Арыс, Бадам өзендерінен қалаға құбыр жүргізілді, науалар салынды. Мұндай құрылыстарды қаланың қазіргі жатқан орнынан да айқын аңғарамыз» (Досжанов, 1967: 69). Сол кездегі Сыр бойы және Жетісу өлкесіндегі қалалардың өсіп-өркендеуіне Ұлы Жібек жолы да зор ықпал жасады. Ұлы Жібек жолының Қазақстандық бірінші бірегей ірі қала Испиджаб болды. X ғасырдағы араб географы Ибн Хаукаль былай деп жазады: «Испиджаб шамамен Бинкеттің үштен екісіне тең қала. Ол Мединадан, қала мен рабадтан тұрады. Ол тегіс жерде жатыр. Онымен ең жақын деген таулар арасы үш фарсахтай. Мединенің төрт қақпасы – Нуджкент қақпасы, Фархан қақпасы, Шакван қақпасы және Бұхара қақпасы бар. Бұл адамы көп қоныстанған ауқымды қала». Бұған қарап, Испиджаб қаласының Қазақстандағы ірі діни орталық болғандығын байқаймыз. Испиджаб төңірегінде көптеген қалалар мен қыстақтар болған. Ол туралы X ғасырда араб географы әл-Истахри былай жазады: «Оның құрылыстары саз балшықтан жасалған, оның базарлары жеміс-жидекке тұнып тұр. Онда түрлі өнім көл-көсір және сан алуан пайдалы заттар да көп. Оның айналасы толған қалалар мен қыстақтар» (Байпақов&Нұржанов, 1992: 50-51).

Жоғарыдағы деректерде көрсетілгендей X ғасырда Сайрам қаласы осы аймаққа ислам дінін тарату орталығы болды. Қаланы араб қолбасшысы Нұх ибн Асад әскерлерімен 840-шы жылы басып алып, оның халқын түгел мұсылмандыққа енгізеді. Осы кезден бастап қалада бұрынғы сауда-саттықпен қатар дінді уағыздау, мешіттер мен медреселер құрылысын салу жұмыстары қызу жүргізіле бастады. Исламдық жоралғыларсалт-дәстүрболыпқалыптасты. Араб жазуы енгізіліп, кеңінен өріс ала бастады. Тіпті, ортағасырлық тарихшылар «Испиджабқа жұма күні қонған кірекеш (саудагер) басына сәлде орап шығады» деген сөздің мақалға айналып кеткенін жазады. Осы мезгілде Сайрам қаласының атағы байлығымен, мәдениетімен алысқа тарап жатты. Бұл туралы Қ.А. Яссауи былай деп жазған екен:

«Сайрам, Сүткент салтанатты,

Кезбелерді қайран еткен.
Жанға рахат жер жәннаты,
Бекзадалар жайлап өткен».

Сайрам қаласын сөз ете отырып, оның мәдениетіне, бүкіл түркі жұртына елеулі үлес қосқан Қ.А. Яссауиды атап өтпеске болмайды. Себебі осы күні Сайрамда Яссауидың әке-шешесі Ибраһим ата мен Қарашаш ананың кесенелері әлі күнге дейін сақталып тұр. «...XII ғасырда өмірді, адамгершілікті діни тұрғыдан насихаттайтын шығармалар пайда болған. Дін тақырыбында жазатын ақындардың ең көрнекті өкілі Қожа Ахмет Яссауи еді. Қ.А. Яссауи қазіргі Түркістан облысының Сайрам шаһарында туған. Оның «хикметтері» ғасырлар бойы діндар кісілердің арасында кең тарап кеткен» (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 58).

X–XII ғасырда Қарахан мемлекетінің билік құрған тұсында Сайрамда құрылыспен қатар қолөнер, металл қорыту, теңге құю өндірісі ерекше дамыған. Қазіргі Сайрамда ертеден қалған, кен қорытқан пештің сақталған орны бар екен. Сол замандарда ата-бабаларымыз кенді қалай игерді, металлды балқыту үшін пешті мыңдаған градустарға дейін қалай, немен қыздырды – мұның бәрі де әзірге бізге жұмбақ күйінде қалып отыр. XII ғасырдың басында Қарахан мемлекеті жойылып, Жетісудың біраз қалалары Хорезм шах Мұхаммедтің қарауында болды. Жетісу қалалары бұрынғысынша өркендей берді. Арада көп уақыт өтпей-ақ, яғни 1219 жылы әлемге қаһарын төккен қолбасшы Шыңғысханның қалың қолы Хорезм мемлекетін жаулап, Қазақ жерінің де біраз қалаларын басып алды. Жер қайысқан моңғолдардың жойқын жорықтары жүрген жерлерінде халықты аяусыз қырып қана қоймай, қалаларды, қорған-қамалдарды жермен-жексен етіп, қиратып отырды. Моңғол дәуірінде Оңтүстік және Шығыс Қазақстан аймағымен қоса Сайрам қаласы да Шағатай ұлысының құрамында болды. Бұл кезеңдерде халық моңғолдардың езгісінде өліара тіршілік кешіп жатты. Өткен тарихи оқиғаларға зер салсақ, ешқашан мәңгі билік құрған патшалықты көрмейміз. Сол секілді Шыңғысхан ұрпақтарының билігі де өзара келіспеушіліктің

салдарынан ұзақ өмір сүре алмай, ыдырап кетті. Орта ғасырлардың аяқ шенінде қалыптасқан қазақ хандығы тұсында қазақ жеріндегі қалалар біршама өркендеді. Бұл да көпке созылмай, қазақ хандығы мен Мауреннахр т.б. көптеген үздіксіз жалғасқан соғыстардың салдарынан тұрғындар саны азайып, қалалар құлдырай бастады. Бұдан кейін XVII ғасырдың бірінші жартысындағы жоңғарлардың күтпеген шабуылы бүкіл қазақ халқына ауыр соққы боп тиді.

Сайрамның орнын қазір де халық мекендейді. Қалада кезінде құрылыстың ерекше дамығандығын байқаймыз. Бұған қазірге дейін сақталған ескі архитектуралық ескерткіштер айқын дәлел болады. Сайрам – бағзы замандағы ержүрек, өр бабаларымыздың ақ ордасы, бақ ордасы болған шаһар. Қазіргі Сайрам – сол өткен заманнан жеткен мәдениетіміз бен тарихымыздың зор ескерткіші, куәсі іспетті. Бұл – қазақ тарихындағы өркениеті дамыған, елдігі мен ерлігі жарасқан тарихи шаһар.

Тараз. Сан ғасырлар тарихтың құпиясын бойына жиып жатқан осы қала туралы шығыстық көне жазба жәдігерлерде көптеген деректер сақталған. Оларда қаланың атауы «Тараз», «Талас», «Далоосэ», «Ианги» деп аталғаны жөнінде мәліметтер кездеседі. Әлемдік өркениеттен орын алған бұл қала жайындағы мәлімет алғаш рет б.д.д. Қытай жазба деректерінде кездеседі. Онда «қаланың ең алғаш ірге тасын қалаушы Ғұн Тәңірқұты Шөже» – дейді. Алғаш бекініс ретінде ғана Талас өзенінің бойынан тұрғызылған Тараз қалашығы гүлденген ірі қалаға айналды. VI ғасырда Ұлы Түркі қағанатының үлкен саяси орталығы болып, Парсылық және Византиялық елшілерді қабылдайды. Осы кезден бастап, Тараз қаласы батыс елдерінің жазба деректеріне түсе отырып, әлемдік тарих сахнасына енді. «Ұлы Жібек жолы» бойындағы ірі де маңызды қалалардың бірі ретінде Батыс Түркі, Түргеш, Қарлұқ, Қарахан қағанаттарының саяси-мәдени астанасы болып, ғылым мен білімнің, қолөнер мен сауда-саттықтың ордасына айналады.

Қарахан империясы дәуірінде білім мен ғылымның ортағасырлық мәдениетінің озық үлгісі болған сәулет өнеріне ықпал етті. Онда көптеген ғалымдар мен ағартушылар, білімді шеберлер тобы жиналып, олардың арасынан әлемдік ғылым дамуына үлес қосқан, «Тарази» аталған Махмұт бин Әли әл-Тарази, Әбу Тахир Мұхаммет ат-Тарази, Әбд Садық Ахмет ибн Хасан, Һибатулла ат-Тарази сынды елуден аса көрнекті ғалымдар шықты. Ғұлама ғалымдар шыққан Тараз қаласына шетелдік тарихшы, саяхатшы- жиһанкездер келіп, қала туралы өз ойларын тамсана жазғандары белгілі. 568 жылы жазбаға түскен Тараз қаласы туралы византиялық деректе қаланың әсем де көркем бейнесі мен оның тамаша табиғатын жазады. 630 жылы қалаға келген қытайлық монах Сюань Цзян: «Таразда әртүрлі елдердің көпестері тұрады» – деп жазса, IX ғасыр басында Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми «Китаб сурат ал-ард» атты шығармасында: «Тараз бұл көпестер қаласы» деп қайталайды. Араб саяхатшысы Абу-Қасым ибн Хаукаль: «Тараз – мұсылман түріктердің сауда жасайтын орны, одан ары ешбір мұсылман бармайды, себебі оның шекарасынан кім өтсе, қарлұқтардың шатырына (қонысына) тап болады» деп жазған (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 186).

Арабтың географы Мұхаммед ибн Ахмед әл-Мақдиси: «Тараз – үлкен бекіністі қала, көптеген бақтары бар, тығыз қоныстанған, оның оры, төрт қақпасы бар және рабад орналасқан. Медина (шахристан) қақпасы алдында үлкен өзен (Талас), оның арғы жағында қаланың бір бөлігі, оған қарай өткел бар. Жұма мешіт базар ортасында» десе, Махмұд Қашғари «Диуани лұғатат-түрік» атты еңбегінде: «Талас – Тараз атауымен белгілі қала. Олар екеу: оның бірі – Ұлығ Талас, яғни үлкен, екіншісі ислам шекарасында – Куми Талас» деп жазады. Мыңжылдықтар бойында ежелгі қала моңғол қырғынын, Ақсақ Темірдің ірі жорықтарын, Шайбанилердің қазақ қалалары үшін болған жойқын күрестерін өткере отырып бірде құлдырап, бірде қайта өркендеп тарихтың тағылық тартыстарында дамуын тоқтатпай өмір сүре берді (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 186).

Қазіргі археологиялық зерттеу жұмыстары Тараздың осыдан екі мың жыл бұрынғы мәдениетіміздің ірі ошақтарының бірі болғанын айғақтады. Бұл – ата-бабаларымыздың сан ғасыр бұрында дала мәдениеті мен қала мәдениетін қатар дамытқан өркениетінің жемісі. Мәңгілік қалаға айналған Тараз сол дәуірдегі мәдениет пен өркениетті ғаламдық тұрғыда дамыта білгенінің дәлелі болып, мәдениеті дамыған Европа елдерінің көшпелі Түркі халқы туралы теріс пікірі мен варварлық жабайылыққа санаған ойларын түбегейлі өзгертті. Мәңгіліктің қаласы өз бастауын алған кезден бастап салтанат құруын тоқтатпай өркендеп келеді. Көненің көзі болып, көкірегі ояу ұрпағына жеткен Тараз әлі де сырлы тарихқа тұнып тұр. Зерттеушілік қазба жұмыстарын жүргізетін қаншама тарихи мұраға толы жерлер бар. Қасиетті Тараз өңірі тағы да өзінің қатпар-қатпар қойнауынан бізге белгісіз талай тарихтың сырын ашары ақиқат.

Көне шаһарды Ресей тарихшы ғалымдарынан алғаш П.П. Лерх зерттесе, В. Каллаур «План крепости Аулие-ата» деген қала құрылысының жоспарын жасады. В. Лаврентьев «Схема бугров в черте города Аулие-ата» деген жазбасында Тараз айналасындағы 50-ден астам қала типтес төбешіктер келтірілген. Шығыстанушы Е.Ф. Каль Әулиеата уезінің ескерткіштеріне зерттеу жүргізіп, қорғандар мен көптеген күзет мұнаралары туралы құнды деректер жинады. Талас өңіріндегі қалаларды зерттеген шығыстанушы В.В. Бартольд ортағасырлық Тараз қаласының орны Әулие ата қаласының орнында деп есептеді. Бартольдтың ұсынысымен М. Массон Тараз қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, тарихи деректер арқылы көне қаланың орнын анықтады. Одан кейінгі қазбалық зерттеуді Н.А. Бернштам бастаған археологиялық топ жүргізді. Осы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде көптеген көне жәдігерлер мен тарихи мұралар, әлемдік өркениеттің озық үлгісі боларлық өте керемет сәулет өнерінің бірі – ортағасырлық Тараз моншасын табады (Тілешов&Итеғұлова& Қадырхан, 2017: 187).

Монша – күйдірілген кірпіштен тұрғызылған 6 бөлмеден тұратын болып шығады. Қазба жұмыстарының қорытындысына

қарағанда үш бөлменің қабырғалары геометриялық өрнектермен, ал екі бөлменің қабырғалары мен жуылатын астауы сегіз бұрышты өрнекті сары бояумен, оның айналасы қара бояумен көмкеріліп, ал алтыншы бөлменің қабырғалары ақ, қызыл, сары бояулы тақталармен қиылыстырылып, кейбір жерлерде шөп тәрізді өрнек те қолданылғаны айқындалады. Монша көп күмбезді болған, еденінен X–XI ғасырлардағы 17 көне тиын ақша, өте жақсы сақталған шырағдан табылады. Археолог А.Н. Бернштам монша қабырғаларындағы түрлі геометриялық және гүл тәрізді ою-өрнектердің Айша-биді кесенесі өрнектермен ұқсастығын айта келіп, оны XI ғасырдағы Қараханидтер дәуірінен қалған жәдігер деп тұжырымдайды. Қазба жұмыстары барысында табылған қыш құбырлардың көпшілігінде онымен ыстық су жүргендігі дәлелденді. Бөлмелердің астында жылу жүретін жолдар бар. Олар жалпақ тастармен жабылып, әк қосқан ерітіндімен сыланып тасталған. Еден астындағы жылу құбырлары қабырғаларының нақышына келтіріліп, әсем әрі берік қалануы олардың осы уақытқа дейін бұзылмай сақталуына мүмкіндік туғызған. Моншаға су арнайы қазылған құдық арқылы келтіріліп, бөлмелер еден астынан салынған ыстық өткізгіш каналдар көмегімен жылытылған.

Ислам діні үстемдігінің нәтижесінде XI ғасырда жаңа үлгідегі Айша биді, Қарахан, Бабажы-хатун мазарлары салынды. Р. Вильгельмнің деректері бойынша, XIII ғасырда болған моңғол шапқыншылығы қарсаңында Тараз моңғолдардың қолына түспес үшін Мұхаммед Хорезмшахтың әмірімен талқандатылған да, XIII ғасырдың орта шенінде қала қайтадан қалпына келтірілген. Жалпы Тараз қала ретінде XV ғасырға дейін өмір сүрген, бірақ оның орнындағы отырықшы қоныс XVIII ғасырға дейін болған. Осы тұста пайда болған жаңа қала, Қарахан әулетінен шыққан Ша-Махмудтың мазары төңірегіне салынғандықтан, Әулие ата деп аталды.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан құтты мекеннің бірі – Қазығұрт. Әлемде табиғаты әсем әрі таңғажайып көрікті жерлер көп-ақ. Олардың пайда болуы мен аталуының әртүрлі нұсқадағы тарихымен қоса, ел жадында сақталып келген аңыз-әңгімелер де

кеңінен тараған. Ерте кезде барлық дүние тұтқасы деп танылған Қазығұрт тауы да – осындай қиял-ғажайып аңыздарға толы қасиетті мекен. «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған?!» – деген жыр жолдары ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Сондықтан Қазығұрт десе болды, көз алдымызға биік шыңында кемесі бар тауды елестететініміз анық. Түркі тілдес халықтарда ортасында бұл киелі мекен адамзаттың алтын бесігі болған деген сенімге ие. Жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар кемесін әр ел аңыздарында өздерінің қасиетті тауларына, ал қазақтар Қазығұрт тауында қайырылтады. Қазығұрт асуынан динозавр сүйегінің табылуы мен өзге де жаратылыс құпияларын зерттеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Қазығұрт, Қаратау, Қаржан, Өгем таулары аралығы тіршілік ерте пайда болып, адамзат баласы осы маңда тіршілік еткен деп айтуға болады. Жерұйық іздеген Асан қайғы бабамыз өз толғауында: «Қазығұрт – Алланың мейірімі түсіп, шапағатын шашқан тау екен, Нұх пайғамбардың кемесі қалып, қасиет табылған тау екен.

«Жемісі көп, жері көп,

Жігіті көп, ері көп,

Ел төресі мұнда екен», – деп сүйсінген тау болса, Мағжан ақын:

Жер төресі мұнда екен.

«Қазығұрт қасиетті тау болмаса,

Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай?» – деп жыр төкті.

Ал жер шарында Нұх пайғамбардың кемесі қалған дейтін қасиетті таулар аты санаулы ғана. Палестинада – Синай тауы, Араб Әмірлігінде – Аль Жуди, Арменияда – Арарат және түркі әлеміне ортақ киелі Қазығұрт тауы. Қазығұрттың қазақ жерінде болуы – ұлтымыз үшін үлкен мақтаныш. Бүгінде Нұх пайғамбардың ағаш пен металдан жасалған кемесінің макетін Қазығұрт тауларының биік бір шыңынан байқауға болады. Тау биігіндегі кемеге арнайы жасалған баспалдақ арқылы көтерілетін саятшылар шыңдарын қар басқан Тянь-Шань тауларының ғажайып суретіне куә болады. Дегенмен, Пайғамбар кемесіне айлақ болған тау бүгінгі «Кемеқалған» шыңынан жырақта орналасқан деген де жорамал

бар. Тау басына шыққанда ортасынан қақ бөлінген екі жартасты жер бар. Бұл «Адам ата мен Хауа ананың жартасы» аталады. Мұнда келушілер үшін ең жауапты нәрсе – осы қос жартастың ортасынан өту. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша «бұл екі көне тастың арасынан кез келген адам өте алмайды. Тек жүрегі таза, денсаулығы мықты жандар ғана кедергісіз өтіп кете алады» деген наным-сенім қалыптасқан. Екі жартастың қуысынан өту 13 жастан асқан жандарға ғана рұқсат етілген. Алғаш қадамды оң иықты алға ұстай отырып, ені 14 см, ұзындығы 30 метрлік бұл қуыста кідіріп, не тоқтап қалуға болмайды екен. Барғандардың айтуы бойынша, Қазығұрт тауына жасаған сапарда жұмбақ та ерекше әсерді осы жартас қуысында тұрып сезінетінін байқаған (Тілешов&Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 108).

Қасиетті Қазығұрт тауының барған адамды түрлі сынаққа салатын бұдан басқа да құпия жерлері бар. Әсіресе, «Ана құрсағы» деп аталатын шатқалдағы қуыс үңгірше киелі ұғымға ие. Ертеректе ата-бабаларымыз «тіл-көзден сақтайды» деп осы бір кішігірім қуыстан балаларын кіргізіп алатын болған. Қазығұрт тау қойнауындағы дәлелдеуі қиын таңғажайып табиғи құбылыстар кімді де болсын қызықтырады. Тау алқабы мен беткейлерінде жұп болып сомдалған түрлі жануарлардың мүсінді пішіндерін байқауға болады. Мұнда тасбақадан бастап пілге дейінгі жануардың барлық түрін кездестіруге болады. Ең таң қалдырары – бұл мүсіндердің барлығын Табиғат Ананың өзі жасаған, ешқайсына адам баласының қолы тимеген.

Жер жүзін топан судың басуына байланысты халқымызға тән тағы бір аңыз нұсқасы сақталған. Нұх пайғамбар кемесі жеті ай, жеті күн, жеті сағат жүріп Қазығұрт тауының басындағы жартасқа келіп тоқтайды. Сонда тау мен өлкеде тіршілік белгісі бар ма, жоқ па білу үшін кемеден ең бірінші құстарды жіберген екен. Құстар ұшып кетіп, қайта оралмапты. Тек қарлығаш қана бұтақты жасыл жапырақты тістеген күйі қайта ұшып келген. Міне, осыдан бастап қарлығаш қазақ халқы үшін адалдық пен молшылықтың, бірлік-берекенің символы болып қалған. Сондықтан да халқымыз қарлығаштың ұясын бұзбайды және бұл құс ұя салған жерге бақ-

береке қонады деп білген. Содан кейін ғана адамзат баласы Қазығұрт тауында жаңа өмір бастап, ұрпақ таратқан деп есептеген (Тілешов&Итеғұлова& Қадырхан, 2017: 108).

Қазығұрттың басындағы кемеден басқа бұл тарихи өлкеде келушілердің назарын өзіне аударар көптеген архитектуралық және мәдени ескерткіштер бар. Олар ежелгі тарихтан сыр шертеді. Мұнда «Ақ бура», «Тамшы бастау», «Қазығұрт ата мазары» сынды киелі орындар көп. Бұл жерге саяхат құрушылар тау үңгіріндегі мешітті көріп, «Шелтір ата» мен «Әңгір ата» және «Оспан ата» мазарларына барып құран бағыштайды. Өз заманында еліне сыйлы қария, данышпан тұлға болған Қошқар атаның бейіті де осы маңда. Қазір Нұх пайғамбар кемесіне байланысты аңыздарға орай Синай мен Арарат тауы әлемдік деңгейде туризмнің орталығына айналып, атағы асып отыр.

Қазақ арасында Қазығұрт тауына байланысты әпсаналар сақталып, кеңінен тараған деп айтуымызға болады. Шын мәнінде Қазығұрт тауына қатысты ел ішінде төрт әпсана бар көрінеді. Біріншісі – топан су мен Нұхтың кемесі жөніндегі (Қазығұрттың шыңына тоқтағаны жайындағы) аңыз, екіншісі – Қазығұрттың басынан тіршілік алған төрт түлік жөніндегі әпсана; үшіншісі – Қазығұртта өмір сүрген әулие Қазығұрт ата жайындағы аңыз, төртіншісі – Қазығұрт тауымен соғысқан таулар («таулар соғысы») жөніндегі аңыз. Міне, осы төрт әпсананың үшеуін біріктіріп Қ. Тәжиев өзінің «Қазығұрт баурайындағы аңыздар» жинағында «Қазығұрт ата мен Қазығұрт тауы туралы аңыз» деп аталатын бөлімінде баяндайды. Осы аңыздарды Қ. Тәжиевтің өңдеген нұсқасында түгелімен келтіріп отырмыз: Алатаудың батыс баурайында аласа тауда Қазығұрт атты әулие өмір сүріпті. Ол ақылды да, әділ болып өмірінің соңына дейін Құдайға қызмет етіпті. Сондықтан да сол шағын тауды мекен еткен халықтарға ол ақылшы және қамқоршы болыпты, талай рет елін апаттан аман алып қалған екен.

Күндердің күнінде Қазығұрт әулие қартайып, шашын ақ шалған сәтте Алатау баурайындағы халықтарға үлкен апат келеді. Олар бір-бірін тонап, ел ішінде ұрлық пен зорлық көбейеді. Әлдісі

әлсізін, көбі азын тонау әдетке айналып, халықтар арасында алауыздық етек алады. Ел ішінде өзара ерегестің етек алғаны соншалық, жасы кәрісін, кәрісі Құдайын тыңдамай адамдар арасындағы ынтымақтан береке кетеді. Осы кезде жаратушы – Құдай оларға жыландар мен шаяндарды жіберіпті. Аспаннан у аралас жаңбыр жауып, егістіктері уланады. Өзара тіл табыса алмай Құдайдың қаһарына ұшыраған. Ол адамдарды жыландар мен шаяндар шағып, ажал құшағына алды. Егістіктері улы жаңбыр суынан бүлініп, ел жаппай қырғынға ұшырайды. Ел арасын қорқыныш пен үрей жайлап, зор азапқа дұшар болады. Көбі өліп, қалған аз адам Алатаудың батыс баурайына қарай көшіп, Қазығұрт әулиеге келеді. Мұнда келген халық бұл арада жыландар мен шаяндардың жоқ екенін көріп, таңқалады. Қазығұрт әулиеге:

– Бізді мына азаптан құтқарып, ажалдан алып қалу тек сенің қолыңнан келеді. Сенің арың Құдай алдында таза, біз сияқты күнәһар пендеңе араша түсіп, ажал мен азаптан құтқар. Қателігімізді мойындап, алдыңа бас ұрып келіп отырмыз, – деп жылап, еңіреп, аяғына жығылып, бас иеді. Сонда Қазығұрт әулие:

– Сендер Құдай алдында күнәға батып, кешірілмес қылмыс жасадыңдар. Сол үшін Алла сендерді жазалап отыр. Егер сендер ақымақтық істеріңді тастап, бір-біріңді зорлаудан, тонаудан аулақ болсаңдар, араша түсейін, – дейді.

Ажалдан қорқып, азаптан үрейленген әлгілер:

– Тастаймыз! Енді қайталамауға уәде етеміз, егер осыдан құтқарсаң, бәрін де орындаймыз, – деп шуласып, ант береді. Сонда Қазығұрт әулие күнәһарлар күнәсін кешіру үшін Құдайға мінәжат етіп, дұға оқиды. Құдай Қазығұрттың дұғасын қабыл алып, әлгілердің күнәсін кешіреді. Жыландар мен шаяндарды жіберуін тоқтатады. Ал Қазығұрт әулие болса, сол сәттен бастап өз есімін Алатаудың батыс бөлігіндегі тауға беріп, сәуегейлік, әулиелік кәсібін тастапты. Содан бері тау Қазығұрт атанып, Қазығұрт атаның тарту еткен әулиелік сыйынан «Қазығұрт – киелі, әулиелі тау» атаныпты.

Алыстан қарағанда Қазығұрт тауы шөгіп жатқан, қос өркешті түйені көз алдыңа елестетеді. Бұл туралы кәрікұлақ

қариялардың аузында ежелден бері келе жатқан мынадай аңыз бар.

Дүниені топан су басқанда, жер бетіндегі барлық таулар су астында қалып, кеме тоқтайтын жер қалмапты. Әлемді ұзақ шарлап, өмір үшін күрескен кемедегі тіршілік иелері күн көруден күдерін үзе бастағанда Нұх пайғамбар Аллаға жалынып, көмек сұрайды. Сонда Алланың әмірімен кеме Қазығұрт тауына қарай бет түзепті. Аллаға адал қызмет етіп, бар ғұмырын Құдай жолына арнаған қасиетті Қазығұрт – Ата әулие бұл жерде өмір сүріп, өз атын тауға тарту еткендіктен, өзге таулар сияқты мансап қумағандықтан, әлем жаратушысының оған мейірімі түсіпті, сондықтан басқа таулар сияқты биік болмаса да су астына шөкпеген тау Қазығұрт екен. Жерорта теңізінің о жақ, бұ жағынан шыққан Нұх пайғамбардың кемесі суда жеті ай, жеті тәулік, жеті сағат шамасында жүзіп, осы Қазығұрт тауына тоқтайды. Су астында қалса да, «Пайғамбардың кемесі маған тоқтайды» деп үміт еткен өзге таулар қызғаныш пен көре алмаушылықтан қатты ашуланып қаһарланады. Қазығұртқа қастандық жасап, жойып жіберу үшін жер бетіндегі су тартыла бастағанда ұрысқа шығады. Өзіне төніп келе жатқан қауіпті сезінген Қазығұрт тауы Бағаналы тауына:

– Бағаналы, сен анау Ордабасы басшылық ететін ағайындарыңа хабар бер, маған қарсы үлкен таулар соғыс ашып, құртып жібермек үшін ұрысқа келе жатыр, ағайындарым көмекке келіп, қол ұшын берсін.

Ордабасы ұлыма айт,
Қызылсеңгір қызыма айт,
Әлімтау мен Қойлыққа айт,
Алақсырақ Аңқиға айт,
Бағаналы, Маңсарға айт,

Қайтарыңда Қыңыраққа айт, – деп Сырдарияның ар жағынан қарауытып көрінген тауларды көмекке шақыру үшін айқай салып, жұмсайды.

Қара ниетпен келе жатқан таулар Қазығұрттың бұл шақыруын естіп, ойланып қалады. Қазығұрттың жалғыз емес

екенін, сөзін сөйлеп, қол ұшын беретін ағайыны көп екенін естіген соң:

– Егер бұл шақырған таулар мен төбелер көмекке келетін болса, онда олардың күші артып, бізді жеңіп кетуі мүмкін. Кеменің Қазығұртқа тоқтауы жайдан-жай емес екен. Алланың әмірі екен, онымен соғысып, береке таппаспыз. Алланың қаһарына ұшырап, ағаттығымыз үшін абыройдан айырылармыз, – деп райынан қайтыпты. Сонда да болса бойларындағы ашу мен ызаның буы тарқамай, ол таулар текке кетпестен «Біз мұнда үлкен қиындықпен келдік, сондықтан қол қусырып, құры қайтпас үшін Қазығұртқа әрқайсымыз бір реттен соққы берейік» – деп бір-бірден ғана соққы бергеннен Қазығұрт тауының басы мүжіледі. Ортасында шұңқырлау ойма пайда болып, қос өркешті түйенің арқасына ұқсап қалыпты. «Қазығұрт шөгіп жатқан қос өркешті түйе сияқты» – деген сөз содан қалған екен (Тасполов, 2016: 101).

Қазығұрт тауына байланысты төртінші әпсана қазақтың тіршілігіндегі қадірлі төрт түлік малдың өріс алған мекені дегенге саяды. Нұх кемесінде топан судан аман қалған төрт түлік пірлері осы қасиетті, киелі Қазығұрттан тарайды:

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған?
Ішінде екі қозы болған екен,
Шопан ата деген сөз содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсыл қара әулие содан қалған.

Басқа бір нұсқада:
(Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған?
Ішінде екі бота болған екен,
Ойсылқара деген сөз содан қалған).

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Бір қатпа тай үстінде жатып қалған,
Қамбар ата әулие содан қалған.

Келесі бір нұсқада:
(Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған?
Ішінде екі құлын қалған екен,
Қылқұйрық – Қамбар ата содан қалған)

Қазығұрттың басынан тараған төрт түліктің бір пірі Шопан
атаға қатысты мына бір нұсқалары да бар:

(Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған ?
Жұрын тоқты үстінде жатып қалған,
Шопан ата әулие содан қалған).

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Жалғыз тана үстінде жатып қалып,
Зеңгі баба әулие содан қалған.

Келесі нұсқада:
(Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған.
Ішінде екі бұзау ұйықтап қалып,
Зеңгі баба деген сөз содан қалған).

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Қосқұлақ лақ үстінде жатып қалған,
Сексек ата әулие содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Ала күшік үстіне ыршып түсіп,
Құмай тазы пір болып содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Шегір деген балапан шөпке қонып,
Шегір баян әулие содан қалған.

Жоғарыда келтірілген аңызға қатысты Қазығұрт топонимиясында кейбір топонимдер (микротопонимдер) кездеседі. Мәселен, аңызда сан рет қайталанатын «Қазығұрттың басында кеме қалған» сөз тіркесіндегі «кеме қалған» Қазығұрттың тауындағы киелі жер аты. Жергілікті тұрғындардың түсінігінше, топан су қаптағанда Нұх пайғамбардың кемесі қайырылған жер. Тау басында кеме орнындай жазық жер бар. Бұл – таудың батыс сілеміндегі мүйісі. Осы жерде үңгір бар. Осындағы биік жартастың біріне соңғы кезде Қазығұртты қасиет тұтатын азаматтар «Осында Нұх пайғамбардың кемесі қайырылған» деген ескерткіш – белгі орнатқан. Осы мүйістің солтүстік жағындағы ауыл қазір «Кеме қалған» деп аталады (Тасполов, 2016: 103).

Жанкент қорғаны – Сыр бойындағы тарихы терең қалалардың бірі. Қазалы аймағында орналасқан Жанкент (Янгикент) қаласы көне қорғанының өмір сүрген кезеңі VII–XIV ғасырлармен сабақтастырылады. Ғалымдар бұл қаланың пайда болуын «Бегім ана» аңызымен де байланыстырып жүр. Тарихшы Абылғазы Баһадүрдің жазуынша, Сыр өзенінің аяғында тұратын ұлы мұра – Жанкент қаласы оғыз еліне жүздеген жыл астана болып келген. Оғыздар осы жерді ерте заманнан мекендеп, патшалары астана қала – Жанкентте отырған. Ол Жібек жолы бойындағы қалалар қатарында Еуропа–Азия арасын байланыстырған. Аралдың ас тұзын Еуропа елдері мыңдаған жылдар бұрын Жанкент қаласынан алдыртып отырған.

Ұзақ жылдар бойы еуропалықтар Орта Азиядағы көшпенділердің салтанаты жарасқан керемет қалалары болғандығы жайлы деректерді теріске шығарып келді. Саяхатшылар Плано Карпини мен Рубрук XIII ғасырда мұның растығына куә болғанда сене алмай таңданды. Саяхатшылар өз жазбаларында: «Бұл жерде біз сансыз қираған қалалар, бекіністер мен бүлінген тұрақтар таптық. Осы жерде аты белгісіз бір үлкен өзен бар. Онда белгісіз Янкент атты, басқа да Бархинь және үшінші Орнас есімді қалалар тұрады» деп көрсеткен болатын (Тілешов, 2017: 84).

Осы Жанкент археологиялық ескерткішінің жанында тағы екі ірі қаланың орны бар. Біріншісі – Күйіккескен, екіншісі – Күйік-қала деп аталады. Жаңадарияның бойында Жент қаласының орны жатыр. Жанкент қаласы жалғыз болмаған. Онан онша қашық емес жерде XVII ғасырда Жаңғазы хан салдырған қала бекінісі бар. Қала маңында тағы «Бабажан», «Құлбарақ» бекіністерінің қалалық қирандыларының ескі жұрттары жатыр. Солтүстік-батысында «Ұзынтам» мұнарасы, Арал теңізі жағасында аңыздағы «Бегім ана» мұнарасы бой көтерген. Ал Жанкенттің шығысына қарай «Сараман-қоса» мұнарасы тұр.

Жанкент қаласы – оғыздардың атын жаһанға танытқан Қорқыт атаның туып-өскен жері. Араб географы Истахри осы аймаққа келгенде Қорқыт ата жайында деректерді естіп, аты аңызға айналған абыз жайындағы жиналған деректі тасқа жазып қалдырады. Қаланың тарихи мұра екендігін айғақтайтын тағы бір деректе орта ғасырлық ғалым Рашид ад-Дин «Жами-ат-тауарих» атты еңбегінде Қорқыт, оғыз және олардың ұрпақтары жайында суреттейді. Ғалымның айтуынша, Жанкенттен көптеген ғұламалар шыққан, қала білім-ғылым мен мәдениеттің, сол кезеңдік өркениеттің қайнар бұлағы болғанын меңзейді. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан еңбектерінде жазғаны бойынша «Қорқыт ата VII–X ғасырларда Сыр өңірін мекендеген тұлға. Оның шыққан тегі Оғыздар табына қарасты Қияраттарға жатады. Ал ол заманда қаңлы тайпасы Қаңлы-қыпшақ не болмаса Оғыз-Қыпшақ деп айтылған. Әрі астанасы Сырдария бойындағы Жанкент қаласы

болды» – дейді. Әлемнің «Екінші ұстазы» Әбу Насыр әл-Фарабидің де Жанкент шаһарына табан тірегені туралы тарихи мәліметтер бар (Тілешов, 2017: 85).

Қаланың қалдықтары қазіргі уақытқа дейін жақсы сақталған. Қалашық жобасы бойынша тікбұрыш пішінді келген, көлемі 325 x 200 м. Қалашықтың солтүстік-батыс жағында жақсы сақталған цитадель орналасқан. Қаланың батыс және шығыс жағында кіретін қақпа орын тепкен. Қалашықтың фортификациясы алдына шығып тұрған жартылай дөңгелек мұнаралы сыртқы қабырғамен белгіленген. Қазба жұмыстарында табылған заттардың өте мол коллекциясы, мыс күмістермен, шаруа құралдарымен, сырға, сақина, қоңырау, I мыңжылдық аяғы мен II мыңжылдық басындағы ескерткіштерге ұқсастығы бар белгілер сияқты қоладан жасалған заттармен сипатталады. Жанкент қаласынан табылған осындай археологиялық құндылықтар ортағасырлық өркениеттің ірі орталығы болғанын дәлелдеумен қатар, мемлекеттің кешегіден бүгінге дейінгі тарихын зерделеуге, салт-дәстүрінен, мәдениетінен, халқының өмір салтынан хабар береді.

Шаһарда заманның өзінде қазіргі дәуірдің өркениетіне тән су құбырлары мен жүйелерінің болғанын да осы археологиялық зерттеу дәлелдеп берді, таңба салынған темір теңгелер де мұнда сауда-саттықтың айтарлықтай даму деңгейіне жеткендігінен сыр шертеді. Жанкенттен Ұлы Жібек жолы арқылы Қытай, Иран, Үндістан және Еуропа елдеріне Аралда өндірілетін тұз тиеген керуендер күнделікті жөнелтілетін болған. Бұл салада Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент қаласы өндіріс және мәдениет орталығына айналған. Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуші В.В. Стасов: «Ертедегі Жанкент қаласы неге біздің Помпей болмасқа?!» – деп бұл ескерткіштің ертедегі Рим және грек ескерткіштерінен кем түспейтін маңызын айтқан (Тілешов, 2017: 86). Бұл пікірге негіз болған да «Бегім ана» аңызы сияқты.

Аңыз «Жылан жауған» немесе «Қарабура қарғысы» деген атаумен белгілі. Жанкенттің қатыгез ханы Санжар әйелі Бегім сұлуды қызғанып, пәктігіне күмәнданып оң қолы мен бұрымын

кесіп зынданға тастайды. Мұны естіген Бегімнің әкесі Қарабура әулие Санжарға «егер менің қызым күнәсіз болса, қолы мен бұрымы қалпына келеді, ал егер күнәлі болса, сол күйінде қалады» деген. Көп күттірмей әулие қызының ары таза болып қолы мен шашы қалпына келеді де, Бегім сұлу ақ құс болып ұшып кетеді. Бұны көрген Қарабура Санжарға «өзіңмен бірге халқыңды да қарғыс атсын, еліңе жылан жаусын» деп теріс батасын береді. Көп ұзамай қала үстіне қара бұлт төніп, дауылды жаңбыр жауады, онымен бірге жылан жауады, қарғысқа ұшыраған қатал Санжар мен халқы қырылып, қалада жыланның ордасы қалып қойған. Ортағасырлардағы Оғыздардың тұсында атағы дүркіреген көне Жанкент қаласының жыландар шабуылынан жермен-жексен болып қираған тарихы аңыз бойынша осылай шертіледі.

Ұлы Жібек жолындағы Бозоқ – тарихта ортағасырлық қалашық ретінде белгілі. Шамамен VIII ғасырдан бастап өмір сүрген деп жорамалданады. Ол – X–XI ғасырлардағы тарихи ескерткіш қана емес, әскери-әкімшілік және сауда орталығы, сонымен қатар Ұлы Жібек жолы бойындағы қыпшақ билеушілерінің әскери ордасы болған. Оны солтүстіктен оңтүстікке қарай Есіл–Нұра–Қорғалжың–Сарысу–Сырдария бағытындағы, шығыстан батысқа қарай Моңғолия–Алтай–Хазария–Болгария–Русь бағытындағы керуен жолдардың түйіскен жерінде орналасуының өзі айқындап тұр. Тылсымы терең ғасырлар керуенінде өзгерістерге ұшырап, діни-ғибадаттық шаралар өткізетін және адам аз тұратын ұлан-ғайыр далада жолаушылар мен сауда керуендеріне географиялық бағдар беретін, жол сілтейтін орын саналған. XIII–XV ғасырларға қарай қалашық орны қасиетті, киелі саналып, атақты тұлғалар мен ақсүйектерді жерлейтін орынға айналды. Осыдан кейін мұсылмандар арасында киелі орын саналып, бұл жерде құлшылық етіп, әруақтарды еске алатын және сахара шарлаған жолаушылар мен керуендердің дем алып, түнейтін орнына айналды.

Бозоқ қалашығы Есіл өзенінің сол жағалауындағы Бұзұқты көлінің шығыс жағалауында орналасқан. Бүгінде қалашық

территориясында күйдірілген немесе шикі кірпіштен тұрғызылған 5 кірпіш мавзолейлерінің негіздерді зерттелді. Обалардан табылған кірпіш стандарттары мен заттарын тарихшы ғалымдар XI–XV ғғ. жатқызады. Мавзолейлердегі жерлеулерден басқа шұңқырлы жерлеулер мен басқадай 49 оба қазылып, ғылыми тұрғыда зерттелген (Тілешов& Итеғұлова&Қадырхан, 2017: 63).

Бозоқ некрополінің жерлеу құралдарының алғашқы топтық жіктеулері де жасалды. Табылған археологиялық заттар арқылы XIII–XIV ғасырлар аралығындағы жерленгендер болып топтарға бөлінеді.

Осыған байланысты Қазақстан даласындағы исламның таралу мәселесіне байланысты жаңаша түрлі жорамалдар да пайда болуда. XIV ғасырда ислам діні ресми түрде Алтын Орданың мемлекеттік діні болып қабылданғанына қарамастан, Қазақстанның түпкі далалы аймақтарында пұтқа табынушылық салты бойынша жерлеу жалғаса бергенін Бозоқ қалашығы дәлелдеп отыр. Тұтынған заттармен, киіммен, о дүниелік тамақтармен, жылқының бас сүйектерімен жауырындары, бөлшек сүйектері, олардың толық скелеттері, алдыңғы аяқтарының түтік тәрізді сүйектері кездеседі. Уақыты белгісіз темір оқ ұштарымен, қола айнамен, күміс тыйынмен, күміс ыдыспен және әшекей заттарының табылуымен ерекшеленеді. Ескерткіштің құрылымын орталық үш кешендік таралымынан басқа солтүстік бөлігінде тұрғын үй және шаруашылық құрылыс кешендері болса, оңтүстігін некрополь құрайды. Бүгінде Бозоқ қалашығының ертедегі деректерінің ғылыми және танымдық маңызы өте зор. Мыңдаған жылдар бұрын қазіргі Астананың орнында әскери бөлімшелердің пайда болуы геостратегиялық фактормен байланысты, ол далалы Жібек жолының керуендерін бақылауға арналған болуы мүмкін. Ғалымдар: «Бозоқ қалашығы оның территориясындағы мавзолейлер концентрациясына қарағанда ортағасырлық халық үшін рухани Мекке қызметін атқарды десе де болады», – деп көрсетеді (Тілешов, 2017: 63).

Бозоқ қаласы көне дәуірде Батыс пен Шығысты жалғастырған атақты Жібек Жолының елеулі орталықтарының

бірі болса, Астана бүгінгі Батыс пен Шығыс өркениетінің алтын көпіріне айналды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы көне қалалардың бірі – Баласағұн. Аталмыш қаладан табылған деректер тарихы, мазмұны жағынан құнды болып табылады. Бірінші мың жылдықтың орталарында Батыс Түрік қағанатының жеріндегі тұрғындардың арасында өзара феодалдық қатынастар пайда болып, олардың экономикасы мен мәдениеттерінде алға ілгерілеушілік болғаны байқалады. Сондай-ақ түркі қалаларында, соның ішінде Баласағұнда қолөнер кәсібі дамыған. Бұл қалада мамандандырылған көзешілер, теміршілер, тоқымашылар және тас пен сүйекті өңдеушілер өмір сүріп, олар тұрмысқа қажетті бұйымдарды шығарған. Баласағұнның V–IX ғасырлар кезеңін сәулетендіретін қыштан жасалған бұйымдардың басым көпшілігі ертеден келе жатқан тәжірибе бойынша қолмен жапсыру арқылы жасалып, онан кейін күйдірілген. Бұйымдар қолмен қалыпқа салынып шыққаннан кейін, кептіріліп, онан соң арнайы соғылған пештерге күйдірілген. Цитадельдің солтүстік-шығысынан шахристаннан осындай екі пеш, батысынан рабадтан бір пеш ашылды. Бұл жер қыш бұйым жасаушылардың қолөнер орталығы болған, қазба кезінде осы жерден екі құдық шықты және адамдардың жұмыс істейтін, демалатын бөлмелері, шатырлары ашылды. Осы жерден хұмдар, қазандар, тандырлар, қыш дастарқандар, құмыралар, шырақтар, ұршықтың бастары, есепшоттың тастары және т.б. табылды. Олардың көпшілігі Баласағұн қаласының төменгі қабатынан табылды. Соған қарағанда, қаланың негізін салған Түркеш (Сарыүйсін) қағанатының, кейін олардың орнына келген Қарлұқтардың тұрғындары болса керек.

Бұл кезең Батыс Түріктердің экономикасы өрлеп, қалаларда қолөнер кәсібінің мейлінше дамыған уақыты екенін көреміз. «Қалалар санының артуы, олардың аумағының кеңеюі, қала халқының өсуі қолөнер мен сауданың одан әрі дамуына игі әсерін тигізді... Қолөнер өнімін тұтынушылар құрамы өзгерді, егер бұрын VII–VIII ғасырларда олар бай көпестер мен диқандар болса, енді

қатардағы тұрғындар да өнімді негізгі тұтынушыларға айналады» (Шәлекенов, 2014: 171). Қала және ауыл тұрғындарының қолөнер кәсібінен шыққан өнімдерге қажеттігі күшейе түскендіктен, үлкен қалаларда қолөнершілер жеке мамандықтарына сай орналасқан: қыш-құмыра жасаушы кәсіпшілер, теміршілер, зергерлер, ағаш ұсталары, т.б. Олардың өздеріне лайықты шеберханалары болған. Баласағұнда жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында, шахристаннан қыш құмырашылардың шеберханасы цитадельдің солтүстік-шығысынан ашылды. Бұл жерде ертедегі шеберхана кеңейіп, X–XIII ғасырлардың қолөнер кәсібінің талабына жауап беретін қыш бұйымдарды күйдіретін бірнеше камералы (бөлімшелі) үлкен пешке айналған. Бұл пеште сол кездің хұмдарын, үлкен құмыраларды, құмғандар, су құбырларын өте жоғарғы ыстықта күйдірілгені байқалды. Цитадельдің батысында, рабадтан да қатарынан салынған қыш құмыраларды, күйдірілген кірпіштерді шығаратын пештер ашылды. Соған қарағанда, қыш бұйымдарды дайындайтын, кірпіш күйдіретін қолөнер кәсіпорындары Баласағұн қаласында бірнеше жерлерде болған көрінеді.

Тарихтың осы кезеңіне жататын қыштан жасалған бұйымдардың түрлері де, сапасы да бұрынғыға қарағанда айтарлықтай алға ілгерілегенін көреміз. V–VIII ғасырларда жапсырып жасалған қыш ыдыстар басым болса, енді IX–XII ғасырларда қыш қолөнер кәсібінде құмыраның ұршық сияқты айналатын (қыш станок) құралын кең пайдаланып, үлкенді-кішілі қыш ыдыстарды, су құбырларды шығарған. Бұндай жолмен жасалған қыш бұйымдар өте әдемі және сапалы дәрежеде жасалған. Сол кездегі қыштан заттар жасайтын айналмалы станоктардың негізінде, қазіргі фарфордан бұйымдарды жасауда техникалық прогрессивтік құралдар пайдаланылуда. Бұл кезде, жапсыру тәсілімен жасалған қыш ыдыстар бірте-бірте тұрмыстан шығып қалған (Шәлекенов, 2014: 172).

Қыш бұйымдардың барлығы дерлік жоғарғы сапалы түрде қызуда күйдірілген. Отын ретінде пайдаланылған сексеуіл Шу өңірінде көп болған. Сол отынды жағып, оның көмірімен пештерді

қыздырып, өздеріне қажетті дәрежеде қызу алуға қолдары жеткен. Сексеуілдің жалыны үлкен қызу беретіні соншалық, күйдірілген кірпіштер еріп, шлакқа (қоқысқа) айналғанын жиі-жиі кездестірдік. Бұл қаладан табылған көк түсті шлактарды ешнәрсемен сындыруға болмайды, сондай қатты, қолөнершілердің бұндай жоғары дәрежеде қыздыра ала білуі – өндірістің өрлеп өскенінің айғағы.

Көркем өрнекпен безендірілген қыш бұйымдарды жасау қолөнер кәсібінде кең орын алған. Оңтүстік Қазақстанда, Отырарда жылтыратылған қыш бұйымдар IX–XIII ғасырлардапайда болған. Бұл кезде Орталық Азия, Таяу Шығыс арасындағы мәдени-экономикалық байланыстардың дамуы қыш бұйымдардың жаңа көркем туындыларының сәнділігін ғана емес, жетілдірілген технологиялық тәсілдерінің де тез таралуына барынша әсерін тигізді. Осы дәуірдің көркем қыш бұйымдары ортағасырлардағы қоғамның өзіндік талап-тілегіне сай болды (Шәлекенов: 2014: 173).

Келтірілген бұл пікір бойынша, жақын және алыстағы көршілер ерте заманнан бір-бірімен қарым-қатынаста болып, бірінің жетістіктері екіншісіне қолайлы әсерін тигізгеніне тарих куә. Ол өмірдің заңдылығы. Солай болса да, жылтыратылған, өрнектелген қыш бұйымдар IX–XIII ғасырларда Қазақстанға кең көлемде таралды. Қолөнер кәсібі түркілердің қалаларында кең ең жайып, адамдардың қажетіне керекті бұйымдарды мол шығарды. Түркілердің кір жуып, кіндік кескен жері Самарқанд, Бұхара, Ташкент, Сауран, Отырар, Испиджаб, Тараз сияқты қалаларды түркілер тұрғызып, олар ірі экономикалық және мәдени орталықтар болды. Орталық Азия түркілері бір-бірімен тығыз байланыста жасаған. Сондықтан да көркем қыш бұйымдар түркілерде ертеректе келіп шыққан. Әр аймақ шеберлерінің өзіндік ерекшеліктері болып отырған. Оның негізгі себептері сол аймақтың табиғи-жағырафиялық өзгешеліктерінен туындаған.

Жылтыр өрнекпен сырланған қыш бұйымдар ретінде саптыаяқ, табақ, тостаған, құмыралар, шырақтар, оның тұғырлары кездеседі. Олар сапасы және сыртқы көрінісінің түсіне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Әсіресе, балқыған қорғасын түстес қыш

бұйымдарды ақ ангобпен әшекейлеу кеңінен тараған. Бұл бұйымдардың өте ертедегі түрлеріне қара, қызыл, қоңыр түсті жылтыр ойық жазбаларымен көмкерілгендері жатады. Баласағұннан табылған жылтыр өрнекті көркем ыдыстардың ішінде қызғалдақ гүлінің суреті салынған ыдыс-аяқтар кездеседі. Кейбір сондай ыдыс-аяқтардың ішінде араб жазуымен әшекейленгендері де бар. Сондай-ақ қыштан жасалған көркем шырақтар көптеп кездеседі (Шәлекенов, 2014: 173).

Баласағұн қаласындағы қазба жұмыс кезінде көбірек ұшырасқаны – үлкенді-кішілі тандырлар. Олардың көпшілігі бір-біріне ұқсас (стандарт түрде). Соған қарағанда, тандыр дайындайтын арнайы шеберлер болып, сол жерден тұрғындарға таратып отырған, қазірде де сол әдет түркі тектес халықтарда кездесіп келеді. Мысалы, өзбектерде, қазақтарда. Ашылған бөлмелердің ішінде тандыры жоқтары ұшыраспайды. Соған қарағанда, халқы қалың орналасқан мекендерде нанды тандырларға пісірген. Көпшілік тандырлардың сыртында ою-өрнектер, таңбалар кездеседі. Қол диірмендердің бірнеше түрлері Төрткөлтөбеден көптеп табылды.

Баласағұннан шыққан өте көркем, әрі құнды қыштан жапсырылған және қыш ұршық сияқты айналдыратын құралдар (станок) табылған. Оны пайдалану арқылы жасалған қыш бұйымдардың сол кездегі Орталық Азия қалаларынан шыққан бұйымдарға ұқсастықтары бар. Себебі Орталық Азияны мекендеген түркілер ежелден бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, өздерінің заттай және рухани мәдениеттерін бірлесе жасаған.

Олар кең-байтақ жердің иесі болғандықтан, әр аймақтағы, жан-жағындағы көршілеріне де әсерлері тиген. Мысалы, оңтүстік түркілерге Таяу Азия, Үндістан елдері жақын болса, шығыс түркілер Қытай және сол сияқты көршілермен қойын-қолтық өмір сүрген. Сондай-ақ өздерінің көршілеріне түркілер де өз әсерін тигізген. Мұндай этникалық қарым-қатынастар олардың заттай мәдениетінде өрнектелген. Осындай өзара байланыссыз бірде-бір халық өмір сүрмеген.

Цитадельдің солтүстігіндегі шахристан қышшылардың қолөнер орталығы болғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Баласағұншылар темір рудаларын Бақыртау (қазіргі Жайсан) тауынан алған. Қаладағы теміршілердің тәжірибесінің өскендігі соншалық, үлкен дәрежелі температураға қол жеткізіп, шойын, болат сияқты аса қатты темірлерді игеріп, олардан үй тұрмысына қажетті бұйымдарды, құрал-жабдықтарды жоғарғы сапада күйдірген.

Баласағұндағы археологиялық зерттеу кезінде табылған археологиялық деректер ертедегі ортағасырда Батыс Түрік қағанаты тұрғындарының жалпы мәдениетінің, соның ішінде заттай мәдениетінің өркендеу дәрежесінің жоғары болғанына дәлел. Ертеден жалғасын тауып жатқан қыштан жасалатын бұйымдардың түрлері көбейіп, олардың сапасының артқанын көреміз. Бұрынғы қолмен жапсырып жасалатын қыш бұйымдар қолөнер кәсібінен ығыстырылып, оның орнына ұршықтай айналмалы (станок) құралдарды пайдаланып шығарған әдемі бұйымдар кең орын алған. Оның жоғарғы дәрежеде дамуының арқасында нақышталған ою-өрнекті ыдыстарды шығаруға қол жеткізген және оларды өсімдіктің гүлімен безендірген. Өсімдіктердің жапырағы және гүлімен бұйымдарды безендіру – сол халықтардың мәдениетінің өркендеу дәуіріне жеткенін дәлелдейтін дерек. Бұл кездерде түркілер түсті және қара темірлерді де кең түрде пайдаланып, олардан үй тұрмысына керекті заттармен қатар, соғыс құралдарынан семсер, қылыш, садақтың ұшы, теңгелерді және зергерлік бұйымдарды шығарған. Әсіресе, түркілердің қолөнер кәсібі, мәдениеті Қарахан әулеттерінің басқарып тұрған кезінде тамаша өскен. Сондықтан да Қарахандар кезеңі түркі әлемінің өркениетті заманы деуге толық болады (Шәлекенов, 2014: 174).

Баласағұннан табылған бұйымдарды ерекшеліктеріне қарай екі кезеңге бөлуге болады: V–IX ғғ. Батыс Түрік қағанаттары: Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқтар және Оғыздар кезеңінде жасаған түркілердің мәдениеті дәуірі; X–XIII ғғ. Қарахан әулеттері мен қарақытайлар (қарақидандар) үстемдік еткен уақыт. V–IX

ғасырлардағы Баласағұнды сәулелендіретін қыштан жасалған бұйымдардың басым көпшілігі ертеден келе жатқан тәжірибе бойынша қолмен жабыстыру арқылы жасалған. Бұйымдарды қолмен қалыпқа салып, кептіргеннен кейін, оларды арнайы соғылған пештерде күйдірген. Бұндай пештер: цитадельдің солтүстік-шығысында шахристаннан екі пеш, батысынан рабадтан бір пеш ашылды. Бұл жер қыш бұйым жасаушылардың қолөнер орталығы болғанға ұқсайды. Себебі қазба кезінде осы жерден екі құдық шықты және адамдардың жұмыс істейтін, демалатын бөлмелері ашылды. Олардың ішінен: құмдар, қазандар, тандырлар, қыш дастарқандар, құмыралар, шырақтар, ұршықтың бастары, есепшоттың тастары және т.б. табылды. Олардың көпшілігі Баласағұн қаласының төменгі қабатынан орын алған. Соған қарағанда, қаланың негізін салған Түркеш қағанатының, Қарлұқтардың тұрғындары болған (Шәлекенов, 2014: 175).

Баласағұн қаласын көп жылдар бойына археологиялық зерттеудің нәтижесінде қолға тиген кешенді бұйымдар ертедегі ортағасырдағы түркі халықтарының заттай және рухани мәдениетінің V–XII ғасырлардағы эволюциялық даму дәрежесін сәулелендіреді. Көне замандардан бері отырықшы мәдениеттің орталығы болған алуан санды қалалар, бекіністер, сарайлар, тұрақты мекендер салынып, олар үздіксіз дамып келген. Оның гүлденген дәуірі Қарахан әулеттерінің империясы кезінде болып, сол кездегі ислам өркениетінің алға өрлеуіне түркілер айтарлықтай үлес қосқан. Сол жетістіктердің куәсі жоғарыда келтірілген заттай мәдениеттердің деректері. Осындай мәдени жетістіктер арқылы жақын және алыстағы көршілеріне түркілер өздерінің әсерін тигізгені туралы мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Ұлы Жібек жолындағы ірі аймақтардың бірі – Баласағұн қаласы. Ғалым У. Х. Шәлекенов Баласағұн қаласының тарихи орнына қатысты тарихи тұрғыда тың деректерді ұсынады. Соның бірі – Баласағұн тауы (Әулиетау).

Қазіргі Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін – осы жер аты. М. Қашқари: «Құлбақ. Түріктердің үлкен діндар, әулие

адамдарының біреуінің есімі. Ол Баласағұн тауларында тіршілік етті. Айтуларға қарағанда, ол қара тасқа «Тәңірі құлы Құлбақ – Тәңірдің құлы Құлбақ» – деп жазса, ақ жазумен жазылып шығады екен, ақ тасқа жазса, қара жазумен жазылып шығады екен. Оның іздері күні бүгінге дейін сақталған деседі» (Шәлекенов, 2014: 193).

М. Қашқаридың осы сөзі бойынша зерттеу жүргізгенде, Баласағұн тауы (Әулиетау) Тасөткел су қоймасының солтүстік-батыс жағына орналасқан екен. Бұл тауды қазірдің өзінде жергілікті тұрғындар «Әулиетау» десе, орыс тілдестер «Святая гора» деп атайды. Осы атпен жергілікті тұрғындар «Әулиетауды» жақсы біледі және киелі тау деп құрметтейді.

Әулиетау – Тасөткел су қоймасының солтүстігінде 600 метр-дей жерде, Шу өзенінің сол жағасына орналасқан биік тау жотасы. Ол бірнеше биік-биік төбелерден құралған. Соның арасында Шу өзенінің сол жағына тиіп тұрған биік төбе бар. Оны жергілікті тұрғындар «Әулиетау» деп ардақтайды. Сондықтан ол төбе арнайы зерттелген. Оның үстінен болжау ретінде шұңқыр қазып, оны 2 м тереңдетілген. Қазған жерден мәдени қабат шықпай, төбенің үстінде құрылыс болмағанын анықталған. Төбенің шығысында ой жер бар. Оны қазғанда, ол да табиғи жер екенін байқалады. Соған қарағанда, Әулиетаудың үстінде құрылыс болмаған. Оның үстінде қажетті уақыттарда елді басқарушылардың жиналысы және той-думан өткізіліп тұрғанға ұқсайды. Осы жиындар кезінде Әулиетаудың етегіне көптеген киіз үйлер тігіліп, той-думандардың болып жататыны жергілікті тұрғындардың естерінде әлі күнге дейін сақталған. Оның биіктігі 120- 130 м, көлемі 4-5 гектар. Сол жерден Әулиетау басталып, батысқа және оңтүстікке қарай созылып жатыр. Олар ойлы-қырлы сиыр бүйректеніп, көп жерді алып жатыр. Жалпы, осы жер «Әулиетау» деген атпен аталады және оның бір шеті Ақтөбенің солтүстігіне келіп тіреледі. Әулиетаудың үстінен Ұлы Жібек жолы Тасөткел арқылы Шу өзенінің оң жағына өткен (Шәлекенов, 2014: 194).

Әулиетауды анықтайтын тағы бір дәлел – Тасөткелдегі Тасқаладан 1962 жылы табылған түйенің жауырынына жазылған

жазу (Шәлекенов: 2014: 194). Осы сүйектің екі бетіне қара сиямен жазылған жазуларды Өзбек ССР Ғылым академиясының Шығыстану институтының профессоры Бөрі Ахметов оқып, мынадай сөздердің бар екені анықтайды: 1-қатардағы сөздер: «Құлұқтың қызы Мийан Қабар»; 2-қатарда – «Құлұқтың баласы Чуниси»; оның екінші бетінде – «Мұхаммед Қази»; 4-қатарда – «Бар Мұхаммед Құлұқ»; 5-қатарда – «Бар Құлұқ Әлидің ұлы»; оның екінші бетінде – «Құлұқ Махр»; 6-қатарда – «Құлұқ Әлидің бір баласы» және тағы солай жалғаса береді (Шәлекенов, 2014: 195).

М. Қашқариде мынандай сөздер кездеседі:

«Айттым оған сабылма,

Құлбаққа қарай жұмылма,

Таяз суға су болма, Қашты алып менің қойымды»
(Шәлекенов, 2014: 195).

Мұнда опасыздық істеген адам жайлы айтылған. Бұл жерде жарамсыз қылық Құлбаққа жақпайды дегенді меңзейді.

Осы сөздерге сүйенсек, Баласағұнда өмір сүрген, өз заманында әулие деген атты иеленген, Құлұқ деген әйгілі дербiш болған. Соған қарағанда, осы жауырында Құлұқ әулиенің тегі баян етілген деп болжауға болатын тәрізді. Құлұқтың есімі Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінде Күлік деп дәл аталса, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрігінде» Құлбақ деп берілген. Бұл деректердің айтуы бойынша, ол кісі Баласағұн тауларын мекендеп, сол кісінің құрметіне бұл тауды «Әулиелі» жер деп атап кеткен. Өйткені Күліктің сүйегі Баласағұн тауына жерленген. Жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, Баласағұн қаласының негізгі үлкен моласы (мүрдесі) осы Әулиетауда болған. Тұрғындардың моласы Тасөткел су қоймасының астында қалған.

Баласағұнда туған, әлемге аты кең тараған энциклопедист ғалым Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» «Еліктің Айтолдыға айтқан жауабынан» үзінді келтірейік:

«Елік айтты: – Ұқтым енді сөзіңді,

Қуант мені; ықтият бол өзің де.

Мен айтайын, жаманатты білгейсің,

Жақындамай, одан аулақ жүргейсің.
Жақтырмаймын: жалғандықты жалғанда,
Зорлық етіп, қара күшке салғанды...
– Ісі олақ, өсек-өтірік тергені,
Өзі ұшқалақ, көзі ұятсыз пендені.
Дөрекілік, қызбалық та – тағаттық –
Құлы болса қу құлқын мен шараптың.
Ондай жандар шығыса алмас менімен,
Айттым ашық: тең ғой әркім теңімен.
Адал қызмет еткің келсе, кел, біліп...
Мұндайлардан тый өзіңді, ей, Күлік!
Жақын тартып, бұл көңілің тоғаяр,
Менің де ізет, ықыласым молаяр!» (Шәлекенов, 2014: 195).

Бұл келтірілген шумақтан Жүсіп Баласағұнның Күлік әулиеге сиынғанын байқау қиын емес. Ж. Баласағұн – XI ғасырдың басында жасаған ғалым. Оның өмір сүрген кезінде, Күлік әулие ретінде түркі тайпаларының арасында әйгілі адам болған көрінеді. Сондықтан ғалым Күлікке өтініш ретінде адамдарды жаман әдеттен тыя көр, сонда менің де ізет-құрметім көбейеді деген пікірді білдіреді. Сөйтіп, М. Қашқаридың жазған «Құлбақ әулиесі» мен Ж. Баласағұнның «Күлік қасиетті» дегені бір адам. Күлік Баласағұн тауын мекен еткен және ислам дінін уағыздаған алғашқы батыс түркілерінің бірі болған. Күліктің атымен Баласағұн тауы «Әулиетау» деп аталып кете берген. Міне, сол тау осы күнгі ортағасырлық Баласағұнның солтүстік-батысында орналасқан.

Баласағұн қаласының негізін салуда «Алты Алаштың» перзенттері қатысқанын айтқанмен, олардың ішінде ежелден отырықшылық өмір сүрген оғыз тайпалары болған. Олар да бұл қаланың іргетасын қаласқан. Сондықтан оғыздардың қалаларынан деректер келтірейік. Түркілердің басым көпшілігі отырықшы болып, ежелден тұрақты мекендер мен қалалар салғанын дәлелдеп, отырықшы өркениеттің негізін салғанын айқындайтын ғылымның әдеби бұлақтары жеткілікті. Б.з. V–VIII ғғ. түркі халықтарының этникалық құрамын тұжырымдап айтатын «Алты Алаш» ұғымы пайда болып, оған төмендегі тайпалар кірген:

қыпшақ, тоғыз оғұз, басмыл, қарлұқ, түргеш, отыз-оғұз. «Алты Алаш» сөзі Білге қаған мәтінінің түсініктемесінде былай берілген: «Осы алтауы ғана. Осы алтауы Түркі төрінің (өкіметінің) алтын бағанасы. Бұл алтауы бірлік, ынтымақта болса, қағанат айбарлы, қаһарлы. Алтауы араз болса, қағанат әлсіз. Олар түркі қағанатының көк туының астына жиналғанға дейін өз-өзінің қағанаты болған» (Сартқожа, 2003: 269).

Келтірілген деректерге қарағанда, «Алты Алаш» ұғымы Білге қаған, Күлтегін және Тоныкөктердің басқарып тұрған кезінде пайда болғанға ұқсайды (716–734 жылдарда). Білге қаған болып, бауыры Күлтегін, ақылшысы Тоныкөк үшеуі бірлесіп, бытырап жүрген түркі тайпаларын біріктіріп, Түркі мемлекетін құруда тамаша жетістіктерге жетіп, құдіретті Түркі империясын құрғаны, ұйымдастырғаны туралы тарихи еңбектерде кең жазылған. Осы мақсатына жеткенін Білге қаған былайша айтқан: «Тәңірімнің бұйрығы үшін халқымның көзінің көрмегені, құлағының естімегені үшін күннің шығысына, күннің батысына, күндізге, түнге жеткіздім. Алтынның сарысын, күмістің ағын, жібектің тазасын, аттың айғырын, нәжісінің қарасын, тиынның көгін түркі халқына енгіздім... Ей, түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей сенің мемлекетіңді, әдетіңді кім жоя алады» (Шәлекенов, 2014: 83) деген сөздері Білге қағанның «Алты Алаштың» басын қосып, құдіретті елге айналдырғанын суреттейтін жайт. Білге қаған түркілерді 18 жыл басқарып, оларды ұлы күшке айналдырғанын сондай көтеріңкілікпен тұжырымдап, түркілердің бірлігі бар жерде береке-бақыт болып, олардың ұлы жеңілмейтін құдіретті күш екенін баяндаған. Бұл тұжырым тарихтың барлық кезеңдерінде де өзекті мәселе. Міне, осы Білге қаған кезінде барлық түркі тайпалары бірігіп, «Алты Алаш» деген қанатты ұғымға қол жеткізген болуы тиіс.

Бұл пікірдің негізі бар екенін нақтылайтын Білге қаған мәтінінде мынандай дерек бар: «Алты тақ иегерлері». Осы алты кіші хандықтың ордасын не деп атағанын іздестірдік. Таңқаларлығы соншалық, кіші ордаларды М. Қашқари «алачу» (alasu) деп атапты. XI ғасырға дейін халық арасында қалыптасып,

XI ғасырдың басында жазылған хатқа түскен атау. «Аласу» – кіші орда... Бұл тарихи дерек, алты үлкен тайпалар одағы алты кіші хандық құрып тұрған.

Түркілер қағанат орталығын Орда деп атаса, хандықтардың орталығын «алачу» деп атағаны бізге осылайша белгілі болды. Олай болса, байырғы түркілердің осы алты тайпасы кейін «Алты Алаш» атанып, күні бүгінге дейін халық жадында сақталып қалған. Бұл атау Еуразия құрлығындағы ұлы дала көшпелілерінің ұранына айналған, бүкіл бүтін оғұз, қыпшақ, қарлұқ, басмыл, он-оқ түркештердің кейінгі ұрпағы – қазақ халқының ұранына айналған (Сартқожа, 2003: 9).

«Алты Алаш» сөзінің семантикасы түркілердің аттары аталған алты тайпасының бірлескен ордасы деген пікір шындыққа келетін сияқты. Бұрынғы жарық көрген тарихи, лингвистикалық әдебиеттерде «Алты Алаш» сөзінің келіп шығуына, оның семантикасына әртүрлі пікірлер айтылғанымен, оның ғылыми анықтамасы жеткіліксіз болатын. Енді Орхон ескерткіші мен М. Қашқаридың қалдырған деректерінің шындыққа жақын екенін байқауға болады. Қазақ халқының арасында «Алты Алаш» сөзі жиі қолданылып жүргенімен, оның семантикасы мен пайда болуы туралы түсінік жоқтың қасы, оны әркім өздерінше түсіндіруге ұмтылатын. Сөйтіп, «Алты Алаш» дегенде, барлық қандас, тілдес халықтардың бірлігін түсінеміз. Кейін, түркілердің бірлестігі ыдырап, өзара енші алысып кеткенде, оның ортасында мекендеген қазақтар түркілердің қара шаңырағына ие болып қалған. Бұл туралы М. Жұмабаев:

«Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көк түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?
Арыстан елге отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері,
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны Абылай ері...
Шер батса кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!
Ертеде Оқыс, Яксарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!» (Жұмабаев, 1989:
175).

XX ғ. қазақтың көрнекті ақыны М. Жұмабаев түркілердің тарихын жетік білген, оның тарихына терең қараған. Жоғарыда «Түркістан» атты шығармасынан үзінді келтірілді. Бұл жерде «Алаш» деген сөзді бірнеше жерде келтіріп, ертедегі түркілердің бәрін алаштың ұрпақтары деген, Тұран елі, Амудария, Сырдария алаштардың отаны екеніне айрықша көңіл бөліп, бұл жерде бабаларымыз қоныстары және молалары (бейіттері) сақталғаны, соның куәгері екенін тілге тиек еткен. Тұран елінің қақ ортасында, етек-жеңін көтермей, «қара шаңырақ» иесі қазақ халқы екенін мақтаныш етеді. Сондықтан да «Алты Аталы алаш» болған кездегі ірі-ірі тарихи уақиғалар қазақ халқының санасында, ауыз әдебиетінде мықты сақталғандықтан, алаш сөзін тұрмыста жиі-жиі қолданады.

Осындай «Алты Алашқа» біріккен тайпалар, Орталық Азияны түгел, Солтүстік Кавказ, Қара теңіздің солтүстік жағасына дейін мекендеген түркілер шетінен көшпелі болмай, отырықшылыққа жарамды жерлерде тұрақты мекендер мен қалалар салған. Олардың ертедегі қоныстарын археологтар жылма-жыл ашып жатыр. Солардың ішінде, өзендер мен көлдердің, теңіздердің алқаптарын жайлаған көп санды оғыз тайпалары.

Жалпы түркілердің өркениетті мәдениетінің зор болуы, ол да болса отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі шаруашылықтардың қосындысының (синтезінің) нәтижесі деп ұғуымызға да болады. Өте бай, кең-байтақ өлкені (регионды) мекен еткен түркілер, ерте заманнан бастап-ақ, өз Отанының табиғи-жағырафиялық ерекшеліктеріне икемделіп өмір сүрген. Отырықшылыққа жарамды жерлерде тұрақты баспаналар мен қалалар, бекіністер салып, оларды өздерінің заттай, рухани мәдениеттерінің орталығына айналдырған. Жартылай шөлді аймақта отырықшылық, көшпелі тұрмыс кешірген. Шөлейттік жерлерде көшіп-қонып, төрт түлік малды өсірген. Каспий, Арал сияқты теңіздер мен көлдерде, өзендерде балық аулаған. Аталған көп салалы шаруашылықтың түрлерімен айналысушылар өзара, ұдайы қарым-қатынас жасап, өздерінің өнімдерімен, рухани байлығымен алмасып отырған. Осындай кешенді шаруашылықтардың негізінде өркениетті мәдениеттің іргетасын қалап, оны ұдайы дамытқан. Оның үстіне, түркілер шығыстағы көршісі Қытай, оңтүстіктегі Үнді, батыстағы Алдыңғы Азия, Еуропа елдерімен үздіксіз қарым-қатынас жасаған. Міне, осындай жағдайда түркілер өз мәдениетін өркениетті дәрежеге жеткізген. Оның орталығы түркі қалалары мен отырықшы мекендері болған.

Ертедегі ортағасырда Орталық Азияда тұрақты мекендер мен қалаларды салған түркі тайпаларының бірі – оғыздар. «Оғыздар (араб және парсыша – гүз, ғузз; ежелгі түрікше – оғуз; қазақша – оғыз) – ертедегі ортағасырда Орталық және Орта Азияда өмір сүрген түркі тілдес тайпалар» (Шәлекенов, 2014: 85). Олардың тайпа екенін қазіргі Түркияның ғалымдары да мойындайды: «Оғыз» сөзінің мағынасына қатысты түрлі пікірлер айтылады. «Оғыз» сөзі түркі тілінде сол кезде «тайпа» мағынасына келетін «оқ» сөзіне түрікшедегі «з» көптік жалғауының жалғануы арқылы жасалып (ок+из), «тайпалар» дегенді білдіреді» (Шәлекенов, 2014: 86).

XI ғ. жасаған әйгілі түркі ғұламасы Махмұт Қашқари түркі тайпаларын мейлінше аралап, деректер жиып, өзінің мәңгілік мұрасы етіп, кейінгі ұрпақтарға қалдырған «Түрік сөздігі» атты

еңбегінде: «Оғұз: оғыз. Түрік тайпаларының бірі. Оғыздар – түркмендер. Олар жиырма екі ұрық; әрбірінің айырым-белгілері мен малға басатын таңбалары бар. Руларды, бір-бірінің малын сол таңбаларға қарап таниды. Бұл ұлыстардың тегін білуге адамдардың ынта-ықтыры болғандығы үшін мен оларды бір-бірлеп жазып шықтым. Бұл таңбалар ат, мүлік пен малдарының белгілері... Бұлар негізгі тайпалар. Олардың әрқайсысының аймақтары бар. Қысқарту үшін оларды жазбадым...» (Қашқари, 1997: 85) дейді.

Келтірілген үзіндіде, М. Қашқари оғыздардың тайпа екенін нақтылы, ашық айтуымен қатар, олар түркілердің ішіндегі негізгі тайпалар деп айтуында үлкен мән бар екенін меңзейді. Соған қарағанда, оғыздар саны және жайласқан аймақтары жағынан да көп көлемге таралған, өскен түркілердің басты тайпалары екенін байқаймыз.

Бізге белгілі тарихи деректерге қарағанда, оғыздар Ыстықкөл, Сырдария, Шығыс Түркістан аймақтарын мекендеген көрінеді. М. Қашқарида: «Окуз: Жайхун мен Фират (Еврат) секілді үлкен дарияларға берілген ат. Бұл сөз жалғыз қолданғанда оғыздарша Benegit: Бенегіт–Бенегит» дариясы деген ұғымды білдіреді. Олардың шаһарлары сол өзеннің жағалауларына орналасқан; олардың көшпенділері де сол дария жағалауларында тіршілік етеді. Түрік өлкелерінің басқа бірталай өзендері мен өлкелері де «Өкүз-Өкүз» деп сол атты алған, солай аталады. «Ілө: Па–Іле» мен «Лафынш: Иафынш–Иафынш» арасында орналасқан бір қала да «Lki өдүз: Ики өгүз – Екі өгіз» деп аталады.

Өгүз: өгіз. Мақалда былай айтылады: «Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі». Бұл мақал «басқаға жүтінді болғаннан, бас-басына болған артық» (Қашқари, 1997: 87).

Ұлы ғұламаның еңбегінен келтірілген деректерге қарағанда, оғыз тайпалары Орталық Азиядағы үлкенді-кішілі өзендердің (дариялардың) алқаптарында жайласып, ол су жүйелерін өздерінің этникалық атымен жалпы Өкүз (өгіз) деп атаған. Үлкен дарияларға жекелеп Бенегит деген ат берген. Соған қарағанда, үлкен аймақтағы өзендер мен өлкелерді оғыздар өзара бөлшектеп

орналасқанын байқаймыз. Бұл жерде автор Жетісудың ең үлкен өзені болған Ілені де атайды. Сөйтіп, оғыздар Сырдария, Шу, Талас, Жетісу, Ертіс аймақтарын мекендеп қана қоймай, олар Шығыс Түркістандағы Тула-Селенга өзендерінің өңірінде өзінің қағанатын 630 жылдары құрғаны айтылады. Бұл пікір М. Қашқаридың айтқанына тура келеді: «Рум жерінен Шынға (Қытайға. – У.Ш.) дейін тіршілік ететін оғыздар мен көшпелілер бірқатар сөздерді жеңілдетіп айту үшін іс-әрекеттің ұластылығын білдіретін «Ғ» мен «Г» әріптерін түсіріп айтады» (Қашқари, 1997: 584). Бұл жерде де, автор оғыздардың Византиядан Қытайға дейінгі жерлерде жайлайтынын баяндайды. М. Қашқари «Шігіл» деген сөздің мағынасына тоқтап, Шігіл түркілердің үш аймағының атауы екенін айтады: Барсғанның, Талас қаласының, Қашқар өңірлерін жайлайтын түркі тайпасының. Олар оғыздармен тату тұрмағанына тоқталып: «Оғыздар да сол төңіректегі жерлерде тіршілік еткен және шігілдермен үнемі қақтығысып, соғысып отырған, олардың арасындағы алауыз жаулық бүгінгі күнге дейін сақталып келеді» деген (Қашқари, 1997: 452).

Бұл дерек бойынша, шігілі, оғыз тайпалары Ферғана, Ыстықкөл, Сырдария, Шығыс Түркістан жерлерін мекендеген көп санды этникалық топтар. Олардың басым көпшілігі отырықшылық өмір сүріп, егіншілікпен айналысқан. М. Қашқаридың айтуына сүйенсек, әсіресе, оғыздардың көпшілігі тұрақты мекендер мен қалалар салған. Бұл пікірді Жүсіп Баласағұн да (XI ғ.) растайды:

«Болған талай қалалар да, халық та,
Уақыт көмді бәрін жерлей табытқа.
Болған талай ауылымыз, тайпамыз,
Енді соның ізін тауып байқаңыз...» (Баласағұн, 1986: 602).

Ғұламаның әйгілі еңбегінен келтірілген бір шумақ туындысында, түркілердің ерте замандардан бері тұрақты мекендері мен қалаларының болғанын және олардың бірқатары көнеріп, әртүрлі тарихи тәлкектердің себебінен қирап, жер қойнауына кіріп, археологиялық ескерткіштерге айналғанын көзі көріп, «Құтты білік» еңбегінде жазып кеткен. Сонымен қатар,

түркілердің тайпалардан құрылған ауылдары болғанын да еске салады. Осының бәрін кейінгі ұрпақтардың зерттеу керектігін өсиет ретінде айтқан. Бұның бәрі түркілердің ежелден көшпелі болмағанын және олар өздерінің бай Отанының табиғи-жағырафиялық ерекшелігіне икемделіп, кешенді шаруашылықты ұдайы дамытқанын ашық айтқанын байқауға болады.

Ұзақ жылдар бойына тарих ғылымында үстемдік еткен түркілер туралы айтылған евроцентристердің пікірлерінің жалған екенін жазба және археологиялық зерттеулер әшкерелейді. Түркілер ежелден шетінен көшпелі болмаған. Олардың отырықшы мәдениетінің орталықтары болған үлкенді-кішілі қалаларды, тұрақты мекендерді өздері ерте заманнан бастап, Тұран өлкесінде салғандағы аты аңызға айналған, тегі түркі Афрасиабпен байланысты екендігі тарихи деректерде кең көлемдерде суреттелген. Афрасиаб туралы иран, араб, түркі тілдес әдебиеттерде көп жазылған. Атақты шығыстың ұлы ғұламаларының бірі Фирдоусидің «Шаһнамасында» Афрасиаб жан-жақты суреттелген (Шәлекенов, 2014: 88). Шығармада Афрасиаб Тұран (жалпы түркі әлемінің) патшасы (ханы, қағаны) әрі елін парсылардан қорғаушы, қолбасшы болып бейнеленген. Оның әкесі – Бешен (Бошан), ағасы – Перен, балалары – Барысхан, Қарахан, Шиде, Алақ, қызы – Қаз (Шәлекенов, 2014: 88). М. Қашқари «Афрасиаб: Алып, батыр» – деп жазған. Оның өліміне байланысты мынадай шумақ келтірген:

«Алып Ер тоңа өлді ме?

Жаман дүние қалды ма?

Заман өшін алды ма?

Енді жүрек жыртылар!» (Қашқари, 1997: 70).

Аты аталған шығармада мынандай түсіндірме берген:

«Афрасиаб (Алып Ер, тоңа) өлді ме?

Жалған дүние одан кейін қалды ма?

Тағдыр, замана одан өшін алды ма,

енді сол үшін заманаға күйініп, өкініп жүректер жыртылар!»

(Қашқари, 1997: 70).

Бізге белгілі деректерге қарағанда, Афрасиаб барлық түркілердің құрметіне бөленген көсемі. Ол Амудариядан солтүстікке қарай созылып жатқан Орталық Азияны түгел басқарған. Кең-байтақ жерді «Афрасиаб әулеті» билеп, қалалар, ордалар салдырған. Оған бағынған елдер – оғыз, қарлұқ, қимақ, беркен, қаңлы, хазар. Міне, Афрасиаб билеп тұрғанда, түркілер бірнеше елдерден, мемлекеттік құрылымдардан құрылған ұлы мемлекет болған» (Шәлекенов, 2003: 95).

М. Қашқари «Түрік сөздігі» атты еңбегінде Мауераннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан жерлерінде түркілердің, әсіресе, оғыздардың ірі-ірі қалаларының Афрасиаб кезінде салынғанын жазған: Ниса, Мерв, Термез, Самарқанд (Афрасиаб), Бұхара, Соғдақ, Мар, Пайкент, Ферғана, Ахсикет, Ходжент, Өзкент, Ош, Ташкент, Түркістан, Янкент, Қият, Үргеніш, Испиджаб (Сайрам), Манкент, Құмкент, Саудакент, Бабата, Тараз, Құлан, Мерке, Баласағұн, Аспара, Қарақастек, Алматы, Қойлық, Жаркент, Қашқар және т.б.

Осы қалалардың көпшілігі оғыздар тайпасының салған қалалары екенін ашып айтқан. Осы еңбегінде: «Орда. Хан қаласы... Орда кент. Баласағұн»; «Кенд: кент: оғыздар және оларға жақын маңда тұрған жұрт тілінде «қыстақ» деген мәнде, түрік халықтарының көпшілігінің тілінде «шаһар, қала» дегенді білдіреді. Осыдан алып, Ферғананы «Өз кенд: Өз кенд – Өзкент» деп атаған, «өз шаһарымыз» дегендегісі. Сол сияқты үлкен қала болғандықтан «Semіз kенd: Семіз кенд – Семіз қала; семіз кент» солай аталған. Мұны парсылар «Samar kand: Самар канд – Самарқанд» дейді. Балық: исламдықтан бұрын, ілгері замандағы түрік тілінде шаһар, қала. Ұйғыршада да айтылады. Ұйғырлардың ең үлкен шаһарларының бірі «Бес балық» деп аталады. Бұл «Бес қала» деген мағынада» (Шәлекенов, 2003: 90).

Антикалық дәуірде салынған Афрасиаб (Самарқанд) шаһары бізге археологиялық ескерткіш ретінде жеткен. Оның алып жатқан көлемі 219 га. Ол осы күнгі Самарқандтың солтүстік шетінде орналасқан. Оны 1874–1885 жылдары Н.И. Веселовский, 1904 жылы В.В. Бартольд, 1905–1931 жылдары В.Л. Вяткин, 1945–

1948 жж. А.И. Тереножкиндер археологиялық жақтан зерттеген. Көне Афрасиабты кең көлемде археологиялық тұрғыда 1958 жылдардан Өзбекстан ғалымдары зерттеп жатыр. Бұл ескерткіште Өзбекстан Ғылым академиясының Археология институты орналасқан. Нәтижесінде, Афрасиаб шаһарының көп ғасырлар жердің қойнауында жатқан сырлары ашылуда. Антикалық заманнан бастап, Түркі әлемінің алғашқы ірі астаналарының бірі болып, саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғанына тарихтың өзі куә.

Афрасиаб сияқты көне шаһарлардың бірі Бұхара қаласы «Б.з. I ғасырында іргесі қаланған. 709 жылы арабтар басып алған кезде, ол Орта Азиядағы ірі сауда және мәдени орталық болған. IX–X ғасырларда Сямани әулеті мемлекетінің құрамына кірді, оның астанасы болды. X ғасырдың аяғында көшпелі қараханидтерге, XII ғасырдың ортасында қарақытайларға бағынды» (Қашқари: 1997: 154). Бұхара шаһары Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан. М. Қашқари қаланы оның негізін салушы Афрасиабтың күйеу баласы Сияуышпен байланыстырады: «Кейбіреулер бүкіл Мауераннахрды түрік елі деп есептейді. Ол Янкенттен басталады. Оның тағы бір аты – Дизроин-мыс шаһары. Беріктігіне байланысты солай аталған. Бұл Бұхараға жағын. Осы жерде Афрасиабтың қызы – Қаздың күйеуі – Сияуыш өлтірілген. Мажусилер жыл сайын сонда бір күн жиналып, құрбандық шалып, қабіріне қанын шашады. Бұл оларға салт болып кеткен. Бүкіл Мауераннахр мен Янкенттен шығысқа дейінгі жерді түрік шаһарлары дейтініміз сондықтан... Қазір бүкіл түрік елінің шекарасы Абискүн (Каспий) теңізінен айналып, Рум елі мен Өзкенттен Шынға дейін созылады. Ұзындығы сегіз мың фарсах» (Шәлекенов, 2014: 91).

Бұхара шаһары да Афрасиабпен байланысты көрінеді. Ол ертедегі түркі жеріндегі көп шаһарлардың бірі екеніне шек келтіруге болмайды. Антикалық авторлардан Страбон мен Юстиндердің «Бактрияның ар жағында (мың қаланың) елдері бар» (Қашқари, 1997: 210) деп жазғандары, түркілердің жерінде ертеден қалалардың көп болғанын меңзейді. Бұхарада солардың бірі

болғанын В.В. Бартольд та мойындайды: «Мұсылмандар келгенге дейінгі Бұхара шаһарының тарихы туралы мағлұмат өте аз. Мандисидің айтуына қарағанда, ертедегі Бұхараның орнында Рамисан ямаса Рийамисан атты қоныс (аул) болған. Жалпы алғанда, исламдарға дейін бірнеше ғасыр бұрын қаланың негізі салынған» (Шәлекенов, 2014: 91).

Сонымен қатар М. Қашқари түркілердің батыс шекарасы Каспий теңізінің барлық төңірегін түркілер жайлағанын айтады, яғни осы күнгі шығыс, солтүстік Кавказ елдерінің жерлерін де қамтиды. Түркі елінің ұзындығы сегіз мың фарсах болса, әр фарсах 6-7 км тура келгенде 56 мың км болады. Осынша үлкен жерді түркілер иеленіп, оны сақтап, өздерінің мекеніне айналдыруы олардың қаһарман халық екеніне ашық-айқын дәлел.

Тарихи деректерге қарағанда, Хорезм мен Ферғана өңірлерінде түркілердің басқа тайпаларымен бір қатарда оғыздар да аралас өмір сүріп, қалалар салған. Антикалық заманның ғалымдарының еңбектерінде, Әмударияның төменгі ағысына орналасқан Хорезм елі туралы азды-көпті мағлұматтар сақталған. Олардың ішінде «Авестаның» отаны Хорезм болса керек деген пікірді жазған (Шәлекенов, 2014: 91). Геродоттың, Гекатейдің, Арианнның еңбектерінде Хорезм ежелден отырықшы мәдениеттің дамыған жері екені айтылған. Оның ертедегі астанасы Әмударияның оң жағындағы қала Қият шаһары болғанын жазған (Шәлекенов, 2014: 91).

Қияттан кейінгі Хорезм мемлекетінің астанасы Гурганджа (Көне Үргеніш). Бұл да осы ойпаттағы үлкен шаһарлардың бірі. В.В. Бартольдтың пікірі бойынша: «Сөзсіз мұсылмандар келгенге дейін салынған шаһар. Қытай деректерінде Гургандж Хорезмнің ежелгі атымен б.з.б. I ғасырда аталған (Шәлекенов, 2014: 91). Осы кезде бұл шаһар Юегянв деген атпен белгілі» (Шәлекенов, 2014: 92). 995 ж. Гурганджа шаһарының әмірі Қиятты басып алып, ондағы мұсылман әулетін тағынан түсіріп, Хорезмді қайтадан біріктіріп, Хорезмшахтың атын өз руына қабылдаған (Шәлекенов, 2014: 92). Бұл қаланың көлемі бойынша Көне Үргеніш Хорезмдегі Қияттан кейінгі екінші дәрежедегі шаһар. 1221 жылы бұл қаланы

моңғолдар талқандаған, 1388 ж. Әмір Темір басып алған. Бұнан кейінгі Хорезмнің астанасы Хиуа шаһары. XIV ғ. бастап ол қаланың атымен Хиуа хандығы 1920 жылға дейін жасаған. Бұл шаһарды С.П. Толстовтың басшылығымен Хорезм археологиялық экспедициясы 1950 жылдары зерттеп, керуен сарайдың төңірегін, базарын ашты.

Сырдарияның орта және жоғарғы ағысында, Ферғана өңірінде ертедегі ортағасырда Ферғана, Ташкент, Ахишкент, Құба, Өзкенд, Ош шаһарларының бар екенін жазған деректер де жеткілікті (Толстов, 1962: 269).

Осы күнгі Қазақстан Республикасының жерінде орналасқан Отырар (Қарашұқ), Сауран, Испиджаб (Сайрам), Манкент, Құмкент, Саудакент, Тараз (Талас), Құлан, Мерке, Аспара, Ақтөбе (Баласағұн), Қарақастек, Алматы, Жаркент қалаларының көпшілігі оғыздардың салдырған қалалары. М. Қашқари «Қаратүк – Фараб қаласының атауы. Бұл оғыздар шаһарларының бірінің атауы... Қарашұқ: Фараб қаласының атауы. Бұл оғыздар шаһарларының бірінің атауы» дейді. Осы күнгі Түркістан шаһарының жанында дейді: «Қарнақ – оғыз қалаларының бірі» (Қашқари, 1997: 546). Сондай-ақ Сауран, Сығанақ, Барысхан, Сужаб және т.б. көптеген қалалар осы күнгі Қазақстан мен Қырғызстан жерлерінде көп екені ортағасыр деректерінде жазылған.

Жоғарыдағы келтірілген деректерге қарағанда, Орталық Азия түркілері антикалық замандардан бастап тұрақты мекендер мен қалалар салған. Түркі тайпаларының арасында сан жағынан да, жайлаған жер жағынан да оғыздар кең тараған және олардың басым көпшілігі отырықшы болып, қалалар, бекіністер, тұрақты мекендер салған және өз мемлекетіне ерте ие болған. «В дальнейшем потомки древних обитателей низовий Сыр-Дарьи продолжали играть значительную роль в этнической истории населения Приаралья: как известно, огузы составляли основное ядро в этногенезе туркмен, а печенеги вместе с частью огузов влились в состав формировавшегося в Приаралье кара-калпакского народа» (Толстов, 1962: 273).

Тарихта дәлелденген мәселенің бірі, оғыздар осы күнгі түрікмен, әзірбайжан, Оспан түріктерінің этногенезіне белгілі үлесін қосқан тайпа. Олар ертедегі ортағасырда Орталық Азияны мекендеген. Кейін әртүрлі тарихтың тәлкегімен оғыздардың бір бөлігі батысқа қарай жылжып, жаңа қоныстарға ие болған. Солай болса, олар ертеде отырықшы мәдениеттің орталықтарына айналған қалалар салған, әсіресе, Ұлы Жібек жолдарында.

Ел тарихын зерттеуде әлі де болса зерттеуді қажет ететін тұстары жетерлік. Оны шешу үшін тарихнамалық бағыттағы зерттеулерге мейлінше көп көңіл бөлу керек. Ол үшін ең бірінші, сол ғылымның немесе мәселенің даму тарихына үңіліп, одан кейін күрделі проблемаларды айқындап, түйіткілі сан алуан сауалдарын зерттеп зерделеу керек. Бұндай мәселелер Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалардың тарихнамасын айқындауда орын алып отыр.

Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларды археологиялық негізде зерттеу ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталып күні бүгінге дейін жүргізіліп келеді. Соның негізінде Ұлы Жібек жолының тарихнамасын талдауды шартты түрде үш кезеңге жіктеуге болады. Оның алғашқы кезеңі - ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезі.

Ежелгі және ортағасырлық отырықшы және қалалар мәдениеттерін тарихи тұрғыда зерттеуге ХІХ ғ. соңында П.Х. Лерх, В.В. Бартольд секілді ғалымдардың ізденістері түрткі болған еді. Олардың екеуі де Түркістан археология үйірмесінің мүшесі болған. Қазақстан археологиясының ғылым болып қалыптасуына орыс зерттеушілері В.В. Радлов, П.С. Савельев, В. Розен, В.В. Бартольд, Н.В. Веселовский, А.А. Спицын, және В.А. Городецовтардың да тигізген үлесі бар. Аталмыш ғалымдар Жібек жолы туралы айтарлықтай ауқымды материалдар қалдырған. Сол себепті де ежелгі және ортағасырлық қалаларға берген сипаттамалары құнды болып саналады. Патшалық Ресей ғалымдары мен зерттеушілері Жетісудағы қалаларды сипаттау мен тіркеу, материалдарын жинақтау жұмыстарымен айналысқан. Ал

Оңтүстік Қазақстандағы көне және ортағасырлық ескерткіштерді зерттеуді олар бірнеше бағытта жүргізген. Түркістан археологиялық үйірмесі құрылғанға дейін зерттеулер жүйелі, әрі мақсатты жүргізілмегенімен Ресей империясының Орта Азия және Қазақстан жерін жаулап алғаннан кейін осы аймақтағы көне ескерткіштердің көптігі орыс қызметкерлері мен шенеуніктерінің қызығушылығын тудырған. Көшпелілерде өркениет болмаған және болуы да мүмкін емес деген идеологияға шырмалған зерттеушілердің Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар, олардың мәдениеті туралы зерттеулерінен кейін басқаша көзқарастар қалыптасқан.

Кеңестік кезеңде Қазақстандағы Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалаларға жүргізілген археологиялық жұмыстар мен зерттеулерге М.Е. Массон, А.Ю. Якубовский, А.Н. Бернштам, А.Х. Марғұлан, С.П. Толстов, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Т.Н. Сенигова, К.А. Акишев, И.И. Копылов, К.М. Байпаков, У.Х. Шәлекенов, Л.Б. Ерзакович, Е.А. Смағұлов, М.Б. Ходжаев секілді ғалымдар жетекшілік етті.

1936 ж. СССР Ғылым Академиясының Н.Я. Марр атындағы заттай мәдениет тарихы (Ленинград), Ғылым Академиясының Қазақстандық бөлімі (фиалы) және Қырғыз ССР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Ғылым комитеті құрған Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н. Бернштам) алғашқы экспедиция 1936-1938 ж.ж. Талас өңірі мен Қаратаудың оңтүстік беткейінде ал 1938-1941 ж.ж. Шу өңірінде кең көлемде археологиялық зерттеулер жүргізді. 1938-1941 жылдары экспедиция 21 ортағасырлық қалалардың орнын ашты, оның 12-сі әдебиеттерде белгілі қалалар, ал 9-ы жаңадан ашылған қалалар еді. 1946 ж. Қазақ ССР Ғылым Академиясы құрылды. Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының археология бөлімі археология бөлімі республика көлемінде археологиялық зерттеулерді ұйымдастырушы, үйлестіруші ғылыми орталыққа айналды.

Шу-Талас өңірлерін және Қаратаудың ортағасырлық қалаларын 1946-1948 ж.ж. А.Х. Марғұлан бастаған Орталық

Қазақстан экспедициясы зерттеді. Міне осы кезден Қазақстанның көне қалаларына қазба жұмыстары қазіргі уақытқа дейін өз жалғасын тауып келеді.

Отандық тарихнамада Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалардың мәселелері көп ретте ашылмаған тақырыптардың қатарына жатады. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан аумағындағы Жібек жолы тарихының зерттелуі туралы мынадай мәселелерді айтуға болады: біріншіден, зерттеулер республикадағы тарихи сана қалыптастыру мемлекеттік тұжырымдамасына сәйкес жүргізілген; екіншіден, зерттеушілердің қатаң маркстік-лениндік методологиядан бас тартып, қазіргі отандық тарих ғылымында белең алып келе жатқан өркениет теориясының ауқымында Жібек жолының тарихына қатысты тың тұжырымдар жасаған; үшіншіден, керуен жолы бойындағы қалалардың экономикалық, мәдени жағдайы жоғары болғандығын баса көрсеткен; төртіншіден, Батыс пен Шығысты байланыстыратын халықаралық жолдың осы аймақтың шаруашылық, мәдени және діни дамуына игі ықпал еткендігін археологиялық жәдігерлер мен жазба деректердің негізінде дәйектеген. Алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда Жібек жолы тарихы республика көлемінде ғана емес халықаралық деңгейде зерттеле бастаған.

Дегенмен де мәселе жан жақты зерттелгенімен оның әлі болса зерделенуге тиіс тұстарының бар екендігі байқауымызға болады. Мәселен, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы тармақтары, Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың өткені және тарихи маңызы зерттеушілерден тарапынан әлі де ілкімді ізденістері талап етіп отқаны анық. Жібек жолы бойындағы және оның тармақтарындағы қалаларды терең зерттеуде шығыс тілдеріндегі жазба деректер ғылыми айналымға кеңінен тартылуы, археологиялық зерттеулер жүргізілуі тиіс. Сонда ғана қалалардың тарихи баяны туралы тың деректерге қол жеткізе аламыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы. «Қазақстан», 1992. 50-51 б.
- Баласағұн Ж. Құтты білік. Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
- Бердібай Р. Ғасырлар толғауы. «Жазушы» Алматы, 1977. – 41 б.
- Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік түрлері. – Астана, 2013. – 10 б.
- Досжанов Д. Құм жұтқан қалалар. Алматы, 1967. 69 б.
- Дулатова И.С. Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалардың Қазақстандық тарихнамасы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. 2010. – 152 б.
- Жарықбаев Ә. «Сауранның сыры». Жаңақорған тынысы (zhanaqorgan-tynysy.kz).
- Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- Кляшторный С. Яксарт – Сыр-Дария// СЭ. – 1953. – №3
- Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, Хант, 1997. – 525 б.
- Сартқожа Қ. Орхон мұралары. Астана, 2003. 269 б.
- Тасполатов Б.Т. Қазығұрт топонимдері. Монография. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2016. –168 б.
- Тілешов Е., Итеғұлова С., Қадырхан А.. Қазақстанның 70 тарихи орны (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы).– Алматы: «Керемет медиа», 2017. – 224 б.
- Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 269–273.
- Шәлекенов У.Х. Ғылыми еңбектер. Үш томдық / Уахит Шәлекенов. – Алматы: Жібек жолы, 2014. Т. 1: V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – 584 б.
- Шәлекенов У.Х. Ғылыми еңбектер. Үш томдық / Уахит Шәлекенов. – Алматы: Жібек жолы, 2014. Т. 1: V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – 584 б.
- Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. – Алматы, 2003. – 248 б.

II ТАРАУ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕР

Шығыстағы Хуанхэнің аңғарынан басталып жер шарының көлемді бөлігін қамтыған, тарихта Ұлы Жібек жолы деп аталатын тарихи әрі қым-қуытқа толы кезең әр адамды қызықтырады. Тұтас бірнеше ғасырды қамтыған кезең қай жағынан алып қарасаңыз да маңызды. Көп бөлігі біздің Отанымыздың жерінен өткен тарихи, саяси, мәдени, сауда-саттық көші Шығыс пен Батысты барлық жағынан байланыстырды. Ұлы Жібек жолы әр түрлі құндылықтарға байланған ұлттар мен ұлыстардың мәдениетін байланыстырды. Адамзаттың дамуы мен рухани толысуына алып келді.

Ұлы Жібек жолы тауар алмасуды қамтамасыз етіп қана қоймай, көптеген ғасырлар бойы әртүрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы мәдени алмасу мен өзара әрекеттесуге ықпал еткен бағыт болды. Бұл мәдени алмасуда театр, музыка, би және цирк өнері сияқты орындаушылық өнер маңызды рөл атқарды. Төменде Ұлы Жібек жолындағы орындаушылық өнердің кейбір аспектілерін санамалап көрсеттік.

Театр: Ұлы Жібек жолы өткен аймақтарда театр өнерінің әртүрлі түрлері танымал болды. Театрландырылған қойылымдарға Драмалар, Комедиялар, музыкалық қойылымдар, тіпті ауқымды эпикалық қойылымдар кірістірілді.

Музыка және аспаптар: музыкалық аспаптар мен дәстүрлер саудагерлер мен саяхатшылармен бірге жүре алады. Ішекті, үрмелі және перкуссиялық сияқты әртүрлі музыкалық

стильдер мен аспаптар бір-біріне әсер етіп, жаңа музыкалық шығармаларда үйлесуім тапты.

Би: Би Жібек жолы бойындағы аймақтардағы мәдени мұраның маңызды бөлігі болды. Дәстүрлі билердің әртүрлі стильдері әртүрлі қимылдар мен өрнектерді білдірді.

Цирк өнері: акробатика, жонглерлік және фокус нүктелері сияқты Цирк өнері Ұлы Жібек жолы өткен аймақтардағы ойын-сауық қойылымдары мен дәстүрлерінің бөлігі болды.

Маскалар мен костюмдер: маскалар мен костюмдерді қолдану Ұлы Жібек жолында әртүрлі мәдени дәстүрлерде кең таралған. Бұл театр қойылымдарында да, діни және салттық рәсімдерде де қолданылды.

Орындаушылық өнер Ұлы Жібек жолына енген аймақтардағы мәдени дәстүрлер мен сәйкестікті сақтау мен жеткізудің бір жолы болды. Ол сондай-ақ әртүрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы алмасу мен өзара әрекеттесуге ықпал етіп, көптеген бай және ерекше көркемдік формалар мен өрнектер жасады

Материалдық емес мәдени мұра қауымдастықтар, топтар мойындаған әдет–ғұрыптарды, бейнелеу және білдіру формаларын, білім мен дағдыларды, сондай-ақ олармен байланысты құралдарды, заттарды, артефактілерді және мәдени кеңістіктерді білдіреді. Кейбір жағдайларда жеке адамдар өздерінің мәдени мұраларының бір бөлігі ретінде қолданған. Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мұндай материалдық емес мәдени мұраны қоршаған ортаға байланысты қауымдастықтар мен топтар үнемі қолданады.

Жоғарыда айтып кеткендей ортағасырларда қалалармен жалпы мәдениеттің дамыған кезеңі болды. Оның ішінде өнер саласы, музыка, би, ою-өрнек, сурет салу, мүсіндер жасау т.б. Талас қаласынан табылған қабырғаға ойып салған өрнек өте шебер бейнеленген. Осының өзі әшекейленіп безендірілуі, салыну үлгісі Афрасиаб пен Варахша, сондай-ақ Самара мен Фустат сарайларының қабырғаларындағы өрнектердің салынуы өнерінен аумайды. Мұның өзі Бағдат шеберлерінің талғамы мен халифат

астанасының астаналық мәнер-сәні отырықшы мұсылман елдердің қалаларын маңайлай өтетін Жібек жолы арқылы тарағанын тайға таңба басқандай көрсетеді. Ұлы Жібек жолы көптеген елдердің мәдениетін бір-біріне таныстырып, алмастырып жатты. Айталық парсының атақты ақын-софысы «Дін жүрегі» атанған абзал ақын Жәлеледдин Руми (1207-1273 ж.ж.) өзара мәдени алыс-берістер мен өзара түсінуді асқан шабытпен былай деп жазған екен; «... Кейде түрік пен үнді оп-оңай ортақ тіл табысакетеді. Кейде екі түрікбір-бірін жаттай сезінеді. Ендеше жанмен ұғынысу тіл-дегеніміз – мүлде бір басқа нәрсе; бір тілдестіктен жанмен ұғынысу тіл қымбат» (Жамалов 2015: 122).

Жібек жолы арқылы Шығыс пен Батыс елдерінің музыка мен би өнерлері де, көрнекті көріністі ойын-сауықтар, яғни өзінше орта ғасырлық “эстрада” да сияқты құрып аралап, өнер көрсетіп жүрген екен. Бишілер әр –түрлі елдің билерін өздерінің салтына, болмысына келтіріп билеген екен. Мысалы Иран, соғды және түрік актерлері Қытайдың би және балет өнеріне көп әсерін тигізген. Әсіресе қызбен жігіт билері, соның ішінде “Батыстың секіріп билеуі”, тіпті “Чача биін” де билеп өнер көрсеткен.

Жібек жолындағы түрлі ескерткіштерді қазған кезде музыка және театр саласындағы даму барысымен өзара бірін-бірі байытып отырғанын дәлелдейтін көптеген айғақ заттар табылаған. Айталық, Тан дәуіріне жататын саздан күдірілген түйе бейнесіндегі биші қыз бен жігіттердің беткеп киген актерлердің, музыка ансамблдерінің бейнелері Орта Азия халықтарының өкілдері екенін көрсетеді. Сырдария бойындағы Кедер қаласын қазғанда X-XI ғғ. жататын қыштан жасалған беткебі табылған. Осы заттардың бәрі орта ғасырда Орта Азияда соның ішінде қазіргі Қазақстан төңірегіндегі қалаларда би, музыка, театр өнерлерінің дамығанын айғақтайды.

ҮІІІ — XII ғғ. Орта Азия мен Қазақстан қалаларының өміріндегі өрлеу кезеңі боды. Жаңа қалалар пайда болып, ескі қалалар үлкейе түсті. Қала жері рабадтар есебінен, яғни саудасаттық кәсібі жүргізілетін базарлар мен керуен сарайлары есебінен кеңейе түсті.

Шығыс Түркістандағы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанның бір бөлігін қоса алғанда, Орталық Азияның қазіргі өңірлері орындаушылардың өнері Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарды. Бұл аймақ Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени алмасудың негізгі қиылысы болды және жергілікті орындаушылар Ұлы Жібек жолы кезінде музыкаға, биге, өнерге және әдебиетке ерекше үлес қосты. Міне, осы аймақтағы орындаушылар өнерінің бірнеше аспектілері бар. Музыкалық өнер яғни музыка Ұлы Жібек жолы кезіндегі Шығыс Түркістан мәдениетінің маңызды бөлігі болды. Жергілікті музыканттар мен композиторлар жергілікті дәстүрлер мен басқа аймақтардың әсерін бейнелейтін музыка жасады. Дутар, танбур және саз сияқты дәстүрлі аспаптар осы музыкалық мәдениетте маңызды рөл атқарды. Би өнері атап айтсақ дәстүрлі билер Шығыс Түркістан мәдениетінің ажырамас бөлігі болды. Жергілікті бишілер осы аймақтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бейнелейтін түрлі хореографияларды орындады. Би күнделікті өмірдегі көркем көріністер, діни рәсімдер немесе мерекелік іс-шаралар орын алды. Театр және Маска өнері де Шығыс Түркістанның кейбір мәдениеттерінде театр дәстүрлері болды, соның ішінде маскалар мен қуыршақтарды қолдану. Бұл қойылымдар комедиялар, драмалар және тіпті діни рәсімдер болуы мүмкін. Әдеби өнерінде Шығыс Түркістан сонымен қатар поэзия, проза және поэзия жасаған көптеген жазушылар мен ақындардың үйі болды. Олардың шығармалары осы аймақтың мәдени және діни аспектілерін көрсетті. Білім және шеберлік алуда көптеген жергілікті суретшілер, музыканттар мен бишілер өздерінің дағдылары мен өнерін келесі ұрпаққа берді. Оқыту мен шеберлік мәдени мұраны берудің маңызды аспектілері болды. Діни және діни дәстүрлерде өнер мен музыка Шығыс Түркістанның діни және діни тәжірибелеріне біріктірілген. Діни рәсімдер мен рәсімдерге музыка, әндер мен билер кірді ((Байпақов&Нұржанов, 1992: 50-51). Шығыс Түркістандағы орындаушылардың өнері әр түрлі болды және осы аймақтың мәдени мұрасының байлығын көрсетті. Ол Ұлы Жібек жолы бойындағы әртүрлі халықтар мен елді мекендер

арасындағы мәдени байланыстарды құруда маңызды рөл атқарды.

Еуразия мен Азияның әртүрлі аймақтарын байланыстырған Ұлы Жібек жолы да орындаушылық өнердің әртүрлі формаларының дамуына ықпал етті. Бұған театр, би, музыка және мәдени алмасу құралы ретінде қызмет ететін басқа да экспрессивті өнер түрлері кірді. Міне, Ұлы Жібек жолымен байланысты орындаушылық өнердің кейбір аспектілерін санамалап талдадық. Ұлы жібек жолы бойында театр өнері кеңінен таралды. Әр халықтың сахналық өнері мен сахналық мәдениеті басқа да халықтарды қызықтырды. Жібек жолы өткен әртүрлі мәдениеттерде театр дәстүрлері болған. Мысалы, Қытайда дәстүрлі опера болды Пекин операсының өнері, ал Үндістанда Катхакали театры. Театрмен қатар дәстүрлі би өнері де ерекше маңыздылыққа ие болды. Әр түрлі аймақтарда мәдени ерекшеліктер мен сайттың тарихын бейнелейтін өздерінің дәстүрлі билері болды. Би діни рәсімдердің, салтанатты іс-шаралардың немесе жай ойын-сауықтың бөлігі болуы мүмкін. Дәстүрлі юи өнерімен қатар дәстүрлі музыка өнері кеңінен таралды. Музыка Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарды. Әр түрлі мәдениеттердің музыкалық аспаптары мен әуендері бір-бірімен кездесіп, өзара әрекеттескен. Бұл жаңа музыкалық стильдер мен дәстүрлердің дамуына ықпал етті. Ұлы Жібек жолы бойында орындаушылық өнердің биік шыңында суырып салма яғни импровизациялық өнер де кеңінен тарады. Жібек жолындағы орындаушылық өнерде кең таралған. Музыканттар, актерлер мен бишілер шығармашылыққа және жаңашылдыққа ықпал етіп, өз спектакльдеріне тәжірибе жасап, өзгерістер енгізе алды. Костюмдер мен реквизиттер: костюмдер мен реквизиттер орындаушылық өнерде маңызды рөл атқарды. Олар кейіпкерлердің мәдени ерекшеліктері мен кейіпкерлерін жеткізуге көмектесті. Маскалар мен макияж: кейбір дәстүрлер театр мен биде драмалық эффекттер мен экспрессивтілік жасау үшін маскалар мен макияжды қолданды. Діни және салттық қойылымдар да Ұлы Жібек жолы діни және салттық өнердің

алмасуына да ықпал етті. Әр түрлі культтер мен діндердің өздерінің діни өнері мен әдет-ғұрыптары болды.

Ұлы Жібек жолындағы орындаушылық өнер мәдени алмасудың және әлемдік жасанды дәстүрдің қалыптасуының маңызды бөлігі болды. Ол Жібек жолы өткен аймақтардың мәдени мұрасының маңызды аспектісі болып қала береді. Ұлы Жібек жолы тек сауда жолы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі халықтар мен аймақтар арасында мәдениет, дін және идеялармен алмасу жолы болды. Бұл мәдени алмасу рухани мәдениеттер тізбегін қалыптастырды және маршрут өткен аймақтардағы өмірдің көптеген аспектілеріне әсер етті. Ұлы Жібек жолындағы рухани мәдениеттер тізбегінің бірнеше негізгі элементтерді қамтыды. Діни нанымдар мен әртүрлі діни дәстүрлер Ұлы Жібек жолының маңызды бөлігі болды. Буддизм, ислам, христиандық, буддизм, даосизм және басқа нанымдар маршрут арқылы таралды және бұл аймақтардың рухани өміріне айтарлықтай әсер етті. Жол бойында көптеген ғибадатханалар, мешіттер мен шіркеулер салынды. Философия және білім саласында философиялық идеялар мен білім алмасу Ұлы Жібек жолында да болды. Ғылым, философия, әдебиет және өнер туралы Білім әртүрлі мәдениеттер арасында берілді. Мысалы, араб ғалымдары ежелгі грек мәтіндерін зерттеп, қытай медицинасы мен технологиясы туралы білім батысқа тарады. Өнер және сәулет өнер және сәулет Ұлы Жібек жолындағы мәдени алмасудың маңызды аспектілері болды. Кескіндеме, мүсін және сәулет құрылымдары сияқты көптеген жасанды нысандар әртүрлі өнер дәстүрлерін біріктіре отырып жасалған. Әдебиет және жазуда эпикалық поэмаларды, тарихи шежірелерді және поэзияны қоса алғанда, әдеби шығармалар Ұлы Жібек жолы арқылы жеткізілді. Бұл білім мен мәдени құндылықтардың таралуына ықпал етті. Тілдер мен тілдік дәстүрлерде Ұлы Жібек жолы тілдер мен тілдік элементтердің алмасуына ықпал етті. Әр түрлі этникалық топтар мен халықтар арасындағы қарым-қатынас үшін көптеген тілдер мен диалектілер қолданылды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы дәстүрлі орындаушылық өнерді қалыптастыруға тікелей шығармашылықтары әсер еткен

шығармашыл тұлғалар да бар. Ұлы Жібек жолы тауарлар мен идеялармен ғана емес, әдеби дәстүрлермен де алмасу жолы болды. Әр түрлі елдер мен мәдениеттердің көптеген ақындары мен жазушылары Ұлы Жібек жолының әдеби мұрасына үлес қосты. Міне, шығармашылық жұмыстары осы тарихи маршрутқа әсер еткен бірнеше танымал ақындар:

Омар Хайям (1048-1131) - Омар Хайям көптеген тілдерге аударылған және Ұлы Жібек жолы бойындағы көптеген мәдениеттерге әсер еткен рубайаттарымен (квартеттерімен) танымал парсы ақыны болды. Оның жұмысы философия, табиғат және өмірді қоса алғанда, әртүрлі тақырыптарды қамтыды.

Руми (1207-1273) - Джалалуддин Руми, сондай-ақ Мевлян Руми деген атпен белгілі, парсы-тәжік ақыны және философы болған. Оның поэтикалық шығармалары, әсіресе "Маснави", Шығыстың көптеген халықтары үшін рухани даналық пен шабыттың маңызды көзі болды.

Хафиз Ширази (1315-1390) - Хафиз Ширази парсы ақыны және сопылық мистик болған. Оның махаббат пен руханият туралы газельдері (лирикалық өлеңдер) әйгілі болып қала берді және бүкіл әлемдегі оқырмандарды қуантады.

Ли Бай (701-762) - Ли Бай, Ли По (Li Po) деп те аталады, Тан әулеті кезінде өмір сүрген Қытай ақыны. Оның табиғат, пейзаж және философия туралы өлеңдері көптеген азиялық мәдениеттердің әдебиетіне әсер етті.

Әл-Маарри (973-1057) - Әл-Маарри араб ақыны және философы болған. Оның еңбектері рухтың күші мен философиялық рефлексияны бейнелеп, араб және парсы әдебиетіне әсер етті.

Ұлы Жібек жолындағы шығармашылық құндылықтардың артуына тікелей шығармашылықтары әсер еткен қазақ зиялылары да жетерлік. Сол дәуірлерде өмір сүрген тұлғалардың шығармалары да үлкен әсер етті. Фольклорлық туындылар, батырлар жыры, ғашықтық жырлар тағы осы қатарлы туындылар көпшілікке Ұлы Жібек жолы арқылы таралды. Ұлы Жібек жолы бойында қазақтың рухани мұралары да кеңінен көпшілікке

танымал бола бастады. Сауда-саттықпен қатар рухани мұралар да өз ретімен жұртшылыққа таралды. Әдебиет, мәдениет өнер салалары да қатар дамып отырды. Фольклорлық мұраларымыз да Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерге таныс болды, қызығушылығын арттырды. Ұлы Жібек жолы Жаңа дәуірге дейін Шығыс пен Батысты түйістіріп тұрған жол бас жолға айналды, мәдени ауысулар осы артерия бойынша өтті, онымен елшілер мен сауда керуендері, өнерпаздар мен діни ағымдар тоқтамай ағып жатты.

Ұлы Жібек жолы тармақтарының Қазақстан қалалары арқылы сабақтасуы сол ізбен өтуі мәдениет пен өнердің дамуына септігін тигізді. Саудамен қатар, Қытай, Алдыңғы Азия, Еділ Бұлғариясы т.б. елдермен дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатқан жол болды. Жібек жолы жаңа технологиялар мен жаңалықтар, мәдени, ғылыми жетістіктер алмасу жолы да еді. Осы қатарлы туындылар мен шығармашылық тұлғалар Ұлы Жібек жолының әдеби және рухани мұрасына үлес қосты, бүкіл әлемдегі оқырмандар мен жанкүйерлерді шабыттандыратын және қуантатын шығармалар жасады. Олардың жұмысы осы тарихи маршрут бойында мәдениет пен идеялармен алмасудың маңызды бөлігіне айналды. Ұлы Жібек жолының арқасында Азия мен Еуропа елдеріне сауда-саттықпен қатар музыкалық өнер және би, түрлі дәстүрлі ойын-сауықтар, орта ғасырдың мәдениеті мен әдебиетінің қайнар көздері орындаушылық өнер арқылы да тарап отырды. Көрнекі көркемдікке толы көріністер мен қолға үйретілген жабайы жануарлардың дүйім жұрттың алдындағы өнерлері мен сиқыршылардың өзіндік қабілеттері кеңінен таратыла бастады. Зерттеуші Эразм Роттердамскийдің пікірі де осы сөзбен тоқайласады (Насыров, 1998: 75). Шығыс пен Батысты қатар қамтыған аталмыш өнерлерді көпшілікке түсіндірмесе де түсінікті әрі көпшілікке ұғынықты болып кеткендігін айтады. Жалпы мұндай өнер түрлерінің ішіндегі орындаушылық тұрғысынан көрсеткен ойындары гректің де, киевтің де, түріктің де нақтырағын айтқанда сол уақыттағы керуен бойындағы елдердің басшылары да

еркін тамашалап ризашылығын білідіріп отырған. Шет елден келген өнер иелері сарай қызметкерлерінің алдындағы өнерін ресми де бейресми де жиындарда да тура сол қалпында көрсеткен. Жасандылық пен бөліп жару орындаушылық өнер иелерінің талғамы мен шығармашылық жолында кездеспеген. Бастысы өнерге деген ішкі тазалық пен өзінің келген елінің абырой бет-беделін ойлаған. «Мысалы үшін, Сюань – Цзунь патшалығы сарайының әнқұмарлығының бірі 30 мың музкант ұстағаны белгілі. Түрік қағаны өзінің Суябқа таяу жердегі ордасында елшілер қабылдағаны туралы жазбаша сипатта сақталған. «Қаған, - деп жазады бұл оқиғаны өз көзімен көрген будда қажысы Сюань – Цзянь, –шарап құйып, ән-күй бастауға бұйрық берді... Осы кештің басынан аяғына дейін шетелдік музыка темірлер жаңғырығымен ұласа естіліп тұрды. Мұның өзі тағылардың музыкасы болатын, соған қарамастан ол да құлаққа жағымды естіліп, жүрек пен санаға қуаныш ұялатты» (Байпаков&Воякин, 2011: 67).

2.1 Ұлы Жібек жолы бойындағы дәстүрлі би өнері

Шығыс пен Батысты байланыстыратын сауда жолдарының желісі болған Ұлы Жібек жолы мыңдаған жылдар бойы созылып, әртүрлі аймақтар мен мәдениеттердің қосқан арнаға айналды. Осыған байланысты Ұлы Жібек жолында жол бойындағы мәдени әртүрліліктің байлығын көрсететін көптеген дәстүрлі билер мен музыкалық өрнектер қалыптасты. Сол халықтың өзінде қалыптасқан өнер үлгілері Ұлы Жібек жолының арқасында ауқымы кеңейді. Ұлы Жібек жолы кезінде ауқымды дамыған өнердің бірі – би өнері. Би өнері Ұлы Жібек жолы кезінде өзіндік ерекше сипатқа ие болды. Атап айтсақ: Ұйғыр, Моңғол, Түрік, Үнді және Орталық Азия халықтарының ұлттық билері Ұлы Жібек жолының аясында кеңінен дамыды. Алдымен Ұлы Жібек жолындағы кеңінен таралған Ұйғыр халқының билеріне тоқталайық. қазіргі Шыңжаңда (қытай) және көршілес аймақтарда тұратын ұйғырлар өздерінің дәстүрлі би стиліне ие. Ұйғыр билері көбінесе ситар мен драма сияқты аспаптарды

қолданатын жанды музыкамен сүйемелденеді. Ұйғырлар мереке күндері, үйлену тойларында немесе достық кездесулерде көңілді кештер өткізгенді ұнатады. Әдетте ауылдың барлық тұрғындары кеш иесінің үйіне жиналып, мереке кезінде Сенем биін билегенді ұнатады. Ұйғырлар арасында Сенем биін билеу дәстүрге арналған. Би еркіндік пен жеңілдікпен ерекшеленеді, қозғалыстар шектелмейді, олар әуеннің мағынасына қарай емес, кімге сол әуен ұнаса жеткілікті. Биді бір немесе екі биші немесе бірнеше адам билей алады. Бастың, иықтың, қолдың, белдің және аяқтың әдемі және тегіс қимылдары, бишілердің жеңілдігі мен ептілігі биді ерекше қызықты етеді. Көп жағдайда би түрлері мен атаулары өмірден алынады, мысалы, шляпаны алу, жеңдерді орау, қолды айқастыру және т. б. Орташа қарқынмен басталатын би жылдам қарқынға ауысады, көңіл көтерудің ортасында адамдар «Кай-на!», деп дауыстайды. Қатты айқайлау, жылдам музыкалық ырғақтар көңіл-күйді көтереді және жиылған көпшіліктің көңілі бидің әсерінен шарықтау шегіне жетеді. Жоғарыда біз атаған ұйғырдың дәстүрлі «Сенем» биі турасында болмақ. Ұлы Жібек жолының арқасында «Сенем» биі сынды билер әр жерде өзіндік ерекшеліктермен өзгеріске ұшырап отырды. Шыңжаң кең аумаққа таралғандықтан, оның әртүрлі аймақтарында Сенем биі өзінің ерекшеліктеріне ие болды. Мысалы, Шыңжаңның оңтүстігіндегі Қашқарда би әлдеқайда еркін, қимылдары жылдам әрі жеңіл әрі бидің қимылдары әсем әрі алуан түрлі. Шыңжаңның солтүстігінде «Сенем» биі басқа халықтардың элементтерін қамтыды, онда қозғалыстар көбірек әрі жылдам, кейде биші кенеттен бір сәтке қатып, күлкілі қимылдар жасайды. Хами ауданы ұсынған Шығыс Шыңжаңда би ырғағы баяулайды, ондағы қозғалыстар тыныш, қолдар жартылай қысылған, қолдар бастың үстінде толқын тәрізді қозғалыстар жасайды. Бұл әр жердің өзіндік орындаушылық өнерімен астасып отырады (Махаева, 2009: 102).

Тағы да бір ұйғыр халқының биі - «Долан» биі. Бұл-ұйғыр халқының көне биі, толық формалары мен жігерлі қимылдары бар. Би ежелгі ұйғырлардың жабайы аң аулау процесін көрсетеді. Би келесі кезеңдерді қамтиды: аң аулауға шақыру, жабайы аңмен

күресу, аңды қуу, аң аулаудың қуанышы мен ләззаты қатар жүрді. Кешке аң аулағаннан кейін адамдар шеңбер құрып мерекелеуге кіріседі. Музыка қосылады, дәстүрлі әншілер әнді бастап, бірте-бірте қатайтады. Барлығы тұрып, ерлі-зайыптыларға бөлінеді, әдетте ерлер мен әйелдер би билейді. Барабандар қарқынын тездетеді, би де бірқалыпты жылдамдыққа ауысады, серіктестер айнала бастайды, жылдамдықпен жарысады, соңында шеңбердің ортасында бір адам қалады, ол бір-біріне тез айналады, ол тоқтағанша қол шапалақтайды. Биді сүйемелдейтін әуен «долан мукам» деп аталады, ол дала халқының қатаң тұжырымдамасы мен дәстүрлі үнімен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта тоғыз әуен сақталған, олардың әрқайсысының жеке атауы бар.

«Садьян» биі. Бұл ұжымдық би мереке немесе мереке күндері орындалады, ол бүкіл Шыңжаңда, әсіресе осы аймақтың оңтүстігінде кең таралған. Садьян ұйғыр тілінде «көңілді» деген мағынаны үндейді. «Садьян» биі -жайбарақат, көңілді би, қатысушылардың саны шектелмейді, бидің бірыңғай түрі де жоқ, әркім өзінің қабілеттері мен қиялына қарай билейді. Бишілер аяқтарын кезекпен көтеріп, қолдарын бастарының үстіне айналдыру арқылы жеңіл секірулер жасайды. Би музыкасында да қатаң қимылдар жоқ, өлеңдер мен хорлардың ұзындығы көбінесе сол кездегі жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Музыкалық аспаптардың саны да өзгереді, оркестрдің құрамы да қызықты: олар әр түрлі ұзындықтағы «сона» құбырлары, темір барабандар немесе әр түрлі көлемдегі қол барабандары немесе ішекті аспаптар болуы мүмкін. Ұлы Жібек жолы бойында жиі биленетін би болып тарихта қалды.

«Назырқұм» биі. Турфанда пайда болған бұл би Шаньшань, Токсун, Хами аудандарында өте танымал және үйлену тойларында, мерекелік кештерде жиі орындалады. «Назырқұм» - екі серіктес орындайтын ерлер биі. Орындаушылар оркестрлік музыка мен әнге билейді. Әннің мазмұны биге қатысы жоқ, ол тек ырғақты белгілейді. Айналадағы көрермендер әуеннің ырғағымен бишілерді қошметпен абыройларын асқақтады. Би қимылдары

еркіндікпен, энергиямен, ерекше жеке шабытпен және әзілмен ерекшеленеді.

Ұлы Жібек долы кезіндегі танымал билердің бірі **«Табақшалармен»** биленетін би. Бұл би ұйғырлардың ежелгі халық билерінің бірі. Бұл әйелдер биі, өте лирикалық негізге құрылған. Орындаушы басына тостағанды, ал екі қолында табақша мен таяқшаны ұстайды. Музыканың әуендік ырғағына сүйене отырып, биші таяқшаларын табақшаларды ұрып билейді. Кейбір бишілер цирк трюктерін орындайды, мысалы, басына тостағанға шай құю немесе қасықты аузына ұстап, басындағы ыдысты қаламмен ұру. Би әдетте кең және әдемі лирикалық халық әнімен сүйемелденеді. Ұлы Жібек жолы кезінде келген шет елдік көпшілікті таң қалдыру және ерекше көңіл күй сыйлау барысында осы аталмыш би орындалған. Алыс-жақын елдердің біраз бөлігіне таралған. (Стафутти&Ромагноли, 2015: 157).

«Сабай» биі. «Сабай» атауының шығу төркіні биден бұрын аспаппен байланысты. Сабай биі – жарты метрлік ағаш таяқша болып табылатын ұйғырлардың ұрмалы аспабы, оның бір темір Ұшында екі сақина жасалған. Орындау кезінде музыкант таяқшаны оң қолында ұстап, темір ұшын оң иығына соғып, оны шайқайды, темір сақиналар әуезді дыбыс шығарады. Бұл аспаппен би Сабай деп аталады. Оны ер адамдар орындайды және Шыңжаңның оңтүстігінде және Қашқар аймағында өте танымал. Ұйғырлар бұл биді мерекеге арналған көңілді жиындарда орындайды. Көңілді қызған кезде биші ортаға шығып, би билей бастайды, сабайдың сақиналарын сілкіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленеді. Сабай биі өте айқын және жылдам ырғаққа ие.

«Тастармен» би. Тастармен биі «Сабай» биінің тарихы іспетті ұйғырлардың халықтық ұрмалы аспаптарының бір түрі. Бишілер қолдарында екі тас тақтайшаны ұстап, оларды бір-біріне соғып, қатты дыбыс шығарады. Бүгінде тастар болат немесе алюминий тақтайшалармен ауыстырылды. Би Оңтүстік Шыңжаңның Ақсу, Қашғар, Шаче, Хэтян аудандарында пайда болды және таратылды. Оны ер адамдар орындайды.

Моңғолияда бидің пайда болуы ежелгі дәуірді қамтиды. Бидің көптеген бейнелері ежелгі моңғолдардың жартастағы суреттерін сақтап қалды. Жылы сол халықтың фольклорында «Қарақұйрық» пен «Тырна» билері туралы ақпарат кездеседі. Андайда Моңғол халық әндері мен билері Моңғолияның (Қытай Халық Республикасы) ішіндегі Горкин жайылымынан шыққан. Анд өмір мен биде негізгі қолды лақтырды, ал биде арнайы костюмдер негізінен қысқа көйлектер қолданылады. Қысқа шалбар Андай биінің стандарты болды.

Савуэта – Ішкі Моңғолиядағы Олашань және Ойрат Моңғолия аймағындағы әуен мен бидің атауы. Би киімдері негізінен халаттар болып табылады. Жарқын Сауэттегі көйлектер үлкен сүйкімділікке ие.

«Жоғарғы тостаған» биі мереке кезінде моңғол халқының биі ретінде пайда болды. Ол би көйлектерінің ұзын болуын талап етеді. «Жоғарғы тостаған» биінің негізгі сипаттамаларының бірі- жүз билеу позицияны бекіту бас. Сонымен қатар, бишілердің денесі әр түрлі күрделі қозғалыстарды үнемі қайталайды. Ең жақсы би көйлектері жарқын ұзын көйлектерді таңдау бидің сұлулығын арттырады және бишілерге көбірек қимыл жасауға мүмкіндік береді

Ұлы Жібек жолы кезеңдерімен байланысты моңғолдардың билердің бірі **«Биелгәә»** биі. Бұл би көшпелі өмір салтынан шыққан бидің ерекше түрі. Моңғолияның әр түрлі этникалық топтары қоныстанған барлық дерлік аймақтарында өзіндік «Биелгәә» биінің өзіндік формалары бар. Әсіресе Батыс моңғолдар (ойратта) осы аталмыш биімен танымал. «Биелгәә» биі көшпелі көшпелі өмір салтын бейнелейді және одан туындайды және жартылай отырғанда немесе аяғы айқасқан күйде орындалады. Қолдың, иықтың және аяқтың қозғалысы моңғол малшыларының күнделікті өмір салтының аспектілерін көрсетеді, мысалы, сиыр сауу, тамақ дайындау, аң аулау, үй жұмысы, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер және т.б., сондай-ақ әртүрлі этникалық топтарға тән рухани сипаттамалар осы биден көрініс береді. Бастапқыда моңғол биі өте ерте дамыды, бұл «Моңғолдардың құпия шежіресі»

еңбегінде айтылғандай: «Олар қуануға, билеуге және тойлауға дағдыланған. ...Олар шаң тізелеріне көтерілгенше биледі» Биелджи музыка моңғолдардың хореографиялық өнерінде маңызды рөл атқарады. Көптеген халық билері Топшур аспауының сүйемелдеуімен орындалады, Морин Хуур (жылқы басы бар скрипка), хель, кейде басқа аспаптармен үйлеседі. Сондай-ақ, тек аспаптарсыз дауыстаумен сүйемелденетін билер бар, мысалы, бурят биі Йохорды атауымызға болады. Буряттағы халықтық би-дөңгелек би. Бүкіл этникалық Бурятияда таралған. Ол оркестрдің немесе капелланың сүйемелдеуімен, достық әуенінің негізінде орындалады. Бишілер тобы қол ұстасып, тербеліп, ән айтып, баяу қадамдармен шеңбер бойымен қозғалады.

Түрік халқының биілері де Ұлы Жібек жолы тарихында түрік дәстүрлі билері де маңызды рөл атқарды. «Халиси» және «Зейбек» сияқты билер танымал және мерекелер мен үйлену тойларында жиі орындалады.

«Зейбек» биі. Зейбектің түрік ұлттық биін халық жақсы көреді, өйткені ол бұл туралы - бірлік пен бірігу туралы, ұлттық сана туралы, күрес, шешімділік, қарсыласу рухы, идеалдарға адалдық, сатқындық пен жазаға төзбеушілік туралы, өмірді жалғастыру идеясы жатыр. «Зейбек» биі тек түріктердің сүйікті биі ғана емес, Зейбек-бұл құбылыс, бұл түрік тарихы мен мәдениетінің құбылысы. Сондықтан «Зейбек» биі түрік телехикаяларында жиі кездеседі, өйткені түрік телехикаялары түрік өмірі туралы сериалдар. «Зейбек» биінің заманауи нұсқасы Түркияда өте танымал және бұл бисіз бірде-бір үйлену тойы, отбасылық және тіпті ресми мереке аяқталмайды.

Тарихшылар К. Байпақов пен А. Нұржанов, археологиялық деректерге сүйене отырып, осы жөнінде мынадай деректер келтіреді: «XIV ғасырдың аяқ шеніне дейінгі кезеңде ортаазиялық түркі ұлтты христиандардың «діни өнер мен діни мәнді айшықтарының» озық үлгілеріне қайрақтастар – несториандық жазулары мен айшықты таңбалары бар құлпытастар болды. Олардың негізгі көпшілігі Жетісу мен Шығыс Түркістанда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде табылды, рас, ондай олжалар қазір де ұшырасып қалады. Мәселен, ескі Краснореченск (Қызыл өзен жағасындағы) қаласын қазғанда XI-XII ғасырда салынған құрылыстың іргетасынан сириялық жазулары бар екі қайрақтас табылды. Олар екінші қайтара пайдаланылған. Қайрақтастың бірінде 789 жыл таңбаланса, екіншісі 909 жылды көрсетеді. Біріншісінде «Иал-анч бикештің» атты жазылған. Мұның өзі өте ертеде сириялық құлыптастарға жазылатын қабірнамаға, V-VI ғасырларда Сириядан табылған қайрақтастардың осыған ұқсас үлгілерінің аралық буынына жатады, ал XII - XIV ғасырлардағы қайрақтастар, жоғарыда айтқанымыздай, Жетісу мен Шығыс Түркістаннан табылды» (Байпақов, Нұржанов, 1992: 31). Бір таңғаларлығы, сонау бір қияндағы Азия аймақтарының сириялықтармен тығыз байланыста болғандығы. Олардың отарлары мен өз иелігіндегі сауда орталықтары Жерорта теңізінен сонау «Аспан империясына» дейін қанат жайып жатыр еді. Таулы аймақтар мен көгал айпаттарды басып өтетін осы жолдың бойынан әлі де тіршілік тынысы мен өнердің, түрлі діндерге және христиан дініне тән құмға көміліп қалған ескерткіштер табылуда. Және осы жолдың басынан аяғына дейін тұс-тұсқа таралуы өте ерте дәуірде басталған

сириялық жазу мәдениетінің, сириялық христиан дінінің айғақ заттары табылады да жатады.

Бір таңғаларлығы, сонау бір қияндағы Азия аймақтарының сириялықтармен тығыз байланыста болғандығы. Олардың отарлары мен өз иелігіндегі сауда орталықтары Жерорта теңізінен сонау «Аспан империясына» дейін қанат жайып жатыр еді. Таулы аймақтар мен көгал айпаттарды басып өтетін осы жолдың бойынан әлі де тіршілік тынысы мен өнердің, түрлі діндерге және христиан дініне тән құмға көміліп қалған ескерткіштер табылуда. Және осы жолдың басынан аяғына дейін тұс-тұсқа таралуы өте ерте дәуірде басталған сириялық жазу мәдениетінің, сириялық христиан дінінің айғақ заттары табылады да жатады.

Сириялықтардың көпғасырлық экономикалық байланыстары олардың Араб түбегіне де, Үндіге де, Иран мен түркі елдеріне де сириялық діндердің белгілі бір дәрежеде әсері болған. Орта Азияға да өзінің мәдени ықпалын ол тигізбей қоймайды. Христиан дінінің метрополиідегі және отарлардағы сияқты соғдыларға да таралуы соғдылардың Сирия жазуымен танысуына мүмкіндік берді. Сирия жазуы соғды-христиандар арқылы ұйғырлардың қабылдауымен ежелгі түркі тайпаларына да таралды.

Көптеген ғасырлар бойы Шығыс тек батыстық метрополиалардың түсініксіз провинциялары деген ой қалыптасқан. Шығыс халықтарының тарихы еуропалық мүдделілікпен түсіндіріліп келді. Арабтар тарих беттерінде тек Испанияны жаулап алып, Палестинада крест тағушы серілермен соғыс кезінде ғана, үнділер Британия отарлауынан соң, ал қытайлықтар тек «апиын» соғыстары кезінде пайда болды деп еуропалықтар ойлады.

Шын мәнісінде «Шығыс» пен «Батыс» ұғымдарының өздері шартты болып келеді. Б.з.д. V ғасырда гректер «Шығыс» деп Азия мен Парсы империясын атады, мыңжылдан кейін Афины, Византия, Александрияның мәдениеттері Шығыстың құрамдас бөлігіне айналып кетті. Американдық үндістер мен полинезиялықтарды, олардың еуропалық еместігіне қарамай,

ориенталистер Шығысқа жатқызбайды. Тіл жағынан алсақ, Азияның көп бөлігін миллиондаған үндіеуропалықтар қоныстанды. Дін жағынан мәселе одан да күрделініп кетеді. Осы мысалдардың бәрі Шығыс-Батыс дихотомиясының жасандылығын көрсетіп тұр. Ұлы Жібек жолы мәдениетінің қалыптасуы мен өркендеуінің келесі бір маңызды ошағына Соғды өркениеті жатады. Бұл өркениет көне Иран мәдениетінің қисынды жалғасы болып табылады.

Академик Ә. Нысанбаев атап өткендей, Иранның географиялық жайы, өйткені ол Үндіні, Орталық Азияны, Орта Шығысты, Еуропаны байланыстырып тұрған қыратта орналасқандықтан, оның Еуропа мен Азияның арасындағы сауда және мәдени байланыстарда маңызды дәнекер болуына оң ықпалын тигізгеніндей, солай қазақ даласы да өзінің географиялық жайымен Шығыс пен Батыстың сауда және мәдени өзара әсеріне себебін тигізді, өйткені Ұлы Жібек жолы әлемге әл-Фарабиді сыйлаған территория бойынша өтті. Иран арқылы Жерорта теңізіне қарай Қытайдан жібек пен қағаз, Үндіден алтын мен хош иістілер, Орталық Азиядан жылқылар мен терілер аттандырылды. Қазақстан территориясы бойымен тауарлар тиелген керуендер жүріп жатты, көшпелі- малшылар да мәдени құндылықтарды айырбастаудың белсенді дәнекерлері болды. Сығанақ, Сауран, Тараз, Иассы, Баласағұн, Отырар сияқты, керуен жолдары өтуі шамасында далада өсіп шыққан, көне қалалар әлемге өзінің жоғары мәдениетімен және олардың даңқын паш ететін - әл-Фараби, Дулати, Қожа Ахмет Иассауи, Баласағұни сияқты көрнекті өкілдерімен белгілі болды.

Иран Еуропаға люцернді, ақ көгершінді және жұмақ құсын (павлинді) берді. Атақты парсы кілемдерінің өрнектері мәнерлеудің жоғарғы дәрежесін куәлады, бұл халықтық ойлаудың жалпылау мен абстракциялаудың биік деңгейіне қабілеттілігін сипаттады. Бірақ көне иран мәдениеті әлемге тек маталардағы, кілемдердегі және қыш құмыралардағы таң қаларлық өрнектерді ғана сыйламады. Ирандықтардың рухани құндылықтары, діни идеялары мемлекеттер шекараларын кесе отырып, иудаизм мен

христиандықта көрініс тапты. Олар, Иранның діні болып қалыптасқан, исламда да терең ұяланды. Ислам идеялары, оның дәстүрлі таралу аймағы, Қазақстанда да қабылданды. Иранның аңыздық патшасы Хушанг от тұтатуды үйренді, ал оның ұлы Жәмшид Жаңа жыл мейрамы, көктемдік тепе-теңдіктің рәмізі – Наурызды енгізді, бұл мейрам қазақ мәдениетінде де жоғары бағаланады және оны Қазақстан халықтары да атап өтеді (Нысанбаев, 2006: 86).

Мәдени алмасу бейбіт сауда және қоныс аударушылық қозғалысына негізделген көршілес этностардың жағдайы мүлдем басқадай болды. Мұның айқын мысалын түріктер мен соғдылардың Жетісуда және Қазақстанның қазіргі оңтүстік аудандарындағы бірлесе қимылдауынан көреміз. В.В. Бартольд Сюань Цзянның деректеріне сүйене отырып деп жазды: «...Суяб қаласынан батысқа қарай бірнеше қалалар орналасқан. Олардың әрқайсысында басқаларға тәуелсіз, бірақ түріктірге бағынышты өз басшысы бар. Шудан Гешуанға (Күшен) дейінгі бүкіл ел Сули (Сулиғ, Соғд) аталады. Тұрғындардың жартысы егіншілікпен, екінші бөлігі саудамен айналысты» (Бартольд, 2005: 38). М. Орынбеков көне иран тілді соғдылықтардың негізгі мамандығы сауда болды дейді. «Осыдан келіп туындаған арақатынас ежелгі егіншілік оазистерінен шығысқа жаппай қоныс аударған соғдылықтардың өзара мәдени ықпал етуі, қатар жүретін сауда экспансиясын жүзеге асырғанын көреміз. Соғдылықтардың жергілікті түрік халықтарына, неғұрлым ауқымды ықпалы мыналар: Хорезм мен Ферғанадан негіз алған егіншіліктің жаңа мәдениеті, Бұхара мен Самарқандтан бастау алған сәулетшілік, Шаш пен Соғдыдан алған керамика өнері болды. Соғдылықтар түрік тілі мен мәдениетін тез қабылдады: бұл олардың қағанаттың экономикалық жүйесін тез меңгеріп, қоғамда елеулі орын алуына мүмкіндік берді.

Көршілес этностардың өзара ықпалы мен соғдылықтар ассимиляциясының, ең жоғарғы жетістігі – жаңа әлеуметтік ортада Жетісу мен бүкіл Оңтүстік Қазақстанның өңірінде өндіргіш күштердің қауырт өсуі болды. Бұл жергілікті халықтың әлеуметтік-

экономикалық және саяси жағдайына тиімді әсер етті. Екінші бір жағынан түріктердің Орта Азияға енуіне байланысты қолайлы ықпал ету прогресі де байқалған еді. Әсіресе, бұл әкімшілік құрылымда айқын көрінді, өкінішке орай, бұл мәселе зерттеу тақырыбы болмағандықтан бұған тоқтала алмадық.

Соғдылықтардың тап болған жағдайынан көрінгендей олар көршіліес халықтың мәдениетін қабылдап, сіңіруге мәжбүр болды, бұл екі арна арқылы: түріктер мен арабтардың әскери және мәдени ықпалы арқылы жүзеге асты. Жетісу осыған байланысты арабтардың әскери экспансиясының жеткен соңғы межесі болды. Олар әрі қарай өте алмады. Бұл тұрғыда соғды-түрік одағы араб экспансиясын тежеуде басты рөл атқарды. Біз үшін маңыздысы мынау: көршілердің өзара ықпалының екі арнасы – әскери және мәдени ықпал етуі сұхбат мәдениетінің тарауына кең жол ашқан еді.

Жоғарыда көрсетілген деректерден соғдылардың Ұлы Жібек жолы мәдениетінде шешуші рөл атқарғандығы аңғарылып тұр. Ортағасырлық авторлар Самарқанд қаласында жас баланың таңдайына бал тамызып, «шешен болсын» деген тілек айтып, алақанына ақша жабыссын деп желім жағып, 20 жасынан бастап пайда табуға жігіттерді басқа жерлерге жібереді екен (Байпаков&Шарденова&Перегудова, 2001: 10).

VIII ғ. Еуропадағы жібек маталарында соғды жазуы кездесе бастайды және оларды Бұқараның маңайындағы Зандана қыстағының атымен «занданечи» деп атаған. Осыдан бастап соғды жібегімен бірге соғды жазуы да әлемге тарап кетеді.

VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы бойында соғдылық отарлау басталады. Қытайдың астанасы Чанъчада мыңдаған соғдылар қоныстанады. Жалпы алғанда шығыс ирандықтар-соғдылар көптеген түркі халықтарының этногенезінде маңызды рөл атқарған. Мысалы, қазақ халқының сөздік қорында түпкілік субстратпен қоса көптеген ирандық атаулар кездеседі.

Қазақ мәдениетінің тілдік ерекшеліктерін терең зерттеген Ә. Қоңыратбаев, М. Қашқаридің зерттеулеріне сүйене отырып, мынадай қорытындыға келеді: «Қашқаридің айтуынша, сол кездің

өзінде-ақ парсы сөздіктері Соғды арқылы оғыз, шиғылы, арғу тілдеріне ене бастаған екен. «Өрен» сөзінің тегін әр нәрсенің жаманы, бұзылғаны дей отырып, Қашқари парсының «авйран» (ойран) сөзінен тумады ма екен депті. Тағы бір сөзінде: «Оғыздар парсылармен араласып кеткендіктен, бірқатар түрік сөздерін қолданады» (Қашқари, 1993: 59), - деп жазады. «Түрма» (сәбіз) сөзіне түсінік бергенде де осы ойын қайталаған. Парсылар сәбізді «кзар, кизри» десе, оғыздар «кашур» деп атаған. Парсыдан от құманы (афтабе) келгенде, түріктер «құмған» деген сөзді ұмытты дейді. «Құмған» бізде бар да, «афтабе» атауы жоқ.

«Құлақ қоятын бір шындық: X-XI ғасырлардан бастап егіншілік, билік, қала, мәдениетке байланысты парсы сөздерінің түркі тілдерге ене бастауы анық болуға жүрген ортақ сөздер дәлелдейді. Парсы сөздігі кітаби жазбасы ерте туған өзбек тілінде тіпті көп. Сол сөздер ұлт тілінің өз лексикасына айналған. Бұл белгіден қазақ тілі де құр емес» (Қоңыратбаев, 1991: 166).

Тіпті, кейін дәстүрлі қазақ мәдениетінде парсы-тәжік әдебиетін білу мәдениеттіліктің маңызды шарты болып есептелген. Осы жөнінде Абай анық айтып кеткен. Бұл құбылыстың алғышарты сонау Ұлы Жібек жолы мәдениеті кезінде қалыптасқан. Тағы да осы туралы Ө. Қоңыратбаевтан бір үзінді келтірейік: «Парсы (тәжік) тілінің әсерін сөз еткенде атап айтарлық бір жай – сол сөздердің ертеден-ақ қазақтың сөйлеу, жазу тіліне, ертегі, эпосына мол екендігі болса керек. Соның бәрі де X ғасырдан бастап тек сауда, мәдени қарым- қатынас қана емес, жазба кітап (әдебиет) арқылы да енген. Ол кезде «Мың бір түн», «Шаһнама», «Қалила мен Димна», «Тотынама» сияқты шығыс ертегілері мен дастандарын оқымаған қазақ кемде-кемде болған. XX ғасыр басында өзбек, парсы әдебиетінің дәстүрін біздегі кітаби ақындар, сюжет қуушылар айрықша мол қолданады (Шәді & Әбубәкір & Нұржан, т.б.).

Шығыстың жазба тілінің қазақтың сөйлеу, эпос, жазба тіліне бірдей жайылуын қалайша жоруға болар еді? Ең алдымен, ол шығыс елдері мен Орта Азия халықтарының арасында көп заман рухани байланыстың мығым болғанын білдірсе керек. Соларға

ортақ әдеби нұсқалар да аз болмаған («Қиссасұл- Әнбия» & «Құран» т.б.).

Екінші жорамал. Қазақтың жазба әдебиеті XIX ғасырдан бастап өзінің қос қанатымен бірге туғандай: бірі –шығыс дәстүріндегі жазба әдебиет, екіншісі – Абай ізіндегі жаңа әдебиет» (Қоңыратбаев, 1991: 169).

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің тағдыры туралы кейбір жазбаларда исламдық өркениеттің қалыптасуы бұл мәдени артерия үшін қолайсыз болды деген пікір айтылды. Бұл тарихи шындық және қисынмен келіспейтін ой. Араб жорықтарының нәтижесінде Иранның құлағына белгілі, ал бұл Тан империясы және араб халифаты арасында тікелей байланыстың пайда болуына әкелді.

Ұлы Жібек жолымен бірге пайда болып, кейін монғол шапқыншылығынан кейін тарқап кеткен Соғды сияқты тағы бір өркениетке Таңғұт мемлекеті жатады. Осы этномәдениетті зерттеу арқылы Ұлы Жібек жолы мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін түсінуге болады.

1908 жылы П.К. Козлов өзінің Орталық Азияға экспедициясы кезінде бұрын белгісіз Харо-хото (Эдзине) қаласының қалдықтарын ашты. Бұл қала туралы кейбір деректер Г.Н. Потанин мен Г.Е. Грум-Гржимайлоның естеліктерінде де кездеседі (Потанин, 1950: 404).

Қираған қаланы қазу жұмыстарын жүргізу кезінде көптеген буддалық, ескерткіштер, таңғұт жазуы үлгілері, ақшалар, кітаптар т.т. табылды.

Географиялық картаға көз тастасақ Харо-хотоның керуен жолдарының торабына орналасқанын көреміз. Қытайдан бұл шұрайытқа жеткен Ұлы Жібек жолы батысқа (Орталық Азия, Иран, Византия), шығысқа (Хотан, Түркия т.т.) және солтүстікке (Монғолия, Сібір) қарай тармақталған. Осы жол арқылы буддизм Қытайға қарай табысты тараған III-IV ғғ. арасында Эдзин-Голдың аңғарлары сауда жолдарының маңызды аймағы болып қалғанымен, таңғұт мәдениетінің өркендеуі Қытайдағы Тан (618-907 ж.ж.) дәуірінің мәдени өркендеуімен байланысты және ол

Қытайдың бақылауында болып келген.

X ғасырда Орталық Азияда Таңғұт мемлекеті пайда болады (982-1227 жж.). Осы мемлекет уақытында Эдзин-Голдың бойында суару арықтары қазылып, дамыған аграрлық өркениет қалыптасады (Лубо-Лесниченко & Шафранская, 1982: 12-13).

Марко Поло суреттегендей, Харо-Хотода екі үлкен көше болған: ақсүйектер тұратын көше және көпестер мен қолөнершілердің көшесі. Қалада тоқымашылық өнер жоғары дәрежеде дамыған, «әлемдегі ең әдемі түйе жүнінен дайындалған бұйымдар осында шығарылып, Қытаймен басқа елдерде сатылатын болған» (Гумилев, 1992: 94). Қытайлықтар мен ұйғырлар таңғұттардан кесілген жібекпен жасалатын гобелен өнерін («кэса») қабылдаған. өз кезегінде таңғұттар Қытайдан фарфор бұйымдарын жиі алып тұрған.

Таңғұт мемлекетіндегі мәдени ауысулар үшін өте маңызды артефактыға қағаздан жасалған кітаптардың кең таралуы жатады. Егер XI ғасырда қытайлықтар негізінен жібек маталарын парақтар ретінде қолданса, Харо-Хотода «кітаб-көбелек» деген ойланып шығарылды. Таңғұттар корейліктер, жапондар және вьетнамдықтар сияқты қытай жазуын өз тілдері ерекшеліктеріне икемдеу жолымен емес, тибеттіктерден алфавит жазуын қабылдау әдісімен емес, ал төлтума әлемдегі ең күрделі иероглифтік жазуды қалыптастыруымен есте қалды (Лубо-Лесниченко & Шафранская, 1982: 21).

Таңғұт ақсүйектері Қытай мәдениетіне ерекше ден қойды, оның «Категориялар орманы» деген энциклопедиялық шығармасын өз тіліне аударды. Сонымен бірге ұлттық фольклор негізінде таңғұттар негізінен нақыл сөздер түрінде төлтума туындыларды да жасап шығарды.

Таңғұт мәдениеті Ұлы Жібек жолы бойындағы аралық бекеттердің бірі ретінде сан-алуан мәдени өнімдердің айырбасының куәсі сияқты болды.

Жат жұрттық бұйымдардың тізімі әркелкі болған. Олар мирра мен ладан, жасминь суы мен амбра, кардамон мен жұпар жаңғағы, дәрі тамыр, айдаһар, улы жылан өті, кілем, жібек және

мақта-мата кездемелері, әр түрлі бойяулар, минералды шикізаттар, алмас, яшма, янтарь, маржан, піл сүйегі, «балық азуы», күміс, алтын, тай тұяғы, аң терісі, монета, жебелі садақ, қылыш, найза, айбалта тағы басқалары еді. «Жібек жолымен» Ферғананың қызбақанды жылқысы, араб пен нисий арқымақтары, түйе мен піл, мүйізтұмсық пен арыстан, сілеусін мен елік, қаршыға мен сұңқар, тауыс пен тоты, түйеқұстар сатуға әкелген. «Жібек жолында» әскери тұтқындарды, қол өнершілерді, ергежейлілер мен зұлыстарды сату да кең өріс алған» (Жәнібеков, 1992: 67).

Жоғары да аталып өткендей, таңғұт елі діни ауысуларға да үлкен себебін тигізген. «Жібек жолы» арқылы әр түрлі ағымдағы миссионерлер өз сенімдерін «теңіздің ар жағындағы» елдерге таратып келген. Үндістаннан Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы Қытай мен Жапонияға буддизм тараған; Сириядан, Ираннан әуелі христиан, соңымен ислам тараған. «Жібек жолының» құл саудасы үшін шапқыншылық пен қантөгіс айқастың жолы болғаны да белгілі. Бірақ оның ғасырлар өтсе де ізін жоғалтпайтын басты маңызы – әр түрлі елдерді, жұрттарды, мәдениеттерді жақындастыруда болғанын да естен шығаруға болмайды.

Егер таңғұт мемлекетіне қайтып келсек, онда діни және мәдени «көшкіндерде» бұл елдегі буддалық өнер туындыларына тоқтап өткен жөн. Хара-Хотодағы икона жалаулар жібек немесе басқа маталарға салынған өнердің жетілген түріне жатады. Таңғұтта буддалық рәміз мандала ерекше мазмұнға ие болады. Бұл магиялық шеңберде «Т» әрпі түрінде квадрат салынған, квадраттың ішінде тағы да шеңберкелтірілген, ал ең орталықтағы шеңберде әдетте бір маңызды құдайдың бейнесі салынады (Дубо-Лесниченко & Шафранская, 1982: 31). Көріп отырғанымыздай таңғұт өнерінде Қытайдан басқа, Үнді мен Непал стильдерінің ықпалы анық байқалып тұр және бұл Жібек жолы арқылы мүмкін болды. 1227 жылы монғол шапқыншылығынан кейін Таңғұт мемлекеті өмір сүруін тоқтатады. Бірақ бұл мәдениеттің іздері ежелгі керуен жолдары әбден ұмытылғанға дейін өз жалғасын таба білді.

Марко Поло XIII ғасырда да Эдзиненің транзиттік

маңыздылығын атап өтеді: «Бұл жерде 40 күнге азық-түлік жинап алады, себебі одан ары 40 күн бойы ештеңе жоқ» (Гумилев, 1992: 84). Монғол үстемділігі кезінде Хара-Хотода ұйғыр әрпімен бірінші моңғол тіліндегі кітаптар басылып шыққан. Бұрынғы мәдени дәстүр өз жалғасын басқа кең мәтінде тауып тұр. Осы кезеңде таңғұт жеріне ислам да жетеді. Кейбір зерттеушілер қазіргі дүнгендерді исламдандырылған таңғұттар деп есептейді. Харо-Хотода мешіт салынады, «Жеті дананың кітабы» деп аталатын араб-парсы мәтіндері таңғұттар арасында кең тарайды. Мұсылмандық және несториандық мәтіндерді талдау таңғұт мәдениетінің Жетісудағы пікірлестерімен тығыз байланыста болғандығын көрсетеді.

Мин империясы тұсында (1368-1644 жж.) қытайлықтар таңғұт жеріне аса қаталдықпен шабуыл жасап, бұл мәдениетке, онымен өтетін Ұлы Жібек жолы тармағына естен танатындай соққы береді. Кейін сонда болған саяхатшыларжазғандай, Харо-Хото өлілер, елестер қаласына айналады. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени сұхбат мәселесін қарастырғанда Қытайдың осы өркениеттік құрылымның басты қан-тамыры болғанынұмытпаған жөн. Қытайдың адамзат тарихындағы рөлі туралы тұтас кітапханаларжазылды десек, артық айтпаған болар едік. Біз бұл жерде Қытайдағы мәдени ауысулардың осы өркениеттің қалыптасу тарихында басты факторлардың бірі болғандығына деп қоймақпыз.

Қытай мәдениеті, өзінің бірігейлігі мен тұтастығына қарамай, көптеген мәдени синтездердің нәтижесінде қалыптасты. А.Тойнби атап өткендей, Қытайдың тарихын түркілерсіз, моңғолдарсыз, тибеттіктер мен үнділерсіз түсінуқиынға соғады. Әрине, Қытай мәдениеті әлемдік өркениеттілікке оқ-дәрі, қағаз, компас, шәй, жібек, кітап басу сияқты өнімдерімен өз үлесін қосты. Бірақ, сонымен бірге Қытайды Үндіден келген буддалық дінсіз, түркі-моңғолдардан ауысқан жылқы өсірусіз, т.т. елестету мүмкін емес. Мәдени ауысулар әсіресе Тан әулетінің билік ету кезеңінде (618-907 жж.) өзінің шарықтау шегіне жетті және бұл уақытта Ұлы

Жібек жолы Қытай үшін басты тіршілік артериясына

айналды. Қытай бұл дәуірде (оны кейде «Қытай Ренессансы» деп те атайды) Ұлы Жібек жолы арқылы Батысқа қарай Жапония, Корея, Тибет пен Аннанның мәдени жетістіктерін таратуда дәнекерші қызметін атқарды. Бұл әсіресе ксилография өнеріне, ерекше поэзия туындыларына, табиғатты көркейту формаларымен тұрғын үйлер мен қалаларды жоспарлауда, киім үлгілері мен жекпе-жек тәсілдеріне қатысты болды. Керісінше, қытай елшілері мен көпестері, діни миссионерлер осы Шығыс елдердің мәдениетімен таныстырды. Мысалы, буддашыл уағызшы Дао-сюань 735 ж. Жапонияға өзімен бірге үнді брахманын, тям сазгерін және парсы тәуіпін бірге алып барды. Осындай мәдени ауысулардың нәтижесінде Жапонияға буддизммен бірге үнді астрономиясы, металл мен маталардағы парсы оюлары, тохар музыкасы, соғды биі мен түркілік қару-жарақтар мен киім үлгілері жетті (Шефер, 1981: 14).

Басқа аймақтардан келген мәдени бұйымдар мен экзотикалық нәрселер (айталық, Сулавеси аралынан алынған какаду, Самарқанның әшекейлі иттері, Магадхиден келген ғажайып кітап, Чампарурадан жеткен дәрі-дәрмектер) қытайлықтардың қиялы мен зердесін кеңейтіп, оларды өзгертіп жіберді. Тан империясы тұсында Ұлы Жібек жолы бойында тұратын шетелдіктерге қатынасты екі түрлі саясат ұстанылды. Бір жағынан, мәдени ауысулардың аса шарықтаған кезінде шетелдіктер мен этникалық қытайлықтар тым араласып кетпеу үшін арнаулы шектер қойылды. Мысалы, 779 жылы император жарлығы бойынша ұйғырларға қытай әйелдерін алуға тыйым салынды (Шефер, 1981: 40).

Сауданың өзі де саяси астармен көмкеріліп отырылды. Парақорлық өз шегіне жетті және бұл әсіресе мемлекеттік ұжымдарға тән болды. Айталық, келіп жеткен үлкен керуендер тауарларының үштен бірі мемлекеттік қоймаларға өткізілді. Басқа жағынан, қытайлық ресми ұжымдар ел үшін маңызды болып есептелетін нәрселерді (ерекше жібек маталары, gobelenдер, өнер туындылары, алтын, темір т.т.) мемлекеттен шетке шығаруға тыйым салынды. Сонымен бірге қытай шенеуніктері әдеп пен

қылықты бұзады деп есептейтін тауарлардың елге әкелуіне де шек қойды.

Алайда мемлекет тарапынан қойылған кедергілерге қарамай, Тан империясына мәдени артефактілер мен өркениеттік үлгілері ағылып төгілді. ҰлыЖібек жолына қатысты қытайлықтар түркі тілдерін білетін болды, түркі-қытай сөздіктері шығарылды, буддизмге байланысты санскрит және араб-парсы тілдері кең таралды. Мәдени ауысулар туралы Э. Шефер мынадай деректер келтіреді: «ҮІІ ғ. бірінші бөлігінде қытайлықтар көшпелі түркі тымақтарымен және парсылық бетперделермен әуестене бастады. Сарай манындағы кәнізактар «ұйғыр шиньонын» ұнататын болып шықты. Түркілік киіз үйлер тіпті қаланың ортасында тұрғызылып, онда ақсүйектер ыстық күнде демалатын болды. Ханзада Ли Чэн-цянь патша сарайының ішінде басына қасқыр басты киім киіп алып, түрік тілінде бұйрықтар беретін болған (Шефер, 1981: 49).

Бірақ бұл мәдени тоғысу ұзаққа созылған жоқ. ІХ ғасырда Хуан Чаоның қанкөйлі шабуылдарынан кейін, Гуань-Чжоудағы сол халықаралық сұхбат дәуірі аяғына жете бастады. Алайда Ұлы Жібек жолы өз әрекетін ІХ ғасырдан кейін де тоқтатқан жоқ. Енді мәдени ауысулардың тәсілі өзгере бастады. Елден қуылған әскери күштің көмегімен еріксіз жеткізілген адамдар мен тауарлар азайған жоқ. Мысалы, император Сюань-цзун өз қоймаларында нефриттен дайындалған бұйымдардың азайғанын көріп, қолбасыларына Хотаннан мол нефрит алып келуге бұйырды. Ұлы Жібек жолын зерттеуші қазақстандық ғалым К. Байпақов Қытай үшін нефриттің маңыздылығын былай түсіндіреді: Таң дәуірінде Қытайда белдікке яшма (нефрит) жапсырма тағу салтқа айналған. Көп ретте мұндай жапсырмаларды Қытай Шығыс Түркістаннан сый ретінде алып тұрған. Атап айтқанда, 632 жылы Хотан патшасының император Тай-Цзунге жіберген белдігі жиырма төрт жасыл жапсырмадан тұрған, оған қоса айдың толған және жартыкеш қалпын түрліше бейнелейтін етіп жасалған. Түптен келгенде, Іле алқабынан нефрит жапсырмалармен әшекейленген белдік өз дәуіріндегі феодалдық әулеттің мүддесіне орай туған.

Жоғарыда атап өтілгендей, аса бағалы нефрит өндірілетін негізгі орталық Шығыс Түркістан болды. Ол көне дәуірден-ақ Қытаймен нефрит жолымен жалғасып жатты. Ертедегі авторлардың деректері мен фантастикалық ұғымдарға жүгінсек, нефрит – бүкіл ғаламдағы құрылықтың қақ ортасында орналасқан қасиетті таудың тасы. Бұл таудың жер бетіндегі бейнесі Хотан алабы болып табылады. нефрит түйірлері Тарим өзеніне құяр жолдағы Хотан манында біріне- бірі келіп қосылатын қос өзеннің түбінен де алынған. Бұл өзендердің бірі Қарақаш (қара яшма), екіншісі Юрунқаш (ақ яшма) деп аталған. Екі өзеннің суынан, әсіресе ай сәулесі мол түсетін тұсынан, жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, тамаша тастар теріп алуға болады екен, олар ай сәулесінің сынықтары деп саналған (Шефер, 1981: 296).

Ұлы Жібек жолына қатысты басқа елдердегі сияқты Қытайда мәдени ауысулардың арасында түрлі өнер формалары ерекше рөл атқарады. Тан империясы тұсында шетелдік өнерпаздар ресми тойлар мен салтанатты қабылдауда өнер көрсетті. Чаньандағы бір көшеде ән салу өнері жетілдірілсе, ал екінші көшеде би өнеріне ерекше көңіл бөлінді. Бұл көше неше түрлі жеңіл жүрісті әйелдер мен гейшаларға толы болды. Шетелдік музыкантатар «Түріктің үш қыраты», «Куча әуені», «Брахман елінің саздары» сияқты туындыларын орындап отырды. Осының нәтижесінде біртіндеп Қытай музыкасы Орталық Азиядағы әуендермен ұқсас бола бастады. Кучаның, Қашғардың, Хотанның, Бұқара мен Самарқанның, Үнді мен Кореяның музыкалық дәстүрлері ресми бақылаумен қытай музыкасына қосылып кетті (Шефер, 1981: 80).

Бұқарадан келген масқарампаз, Самарқанның флейтада ойнаушысы, Хотанның гобоисті, Ташкенттің бишісі Аспан астындағы империяда үлкен табыстарға жетіп отырды. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулар Қытайдағы кітап басу мен кітапханалардың өрістеуіне, ғалымдар мен саяхатшылардың еңбектерінің жариялануына және жалпы ғылыми зерттеулердің кеңейуіне тікелей әсер етті. Қытайда қағаз жасау өнері қаншама жоғары деңгейде болғанымен, Тан империясы уақытында Үндіден келген паттра қағаздары, Хотаннан алынған пергаменттер үлкен

сұраныста болды. Кітапханалар негізінен буддалық пагодаларда дамыды. Жалпы алғанда Ұлы Жібек жолы ықпалын ескере отырып, Тан империясы тұсында Қытайда мәдени Ренессанс жүзеге асып жатты депайтуға толық негіз бар.

Біздің бұл тақырыпқа егжей-тегжейлі тоқтаған себебіміз – бейне бір Қытайдың шет пұшпағы болып табылатын, Орта Азияның көшпелі халықтарының аты шулы құнсыздығы туралы пасықтық пікірді жоққа шығарғымыз келді. Ал, іс жүзінде келсек, бұл халықтар өз бетімен дербес қарқындай дамыған, тек кейін Ұлы Жібек жолының тоқырауы ғана олардың өмір тіршілігін үзіп тастады. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени сұхбат мәселесін қарастырғанда Исламдық өркениеттік құрылымның негізгі факторлардың бірі болғанын есте ұстаған жөн.

Арабтар Орта Азия жерін 712 жылдан бастап жаулап алды. Осының нәтижесінде бүкіл афро-еуразиялық даланы біріктірген ортақ мәдениет қалыптасуына мүмкіндік туды. Бұл жағынан алғанда ислам діні осы елдердегі мәдениеттерді араластырып, қорытып жаңа үлгі шығаруға себепкер болды. Арабтар жаулап алған көптеген елдерде (әсіресе, Иран, Үндістан, Египет, Сирия) бұрынғы эллинистік өркениеттің рухы жоғалмап еді.

Бұрыннан Орта Азиямен тығыз байланысты Қазақстан жеріне де ислам өз әсерін тигізді. Еліміздегі көптеген түрік тайпаларының мемлекеттік бірлестіктері ислам дінін бірден қабылдамаған. Қарахандар мемлекетінде мұсылман дінін алғашқы қабылдаған қаған Сатук, ал оның баласы Мұса 955 жылы исламды Қарахандар мемлекетінің ресми діні деп жариялады. 10-ғасырда оғыздар мен қыпшақтардың да бірталай бөлігі мұсылмандыққа өтті. Жалпы алғанда, исламды қабылдау Қазақстан жеріндегі тайпалардың сол кездегі озық мәдениеттерге қосылуына мүмкіндік берді.

Мұсылмандарда сауда қашанда игі іс деп саналған және осындай жай бірден қалыптасқан жоқ. Алғашқы халифтер сауда мұсылманның ойын Алладан басқаға аударады деп, әскери ақсүйектерге саудамен айналысуға тыйым салған (Мец, 1966: 365). Марко Поло татарларда саудамен негізінен әйелдер айналысады

деген (Гумилев, 1992: 43).

Тек IX-X ғасырларда Ұлы Жібек жолының гүлденуі нәтижесінде көпес құрметті тұлғаға, мұсылмандық мәдениеттің иегеріне айналады. Осы кезден бастап мұсылмандық сауда әлемде жетекші рөлге ие болады. Әрбір көпес бір мезгілде саяхатшы болғандықтан, мәдени ауысулар да Халифатта барған сайын тереңдей берді. Олар парсыша да, грекше де, түркіше де, славянша да сөйлей алатын еді (Мец, 1966: 366).

943 жылы Канчандағы ұйғыр билеушілері Саманидтермен тығыз байланыс орналастырды. Бұл мұсылман көпестеріне Қытайға қарай жолды кеңейте түсті. Мұсылман көпестері тіпті Кореяға да орнығып алды. Осы кезеңде мұсылмандық билеушілер Ұлы Жібек жолы табысты әрекет етіп тұруы үшін көптеген жағдайлар жасады. Мысалы, Орталық Азия мен Иран шөлейтінде әрбір 12-18 шақырымда суы бар хауыздар тұрғызылды, борандар мен құм дауылдарында адасып кетпес үшін белгілер қойылды, хабарды тез жеткізу үшін от алаулары арқылы ерекше «телеграф» жүйесі орналастырылды. Түркістан мен Иранда керуен сарайлары айрықша гүлденді, солардың маңайында керуеншілерді азық-түлік қамтамасыз ететін шаруашылықтар ұйымдастырылды. Ұлы Жібек жолымен қамтылған мұсылмандық өркениет ренессанстық деңгейге көтеріле білді. Бұл мәселеге қазақстандық ғалымдар да ерекше көңіл бөлді. Белгілі ғалым А.Көбесов осы жөнінде мынадай ойларын алға тартады:

«Ғылымның қадыр-қасиетін дұрыс түсіне білген Бағдад халифалары аталы-балалы әл-Мансұр, Харун ар-Рәшид (кәдімгі «Мың бір түн» кейіпкерлерінің бірі), әл-Мамундар (VIII-IX ғ.) ғылымды дамыту мәселесіне көп көңіл бөледі. Бағдадта және басқа қалаларда астрономиялық обсерваториялар салдырылады. Харун ар-Рашид «Даналық үйі» («Бәйт әл-хикма») деп аталатын, жанында жақсы жабдықталған кітапханасы бар, арнаулы аудармашылар орталығын құрады. Кейінгі халифа әл-Мамун бұл орталыққа мемлекеттік сипат беріп, көптеген қаржы, арнайы штат бөледі, грек, сирия, үнді тілдерінде қолжазбаларды мол алдырып, оларды мұқият аудару жұмысын қызу жүргізеді. Аздаған

уақыттың ішінде Үндістан астрономдарының және Гиппократ, Платон, Аристотель, Евклид, Архимед, Менелей, Аполлоний, Птоломей сияқты грек ғылымының көрнекті өкілдерінің еңбектері араб тіліне аударылып, шұғыл зерттеле басталды. Осылай ғылым тарихында үлкен мәні болған Бағдад мектебі құрылады. Бағдадқа жан-жақтан асқан білімпаз оқымыстылар шақыртылып топтастырылады.

Біз Бағдад обсерваториясы мен «Даналық үйінің» ғылыми жұмыстарының басты ұйтқысы Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдар болғанын мақтанышпен айтамыз. Олардың ішінде әйгілі Мұхаммед әл-Хорезми (Хорезмнен шыққан), Ахмад Мәруази (Мәрыдан шыққан) және басқалар бар» (Дербісәлие, 1995: 27-28). Қ. Есімовтың «Ұлттық ойлау мәдениеті және исламдық өркениеті» атты кітабында жалпы исламдық мәдениеттің алдында бүкіл Еуропа қарыздар деген пікір айтылады (Есімов, 2001: 50).

Батысқа ислам көпірі, араб тілі арқылы өткен өркениет үлгілері жалпылама түрде «Ислам үлгісі» немесе «Шығыс өнегесі» аталып келеді. Бұл тарихи тұрғыдан мейілінше әділ. Сонымен бірге біз қазіргі зерде көкжиегімізден қарасақ осылардың арасынан өзіміздің ұлттық санамызға, ұлттық ойлауымызға етене жақын нәрселерді де көреміз. Қайта өрлеу, ренессанс деп аталған кезеңдердегі және одан кейініректерде де Батыс әдебиетінің Шығыстан үлкен импульс алғаны дәлелденген нәрселер.

Мәселен, Сервантестің шығармашылығы, жалпы Испан театры, Батыс Еуропаның ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған трубадурлар дәстүрі, белгілі дәрежеде итальян поэзиясы, соның ішінде Қайта өрлеу дәуірінің классикалық туындысы «Құдіретті комедияның» араб мәдениеті, араб фәлсафасы әсерімен дүниеге келгені бүгінде ғылыми әлем мойындаған нәрселер» (Есімов, 2001: 58).

Отандық әдебиетте мұсылман Ренессансы туралы идеялар А. Мецтің, Н.И. Конрадтың, В.М. Жирмунскийдің, В.К. Чалоянның ж.т.б. еңбектерінің негізінде қалыптасты және Ә. Қоңыратбаев пен А. Қасымжановтың зерттеулерінде арнаулы қойылды. Ә. Қоңыратбаев осы жөнінде мынадай қорытындыларға келеді: «Осы

еңбектерге қарап отырсақ, Ренессанс идеясы батысты да, шығыста да ежелгі грек философиясы мен поэзиясының әсерінен туған екен. Шығыс Ренессансы араб жерінде VIII ғасырда туып, Орта Азияда X ғасырларда айрықша өрістеген. Оның орталығы – Хорезм, Отырар, Бұхар, көрнекті өкілдері – әл-Фараби, Бируни, Ибн-Сина, әл-Хорезмилер болған. Орта Азия Ренессансы XIV – XV ғасырларда Самарқан жерінде Ұлықбек астрономиясы мен Науаи поэзиясы тұсында өзінің биік шыңына жетеді. X ғасырда туған «Шаһнама», «Мың бір түн», XII ғасырдағы Низами, Руставели жырлары да осы шығыс Ренессансының жемісі болған еді.

Ренессанс идеясын біз көбіне Аристотель оқуымен байланыстырамыз. Оның философиясы мен ғылымы ол кезде дін догмасына қарсы қойылған өрлеу бағыты болған. Бірақ араб жерінде IX – X ғасырлардың өзінде-ақ дінбасылар билігі нығайып, Бағдат халифатының басына Мұхтади, Мұттахи сияқты фанатик патшалар келеді де, жағдай тез өзгереді. Оның аяғы ғылым мен мәдениетке тиімсіз болады. Олар Құраннан басқаның бәрін дінсіздік (ересь) деп, әл-Фараби ғана емес, мұтазилла мен ардашидтердің (әл-Кинди) өзіне де жау болған. Осы негізде Иран, Араб жерінде суфизм, ассасиндер қимылы туады. Суфизм өкілдері ресми дінді, оның өкілдерін әшкерелеп, құдайды догма емес, жүрекпен, әділдікпен тану керек деген ойды жақтап шығады. Олар Мансұр Халладж бен Румиді дарға асады. 200 жылға созылған араб-иран арасындағы осы қантөгіс, инквизиция салдарынан софылар Орта Азиядағы Түркістан жеріне қарай ағылады. Мұны дәруіштер дейміз. Олар өздерін қырық шілтен атап, мола, күмбез біткенді жайлап алады. Орта Азияда 300-400 мың диуаналар пайда болып, олар ресми дінге қарсы бүліншіліктер жүргізеді. XI ғасырдан соң суфизм поэзиясының орталығы Орталық Азия болады. Олар араб-парсы тілін қоя бере, шығармаларын түркі тілінде жырлайды. Бұл ағымның XII ғасырдағы үлкен өкілі – Қожа Ахмет Иасауи және Сүлеймен Бақырғани. Бұл мәдени өрлеудің аяқталатын кезі – 1469 жыл, яғни Ұлықбектің Қожа Ахрар қолынан мерт болатын кезі делінеді» (Қоңыратбаев, 1991: 158-159).

Ғылыми әдебиетте мәдени ауысулар мен Ренессанс сияқты

өркендеуқұбылыстарын жиі ретте философтар мен ғұламалардың жетістіктерімен ғана байланыстырады. Бірақ бұл ойшылдар бос кеңістікте емес, ал нақтылы мемлекеттерде өмір сүрген. Біздің айтайын деп отырғанымыз: мәдени өркендеу үшін елбасылардың нақтылы ұстанымдары да маңызды болған. Орталық Азия тарихынан бір мысал келтірейік. Ол атақты Әмір Темірдің ұлы Шаһрухпен байланысты.

Шаһрух Әмір Темір сияқты жаһанды жаулауды емес, керісінше, өз еншісіне тиген Хорасан өлкесін гүлдендіріп, оны үлкен мәдениет ордасына айналдыруды көксеген. Оның Герат қаласында араб, парсы, шағатай, үнді, санскрит, грек, латын тілдерінде жазылған мыңдаған томдық үлкен кітапханасы болған. Сол себепті алыстан ат арытып Шын-Машын еліне бара жатқан жиһанкез немесе сөз өнерін дерт көрген уәлі ауыз дана Гератқа соқпай өтпейтін. Ол олар үшін кітап дүкендеріндегі хаттар (каллиграфтар) қалаған қолжазбасын көшіріп бере қоятын. Оны профессор А.Б. Халидов «кітапқа деген ынтығушылық – араб мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі болғандықтан, мамандардың өздері де қолдан жазылған кітап өнімінің шын мәніндегі ауқымына мән бере бермейтін», - деп қуаттайды.

Табиғаты жайлы, білімпаз зиялылар мекеніне айналған осы шаһарда, сөйтіп, Орта Азиялық талай ғұламалар күн кешкен. Соның ішінен Әлішер Науаиды (1441-1501) атасақ та жетіп жатыр» (Дербісәлиев, 1995: 68).

Егер «Мұсылман Ренессансы» ұғымына қайтып келсек, оны Адам Мец «антик грек-рим дәстүрлерін қайта жаңғырту» деп атаған. (Мец, 1966: 201). Бұл жерде мәдени ауысу бірінші орынға шығып тұр. Мәселе мұсылман және итальяндық Ренессанстардан тек ортақ белгілерді іздеуде емес, ал мәдени ауысулардың өркениеттік фактор екендігінде болып тұр. Г.Э. фон Грюнебаум мұсылман Ренессансын антикалық дәстүрдегі дүниені рационалдық түрде қабылдауды қалпына келтіру деп анықтайды: «Наиболее значительным результатом погружения в сферу древнего эллинизма был рост самокритичности в оценке мусульманских постулатов и возрастающая потребность

рационально осмыслить, выразить и согласовать между собой общепринятые религиозные истины... Именно с этим связана та трансформация в мировоззрении завоевателей, без которой классическая мусульманская цивилизация со всеми ее честолюбивыми замыслами и успехами цивилизация в науке и философии никогда не смогла бы достичь зрелости» (Грюнебаум, 1981: 45-48).

Г.Грюнебаум мұсылман мәдениетін Шығыс және Батыс дихотомиясына жатқызбай, оны Византиямен қатар антик және эллинистік дәстүрлердің жалғасы деп пайымдайды (Фролов, 1981: 7)

Осы жерде бір өркениеттік факторды ескере қажет. Ұлы Жібек жолы Қытайдан Орталық Азия арқылы жерортатеңіздік өркениеттерге бағытталғаны белгілі, ал арабтар осы соңғыларын тек жаулап алып қоймай, олардың мәдени жетістіктерін де қабылдады. Араб халифаты кезінде Жерорта теңізі аймағында Дамаск, Каир, Бағдат, Кордова, Толедо сияқты мәдени орталықтар алға шығады. Қытайдағы Тан әулеті дәуіріндегі мәдени ауысулар мен жалпы өркендеу Аббасидтер әулеті билігі кезінде халифатқа да тән болды. Бұл уақытта арабтар парсы, грек, үнді, қытайлардың мәдени жетістіктерімен танысып, оларды қабылдады. Әрине, осы процесте Ұлы Жібек жолының маңызы ерекше болды.

Халифаттың әр түкпірінде ілімдері кейін бүкіл Азияға тарап кеткен (оның көптеген қағидаларын еуропалықтар да қабылдаған), Куфада, Самарқанда, Каирде, Бұқарада, Отрарда, Баласағұнда, Фесте, Кордовада және т.б. ғылыми мектептер қалыптасты. Оларда бүкіл Ұлы Жібек жолы бойынан жинақталған ғалымдар математика мен медицинаны, география мен тарихты, философия мен грамматиканы т.т. терең зерттеп, өте маңызды жаңалықтар ашты. 755 жылы Кордова кейін Бағдатта, 972 жылы – Каирде университеттер ашылды. Алайда IX ғасырдан бастап Араб халифатында дағдарыс басталады және ол бірнеше дербес мемлекеттерге ыдырай бастайды. 1055 жылы салжұқ сұлтаны Тоғрұлбек Бағдатты жаулап алады, XIII ғасыр бұрынғы халифат аумағы крестшілер жорығы мен моңғол шапқыншылығына

ұшырайды. Бірақ осымен арабтардың мәдени ықпалы аяқталмайды. Оған әділ бағасын белгіліғалым Р.И. Грубер береді. «Многовековое воздействие арабской культуры в мировом масштабе продолжалось в течение долгого времени после падения политического господства арабов: если это последнее за малыми исключениями сошло на нет уже к XIII веку, то оплодотворяющая роль арабской культуры сказывалась вплоть до расцвета Возрождения в Западной Европе» (Грубер, 1965: 144).

Ұлы Жібек жолы бойындағы мұсылман өркениеттер сұхбатындағы мұсылман мәдениетінің төмендегідей игі әсерлерін атап өтуге болады:

- сауда-саттық байланыстарда араб көпестері мәдени құндылықтарды Жерорта теңізінен бастап, бүкіл Еуропа, Азия, Африкаға дейін таратты. Араб көпестерінің колониялары Қытай, Корея, Аннам, Мадагаскар, Балтық теңізі жағалауы сияқты аумақтарда орналасқан;

- этномәдени ауысулар тек ислам дінін таратумен шектелмей, араб тілі халықаралық қатынастар тілі деңгейіне көтерілді, сол заманда араб-парсы тілдерін білген адам өркениетті елдермен емін-еркін қарым-қатынасқа түсе алатын болды;

- аударма ісі. Бағдат пен Толедода ұйымдастырылған аудармашылар мектептері антикалық мұраны бүкіл әлемге таратуда негізгі себепші қызметін атқарды;

- сәулет өнері мен поэзияда мұсылман өркениеті ерекше жетістіктерге жетті. Иерихондағы Хирбет әл-Мафтжар сарайы, Құддыстағы әл-Ақса мешіті, Омейядтар сарайлары және т.б. әлемдік өркениеттің озық үлгілеріне жатады.

Ұлы Жібек жолы бойында араб жерінде қалыптасқан, кейін Халифаттың шет аймақтарында кең таралған суфизм ағымы өзінің терең әсерін қалдырды. Осы жөнінде Қ. Есімов мынадай дәлелдерін келтіреді: «Суфизмнің теориялық түсініктері жұртшылықтың санасында берік орнығып, суфизмнің категориялары мен категориялық оралымдары олардың «меншігіне» айналып, олар көркем туындыларға, әдеби шығармаларға трансформацияланған. Ендігі жерде суфизмдегі

осы дәреже өзінің негізгі мәнін сақтаумен бірге әдеби әдіс түрінде декөрініс беретін болған, суфизмнің көркем туындылардағы басты элементіне айналған» (Мең: 1966: 74-75).

Ортағасырлық араб-ислам софыларының түсінігіне келсек, ол – адамның Жаратушымен тұтасуы. Бұған жетудің жолы – адамды алаңдататын барлық пендешіліктен, тіршілік күйбеңдерінен бас тарту, тіптен ауқаттанса да денедегі тіршілікті сақтарлық дәрежеде ғана шектелу. Сол уақытта арнайы тәжірибелер арқасында адам Жаратушы алдына барады, өзін өзі біржол ұмытады, өледі \фана\, Жаратушымен тұтасып, тамаша халге түседі. Фөлсафадағы ақылды жан орнын мұнда жүрек (қалб) алмастырады. (Қазақтың «қалыбың түзу болсын» дегенін естеріңізге алыңыздар). Ал таным орнына елестету, қияли ой дүниесі келеді. Демек мұндағы сатылар тізбесі мынадай: жүрек (қалб) - елес дүниесі – Жаратушымен тұтасу (Мең, 1966: 74-75).

Ұлы Жібек жолы мәдениеті дәстүрін жалғастырып, Қазақстан территориясында ғасырлар бойы әр түрлі этностар, діндер, мәдениеттер бейбіт, келісімді өмір сүріп келгені, Қазақстанның діндер тоғысатын қасиетті нүктеге айналғаны тіпті де кездейсоқтық емес. Геосаяси жағынан алғанда, еуразиялық кеңістік, Шығыс пен Батыстың арасы түркілік, мұсылмандық және славяндық, еуропалық мәдениеттердің тоғысқан жері. Қазақстан тәуелсіздігін алғалы ең үлкен, ең маңызды оқиғалардың бірі - Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі болған еді. Ол 2003 жылы 23-25 қыркүйекте Астанада өткізілді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі оны ұйымдастырды. Қазақстандағы съезд туралы «өзгесін айтпағанда әр түрлі көзқарастағы дін өкілдерінің бас қосуының өзі ғана оның үлкен жетістігі екені талас туғызбайды». Діннің атымен қантөгіс жасайтын лаңкестік бір бөлек екен де, нағыз діннің ақ жолы, зиялы уағызы екінші бөлек екен. Съезге қатысушы дін иелері осы бір ақиқатты растап, шүбәсіз мойындады.

Қазақстандағы діни төзімділік пен сұхбаттың ежелден келе жатқан дәстүрі бар. Осы сипатта VI-IX ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойындағы түркі халықтарындағы діни еркіндік пен тоғысудың маңыздылығын атап өткен жөн. Тарихи жадыға тиесілі

адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихының басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Қаншама рет діннің ақыры келді деген сөз айтылса да, ол қазірдің өзінде әлемдік өмірдің негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылады. Діннің халықтар өміріндегі алатын орынының үлкендігі соншалықты, діндердің негізін түсінбей жатып, сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дін адамдардың бірлестігін және ұйымды қалыптастырушы идеологиялық механизм. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады.

Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы деп анықтауға болады. Бұрынғы кезеңдерде әлем халықтары қазіргідей емес бір- бірінен көп алыс, томаға тұйық өмір сүрді десе де болады. Сондықтан олардың ұстанатын діндері де өзіндік сипатқа ие болды. Тұңғыш болып өзі туған ортасынан шығып, басқа елдерде қоныс тапқан буддизм еді. Одан кейін христиан діні де алдығының жолын қуды. Үшінші дүниежүзілік дін – ислам өзі дүниеге келген жерде тұрақтанып қалғанымен де, басқа елдердің рухани аясына еніп те үлгірді. Діндердің таралуы халықтар мәдениетінің қоян-қолтық араласуына бірден бір себепкер болды.

Сөз жоқ, біздің баршамыз әртүрліміз. Түр өзгешелігі сұхбаттың алғышарты екендігі де рас. Мәдени әлеуметтік көптүрлілік жағдайында гуманизм – адамның жеке тұлғасының шартсыз құндылық екендігін мойындау әлемдегі бірлесе тіршілік етудің жалғыз дұрыс жолы болып табылады.

Мәдениет өзінің көптүрлілігімен және мүмкіншілік молшылығымен құнды. Бүгінгі таңда әлемде көптеген діни бірлестіктер, конфессиялар және одан да мол тілдер, ұлттық мәдениеттер кездеседі. Қазіргі күні дін қандай жолмен дамиды, діннің мәдениеттің басқа салаларымен ара байланысы қай түрде жүргізіледі деген сұрақтарға біржақты жауап табу қиын. Ең бастысы, қай елде болмасын, қай мәдениетте болмасын ар-ождан

еріктілігі қамтамасыз етіліп, басқа дінді ұстанушыларға төзімділік танытылса және де діндер «жабулы қазан» күйде қалмай, бір-бірімен тепе-тең сыйластық рухындағы сұхбатқа түссе болғаны.

Батыс пен Шығыстың қосарлы ықпал аймағында орналасқан Қазақстан үшін мәдениеттер мен діндер сұхбаты идеясының берері мол. Сұхбат ықпалы аймағында орналасқан Қазақстанның елі үшін сұхбаттылық, адамдар арасындағы сыйластық өмір салты болып кететін. Олар үшін құқықтықта, қара күш те адамдар бірлестігінің негізі бола алмайды. Олардан биік тұрған құндылықтар – сұхбаты қалыптастырушы сүйіспеншілік, төзімділік, мәміле- келісім болып табылады. Аталған құндылықтар кереғарлықты болдырмай, әлемде бейбітшілікті қалыптастыру үшін барын салады. Сондықтан болар әлеми діндердің барлығы дерлік жаңағы құндылықтардың өмірде терең тамыр алуы үшін қолдан келгенін аямады. Әлем бұдан былайғы жерде діндер, мәдениеттердің ортақ тоғысу нүктесін айқындамай, олардың сұхбаттық болмысын тәнті болмай жалпы адамзаттық дұрыс түсінуі әлде қалай. Тарихи-мәдени феноменнің орталық нүктесінде нақты жеке тұлға орналасқан, өйткені тек сол ғана адамзат мәдениетінің субъектісі болуға жаралған. Адамның жеке басының құндылығы оның белсенді сұхбаттылық болмысынан туындайды. Тек сұхбат жолында ғана адамның рухани өсуі, тарихтың, өмірдің мәнін түсінуі айқындалады.

Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі еуразиялық көшпелілердің төлтума дүниетанымдық діни жүйесі тәңіршілдік мәдени сұхбат пен синтезге ашық болды деген ұстынды қолдайды. Бұл Ұлы Жібек жолы мәдениетінің бір сабағына жатады және ол ежелгі түркілер діндерінен бастау алады. Түріктердің ең үлкен құдайы Тәңірі – Көк, аспан құдайы болды. Күн мен ай, жұлдыздар да сол Көк тәңірінің ең жақын көмекшілері, жер құдайы, табиғат, жаратылыс иесі – Алтай, Йер-суб болады деп, оған да құрмет көрсетілді. Жыл сайын 5 айдың орта шенінде ру-ұлыс адамдары жиылып аспан рухтарының құрметіне құрбан шалып, жалынып, жалбарынды. Ертеде Саян тауын мекендеген угралардың туысы нысандарда да күнге табыну бертінге дейін сақталған. Олардың

түсінігінше, көк аспан ең үлкен құдай, күн қызметшісі, күн сәулесі – сансыз жіп, әлемдегі өсімдіктерді қоректендіріп, оны аспан құдайымен байланыстырып тұрады-мыс. Ертедегі түркілердің Көк тәңірі, күн туралы ұғым- нанымдарды басқа да халықтардың нанымдарына ұқсас болған, осы да Ұлы Жібек жолы мәдениетінде өз жалғасын табады.

Сақтар мен савроматтардағы отқа табыну ғұрпы о баста күнге табынудан шыққан. Күн мен от зұлым, қас күштерден қорғап, тазартады деген ұғыммен молаларды өртеп тазарту әдеті савромат, сақ зираттарынан көп кездеседі. Ғұндармен үйсіндер, сақтар қабірлерінен жиі шығатын қызыл бояу сол қасиетті күн мен оттың символы болған. Тотемдік және магиялық ескі түсініктер тұмарлар асудантас моншақтар қадау, киімге құс қауырсындарын тігіп алудан, ұлу, жылан бас сүйектерін тағудан байқалған.

Дж. Фрезердің «Алтын бұтағында» мына нәрсе айтылады: «Шығыс Үрім империясының императоры II Юстин түріктермен мәмлеге келу үшін жіберген елшілігін келісілген жерде шамандар қарсы алды. Елшілердің арам ойын аластау үшін тазалау ырымы істелді. Ашық жерге елшілердің тауарларын үйіп қойып, бақсылар айнала зікір салды, қоңыраулатып зікір салды, ақыры талықсып құлап түсті. Одан соң елшілер лаулап жанған оттың ортасымен жүріп, тазаруырымынан өтті». Тарихшылар мен этнологтар үшін түріктердің ежелгі аластау ырымдары магия дәстүрлерінің маңызды қоғамдық құбылысы болды (Орынбеков, 1996: 162)

Скифтердің де, ғұндардың да өмір салтында жауынгерлік асқақ рух күшті дәріптелген. Сондықтан да толып жатқан наным-сенімдер сақ-ғұн қоғамының тірегі – жауынгерлердің соғыс қабілетін, соғыстағы жеңіске деген сенімін нығайтуға қызмет еткен. Мұны Геродот жазатын скиф жауынгерлерінің әдеттегі тұрмысынан көруге болады. Геродот: скиф заңы бойынша жауынгер өлтірген жауынының басын патшаға әкеліп сыйлық алады. Одан кейін жауынының бас терісін сыпырып иелейді де, бет орамал жасайды, - деп жазады. Өлген адамның қол терілерімен қорамсақты қаптайды. Ал үлкен дененің терісін кеспей-бүлдірмей етінен ажыратып, керіге салып, созады да, илеуін

қандырып, әбден уқалап жұмсартқан соң, ат кежім (жабу), жасайды. Өте бір даңқты адамның бас сүйегі болса, оны миынан тазартып, алтынмен аптап шарап ішетін тостаған дайындайды. Мұндай бас сүйектен жасалған тостағандармен өте қадірлі қонақтар ғана шарап іше алатын болған. Және қонағына кімнің бас сүйегі екенін, қандай жағдайда қаза тапқанын әңгімелеп отыру үй иесінің меймандостық пейілін танытқан. Бұл жазба естелікті оқи отыра, б.з.б. 176 жылы юечжилер Лашын шаньюйді шауып, олардың көсемі Қадалының бас сүйегінен шарап ішетін тостаған жасатқаны еске түседі. Біреуі Азия қырлығының түкпірінде, біреуі Еуропаның төрінде жатқан ғұн-скиф ордаларының әдет-салты, жауынгерлік дәстүрлерінің өте ұқсастығы таң қалдырады. Әрине бұл тегін ұқсастық емес. Мұнда әріден үзілмей келе жатқан терең байланыс бар деп атауға болады.

Ғұндар да, скифтер де өздерінің атамзаманның қалыптасқан көне заң-жоралғылары мен дәстүрлерін қадірлеп, берік сақтаған. Мұны мына оқиғалардан көруге болады. Скиф патшасы Спаргапфтің (Спарғаби) шөбересі, Ликтің (Лик) немересі, Гмурдың баласы Анахарис ханзада Эллин (Греция) елінде тәрбиеленіп, өз елінің әдет-салтынан мүлде безінеді. Мұның есесіне грек құдайларының құт-бейнелеріне құлшылық жасайды. Анахаристің Эллин дінін ұстанып жүргенін сезген бауыры Иданфирс (Атанберіс) оны өз қолымен өлтіреді. Ариапиф (Арияби) патшаның эллин қызы әйелінен туған ұлы Скил (Ескел) де эллин әдет-салтын қабылдайды. Бірақ, бұл қылмысы білініп қалады да, Фракияға қашып кетеді. Скифтердің сол кездегі патшасы Октамасад (Оқтымасат) Фракияның патшасы Ситалктен оны (Скилді) қайтарып алып, басын шапқызады. Міне бұдан скифтердің көшпелі өмір дәстүрлеріне адал болғаны, әрі оны барынша берік ұстағаны көрінеді. Олардың ұғымынша, ата-баба дәстүр-салтынан безу – ең ауыр қылмыс – опасыздық, сатқындық деп танылып, ондай адам кім болса да, шыққан тегіне қарамастан өлім жазасына бұйырылып отырған (Хасенов, 1988: 43).

Табиғат заттарына табыну Жібек жолындағы мәдени ауысулар арқылы да жандана түсті. Орталық Азияда ізгі ниетті

адамдар мен ата-баба еңбегін мәңгі есте қалдыру үшін әдет-ғұрыптық сауыттар, қасиетті қару-жарақ жасалған. Осынау фетиштер жақсылық пен бақыттың, ақыл мен әділдіктің, құдіретті әуен мен тазалықтың белгісі деп есептеледі. Осындай фетиштердің арасында нефриттен жасалған бұйымдар рәміздік сипатқа ие болған. Мысалы, К. Байпақов пен А. Нұржанов көрсеткендей, Қытайда нефрит патшаға тән асыл тастар қатарына жатқызылып, оны иелену құқы әмірші сарайындағыларға ғана берілді. Батыс Хань әулетінен шыққан әйел кебін киімдері тұтас нефриттен жасалған жапсырмалармен көмкерілген. 1968 жылы ашылған бұл қабір Қытай археологтарының тамаша жетістіктерінің бірі болып табылады. Зерттеушілер бұл тарихты жаңа деректермен көркемдей түседі. Атап айтқанда, ол түріктердің бұл тасты былайша пайдаланғанын жазады: Жауын қажет болған кезде бұл тастарды бір-біріне ысқылаған, ал кейбір түркілер бұл тасты тәңірге теңеп, түркі тілінде одан жауын мен қар сұрап жалбарынатын болған (Байпақов & Нұржанов, 1992: 198).

Түркі тайпаларының тағы бір құрмет көрсететін кереметі ата-бабалар әруағыз және бұл бүкіл Жібек жолы бойына тән еді. Олар өздерінің арғы тектері мекендеді-міс деп аңыз етісетін Алтайдағы ерекше үңгірге барып, ата-бабалар әруағына құрбандық шалып отырды. Осындағы биік тазтаудың шыңын Ғодынли – елді қорғаушы ие деп атады, оған да сыйынып құлшылық етті. Ең алдымен Жужанға (ауарға) бағынған Ашина әулеті Жібек жолы бойына қалай тап болып еді деген сауалға тағы да орта ғасырлар аңызы жауап береді. 93 жылы ғұндар Алтай, Тарбағатайдан асып батысқа көшкенде, ғұн шаньюйінің біреуі Көк тәңірі құрметіне өзінің сұлу қызын қалдырып кетеді. Алтайдың күз-қиялы шатқалында жалғыз қалдырып кетеді. Алтайдың сол шатқалында жатқан, жалғыз күн кешкен қызды көк бөрі айналдырады. Сол бөріден қыз ұл табады. Бұл ұл күллі телес тайпасының, сол қатарда түріктердің де арғы атасы болып саналады-мыс. Көшпелі тайпалар арасында өздерін осындай тотемнен тарату, содан жаралдық-мыс деп аңызға айналдыру, ең көне онғұн (тотем) тұту сенімін көрсетеді. Қытай әулиеті

жылнамаларының кейбіреуі түркілердің ғұндардың Со (Сорхы) деген атақты руының ұрпағы еді дегенді құптайды. Мұны сары ұйғырлардың көне тайпасы Соқалық, Саоқозымен, хақас тайпалары – ақ сохы, көк сохы, қара-сохы мен қазақтың қара софы, ақ софы, сары софы, төнбіс софы рулары атымен салыстыруға болатын тәрізді. Тіпті «Түрікмен шежіресінде» келтірілетін көне түркі тайпасы Сорқы болуы да мүмкін. Бұл этникалық атамалардың түбінде сохы, софы, сор атанған сенім иесі деуге болады. Бұған Ибн-Ірбіс (Ілбіс), Юйгу-Үкі-Көкек хан, Боли-Бөрі хан аттарының о бастағы онғұндарды пір тұтудан, соның жебеп-желеуіне үміт артудан қойылған есімдер екені белгілі. «Тарихтағы Юкук хан - Ташкент көгалынан Енисейге дейінгі байтақ өлкені билеген айбынды әмірші Ілбіс Дулу хан атағымен таққа отырған Көкек хан Қытайға қарсы күштерді біріктіруші, аса дарынды басшы болды. Ол терістіктегі қырғыз, яғма-найман, қарлұқ, басмылдардың, түстіктегі дулат, түркеш, нушиби, күңгір тайпаларының тоғысатын жеріне – Тәңірі тауының (Тянь-Шаньнің) терістік салмауына Бешбалық қаласын салдырып, түркілердің саяси-экономикалық кіндігі етпек болады. 653 жылы дүние салған Көкек ханның әдебиеттегі бейнесі «Манас» жырының «Көкетай ханның асы» деген бөлімінде аса жарқын көрсетілген. Жырда түркештердің ел ағасы, айбынды қолбасшысы Баға тархан – Көкетай ханның ұлы биі – Байдыңұлы Бақай аға болып бейнеленеді. Баға тархан 740 жылы Құлан қаласы түбінде болған шайқаста Шығыстан келген жаулаушы әскерді ойсырата жеңген адам.

Жоғарыда сөз болғанындай, тарихта едәуір ізі қалдырған Ілбіс Дулу хан кезінде өзін Көкек аттандырып, соны айбар тұтса, мұндай жануарлар атымен дақпырттау әдеті кейінгі билеушілер санатынан да түспеген. Айталық, Қарахан әулеттері: арыслан, боғыра; салжұқ-түрікмендер: шағрыл, шанжіл, байгү; найман ханзадалары: бұқа, тайбұқа, бұғы; керей бекзадалары: тоғрыл, қарақұш, т.б. қосалқы аттарын мақтан тұтып жүрген. Бұлай атап, дақпырттау ақсүйектердің асыл тектілігін де білдірген. Жабайы аңдар мен құсқа табыну сенім-нанымы түркі халықтарында тіпті әріден – ғұн, скифтер дәуірінен басталса керек.

Ұлы Жібек жолы бойындағы діни ауысуларды және олардың жергілікті діндермен байланысын Л. Гумилев жете қарастырады. Платано Карпини татарлардың сиқыршылар арқылы командар (түріктер) Кам деп атайтын Итога құдайына өтініштерін айтқыздыратынын хабарлайды. Банзаровтың әбден әділетті болжамы бойынша Итога – монғолдардың Этугені екендігі сөзсіз, ал кам – шаман. Платано Карпиниге жүгінсек, монғолдар бұл тәңіріден қорыққан, сөйтіп оған тасаттық беріп отырған. Этуген үшін «обо» салынған (асуларға тастар үю), және де ерте кездері сол обалардың үстінде қанды құрбан шалу рәсімдері өткізілген.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардың нәтижесінде монғолдардың табынатын қос құдайы болғандығы жөнінде Марко Поло мынадай куәлік келтіреді: «Олар жоғарғы аспандық құдай бар дейді; әр күн сайын олар сол құдайына түгін түтетіп, одан қайырымды түсінушілік пен аман- есендік сұрайды. Олардың тағы бір, өздері Нагитай деп атайтын құдайы да бар, олар оны өздерінің жердегі құдайы есептейді, ол өздерінің ұлдарын және малдары мен ырзығын аман сақтайды деп сенеді». Басқа бір жерінде сол Марко Поло былай деп хабарлайды: «Әрбір адамның үйінде үй қабырғасының жоғарғы жағынан тақтайша қағылып, ондағы Жоғарғы мәртебелі Аспан Құдайын білдіретін есім жазылып қойылған. Оған жарамсақтана жалбарынып, қошемет көрсете табынады, қолдарын аспанған көтеріп, сол Құдайы өздеріне жақсы ақыл мен мықты денсаулық беруі үшін жүгіне тәжім етеді және одан басқа еш нәрсе де сұрамайды. Төменде еден үстінде Натигай деп аталатынбейне тұрады. Ол бүкіл жер бетінде туындап жататын жер мүлкінің құдайы. Оған әйелін, балаларын табындырады. Одан ауа-райының жақсы болуын, жер жемістерінің, ұлдарының және тағы басқаларының көп болуын сұрайды» (Поло, 1968: 126).

Сонымен Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени үрдістер бір-бірінен алыс жатқан Иран мен Моңғолияны да байланыстырды. Мөңке-хан жариялаған монотеизм (бір құдайға сенушілік) принципін «Құпия шежіре» мен Марко Полода жазылған дуализм (дүниенің негізгі рухтан және материалдан басталады деген

философиялық ұғым) принципімен қалай бітістіре аларсың. Мұндай шешуге болмайтын былық бар сияқты. Бірақ біз егер «Қай Құдайға иланасың?» деген негізгі сұрақты қайтадан қойсақ, онда күтпеген жауап аламыз: монғолдар Хормуста деп аталатын Құдайға сенген (Гумилев, 1992: 303)

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның кейбір тайпалары Ұлы Жібек жолы бойында түркілердің тәңірлік дінінен өзге, зороастризм дінін де ұстанған. Оны зороастр, кейде маздеизм деп те атады. К. Байпақовтың пікірінше, орта ғасыр дәуірінде көптеген діндерді тарату міндетін негізінен соғдылық діни уағызшылар атқарды. Ол ертеде Иран жерінде шықты, негізінен Зәрдешт деген кісі салған деп аңыз етіседі. Зороастр дінінің негізі «Зенда», «Уста» деген екі кітаптан тұрған, отты құдай деп таныған, итті қадірлеуді уағыздаған. «Шахнамада» келістіре жырлануынша, Иранның Көштасып деген шахы парсыларға бұл дінді қабылдаттырады. «Қойнынан жанып тұрған алып шоқты, Шақырды Көштасып пен барлық бекті. Осы екен құдайларын алдым тауып, Күтіндер сарай салып, үстін жауып. Жазы-қысы, жылап-еніреп жарылқа деп, Сәжде етіп сыйыныңдар ауық-ауық!», - деп пайғамбар Зәрдешт бұйырған соң, алтын сарай салғызып, бүкіл жұрт отқа табынуды әдетке айналдырады. Бұл дінді ұстанушылар өлген кісінің етін сүйегінен сылып алып, қаңқа сүйектерін оссуария деп аталатын қақпақты қыш ыдысқа салып жерлейтін болған. Оссуария немесе, астодандтар қақпағы бар тік бұрышты астау формасында, кейді киіз үй тәрізді болған. Сырты аламыш оюмен өрнектелген. Зороастризм дінінің шыққан жері Б. Ғапуров, пен К.В. Тревердің, В.В. Струве мен С.П. Толстовтың және А. Рапопорттардың болжауынша - ертедегі Хорезм. Оның сүйекті қастерлеу дәстүрі қазақ тайпаларында соңғыкезге дейін сақталған. Қазақтарда бұл салт, түрік саяхатшысы (XVII ғ.) Сейфи Челебидің хабарлауына қарағанда, «аманат» түрінде жерлеуден көрінген. Мұны Георги өзінің 1776 жылы шыққан «Россия империясын мекендеген халықтар туралы» еңбегінде «жаз айларында... өлген адамдарын «киелі» жеріне алып бара алмайтындықтан... сол жерге көмеді де кейін ордалы жерлерге апарып жерлейді», - деп жазды. Мұнда еті

ағып кеткен шамада көрді ашып, сүйегін киізге орап, терімен қаптап ата қорымына жерлеген. Мұндай әулие жерлерді түркі тайпалары «түпкі жер», «мекен жер» атаған. Мұның бәрі жер бетін «таза ұстауды, адам сүйегін қастерлеу салтын негіз етеді».

К. Байпақовтың деректері бойынша, Қазақстанның орта ғасырлық қалаларының бірқатар тұрғындары ежелгі Иран жерінде біздің дәуірімізге дейінгі VIII- IX ғасырларда өмірге келген тағы бір дүниежүзілік діннің зороастризмнің өкілдері болғаны хақ. Бұл діннің іс жүзіндегі салт-дәстүрі сипатына тән нәрселер – Әлемнің төрт элементін – суды, отты, жерді, ауаны қастерлеу. Зороастризмнің бұл элементтерін Орта Азиядан, Соғдыдан, Сырдария қалаларынан және Жетісудан аңғаруға болады. Оттың шалқи, сүйірлене көтерілген жалыны тәрізді сүйір күмбезді мұнара құрылыстарының қалдықтары осына еске салады. Олар ескі Қостөбе және Қызылөзен (Красная речка) қалаларының жұртында сақталған. Дегенмен Орта Азия мен Қазақстанда зороастризмнің каноникалық түріне ұқсамайтын, айрықша бір түрі ғана кең таралды. Оның өзі жергілікті пұтқа табынушылықпен, оның ішінде отқа, ру, ата-баба әруағына, тіпті қой, жылқы, түйе тәрізді жануарларға табынушылықтармен тығыз астаса сіңісіп кетті. Зороастр діні Қазақстан қалаларына IX-XII ғасырларда соғдылар арқылы енді, алайда оның элементтері Оңтүстік Қазақстанда бұдан көп бұрын сақ- массагет тайпалары кезінде-ақ қалыптаса бастаған болатын.

Бұл дінге байланысты ескерткіш деректер осыарлық жерлеу түрінде – сүйектер салынатын саз жәшіктер, хумдық жерлеу түрінде, жерден қазылған сағана-лахаттарға өліктің қойылуы, өлік сүйіктерін жинап жерлеу түрінде кездеседі.

Монғол және иран құдайлары аттарының ұқсастығына өз назарын Л. Гумилев бұрынның-ақ аударған болатын. Шмид бұл ұқсастықты кездейсоқтық емес деп мойындайды. Ратцель де оған өз назарын аударады. «Хормуста» деген атау кеңінен мәлім. Шыңғысханның таққа отырғызылуын суреттегенде оны Күйік те қолданады. Ол атау Голустинский мен Ковалевскийдің сөздіктеріне де енгізілген, Банзаров пен Блоше де еске алады.

Доржи Банзаров Хормуста мен Аспанның – бір ғана мағына беретініне шек келтірмейді. Шыңғысханды бірде Аспанның ұлы, бірде Хориустаның ұлы, енді бірде қытайша Тянь-цзы деп атаған. Санскрит және тибет кітаптарын монғол тіліне аударып, буддашылыр Индраны Хормуста деп атап кеткен, мұның өзі осы атаудың Монғолияда будда насихаты басталған кезде түпкілікті орын алғандығына назар аудартады.

Осының бәрін тек Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени үрдістермен түсіндіруге болады. Егер «Хормуста» атауы Монғолияға Парсыдан емес, ал Үндістаннан, буддизммен бірге енгізілген болса, онда бұл есім үнді-иран аңызнамасы бойынша Варунаға сайма-сай болар еді. Л. Гумилев бойынша, бұл арада тіпті Банзаров та ақиқаттыққа көніп, «қара сенімнің» байырғылығы жөніндегі өз мәлімдемесіне қарамастан: «Монғолдардың шамандығымен жете танысқан кезде, одан Зороастр ілімімен көп ұқсастық табылуы да мүмкін», - деген ескерту жасайды. Ал егер бұл тіпті аздап осылай болса, онда бәрінен бұрын Мәңгілік Аспан Тәңірісі өзгешеліксіз әлемдік жөн-жосық делінетін түсіндірме жоққа шығарылады. Ол бұған дейін де деректерге қарама- қайшы келетін, ал қазір онымен мүлде санаспауға да болады.

Бұдан кейін Л. Гумилев күн мен айға табынушылыққа түсіндірме береді. Бұрхан тауында Темужин бетін күнге қарата табынған. Бірақ Веселовский осы пікірге қарсы сөз таластырып, бұл арада мәселе күнде емес, ал монғолдар діни рәсімдерін жүзеге асырған кезде беттерін солай қаратады-мыс делінетін оңтүстік жақта болып отыр деп есептейді. Бұған дәлел ретінде ол 1210 жылғы «Юань-шиден» алынған деректі келтіреді: «Шығыс Қытайда Юн-цзидің таққа отырғанын біліп: «Ол кем ақыл патшалық құра алмайды», - деді, сөйтіп оңтүстік жаққа (яғни, Қытай жаққа) қарай түкірді». Мен мұнан діни рәсімді көріп тұрғаным жоқ, сондықтан күн жаққа қарап табынуға айтылған қарсы пікір жоққа шығарылады. Бірақ, шын мәнісінде, күнге табынушылық айқын емес және де егер күнге табыну жеке дін емес, ал діннің бір бөлшегі деп шамаласақ, ол еш нәрсемен үйлеспейді. Күн – ежелгі Митра (христиан дініндегі ең жоғары

дәрежедегі адамның бас киімі) – Мәңгілік Аспанның – Хормустаның ипостасы (христиандық троицаның біреуін белгілейтін шіркеулік термин)болды, сондықтан болған сияқты көрінетін қарама-қайшылықтар жоққа шығарылады. Айға келетін болсақ, монғолдарда ол діни объектілер санатында аталмаған. Мен оны білімді, бірақ онша байқампаз емес шетелдіктер монғолдардың құдайшылық дініне жайдан-жай ғана, күнмен бірге жүрсін дегендей қоса салған-ау деп ойлаймын. Бірақ мұндағы Ариман қайда?» (Гумилев, 1992: 297)

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардан келген ирандықтан емес, ал Жер мен Аспан бір жаратылыс басының бір-бірімен күреспейтін, қайта бір-біріне көмектесетін екі жағы ретінде қабылданатын ежелгі түріктік халық діні әлдеқайда жақын тәрізді. «Бұл концепция ерте замандарға, біздің жыл санауымыздың бастапқы кезіне, яғни сяньбийлік мәдени өзгерістерге барып тіреледі. Алайда, мыңдаған жылдар аралығында шет жерлік идеялар болмайқалмайтын өзгерістерге ұшырап, барған жерлеріне сіңіріліп кетті. Бірақ VIII – IX ғасырларда Монғолияға манихейлер арқылы өткен ирандық ықпал, сірә, олар ирандық терминологияны меңгергенімен де, монғолдар ата-бабаларының көзқарастары мәніне әсер ете қоймаған сияқты. Олар жаманшылықтан басталғандықты әлемдік жөн-жосықтың – Ариманның жартысы деп емес, ал соның табиғилықтан тыс бұзылуы – жалғандық, сатқындық деп түсінді. Бұдан, әрине, монғолдардың өздері мейлінше шыншыл болған екен деген тумаса керек. Кім күнәсыз дерсіз! Бірақ этикалық категория ретінде сатқындықты айыптау – моральдық шарт қой» (Гумилев, 1992: 308-309) Алтай, Гоби, Жетісу тайпаларының ішінде бұлармен бірге, христиан дінін ұстаушылар да болды. Рашид-ад-Диннің хабарлауына қарағанда, Алтай, Гобидегі, найман-керейлер ежелгі дәуірлерде саудагер, миссионерлер арқылы несториан дінін қабылдап, Хайастан, Сырдария дін басыларымен хат жазысып тұрған. Көшпелі тайпалардың Гобидегі орталығы Хара-хото қаласын қазғанда несториан үлгісімен салынған ғибадатхана, мұнаралар, оймышталып, өріліп шыққан діңгектер, суретті

қабырғалар табылды. Мұнда несториан дінін ұстаған найман, керей, үңгіт, ұйғыр, таңғұттар тұрған. Қала жұртынан икон (тарса) жазулары шықты. Наймандардың түстік Алтайдағы ірі қалалары – Ақбалық, Шамбалық, Наймансүмбе, Жоңғар тауы етегіндегі Тарсакент, Қаялықтар да несториан орталықтары болған. Дала тайпаларындағы христиандықты Орхон, Енисей бойындағы құлпытастарда сақталған крест–ашамай таңбалары да дәлелдей түсті. Осындағы Уюк – Орхон ескерткіштерінде «марымыз, шадымыз» деп жазылған. Мұндағы «мар – несториан дінін үйрететін ұстаз, шад – ел билеуші, ұлығ» (Малов, 1951: 343).

Ерте орта ғасырларда Тоба (Арыслан) хан сияқты әміршілер Жетісуға будда дінін тарату мақсатында пәрменді шаралар қолданған. Ол 572 жылы будданы ресми қабылдап, ғибадатханалар салдырған және діни кітаптар алдырған. Будда ұйғыр, түркеш, арғұн тайпалары арасында тарайды. Будданың дүниеде азап шегу мен одан құтылу жолдарын көрсету идеясы қарапайым бұқара ойынан орын тепкен. Сондықтан түркі хандарының бұл дінді қолдап-қуаттауына қарамастан, халық будда уағыздарын әділеттік пен еркіндікке жетудің бірден-бір жолы деп түсінді. Шын мәнінде ол (Будда) адамның күнделікті өмірінде оған үстемдік ететін сыртқы күштердің адамның басындағы фантастикалық бейнесі еді. Бірақ соған қарамай, ерте дүние адамдары будда «ілімін» өздерінше оқып, оған құлшылық етіп келген. Мұнда әсіресе, будда дінінің ұйғыр тайпасы арасына кеңінен мәлім болғаны Х ғасырда жазылған будда кітабы «Алтун йарұқтың» ұйғыр тіліне аударылып таралуынан көрінеді. Тараздың ескі жұртынан, Іле өзені бойындағы Қапшағай шатқалынан Будданың суреттерінің табылуы да Жетісу ру-ұлыстары арасында оның едәуір тараған дін болғаны туралы дерек береді.

Ұлы Жібек жолы бойына будда діні Қытай мен Үндіден Орталық Азия арқылы енген. Бұл діни ағымның тарауы туралы К. Байпақов пен А. Нұржанов мынадай деректер келтіреді: «Шығыс Түркістан мен Қытайда будда дінінің таралуында орталық азиялық діни хадисшылар мен дін уағыздаушылары, әсіресе соғдылар мен парфияндар, қаңлылар маңызды рөл атқарды. Шамасы Шығыстағы

Кушан мемлекетінің саяси мақсаттары әсер еткен болуы керек, будда діні біздің дәуіріміздің II-III ғасырларында өте белсенді түрде таралды. Ерте орта ғасыр дәуірінде будда дінін тарату міндетін негізінен соғдылық діни уағызшылар атқарды. Будда дінінің Орта Азияға таралуында да, тұтастай алғанда: осы соғдылықтар маңызды жұмыстар жүргізді. «Бодисатва» сөзі орта парсы, ұйғыр, қытай тілдеріне соғды тілінен енді. Шығыс Түркістанның будда дініндегі түркі сөз тіркестеріндегі терминдерге талдау жасап көргенде, олардың соғдылардың аралық дәнекерлігі арқылы алыс-берістен туған сөздер екені көрінеді. Жапонның Нара астанасындағы будда шіркеуі Кареджиден соғда жазуы табылған. Будда ескерткіштері Жібек жолының Орта Азияны қиып өтетін күретауырыларында тұрған қалалардың көпшілігінен табылған. Қаратөбедегі Термезден I-III ғасырларда салынған будда сопыханасы (монастырь) көп жылдан бері қазылып жатыр. Соғдының Санзар алқабында жеке басқа (дінге) табыну ғимараты болған. Мервтегі ескі қираған Гуяр-қаладан да будда ескерткіштері ашылды. Будда мавзолейі төбесі тегіс жабылған. Оның шығыс жағындағы қақпа бетіне тұрғын және шаруашылық жайлары орналасқан. Олардың құрамында төрт бұрышты жобамен салынған шағын шіркеу бар. Дәліздің ұзына бойы қабырғасына орнатылған тас-табандар мен суфаларға монументті мүсін салынған. Ғимаратқа кіре-берістің екі жағында қосқатар баспалдақты тұғыр-тастар болғанға, ал олардың үстінде аяғын еденге түсіріп жіберіп отырған Будда мүсіндері болғанға ұқсайды. Ғибадатхананың еденінен Будданың суреті бейнеленген, алтын жалатқан икон жапсырмасы табылды» (Байпақов & Нұржанов, 1992: 30-31).

Сириялықтардың көпғасырлық экономикалық байланыстары олардың Араб түбегіне де, Үндіге де, Иран мен түркі тілдеріне сирия тілінің белгілі бір дәрежеде әсері болған. Орта Азияға да өзінің мәдени ықпалын ол тигізбей қоймайды. Христиан дінінің метрополиидегі және отарлардағы сияқты соғдыларға да таралуы соғдылардың Сирия жазуымен танысуына мүмкіндік берді. Сирия жазуы соғды-христиандар арқылы ұйғырлардың

қабылдауымен ежелгі түркі тайпаларына да таралды: «...сириялықтар дүниежүзілік ғылым мен мәдениетке аса зор үлес қосты. Олар Шығысты антикалық ең ежелгі заманнан бастау алған дүниежүзілік мәдениеттің даму сатысына көтерді».

VI-IX ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда манихейлік қауымдар болған. «Он жебе елінде», яғни Батыс түрік қағандығында, «діни сенімді ояту үшін» жазылған «Қос негіздің қасиетті кітабы» атты манихейлік шығармада (VIII ғасыр) «Арғу-Талас алтын шаһары» және Жетісудың манихейлік монастырлері бар тағы да төрт қаласы аталады.

Ұлы Жібек жолы бойында манихей дінін таратуда, К. Байпақов пен А. Нұржанов атап өткендей, Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде, ең алдымен, отырықшы жұртшылық арасында өзінің жолын қуушыларды тапты. Тұрфан алқабынан табылған «Қасиетті екі негіз кітабы» атты манихей шығармасының ежелгі ұйғырша қолжазбасында бұл кітаптың «он оқ елінің (діни) сенімін ояту үшін», «Арғу-Талас (Алтын-Арғу Талас ұлысында) қаласында жазылғаны жөнінде айтылады. Бұл жерде әйгілі Тараз қаласы сөз болып отыр. Сондай-ақ, манихей тұрғындары Жетісудың басқа да бірқатар қалаларында – Баласағұнда, Шігілбалықта тұрғаны мәлім (Байпақов & Нұржанов, 1992: 31).

Ұлы Жібек жолы бойында көпестерден басқа неше түрлі діни уағызшылар да жүріп жатқан. Олардың арасында зорастринизм, буддизм, манихейлік және несториандық діндерді таратушылар ерекше орын алады. .

Бұл діндердің арасында христиандықтың бір ағымы - несториандық Ұлы Жібек жолымен тағдырлас болды. Онымен бірге кең тарады және кейін әрекетін тоқтатты. Несториандықтың кең таралуының бірнеше себептері бар: 1) керейіттер, ұйғырлар, қарлықтар сияқты ұлыстардың қабылдауы; 2) Византияға қарсы саясат ретінде Иранның қолдауы; 3) Тан империясында 200 жыл бойы еркін насихатталуға мүмкін алуы.

Кейін осы несториандарға қатысты Еуропада «Иоанн патша» туралы аңыз тарады және бұл жөнінде Л.Н. Гумилев өзінің «Қиял патшалығын іздеу» атты еңбегінде көптеген тарихи айғақтар

келтіреді. Қазақ археологы және мәдениет тарихшысы К.М. Байпақов несториандықтың Орталық Азиядағы артефактылары жөнінде мынадай мәліметтер келтіреді: «Жамукат және Навакат қалаларындағы мазарлар кешенін қазған кезде күміс, қола крестерімен қоса жерленген христиандар бейіттері табылды. Ал Красная Речка (Қызыл өзен) атты ескі қала жұртынан кездейсоқ нефрит кресі табылғаны да белгілі. Қираған ескі Төрткөлтөбе қаласынан табылып, Шараб қаласында жасалған деп ұйғаруға келетін тас келі Шымкент қаласы музейінде сақтаулы тұр. Онда христиан таңбалары – крест пен көгершін бейнеленген.

Тараз қаласы жұртын қазғанда VI-VIII ғасырларға жататын топырақ қабытынан бүйірінде «Петр және Гавриил» деген сириялық жазуы бар қыш күрешке табылды. Ертедегі христиан иконнамасы аңызының желісімен өрнектеліп, Анаковтық және Григорьевтік деген атақпен мәшпүр болған екі күміс ыдыстарын да несториан қолөнершілерінің қолынан шыққан бұйымдарға жатқызуға болады. Григорьевтік күміс ыдыстағы (IX-X ғғ) бейнелер тегіс өрнек түрінде қосымша оймышталып салынған. Ыдыстың жалпы көрінісі мен жекелеген бөліктеріне алтын жалатылған. Бір-бірімен шеңберлесе айқасып жатқан үш алқа (медальон) үш түрлі аталған: «Мадақтау», «Табыт басындағы әйел», «Қол-аяғы керіліп тасталған Иса», олардың ара-арасында «Арыстан орындағы Даниил», «Петрдің безінуі» және «Қожайын табытының күзетшісі» делінген» (Байпақов & Нұржанов, 1992: 35-36).

Мәселе кейін қазақ халқының құрамына енген кейбір тайпалардың кезінде христиан болғандығы туралы ғана болып тұрған жоқ. Соңғы уақытта бізде баспасөз беттерінде осыны бекерге шығаратын әсіре діншілердің мақалалары бой көрсетіп келеді. Бірақ тарихи шындық мүдделі топ еркімен бұрмалана алмайды. Тіпті кезінде арабтардың пұтқа табынушы, христиан халықтарының политеистік діндерде болғаны мәлім нәрсе.

Қазақстанды қамтыған Ұлы Жібек жолы мәдениеті IX ғасырдан бастап мұсылмандық өркениет туы астында өркендейді. Мұсылмандық дінді көшпелілердің арасында алғашқы қабылдағандардың арасында, шамамен 766 жылдан бері,

қарлұқтарды көруге болады. Олар мұсылман дінін, тіпті сонау Мехди халиф (775-785) кезінде қабылдады деген пікір де бар. Алайда, бұл олардың бәрін бірдей қамтымаған тәрізді, өйткені қарлұқтарға қарайтын Таразды Исмаил ибн Ахмед 893 жылы басып алып, «осы қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырды». Археологтар тапқан IX-XIII ғасырлардың қазба ескерткіштері осы өлкеде қалалық мұсылмандық мәдениет қалыптасқанын дәлелдей түседі. Тараз бен Меркедегі шіркеулер мешіттерге айналған. Ислам дінін ұстаушылар қатары көбейе түсуіне қарай қалаларда алқалық ғибадат мешіттері салына бастайды. Кердеріде салынған солардың біреуі жөнінде ал-Мақдиси хабарлайды. Мұндай мешіт қалдықтары Кердерімен тең салынатын ескі Құйрықтөбе қаласы жұртын қазғанда табылды. Мешіт қаланың орталық көшелері қиылысында болған (Байпақов & Нұржанов, 1992: 41).

Ұлы Жібек жолы бойындағы діни, мәдени ауысулар біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Алдыңғы Шығыстан Орталық Азияға қарай бағытталды. Бұл әсіресе бірнеше ғасырлар бойы осы аймақта кең таралып, кейін Ұлы Жібек жолымен бірге жоғалып кеткен несториандықпен байланысты. Л. Гумилевтің куәлігі бойынша, Александриядан шыққан пресвитер Арий, Христос-Логос өз әкесінен кіші, өйткені ұл, демек, ол туған деп уағыз айтады.

Архиепископ Александр мен оның диаконы Афанасий: «туған» сөзін құдай тегіне пайдалануға болмайды деп оған қарсы шығып, оны, Христос бойына құдай даналығы дарыған адам деп үйреткен Павел Самосатский әулиені діңсіздер қатарына қостын деп қатты айыптайды. Бұл егестің арты азамат соғысына айналады, сонда бір императорлар арианды жақтаса, екіншілері – православтарды жақтайды. Мұнымен бір мезгілде өз ілімдерін гностиктер, неоплатониктер, митраистер де уағыздайды және бәрі бір-біріне қарсы, өзара айқасып кетеді.

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі несториандық ағымды сириялық ықпал аймағы деп бағалауға болады. Себебі сол ғасырларда сириялықтар тілі мен діні бойынша тұтас арабтық мәдени ареалдан ерекшеліктенетін еді. Ортағасырларда

сириялықтар, антик заманындағы гректер сияқты, пассионарлық жоғарылауда болып, өз мәдениетін сол замандағы өркениетті елдердің бәріне дерлік тарата білді. Тіпті белгілі ұйғыр жазуының түбінде сириялық жазу тұр. Несториандар өз литургиясын көнесириялық тілде жүргізген. Сиро-палестиналық мәдениет өз ізін көптеген үлкен өркениеттерде де қалдырды. Бұл тағы да Шығыс пен Батыстың Ұлы Жібек жолы бойында тоғысқанын көрсетеді.

Ұлы Жібек жолы мәдениетін белгілі бір мағынада қазіргі жаһанданудың ілкі формасы деп қарастыруға негіз жеткілікті және бұл сипатта тағы да сириялықтар мен соғдылардың рөлін атап өткен жөн. Мысалы, III ғасырда, парсы шахының сарайында, өзін Христос пен Параклеттің мұрагерімін деп жариялаған үлкен ойшыл, жазушы Мани, мобедтер мен зороастралық молдалар азабынан жан тапсырып, азап даңқының алқасын тағынғаннан кейін, оның жолын қуалаушылар Парсыдан қашып кетуге мәжбүр болады, аз батыста манихейлер ұдайы қуғын-сүргінге ұшырай бергесін, жасырын әрекетке көшеді. В. Бартольд атап өткендей, Шығыста манихейлер Трансаксония мен керуен жолының бойындағы көгалды аймақтарға барып паналайды.

Дәл сол сияқты Византияда қудаланған несториандар да Ұлы Жібек жолы ареалын паналайды. Л. Гумилев көрсеткендей, бесінші ғасырда Ефесте өткен христиандардың бүкіл әлемдік жиынында Константинополь патриархы Несторий андамай қалып, «Құдайдың анасы жоқ» деп айтқаны үшін, шіркеуден аласталды. Оның жеңімпаздары енді дереу өзара қырқысуға кірісті, монофизиттер де, сол сияқты православиелік халкедониттер де бір ауыздан несториандарға қарсы болды. 434 ж. Бтизапаттағы жиында несториандық наным парсы христиандарының, оның ішінде Мерв митрополиясы қауымының да басты наным-сенімі деп танылғаннан кейін, жауығу бұрынғыдан да күшейіп кетті. Парсы шахының қолдауы несториандарға бәле болып жабысты. 489 ж. император Зенон несториандарды айыптауды құптап, несториандар өз ілімін оқытып жатқан Эдесс мектебін жауып тастады. Бұл мектеп Парсыға Низиб шаһарына көшіп келді, ал 499

ж. Ктезифонда несториан патриархиясы ашылып, ол VI ғ. кемеліне келіп толысты.

Несториандардың Ұлы Жібек жолы бойымен Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында VIII-VIII ғасырларда кең етек жая бастағаны туралы К. Байпақов көптеген мағлұматтар келтіреді: «Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болды. Шамасы, христиан дінін түріктердің бір бөлігі патриарх Тимофей (780-819) кезінде сірә қарлұқ жабғысы арқылы қабылдаған болса керек. Өйткені IX-X ғасырлар қарсаңында қарлұқтар айрықша көп аймақтарды өз билігіне қаратты, Тараз бен Меркеде христиан шіркеулері жұмыс істеді, Сырдария бойындағы қалаларда да христиандар тұрды. Іле алқабында Қаялықта өздерінің шіркеуі, сондай-ақ өз қонысы болған христиандар жайлы Вильгельм Рубрук хабарлайды. XIV ғасырда Ыстықкөл жағасында әулие Матфейдің денесі шірімей сақталған христиан софыханасы (монастырь) болғаны мәлім. Навакетте христиан қауымы өмір сүргенін қабірлер құлыптастарындағы сириялық жазулар ғана емес, сонымен бірге қыштарға, шарап құятын үлкен қыш көзелердің гүлтәж өрнектеріне түсірілген соғды жазулары да айғақтай түседі. Солардың бірінде былай жазылған: «бұл көзе Иарук-Тегін ұстазға (арналды). Шебер-Пастун ылайым ол (көзе) әрқашан толы болсын, әумин, әумин». Бұл жазуға «ұстаз» сөзі түрік-соғды құлпытаснамаларында кездесетін «ұстаз, тәлімгер» сөздерімен мағыналас. Соңғы «аминь» (әумин) сөзі Иарук-Тегіннің христиан қауымының билеушісі болғанына күмән қалдырмайды. Өзге біреуінде мынадай өте қысқа сөз жазылған: «бұл көзенің шебері – Пастун». Ал Навакеттің батыс бетіндегі ескі Покровка қаласы жұртынан табылған тағы бір ыдыста екі жол соғды жазуы бар, тәржімалағанда былай болып шығады: «Бұл ыдыс – Пакап қауымының сыйы. Бұл шарапты қуаныш үстінде ішкейсіз, тақсырым... Құдайдың қайырымына бөленген Әли-Білге тақсырәменда бақыт-берекетке кенелсін. Сипатына қарағанда бұл палеографияның уақыты IX-X ғасырларға немесе тіпті XI ғасырдың бас кезіне жатады (Байпақов&Нұржанов, 1992: 36-37).

Несториандар Ұлы Жібек жолы бойымен Парсы және

Орталық Азиямен шектелмей, Қытайға Шығыс Азияға кеңінен тарай бастайды. Бұл үшін олар түркі-қытай байланыстарын сәтті пайдаланады. Шығыс христиандары өз дінін көшпелі түріктер арасында табысты уағыздайды. Мұның мысалы ретінде Л. Гумилев византиялықтар қолына тұтқын болып түскен түріктердің маңдайында крест таңбасы бар екенін, олар мұны өздерімен бір тұратын христиандардың ақылы бойынша, жұқпалы мерезден құтылу үшін салдық деп түсіндіретінін атап өтеді. Бұл дерек, әрине, көшпелі түріктердің арасында христиан діні кәдімгідей таралған дегенге дәлел бола алмайды, бірақ христиандардың құла түзде болғаны анық деп айтуға негіз бола алады.

Қытайға несториандық наным Ұлы Жібек жолы мәдениеті шарықтап тұрған кезде енеді де, үкімет оған жылы ниет білдіреді. Таң әулетінің алғашқы императорлары Тай-Цзун христиандарға қамқорлық жасап, олардың шіркеулер салуына қарсылық білдірмейді. Буддашылармен тығыз байланысты болған император әйелі У Цзэ-тянь тәж-тақты тартып алған кезде, христиандар қуғынға ұшырайды, бірақ Тан әулетін жақтаушылар зорлықшы қатын патшаны ұзамай өкіметтен тайдырады. Император Сюань- цзун 714 ж. Тан империясында буддизмге тыйым салады да, 745 ж. христиандықта уағыздауға рұқсат етеді. Міне, осы кезден бастап, несториандық наным Тан империясының бақылауындағы Жоңғарияда да жайыла берді, сөйтіп көшпелілер арасынан, ең әуелі басмалдар арасынан соны үмбеттер табады, бірақ көп уақытқа дейін бұл онша жемісті болмайды.

Бірақ несториандық нанымды, қазіргі кейбір зерттеушілер сияқты, Орталық Азияның дәстүрлі діні деп алған дұрыс емес. Түрік қағанатын билеушілері мен жалпы халқы кірме діндерге онша көңіл қоймаған, бұл мемлекет құлағаннан кейін де, несториандар жергілікті діндер тарапынан да, өзі секілді жаңа діндер – буддизм мен исламның, конфуцийшілдік пен шамандықтың қарсылығына ұшырады. Л. Гумилев мынадай тарихи деректі алға шығарады: «Әуелгі екі дін ұзақ уақытқа дейін даладан жақтастар таба алмайды. «Будда ілімі адамдарды дәрменсіз де көңілшек етеді» деген дәлелмен Тонькөк будда ілімін

насихаттауға тыйым салады, ал түргеш ханы Сұлу, Хишам халифтың (724-743) елшісіне: «Менің сарбаздарымның ішінде шаштараз да, ұста да тігіншілер де жоқ; егер олар мұсылман болып, ислам дегенінен шықпай қойса, онда олар қайтып күн көреді», - деп жауап қатады. Ислам көшпелілерге тек қалалық дін секілденіп көрінген, сол себепті де олар, бұл дінге содан бір ғасыр бұрын Арабстан бәдәуилері қалай қараса, оған бұларда солай қараған. 732 жылы Қытай қол астындағы жерден император Сюань-цзун қуып жіберген манихейлер, мұнын есесіне ұйғырлар арасынан жақтаушылар табады да, аса ауыр ішкі соғыс барысында Моянчур ханды қолдайды (Гумилев, 2003: 382).

Христиандықтың Ұлы Жібек жолы мәдениетінде кейін тұрақтапқалмауының көптеген себептері бар. Мұнда секта ретінде бөлініп шыққан конфессияның басқа этномәдениетте жасанды болатыны да маңызды рөл атқарады және бұл қазіргі Қазақстандағы діни үрдістерге де қатысты. Егер Ұлы Жібек жолы мәдениетіне қайтып келсек, онда Л. Гумилевтің христиандардың ұйғыр ханының дұшпандары болғандықтан да, соғыста жеңіп шыққаннан кейін, ол өзін қолдаған манихейлер жағына ауатынын атапөткені. Көп ұзамай Ұйғырстан жеделдетіп манихей қоғамы билейтін теократиялық мемлекетке айналады. Хан қолында тек әскери істер ғана қалдырылады.

Өкімет басына келген манихейлердің діни төзімсіздік жасап, жанығып кеткені сондай, өздерінің күллі көршілерімен: тибет буддашыларымен де, мұсылмандармен де, қытайлармен де араздасып қалады, ал несториандармен тіпті тартысып қалады. Біз бұл арада Ұйғырстанның саяси тарихын қазбалап жатпаймыз, 840-847 ж. бұл елді қырғыздар күл-талқан еткен кезде, онымен бірге манихей қауымы да құрып кетті. Ұйғырлар оңтүстікке ауып кеткеннен кейін, құлазып қалған даланы біртіндеп монғол тілдес тайпалар келіп мекендей бастады. Мәдени дәстүр уақытша үзіліп қалды, бірақ белгілі тәртіпорнап, түз қалпына келгеннен кейін, несториандық наным Орта Азияны басып кетті.

Біртіндеп Ұлы Жібек жолы ареалында дәстүрлі емес діндерді буддизм мен ислам ығыстыра бастады. Осыған дейін несториан

іліміне төзіп келген Қытайда, 845 ж. Тан үкіметінің арнаулы жарлығымен, манихейлікпен бірге ол наным да заңнан тыс деп жарияланады. Бұл оқиға Ұйғырстанның күйретілуімен тұспа-тұс келді, Орталық империяның шегін мекендейтін көшпелілердің өмір-тіршілігі мен мақсат-мүддесін қорғайтын Ұйғыр еліне сол уақытқа дейін Қытай одақтас ретінде ділгер болып келген еді. Жарлықтан кейін басталған қуғын-сүргінге буддашылар мен манихейлерге қарағанда, христиандар әлдеқайда көп қарсылық көрсетті. Бірақ христиандардың Қытайдағы позициясы қатты қиратылды. 987 ж. Қиыр Шығыстан Константинопольге қайтып келген бір сопы: «Қытайдағы христиандар әр түрлі себептермен өлтіріліп, құрып бітті, тек мен ғана әзер қашып құтылдым», - деп айтып барады. Бұл сөздің біраз әсерленіп айтылғанына кәміл сенуге болады, өйткені христиан діні шабуылының бізді қатты қызықтыратын екінші толқыны Қиыр Шығыста кең көлемде қайта жайылған кезге – IX ғ. басына дейін, Қытайдың солтүстік шекарасында несториандықтың жұрнағы сақталып қалған еді.

Ұлы Жібек жолының шығыс аймағында, христиан дініне қарағанда, буддизм өз орнын сақтап қалу үшін, қытайлық дәстүрлі діндерге қарсы тұрды. Л. Гумилев атап көрсеткендей, кірме діндер жан сауғалап қалу үшін қулық-сұмдық жасады, тіпті манихейлік наным да толық тапталудан аман қалды. Манихейлер буддашылармыз деп көлгірсіді. Әуелгі кездері саналы түрде құбылып бақты: расында да, дінге енді кіріп жатқан әрбір кісіге, үкімет тыйым салған, шын мәні манихейлік, бірақ будда дінін бүркенген қауымға еніп жатырсың деп түсіндіруге болмайды ғой. Мұндай сөзбен дінге кіретіндерді үркітіп жіберу, тіпті опасыз сатқындар қармағына түсіп қалу да қиын емес. Сол себепті де өздерін буддашылармыз деп, сақтық жасай жүріп, Қытай манихейлерінің бірте-бірте буддашыларға қосылып, кеткені сондай, тіпті Бируни тәрізді оқымыстылардың өзі, оларды айыра алмай қалатын болды. Кейін Танғұт мемлекеті пайда болған облыстарда әсіресе мұндай араласу өте қызу жүрген: Хара-хота икондарында будда бейнесіндегі манихейлік күн құдайлары кездесіп отырған.

Сонымен, Ұлы Жібек жолы ареалында діни көзқарастар күресін анық аңғаруға болады. Қытай мен мұсылман, византиялық мәдениеттер өз ықпалын үстем еткісі келді, бірақ оны этномәдениет шектеп отырды. Христиандық және манихейлік нанымның далаға тарауын «жеңімпаз мәдени ықпал» қатарына жатқыза салуға болмайды. Л. Гумилев атап көрсеткендей, кез келген ықпалдың қайсысы болса да, мәжбүр етудің, көндірудің, әйтеуір, бір түрін, тым болмаса, оның моральдық, зейін-зерделік, эмоциялық түрлерін қолданады. Ал, көшпелілер болса, мұндай күштеудің кез келген түрлерін әманда дереу сезіп, олардан ойдағыдай құтылып отырған. Бірақ Византия империясы Орта Азия даласынан қашық жатқандықтан да, көшпелілерге қысым жасамаған және жасай да алмаған. Бұған қоса айтатын бір нәрсе, көшпелілер арасында христиандық нанымды далаға тарату «мәдени ықпал» емес, идеялық құндылықты әкеліп егу, сіңіру болып табылады. Сонымен бірге бұл мәселе бүгінгі Қазақстан үшін де өзекті болып табылады. Неге Қазақстан жағдайында діни қатынастарға ерекше көңіл бөлінеді? Бұл туралы «Жас Қазақ» газетінде 2006 жылдың шілде айында философтар мен журналистердің арасында арнаулы сұхбат өтті.

Мәселе діннің адамзат мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі екендігінде. Жалпы, дін тақырыбын қозғағанда Жаратушыдан түсірілген Кітап пен дін арасын нақтылап алғанымыз дұрыс. Кітап түсуімен бір мезеттесөген сай дін пайда болған деген бағытта тұжырым жасайды. Бірақ әр Кітапқа негізделген діндердің қалыптасуы үшін адамзатқа жүздеген-мыңдаған жылдар уақыт қажет болды емес пе? Ендеше, Кітаптың түсуі адам санасынан жоғары тұрған тылсым дүние болса, Оның қоғам санасында орнығуы тарихи тұрғыдан түсіндірілуі мүмкін әлеуметтік құбылыс болып шығады. Сол себепті, бұл екеуін екі түрлі сұрақ деуге болады. Біріншісі – себеп, екіншісі – салдар. Адамзат баласына қасиетті Кітаптар оқтын-оқтын, бірнеше мәрте жіберілген. Оның ең соңғысы Құран. Ендеше, дін дегеніміз сол түсірілген Кітаптар негізінде пайда болатын адамдардың саналы іс-әрекетінің жемісі. Адамзат белгілі бір дінді қабылдағанша, оны

мәдениет деңгейіне көтергенше қандай шиыр жолдардан өткенін, қаншама қантөгістерге барғаны есепке алынбайды. Нәтижесінде әр ұлттың өзіндік төл мәдениеті терістеліп, дінге қайшы болып шығады.

Егер Ұлы Жібек жолы мәдениетіне қайтып келсек, онда түркілердің неге христиандар мен буддашылар болып шықпағанын, Л. Гумилев былай түсіндіреді: «Христиан дінінің күллі жауларына қатер төндіретін құдіретті империяның орнына - өздерінің азаттығы мен тұрмыс салтын сақтау жолында қаһармандықпен күрескен ат төбеліндей көшпелілер көз алдымызға келеді; шетсіз-шексіз байлық – құлазыған шөлдiң шет аймағы назарымызға түседі; ең бастысы: ешбір еуропалыққа мұндай діндерінен көк тиын пайдатүспейді. Бұл сауалға даяр жауап мынандай: XII ғ. ортасына дейін не католиктік, не православиелік Еуропада Қиыр Шығысқа деген ынта-ықылас неге болмаған? Ол туралы егжей-тегжейлі мәлімет алу қиын емес еді ғой. Қытайдан Бағдатқа дейін, содан Константинопольге дейін баратын керуендер ұдайы жүріп жататын. Мұсылман көпестері Сібірге дейін жететін, ал несториандар Орта Азияның Қытаймен жасайтын сауда-саттығын өз қолдарынан шығармаған. Мәліметтер алысып-берісіп отыруға мүмкіндік бар еді, бірақ әрі іскер, әрі әрненің мәнісін тез аңғаратын еуропалықтардың о жаққа мүлде ықыласы аумай қойған. Олардың өз шырғалаңы да бастарынан асып жатқан еді.

«Ұйғырияда буддизм өркен жайып, оның заңы бойынша, сопыларға алтын мен күміске, әйелдерге жолауға қатал тыйым салынған-ды. Демек, нағыз буддашылар, монастырларында байлығы шіріп жатса да, саудамен шаруасы болмайтын. Оның есесіне несториандар шеттерінен саудагер келетін де, мұсылмандарды өлердей жек көретін. Енді біз ой толғаудан нақты деректерге көшеміз. Қашып келген гүрханды тек ұйғырлар ғана өз астанасы Бешбалықта қабыл алып, оны азық-түлікпен қамтамасыз етеді, әскерін қайта құрып, даланың сайыпқыран сарбаздарымен толықтыруға жәрдемдеседі. Бұл үшін олар кез келген саудагерге қажет нәрсені қалап алады: олардың өз түлегі – гүрхан бұлардың

Самарқан пен Ферғанадағы, Қашқар мен Хотандағы бәсекелестерін күйретіп, керуен саудасын түгелдей өз қолдарына алуын қамтамасыз етеді. Қатуандағы шайқастан кейін, ұйғыр сауда қалаларының гүлденер кезі басталады, ал билік христиандар қолына тиген жерде, олар мұсылман көпестеріне алым-салық салатын».

Тағы бір сұрақ қоялық: христиан дінінен мен исламға назарын аударған түркілер, неге митраизм мен буддизмді ұнатпады? Өткен замандарда да, қазіргі кезеңде де дінді қабылдауда этномәдени үйлесімділік үнемі көрініс беріп, қоғамдар арасында діни негіздегі келіспеушілікке, ымырасыздыққа жол ашпауға ұмтылады. Ақиқатында, әр дін өкілдері Жаратушыны мойындай отырып, өздері қарама-қайшылық шеңберінен шыға алмай отыр. Ендеше, діндер арасындағы қайшылықты Жоғарыдан емес, төменнен – адамдар арасынан іздеу керек сияқты. Яғни, бүгінде бағдаршам ретінде Кітап алынғанымен, діннің өзі адамдардың араласуымен әртүрлі бағыт алып, олардың арасы бірін-бірі түсінбеушіліктен біртіндеп алшақтап барады. Әлемдегі көптеген шиеленістердің астарында, сөйтіп, діни төзбеушілік жатқаны анық. Біз бұдан пенде болып жаратылған адам баласының мүмкіншілігі шектеулі екенін ұғамыз.

Дүниежүзілік басқа діндер сияқты, буддизмдегі ортақ нәрсе – «діндарларға қайырымды іс істе және өздігіңнен жетілуге талпын деу, бірақ қайырымдылық пен жетілу жолындағы мақсаттарды түсіну бір-бірлеріне мүлде қайшы. Буддашылар қайырымдылыққа не «түк ісемеушілікті», не өз ілімін насихаттаушылықты жатқызады, мұның өзі түптеп келгенде өмірден толық марқұм кету үшін дәл осы «түк ісемеушілікке» апарады». Көшпелілер, керісінше, шындық пен әділеттілік үшін күресуді, яғни әскери ерлік жасауды бұйырады, ал соғыс уақытында саяқ жүргендер қашқындар деп есептеледі. Буддашының көз-қарасы бойынша дүние – азап тұрағы, одан қашу керек, тіршілікті қалпына келтіру процесін тоқтату, яғни некесіздік – одан құтылудың міндетті шарты. Көшпелілердегі Митра - «кең

далалардың қожасы», ол сол далаларға құнарлылық береді. Ол табындардағы мал санын көбейтеді, ол сонымен бірге кім адал болса, соған денсаулық, молшылық, байлық сыйлайды. Ол тек материалдық игіліктерді ғана емес, сонымен бірге рухани игіліктерді де үлестіруші.

Көшпелілер өмір орнықтырушы жүйені қолдайды. «Егер ол осылай болса, тіршілікпен күресуді насихатту, бізді қоршаған тамаша дүние – майя (сағым, қиял), түк істемеушілік – талантты адам үшін ең келісті кәсіп және қайырымдылықтың салтанат құруы үшін ең жақсы амал – жамандыққа қарсылық жасамау деп сендіру, міне, осының бәрі, митраистер мен бондықтарға жан түршігерлік жалғандық болып көрінді, ал жалғандыққа қарсы күресу керек еді. Олардың заңы осындай ұйғарым белгілеген-ді. Тибет пен Монғолияда буддизмнің мұншалықты тегеурінді қарсылыққа тап болуының себебі де, міне, осы. Ал мұнда тек ішкі соғыстар халықтың ең бір әрекетшіл бөлігін тұңғызға әкеткеннен кейін ғана жеңді, бірақ соның өзінде де толық жеңе алмады. әйтсе де, тірі қалғандардың да енді жаңа ілімге қарсы тұрарлық күші де, ықыласы да болмады. Жаңа дін оларды тіршіліктен дәмелдендіргенімен, осынау қатал азапты дүниеден кетуге шақырды. Сол кезде Азияда «Сары сенім» салтанат құрды».

Белгілі философ Ә. Нысанбаев атап өткендей, адамзат тегі бір және әр түрлі, көп келбетті мәдениеттерге, этностарға, тілдер мен нәсілдерге ортақ, бір түп-тамырдан өсіп шығады, - бұл жиі қайталанатын пайымдау палеоантропологияда, қазіргі генетикада, түрлі діни ілімдерде, дүниені түсінудің басқа мәнді тұғырлары бойынша олардың көзқарастары қатаң ажырайтындығына қарамай, бұл тұжырымда олар бір-бірімен әбден келісімді деген, сол эмпирикалық жағдайды қарапайым деректеу арқылы жаңа мағыналық ырғақтарға ие бола алады. Басқаша айтқанда, барлық кісілер Адам атадан тарады деп есептеуге болады, ал түрлі дүниетанымдардың тілдерінде, солай немесе басқаша айтылатын адамзат пайда болуы туралы және оның арғы тарихы мен тарихының бастапқы кезеңі жөніндегі түсініктеріндегі моноцентризм идеясы, кездейсоқ болу үшін, тым

терең біздің жалпы санамызда ұяланған.

Ұлы Жібек жолы бойында ислам мәдениеті, Ә. Нысанбаевтың атап өткеніндей, ол VIII ғасырдан бастап іс жүзінде XVIII ғасырға дейін, яғни көптеген ғасырлар бойы Бағдат пен Бұхараның, Самарқанд пен Ғераттың, Рейдің, Исфаханның, Шираз бен Тебриздің қалалық мәдениеттері енгізген үлессіз, сол жоғары гүлденуге жете алмас еді. Бүкіл бұл қалаларда қолөнер мен өнер, ғылым мен әдебиет, архитектура мен каллиграфия, олар ислам мәдениетіне сипатта бола отырып, ерекше гүлденді. Сол мезгілде барлық осы қалаларда, парсылық империялардың үстемдік ететін уақытынан бері сақталып келген, ежелгі Иран мәдениетінің қуатты ықпалы ерекше болды. 750 жылдан 1258 жылға дейін ислам халифтерінің резиденциясы болып келген, Бағдаттың, бас тәуіп Гундешапурдың емімен дерттен айыққан және сондықтан олардың саны оның ізбасарларында арта түскен, ирандық ғылымдарды өз астанасына шақырып алуды бастаған, Халиф Мансурмен негізі қаланған еді. Аббасидтер ирандақ әйелдерді өздеріне тек әйел ретінде алып қоймай, сонымен бірге ода арабтарға тілмен байланысты ғылымдарға басты рөл берілген, мысалы теология, поэзия, құқық сияқты, ол басқаларына, бірінші кезекте, парсыларға – арабтар «жатжерліктер» деп атайтын қолданбалы және табиғаттанулы ғылымдарда жетекші рөл ұйғарылған, жаңа мәдени қауымдастықтардың пайда болуына оң ықпалын тигізді. Мансурдың шөбересі, Мамун (оның анасы мен әйелі ирандық болған) «Дар-әл-Хикманы» - «Даналық үйін», өзінің мәдени маңызы бойынша, соған дейін мың жыл бұрын Птолемей салған, тек александриялық

«Мусейонмен» салыстыруға келетінді салды. «Даналық үйі» үшін көне грек философтарының көптеген еңбектері араб тіліне аударылды.

Бірақ та бір-бірімен солай тыныштықта өмір сүрген жағдай тарихта болды, арада көп уақыт өтті, қазіргі жағдайымыз өзгеше деп айтуымыз мүмкін. Расында мұсылмандар мен христиандар Ұлы Жібек жолы бойында солай ұзақ уақыт бейбіт қатар өмір сүре алмады. Батыс жақтан келген крест жорықтарының аяғына таман

шығыс жақтан (1141 жылы) қарақытайлардың, сонан соң (1209-1256 жылы) монғолдардың және ары қарай (1552-1917 мен 1917-1991 жылдары) орыстардың екі шапқыншылығы келді.

Кінә мұсылмандардан емес еді. Тіпті, кімде-кім күнәсын дұрысмойындап кешірім сұраса, 1138-1193 жылдары өмір сүрген Салах-ад-Диннің (яки Саладиннің) екінші крест жорығына шығарушыларды кешіріп, босатып жібергені белгілі. Бұл исламның толерантты сипатын дәлелдейді.

Бүгін де бағдаршам ретінде Кітап алынғанымен, діннің өзі адамдардың араласуымен әртүрлі бағыт алып, олардың арасы бірін-бірі түсінбеушіліктен біртіндеп алшақтап барады. Әлемдегі көптеген шиеленістердің астарында, сөйтіп, діни төзбеушілік жатқаны анық. Біз бұдан пенде болып жаратылған адам баласының мүмкіншілігі шектеулі екенін ұғамыз. Ендеше, қазіргі ғылым мен білімнің өркендеу дәуірінде, әр адамға әлемдік мәдениетті тұтастай игеру қажеттілігі туған заманда кез-келген «өркениетті адам» «жалғыз ғана сара жол» деген дін уағызына күмәнмен қарауы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл, әсіресе, тоталитарлық секталарға байланысты. «Ымыра» туын көтергендей болып, қоғамымызда нағыз «ымырасыздық», яғни, санадағы қарсылық, оған сәйкес туындайтын жеккөрушілік сезімдерін туғызып жатқан сектанттардың әрекетіне заңдық тұрғыдан тосқауыл қою қажет. Біршама уақыт бұрын еліміздің бірнеше соттары ислам фундаменталистерінің қызметіне тиым салу жөнінде үкім шығарды. Бұл біржақты үкім. Сол кезде, сонымен бірге христиан дінінің атынан сөйлейтұғын секталардың әрекетіне де тиым салатындай үкім шығарылуы керек еді. Бірақ олай болмады. Еліміздегі православие, будда және басқа дін басқармалары «христиандық» секталар мен кришнаиттердің және т.б. қызметін тоқтататын сондай үкімге еш қарсы болмас еді деп ойлаймыз. Яғни, күннен-күнге күшейіп келе жатқан діни бейберекетіздікке енді мемлекет араласпаса болмайтын болып тұр. «Дін мемлекеттен бөлек» деген ұғымның артынан «басымды құмға тықтым - құтылдым» дейтіндей түйеқұс саясатының иісі шығатынын түсінетін уақыт жетті.

Басқаша айтқанда, дін қашанда ұлттық мәдениеттен нәр алады. Бұл жөнінде Н. Нұртазина өзінің «Қазақ мәдениеті және ислам» деген еңбегінде былай айтады: «Мәдениеттің өзегі дін екені рас, дөрекі көзге көрінбесе де дін (толыққанды, дамыған дін) – шын мәнінде ұлттықтұтастықты ұстап тұратын ғаламат күш. Дін кеткен соң яғни, идеялық- рухани, этикалық негіздерден айрылған кезде ұлттық мәдениет жүйеболудан қалады» (Нұртазина, 2002: 170-171). Қоғамның тіршілігі мен (өркениеттік) дамуының оның дінімен байланысы қандай тығыз әрі маңызды екеніне біздің көзіміз енді ғана жете бастады. Діни жүректің соғуы – қоғам мен оның мәдениетін біріктіріп ұстап тұратын күш. Дүниенің ұлы өркениеттері әлемдік ұлы діндерді кездейсоқ жасап шығаран жоқ, шын мәнісінде дүниенің ұлы өркениеттерінің негіздері болып табылады. Дінін жоғалтып алған халық ақыр соңында мәдениетін де жоғалтып алатын болады.

Сондай-ақ, діннің ұлт пен елге қатысы жайлы айтып отырғанда, ешкім біріктіріп ұстап тұра алатын күш тек «ана дін» немесе «мына дін» ғана бола алады деген ойды алға тартпайды. Ислам діні де, христиандық та, не иудаизм, не буддашылық, не заратуштралық, не тәңірлік, не синтоизм діні, не дәстүрлі діндер де сондай қызмет ете алады. Мысалы, ежелгі парсы патшалығында парсы халқы мен мемлекетін біріктіріп ұстап тұратын күш заратуштралық болған еді. Түркілердің арасында кейін исламның сондай қызмет атқаруы сөзсіз. Ал кейбір кездерде екі дін бір халықта сондай рөл атқарады, мәселен, жапондықтардың ортасында синто мен буддашылықтың екеуі бірігіп, жапон мәдениетінің жүйесін біріктіріп ұстап тұрады (Нұртазина, 2002: 66).

Бұл дін мен мәдениеттің бір-бірімен тығыз байланысын басқа бір жағынан қарастырады, атап айтқанда, дін мәдениетке ғана емес, мәдениет дінге де ықпалын тигізеді екен. Бір халықтың арасындағы діннің ерекше түрі сол халықтың ұлттық мәдениетіне тікелей байланысты. «Халық діні» дегеніміз осыдан шығады.

Бұл орайда, Құранда Тәңірдің осы әлемдегі әр түрлі халықтарды жарату себебі туралы өте маңызды бір шындық

айтылады: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шексіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы».

Осы аяттың өзі түрлі ұлттар мен руларды жаратудағы Тәңірдің мақсатына «бір-біріңді тануларың үшін» деген түсінік береді.

«Халықаралық» деген ұғымның шынайы мағынсын ойласа, бұл бүгінгі «халақаралық әлемде» өмір сүруімізге дұрыс бағыт беретін бір асыл сөз болып табылмақ. Ал осы ақиқатқа сай, Ә. Әбдәкімұлы қазақ халқының түрлі шежірелерінің (қазақтар мен түркі тілдес халықтар ғана емес, әлемдегі барлық халықтардың түбі бір екенін меңзейтінін) айтып өтеді. Бәріміздің түбіміз бір болса онда, ерекшеліктерімізді жоғалтпай, бір-бірімізді танып, сыйлап, бейбітшілікті сақтап, бірге өмір сүру дұрыс-ақ емес пе?

Бұған тағы бір ой қосып, белгілі бір мұсылман ғалым Абдулла Жүсіп Әли жаңағы Құранның аятына берген өзінің түсіндірмесінде «Құдай жер бетіндегі әр түрлі ұлттар, рулар мен адамдардың бір-бірімен тату-тәтті, бейбітшілікте, соғыссыз, басқа халықтардың жерін, адамдарын, мәдениетін жоймай, өздеріне тәуелді етпей, жауласпай өмір сүргенін қалайды» деп айтады. Соған ұқсап, Ж. Ықылас Құранның мынандай аятын да (2-Бақара сүресі, 109) келтіреді: «Өздеріңмен соғысқандар мен Алла жолында соғысыңдар да шектен шықпаңдар. Негізінен Алла Тағала шектен шығушыларды жақсы көрмейді. «Сонан соң ол «шектен шығу» сөзінің мағынасын «жаулап алу» деп түсіндіреді.

Сондай тілек-мақсатпен біз рухани келісім мен бейбітшілікті нығындықтысырт дүниесінде ғана емес, жан дүниесінде де сақтау үшін бір-бірімізді түсінудің, бір-бірімізге деген көзқарастың мән-маңызы жөнінде сөз қылып отырмыз. Бір-бірімізді дұрыс түсініп, дұрыс көзқараспен қарау үшін ақниетпен өзкізілетін діни-мәдени сұхбат (диалог) керек. А. Құлсариева бұл жайлы дұрыс сөз айтқан: «Батыс пен Шығыстың қосарлы ықпал аймағында орналасқан Қазақстан үшін мәдениеттер мен діндер сұхбаты идеясының берері мол. Сұхбат ықпалы аймағында орналасқан Қазақстанның

елі үшін сұхбаттылық, адамдар арасындағы сыйластық өмір салты болып кеткен. Олар үшін құқықтық та, қара күш те адамдар бірлестігінің негізі бола алмайды. Олардан биік тұрған құндылықтар – сұхбатты қалыптастырушы сүйіспеншілік, төзімділік, мәміле - келісім болып табылады.

Сонымен, осылай тұжырымдайтын қорытынды бейбітшілік-тыныштық туралы тақырыбымыз үшін маңызды болмақ: таным, сенімнің қандайлығына қарамастан, дін атулының ұстанатын бірақ бағыты бар екен. Ол – бейбіт өмір сүрудің мәңгілік нормасын қалыптастыру үшін күрес. Діннің атын жамылып қантөгіс жасайтын лаңкестік бір бөлек екен де, нағыз діннің ақ жолы, зиялы уағызы екінші бөлек екен. Съезге қатысушы дін иелері осы бір ақиқатты растап, шүбәсіз мойындады.

Бір әлемде сүріп жатқан біз бетпе-бет кездесіп, діни-мәдени сұхбаттарды нағыз құрметпен әрі сүйіспеншілікпен өткізуді білуіміз қажет. Осыған орай М. Бұлұтайдың жақсы айтқан бір сөзі бар: «Соңғы жылдары дүние жүзінде қалыптасып бара жатқан діндер арасындағы диалог, сенімдерге кеңшілікберу, бірін-бірі хош көру, адам құқықтарын қорғау сықлды жоғары өркениеттілік қағидаларының күллі жиһан тарапынан қабылдануы, исламият ғасырлар бойы уағыздаған құдылықтардың түсінілгенінің бір нышаны, жемісі. Ендігәрі аталған зорлық-зомбылықтар қайталанбаса екен деген тілек айтқымыз келеді». Ал өзге діндердің және ұлттардың мәдениетінің мұндай жемісіне қатысқаны да болса керек, бірақ соған қарамастан келісудеміз.

Діннің пайдасы туралы айтып өткен кезде шайтандық қоғам жайлы айта кету керек. Меніңше, бұл қоғам діни бостандықтың екінші жағы бар: ол - әлеуметтік жауапкершілік. Бұның мағынасын Ғарифолла Есімнің «Бостандықтың бағасы» деген жазбасындағы бір сөзімен айтсақ, «Бостандық деген әркімнің бет-бетімен босып кетуі емес, бостандық деген әрбір азаматтың өз еліне деген тәуелділік санасы болса керек, халқын құрметтеген адам ғана бостандық идеясын қабылдап, оны өзінің өмір салтына айналдыра алады. Бостандық деген – туған елімен, жұртымен қандай жағдайда да бірге болу». Енді «туған елімен, жұртымен қандай жағдайда да

бірге болу» дегеніміз халық пен елдің бірлігіне тікелей байланысты болады. Бір халық екі, үш, төрт дінді ұстанғанда бірлікте тұру оңай емес, мәселе күрделі болып кетеді. Енді мән-маңызы соншалықты зор болғандықтан, осы тыныштықты сақтайтын қорғау шартының кейбір артықшылықтары туралы айтатын бірнеше сөзім бар. Біріншіден, салмақ салынып үш рет қайталап айтылған бір ой бар, атап айтқанда, ол - «осылай жасағаным бұрын болған имамдардың (бәрінің) сенің адамдарыңмен (яғни мәсіхшілермен) жасағанына сай келеді» деген сөз. Мағынасы – мәсіхшілермен мұндай келісім-шарт жасауды мұсылмандарың өздері бір міндеті ретінде ретінде санаған. Жұмабай мырзаның «Үлкен және кіші жиһад» мақаласында «Ислам дінінің негізгі мақсаты адам баласының жанын, өмірін, ар-намысын, ақыл-ойын, дінін, мал-мүлкін қорғау болып табылады» деген сөзі тура 1138 жылғы келісім-шарт оның сөзінің негізі болып шығады. Сөйтіп, бірінші Халифтан Мұқтадир II атты Халифке, яғни 632 жылдан 1138 жылға дейін мұсылмандар мен мәсіхшілердің арасындағы рухани келісімді сақтайтын қорғау шарты тұрақты жасалып отырды. Мұның үлкен бір нәтижесінде сол кезеңде шығыстағы, әсіресе Орта Азиядағы мұсылмандар мен мәсіхшілердің арасында (қантөгіс) қақтығыстар кездеспеді.

Тарихта мерекенің пайда болуы адамзаттағы уақыт пен күнтізбе туралы түсінігінің пайда болуымен байланысты. Ұлы Жібек жолы бойындағы осындай тарихи мереке – Наурыз мерекесі болып саналады. Наурыз – жыл басы. Парсы тілінде «нау» - «жаңа», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл – тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. «Бұлақ көрсең, көзін аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!», деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның

басты асы наурыз көже болған. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалған. «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата - үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» - деп бата береді.

Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы. Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. «Көкпар», «Бәйге», «Қыз қуу», «Жамбы ату» ойындары аса бір қуанышпен өтетін. Көңілді өткен Наурыз күні әр адамның есінде көпке дейін сақталатын. Біздің 79 гимназияда Наурыз мерекесін қарсы алу дәстүрге айналған. Мерекеге арналған қабырға газеттерінде «наурыз» тарихы жазылып, өлең-жырлардан үзінді беріледі. Сахнада наурыз мерекесіне арналып көріністер қойылады. Гимназияда «Ұлыстың Ұлы күніне» арналған мереке ерекше қуанышты өтеді. Жүректер жылыуын таратқан көктемнің бақыт сыйы Наурыз көп ұлтты еліміздің бірлесе тойлайтын – Достық мерекесі.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді. Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауызбіршілікте болады.

«Ұлт жоқ. Ұйысқан Одақ қана бар» деген Кеңестік дәуірдің

солақай саясаты 1926 жылдан 70 жылдай ұлт мерекесін терең зындан түбінде бұғаулап ұстағанын білеміз. Одан кейінгі ашаршылық жылдары, Ұлы Отан соғысы, ұлт зиялылары мен ұлт құндылықтарына қарсы дүркін-дүркін шабуылдар халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының үкісін қисайтуға тырысып бақты. Тіпті, ашаршылық жағадан алған тұста жарапазан - жас балалардың нан сұрап жеу тәсіліне айналғаны шындық. Еліміздің солтүстік бөлігінде көрісу ғұрпы санадан өшкен. Ал 31 желтоқсан түні Жаңа жылды табалдырықтан аттатқан кейбіреу төл мейрамды мойындамайды да. Мұның бәрін бүгінгі жастың кемшілігі деу жөн бола қоймас. «Бала жасындағысын ұмытпайды». Көнекөз қариялар - салт-дәстүр сабақтастығының соңғы буыны. Ал 70 жыл идеология құрбаны болған мерекенің көптеген ырым-жоралғылары кейінгілерге таныс емес. Наурыз - кей білгіштердің жаңалық ашып, онысымен жұртты адастырып жүргеніндей, діни мереке емес. Бұл бағзы заманнан қалыптасқан бүкілхалықтық Жаңа жыл. Оны Иран, Ауғанстан, Үндістан, Кавказ және Орта Азия халықтары төл мерекесі ретінде тойлайды. Алайда, «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» демекші, дәстүр өзгешелігі де орын алған.

Халқымыз жаңа жылға ертеден дайындалатын. Қысқы соғымның әбден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға саламын деп сақтаған. Жас келіндер, бойжеткендер болса, кесте, орамал тігіп, бозбалалар жағы ағаштан тұрмыс бұйымдарын жасап, темірден сәндік бұйымдарын соққан. Мұның бәрі - күн мен түн теңесетін шақта кәдеге асатын «ұйқыашар», «селт еткізер» жоралғыларының сый-тартулары. Көктемгі «өліара» өгісімен, ата-бабамыз үй айналасын тазартып, қалың қар тігісі сөгілген жайылымға мал шығарған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үй-ішін де қағып-сілкіп, отпен аластайды.

Көне деректер көзіне сүйенсек, наурыз тоғыз күн тойланады екен. Ол той «Наурызнама» деп аталады. Әдетте, наурызнаманы бай, ауқатты кісілер жасаған. Бірақ әр шаңырақ

өзінше наурыз көже пісіріп, ақ толы аяғын босағадан аттағанның бәріне ұсынған. Ауыл ақсақалдары үй-үйден дәм татып, үйдегілерге ыдыспен сыбаға тасып жүрген. Ол сыбаға ішілместен бұрын қазанға құйылады. Бұл «Дәм-тұзымыз араласқан тату болайық» дегеннің белгісі.

Ұлыс келер түні Қызыр бабаға арналып әр үйдің төрінде қос шырақ жағылатын болған. Үй иелері бар ыдысты аққа, суға, «ырыс толсын» деп дөнге, «жауын-шашын көп болсын» деп бұлақ суына толтырады. Жылдың алғашқы күнінде қар жауса «ақша қар», жаңбыр жауса «нұр жауды» деп шаттанған. Ертеректе ауыл адамдарын ұйқысынан тұрғызу үшін қолданылған мынадай қызық дәстүр болған. Жастар асау тайыншаны құрықтап, оған ерттелген ашамайға зор қуыршақты таңып байлап, ауыл ішіне бос жібереді. Мөңкіп тулаған асау ауылды азан-қазан етсе де, ешкім бұған өкпелемеген. Күлімдеп көрінген күнге сәлем беріп, шаруаға кіріседі. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген талдың саясы мен жемісі мол болады деп сенген. Жаңа сап түзеген шыбықтарға ақ шашу да жақсы ырым.

Ұлыс – жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Бұл күнгі қайын ата мен келін, күйеу бала мен қайын ата арасындағы әзіл де жарасымды. Жастар алтыбақан құрып, тойдың сәнін кіргізеді. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігіттеріне тартады. Бұл салт қазақта «ұйқы ашар» аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «селт еткізер» рәсімін жасайды. Яғни қалауынша айна, тарақ, әтір суын сыйлайды. Айна – пәктіктің, жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, ал иіссу – жаңа бүршігін жарған жауқазындай құлпыр деген белгі.

Наурыз күні думан-тойды аталарымыз наурызнама атаған. Содан болар, ән мен би, ойын-сауық түннің бір уағына дейін созылған. Халқымызда «Ақ боран», «Қалтырауық қамыр кемпір» ойындары бар. Онымен қатар бұл күні наурыз жыр, наурыз жұмбақ, наурыз айтыс, түрлі әзіл-қалжың, мадақтау өлеңдері айтылады. Сең жүреді көктемде астан-кестең, Ақ атанның

бауырын арқан кескен. Ұлы күні ұлыстың бас қосқанда Өлеңінді айт, құрбыжан қатар өскен, - деп, қос-қостан жұптасып, айтысқа түседі. Ұлыс күні татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт, бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген осы. Бұл күні наурыз көжемен қатар, ауыл адамдары өгіз сойып, қазан көтеретін болған. Мұның тарихы өз алдына қызық аңыз. Ежелгі жыл санаушылардың есебінше, үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, көктем кезінде аспан етегінен көрініп, ал жазда тіпті батып кетеді екен. Бұл шақ қырық күнге созылып, оны халқымыз «қырық күн шілде» немесе «үркердің жерге түсуі» деп атаған. Көктем кезінде, яғни наурызда күн жолы үркердің үстімен өтіп, үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйіздері құсап күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Бұған орай халқымыздың «әлемді көк өгіз мүйізімен көтеріп тұр» деген наным да бар.

Өгіз етін арнайы нарқазанда балбыратып пісіреді. Нарқазанның тарихы да жақсы ырымдармен астасып жатыр. Ежелгі сақ дәуірінде халық арасын алауыздық жайлап, ел татулығын тұман басқанда көсемдер келісіп, үлкен қазан құюға шешім шығарады. Алайда, қазан соғарлық мыс табылмай қалады да, бүкіл сарбаз жебелерінің мыс масағын жинатып, содан нарқазан құйдырады. Осы қазанда қайнатылған астан дәм алысқан араздасушылар өкпе-назын ұмытып, елде татулық орнапты делінеді аңыздарда. Осындай тай, нарқазандарда қалың қауымға дәм татқызу кейін үрдіске айналып, ол «шүлен тарту» аталып кеткен. Өгіздің шекесі ауыл ақсақалдарына тартылады. Бұл сыбағаның аты - «бел көтерер». Ертедегі дәстүр бойынша наурызнама тоғыз күн тойланатын болса, соның сегізінші күні «той тарқар» болады. Мұнда бұған дейін өнерін ортаға салып, оза шапқан дарабоздарға, қарсыласының жауырынын жерге тигізген балуандарға, тіпті тайы озып келген жас балаға да «ат тері» деп сыйлық берген.

«Той тарқарда» жаңа көзі ашылған қайнардың суына қант қосып, оны қауым болып ішіседі. Көзі қарақтылар «салдама»

аталатын кітапты оқытып, ақсақалдар бата береді.

Айта берсең, наурыздың жөн-жоралғылары өте көп. Қазақстанның төрт түкпірі түрліше тойлайды. Бірақ, қалай болғанда да, жақсылықтың аты - жақсылық, тойдың аты – той.

Қазақ салты. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан – тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен халық ойындарымен («Айқыш-ұйқыш», «Ақ серек пен көк серек», «Алқа қотан», т.б.), ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күрес, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын.

Наурыздан кейінгі 2-күні жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қарекетімен айналысатын. Наурызды кейінге қалдыра тұратын ауылдардың өзінде де мейрамнан кейінгі 2-күні жаппай егіске кірісетін.

Наурыздың 22 күні Наурыз мейрамы (жаңа жыл) екенін қазақ баласының көбі біледі. Наурыз туралы көптен бері, жыл сайын газеттерде жазылып келеді. Бұл мейрам бүкіл ұлтқа ортақ. Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандағының үстіне оның тарихи маңызының тереңдігі бар. Ызғарлы қыстың кетіп, жан йесі өмір қуатын туғызған жыл, жаздың келетіндігіне барлық жаратылыспен қатар қазақ елі де қуанатын. “Қыс бойы өлімнің есігін күзетіп, үнгірде жатқан кәрі құйрық, мертік-шортықтар да қыбырлап дүниеде бар екендіктерін білгізе бастайтын, аурулар сауығамын деп, аттар тойынамын деп, жалаңаштар киімсіз де күн көремін” дегендей жұрттың бәріне үміт, әркім деп жылы шырай сезіне бастап, «бәріміз де табиғаттың бергеніне ортақпыз» дегендей сағынышты көрісілері, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алатын. «Бүгінгі күні Самарқанның көк тасы да жібіпті» - десіп Наурыз күні бейілін кеңітпеген адамды тастан да қатты қылып шығарғысы келіп, аңыз қылысатын.

Наурыз көже қалай жасалады? Наурыз мерекесі

жақындаған сайын әрбір отбасы Наурыз көже жасауды міндетім деп санайды. Тіпті білмейтін жас жеңгелеріміз үлкен адамдардан ақыл-кеңес сұрап, Наурыз көжеге не қосу керектігін саралап жатады. Осы тұрғыда біз де үлкен әжелеріміздің біразынан Наурыз көжені қалай жасау керектігін сұрап білдік. Ол үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді қоректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып тағы бір қайнатып аласыз. Егер Наурыз көже қоймалжың болып кетсе, оған су қосуға болмайды. Тек айран қосып сұйылтасыз.

Шығыс халықтары үшін жыл қайыру, яғни күнтізбе жасау наурыздан бастау алады. Осы бір күнге үміт артып, «Наурыздың берер несібесі мол» дейтін ырымды берік ұстанған қазақ халқы егемен ел болғалы бұл мерекенің өзіндік салмағын сезіне бастаған сыңайлы. Дәстүрімізді дәріптеп, асыл мұраларымыздың бедерін айшықтауда орны ерекше бұл мерекені қазақ халқы «жақсылықтың бастауы» деп ұғады.

Қазақ халқы Наурыз мерекесін атам заманнан бері Жаңа жыл басы ретінде тойлап келген. Кеңес өкіметі уақытында Мәскеу бізге және де басқа Орталық Азияны мекендейтін түркі халықтарына Наурызды ислам мейрамы деп жалған айтып, ресми түрде оны тойлауға тыйым салып келді. Бірақ халық өз дәстүрін ұмытқан жоқ, сақтап қалды. Ақыры, көпшіліктің талабы мен ұлт намысын қорғайтын азаматтардың іс-әрекеттерінің арқасында ол қайтадан қалпына келді. Сөйтіп, тәуелсіздік тұсында Қазақстан Үкіметі Наурызды ресми түрде мереке деп қайта жариялады.

Наурыз (Ноу – жаңа, руз – күн) деген сөз бізге парсы тілінен енген. Орта Азия халықтары оны мыңдаған жылдар бойы Жаңа жыл басы ретінде тойлап келді. Кейіннен Ислам діні халықтардың бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрпын сыйлап, Наурыз мейрам ретінде қабылдады.

Тарихқа үңілсек, әлемдегі әр халық Жаңа жылдың басын әр уақытта атап өткен. Ежелгі халықтар негізінен Жаңа жылды табиғат жаңаруымен, яғни жер ұйқыдан оянғаннан кейін, көктем келуіне байланысты атаған. Бұл наурыз айына тура келіп отырған. Көне яхудилердің таным-түсінігінде де Жаңа жыл «авив» айы, яғни наурыз айының соңы, сәуірдің басы болатын. Айта берсеңіз, Еуропаны басқарып отырған Рим империясында да жаңа жыл басы наурыз болатын. Тек, Иусус Христос туғанынан бастап есептегенде 45 жылы Рим императоры Юлий Цезарь жыл басын табиғат ерекшелігін, күн мен түннің теңелуін ескермей, оған діни мағына берді. Сөйтіп, Христостың туған күніне жақындатып жыл басын 1 қаңтарға көшірді.

Содан бері христиан мемлекеттері Жаңа жылды 1 қаңтардан бастайды. Америка континентіндегі мемлекеттерде де осылай. Ресейде де Жаңа жылды 1 қаңтардан бастап есептейді. Мұны 1699 ж. орыс патшасы Петр I Голландиядан үйреніп, Ресейде жыл санаудың басын Христос туылғанынан, яғни 1 қаңтардан басталсын деген бұйрықпен кіргізген. Одан бұрын Ресейде Жаңа жылды Орта Азия, Шығыс елдері сияқты табиғаттың жаңарған, қыс маусымының көктемге ауысқан мезгілінде, яғни наурыз айында атап өтетін.

Орта Азия халықтары, көне Персия ғалымдары күн мен түннің теңелетін уақытын, күнін, сағатына, минутына дейін тура астрономиялық дәлдікпен есептеп шығарған. Күн мен түннің теңесуі тура 21 наурызға сәйкес келеді.

Наурыз мерекесі – әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы тойланып келеді. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді.

Бұрынғы қариялар 22 наурызды «Қызылбастың наурызы» дейді екен (Қызылбас – Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы). «Наурыз» сөзі парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы наурыз демей, Амал деген.

Наурыздың дәстүрлі тағамы — «Наурыз көже». Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. 7 санға байланысты әдет-

ғұрыптар бар. Наурыз мерекесін тойлау кезінде, ақсақалға наурыз көжеге толы жеті кесе ұсынылады. Наурыз кезінде әр адам өз үйіне 7 қонақты шақырып, өзі де 7 үйге жолығады. Өзбекстанда «Сумалақ» — наурыз көжеге ұқсас тағам дәстүрлі болып саналады. Ол да жеті азықтық заттан әзірленеді.

Наурыз мерекесі 18 ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген дерек бар. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі.

Наурызды тойлау тарихы Ұлы Абай өзінің «Біраз сөзі қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибиғи», «хұзағи» деп аталатын көне заманына ұштастырады. Парсының «нау» сөзі әр түрлі өзгерістерге ұшырағанымен, сол мағынада көп халықтың тілінде сақталып қалған.

Наурыз мейрамы – діни мереке емес. Бұл – қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады. Қазақ халқы бұл күні дүниеге келген қыз балаларға Наурыз, Наурызгүл, Наурызжан, ер балаларға Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан деген есім берген.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес, 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді. Ал 2009 жылдың 30 қыркүйегінде UNESCO Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Байпаков К.М., Шарденова З.Ж., Перегудова С.Я.
Раннесредневековая архитектура Семиречья. - Алматы: Наука, 2001. – С.238.
- Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 208 б.

- Бартольд В.В. Отчет по истории Семиречья. – Астана: Свободное общество, 2005. – С.275
- Грубер Р. И. Всеобщая история музыки. – М.: Музыка, 1965. –С.477.
- Грюнебаум Г.Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры. – М.: Наука, 1981. – С.227.
- Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу. – Алматы: Балауса, 1992. – 448 б.
- Гумилев Л.Н. Хунну. Хунны в Китае. - М.: Айрис- Пресс, 2003. – С.624.
- Даркевич В.П. Аргонавты средневековья. – М.: Наука, 1976. –С.200.
- Даркевич В.П. Византия и Восток // Советская археология. – 1991. – № 3. – С. 69-83.
- Дербісәліев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. - 240 б.
- Диль Ш. Основные проблемы византийской истории. – М.-Л.: Гос. изд. ин. лит. Тип «Красный пролетарий», 1947. – С.181
- Есімов Қ. Ұлттық ойлау мәдениеті және исламдық өркениет. - Алматы, 2001. – 64 б.
- Жәнібеков Ә. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992. – 192 б.
- Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат ит-турк). - Алматы: Ана тілі, 1993. - 173 б.
- Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 400 б.
- Лубо-Лесниченко Е.И., Шафранская Т.К. Великий Шелковый путь. – М.: Наука, 1982. – С. 64.
- Мец Адам. Мусульманский Ренессанс. – М.: Наука, 1966. – С. 458.
- Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам. - Алматы: ҚазМӨ ҒЗИ, 2002. – 208 б.
- Нысанбаев Ә. Н. Әл-Фараби түркі, қазақ, иран мәдениеттерінің қосушы буыны ретінде // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. - 16 т. – 126-139 б.
- Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. - 168 б.
- После Марко Поло. Путешествие западных чужеземцев в страны трех Индии/ Перевод с латинского. - М.: Наука, 1968. – С.237.

- Потанин Г.Н. Тангуто-тибетские окраины Китая и Центральная Монголия. – М.: Госиздат, 1950. – С. 652.
- Старостин Б.А. Византийская наука в контексте средневековой культуры // Античность и Византия. – М.: Наука, 1975. – С. 386-397.
- Фролов Д.В. Предисловие // Основные черты арабо-мусульманской культуры. – М.: Наука, 1981. – С.3-10.
- Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1988. - 1 т. - 188 б.
- Чалоян В.К. Восток-Запад: Преемственность в философии античного и средневекового общества. – М.: Наука, 1968. – С.223.
- Шефер А. Золотые персики Самарканда. – М.: Наука, 1981. –С. 808.

IV ТАРАУ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЕЛДЕРДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ МӘДЕНИЕТІ

Материалдық емес мәдениеттің алмасуы қазіргі заманғы мәдениеттерге әсер етуді жалғастыруда және осы ежелгі сауда жолдары бойындағы ғасырлар бойы сауда мен өзара әрекеттесу арқылы қалыптасқан ортақ адамзат мұрасының куәсі болып табылады.

Ұзақ уақыт бойы Қиыр Шығыс елдерінің өнері ежелгі және ортағасырлық әлемнің басқа аймақтарынан оқшауланған түрде

толығымен дамыды деп есептелді. Соңғы зерттеулер бұл аймақтың көрші елдермен бұрыннан және ұзақ мерзімді байланыста болғанын көрсетті. Қиыр Шығыс өнерінің келбеті мен бағытын анықтаған ең көне мәдениет Қытай болды. Ғасырлар бойы басқа мемлекеттердің назарын аударды. Қытай өзінің мәдени тәжірибесін Жапонияға, Кореяға, Моңғолияға және Шығыс Азия елдеріне бере алды. Бұл, ең алдымен, тіл және иероглифтік жазу, конфуцийлік этика мен мораль негіздері, буддалық идеологияның жергілікті ерекшеліктері. Қиыр Шығыс өнерін дәстүрлі деп атауға болады. Өнер канонында көрініс тапқан көне үлгіні ұстану өнер қызметінің барлық саласына тән.

Қытай өнері дінмен тығыз байланысты. Қытайлардың мифологиялық идеялары әртүрлі діни тәжірибелердің араласуын анықтайды. Олардың нанымдары әлі күнге дейін ежелгі культтер, конфуцийшілдік, даосизм және буддизм элементтерін біріктіреді. Ежелгі Қытай өнерінің тілі өте символикалық, өйткені ол қытайлықтардың ғалам моделі туралы негізгі идеяларын жеткізеді, сондықтан кез келген көркем нысан әлем туралы, ғарыш және оның құрылымы туралы қасиетті білімдер жиынтығы ретінде қабылданады. Ғаламның үйлесімділігі екі ұлы күштің шығармашылық әрекеттесуімен анықталды: Инь (пассивті, қараңғы, теріс принцип, жер, жұп сан, шаршы, екіге бөлінген үш көлденең сызықтың графикалық триграмма белгісі) және Ян (белсенді, жеңіл), оң принцип, Ұлы Аспан, тақ сан, шеңбер, үш бүтін жолдың триграмма белгісі). Осылайша, шеңбер мен шаршының нысан немесе оның ою-өрнегі түрінде үйлесуі Космосты тудырады. Инь-Ян идеясын білдіретін геометриялық фигуралардың үйлесімі ежелгі қола айнадағы өрнектерде, Бейжіңдегі шаршы Жер құрбаңдық үстелі және дөңгелек аспан храмы сияқты діни ғимараттардың макетінде, тіпті бүкіл сәулет ансамбльдерінде кездеседі. Ертедегі егіншілік өркениеттеріне тән дуалистік дүниетанымнан бастау алатын мұндай әмбебап таңбалар жүйесі әйелдің жеміс беретін және ерлердің өмір сүру принциптеріне табынатын табиғаттың шексіз айналымы, жыл

мезгілдерінің ауысуы идеялары ежелгі дәуірде Қытайда пайда болды.

Табиғат объектілерін – тауларды, өзендерді, көлдерді, ағаштарды ежелгі қастерлеумен байланысты қытайлардың пантеистік көзқарастары табиғатқа деген дәстүрлі көзқарастың негізін құрады. Адам осы дүниенің бір бөлшегі, сондықтан ол табиғатты рухани, этикалық және эстетикалық мұра ретінде қастерлей отырып, онымен үйлесімді өмір сүруі керек болды.

Табиғат циклі бес элементтің – су, ағаш, от, металл және жердің алмасып тұруының нәтижесі болып көрінді олардың әрқайсысы әлемнің белгілі бір жағына, жыл мезгіліне, түс пен жануарға сәйкес келді. Батыс пен Шығысты бейнелейтін жолбарыс пен айдаһардың бейнелері біздің дәуіріміздің бірінші ғасырларындағы жерлеу құрылыстарының түпкі нүктелері мен рельефтеріне қатаң түрде бағытталған. Өнердегі зооморфтық мотивтер киелі жануарларды қастерлеумен, тотемдік идеялармен байланысты. Жануарлар ата-бабалар рухы болып саналды, кейінірек олар бүкіл әлем туатын бес негізгі элемент туралы ежелгі натурфилософиялық тұжырымдамамен байланысты болды. Ол уақыт (төрт жыл мезгілі), кеңістік (кардиналды бағыттар) туралы идеялармен сәйкес келеді: орталық - жер - айдаһар - жылдық цикл; солтүстік – су – тасбақа – қыс; оңтүстік – от – құс – жаз; шығыс - ағаш - айдаһар - көктем; батыс – металл – жолбарыс – күз. Бұл күрделі космогония Қытайдағы ежелгі және ортағасырлық өнердің негізі болып табылады, ол тек бейнелерде ғана емес, сонымен қатар ансамбльдердің макетінде және композициясында көрсетілген (Солодовникова, 2023: 5).

Ұлы Жібек жолы өткен ірі қалалардың бірі – Талғар болды. Археологиялық институттың экспедициясы нәтижесінде 1979 жылдан бастан Ә.Марғұлан Талғар қалашығына қазба жұмыстарын жүргізді. Қалалық тұрғын үйлердің сипаты жасалды, балшықтан жасалған шамдар, киіз үй қалдықтары табылды. Бұл өңірде ұсталық, шыны жасау, сүйек ою, металл өңдеу, егістік құралдарын жасау қарқынды дамыған. Талғар Батыс пен Шығысты байланыстыратын керуен жолдарының торабында орналасқан.

Сонымен қатар тұрғындардың өмірінде, жерлеу рәсімдерінде, тұрмысында шаманизм, мәдениетке байланысты көптеген пұтқа табынушылық белгілері, аспан мен жануарлар культі «тотемизм» әлі де сақталған. Мысалы, Алтай және Сібірдегі кей түркі тілдес тайпаларда итті тауда немесе таза жерде жерлеу ғұрпы болған (Байпаков, 1998: 159).

Тотемизм – белгілі бір жануарлардың, өсімдіктердің немесе заттардың рухани мағынасы мен символдық маңыздылығына деген сенім. Ұлы Жібек жолы бойындағы аймақтардың өз наным-сенімдері мен тәжірибелері болды. Жібек жолының кейбір мәдениеттерінде тотем элементтері былай көрініс табады:

Буддистік иконография. Буддистік өнер мен иконографияда жануарлар мен мифтік жаратылыстар көбінесе символдық мағынаға ие болды. Мысалы, арыстан, піл және тауыс әдетте Будда ілімдерінің әртүрлі қасиеттері мен аспектілерін бейнелеу үшін рәміздер ретінде пайдаланылды. Бұл рәміздер қатаң тотемиялық болмаса да, олар буддистік діни өнерде маңызды рөл атқарды.

Қытай жұлдыз жорамалы. Ұлы Жібек жолының Орталық бөлігінде кең тараған. Жануарлардың он екі белгісі бар Қытай жұлдыз жорамал-жеке адамдарға, олардың туған жылына байланысты сипаттамалар мен атрибуттарды тағайындайтын астрологиялық сенімнің бір түрі. Жануарлардың бұл белгілері дәстүрлі тотемизм болмаса да, олар қытай мәдениетінде ерекше маңызға ие және тотемдік нанымдар сияқты өмірлік шешімдерге әсер етуі мүмкін.

Парсы және Орта Азия кілемдеріндегі жануарлардың символикасы. Ұлы Жібек жолы бойындағы парсы және Орталық Азия аймақтардағы кілемдер мен тоқыма бұйымдарында жануарлар мен өсімдіктер жиі бейнеленген және бұл суреттердің кейбірі символдық немесе қорғаныс мағынасына ие болуы мүмкін. Мысалы, кілемдердегі арыстандар немесе айдаһарлар сияқты жануарларды бейнелеу билікті, қорғауды немесе сәттілікті білдіруі мүмкін.

Шамандық тәжірибелер. Ұлы Жібек жолы бойындағы кейбір Орталық Азия және Сібір қауымдастықтарының арасында

шамандық дәстүрлер көбінесе рухтармен, соның ішінде жануарлармен немесе табиғи элементтермен байланысты болды

Қазақстандағы тотемизм белгілі бір жануарларды, өсімдіктерді немесе табиғи элементтерді қасиетті және символдық ретінде құрметтеуге бағытталған нанымдар жүйесі мен тәжірибелер жиынтығы. Тотемизм Қазақстанда кейбір байырғы мәдениеттердегідей байқалмаса да, жақсы құжатталмаса да, ол кейбір қазақ қауымдастықтарының рухани және мәдени мұраларында белгілі бір рөл атқарды.

Жібек жолы адамзатқа жаһандану дәуірінен бұрын осы үдеріске көз тастау мүмкіндігін ұсынды. Бұл жол экономикалық тұрғыдан қаншалықты маңызды болса, үн қатысу жағынан да соншалықты маңызға ие болды. Қазіргі кездегі табысты үн қатысу және интеграция жоспарлары да қоғамдар мен адамдар арасындағы шекараны жою, басқа мәдениеттердің ықпалында қалуды болдырмау негізінде жасалады. Осы орайда, интеграция жобасы деп те атауға боларлық түркі әлемі де Азия және Еуропа кеңістігі үшін маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн.

4.1 Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардағы от культі

Киелі ағаш, Құрбандық үстелі, ошақ, от – адамды Аспанмен және Жаратушымен байланыстырушылар деген сенім Жібек жолында орналасқан халықтарда көрініс табады. Мәселен сақ және үйсін тайпалары адамдар мен таулардың шыңдарында өмір сүрген жоғары құдайлар арасындағы ғарыштық байланыстың бірегей арналары бар деп сенген. Әмбебап символдық кешеннің ең көп таралған нұсқаларының бірі – Дүниежүзілік ағаш. Ол әлемнің кеңістіктік құрылымын бейнелейді. Дүниежүзілік ағаш идеясы мен ғарыш байланысын мына тұстан көреміз: үштік тік бөлу негізінде ғарыш жер асты әлемінен – судан; ортасы – жер; үстіңгі әлем – аспаннан тұрды. Ғарыштың көлденең төрттік бөлінісі бойынша: оң, сол, алдыңғы, артқы; Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс, Батыс; Төрт құдай; төрт мифологиялық қаһарман деп бөлінген.

Дүниежүзілік ағаштың бұл түсіндірмесі Еуразияның әртүрлі халықтары арасында мәтіндік және символдық өрнекте болған. Көптеген бұйымдардың бейнелері мен ежелгі өнердің нышандары Дүниежүзілік ағаштың бейнесін жаңғыртады. Дүниежүзілік ағаш идеясының және ғарыш идеясының жарқын мысалы – Есік қорғанындағы «алтын адамның» костюмі.

Орталық Азияда отты қастерлеу ертеден келе жатыр. Аңыздарға қарағанда, оттың сырын бірінші болып мифтік патша Хушан білген. Ол тұтатқан оттың жалынынан қараңғылық нұрланды. Хушан отты «Фуруги озоди», «Алланың сыйы» т.б. деп атап, адамдардың отқа табынуын талап етті. Кейбір зерттеушілер бұл аңыз біздің дәуірімізге дейінгі V-VII мыңжылдықтарға сәйкес келеді деп есептейді. Басқа аңыздар бойынша отты жұмақтан ирандықтардың алғашқы пайғамбарларының бірі күн сәулесінен жағылған құрбандық үстелінде әкелген. Дакикидің айтуынша, бұл – Густапс. Сондықтан ежелгі ирандықтар отпен бірге оның символы – Күнді де қастерлеген.

Орталық Азияда отқа табыну біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдықтарға жатады. Сарамда соңғы неолит пен халколит дәуіріндегі ерте егіншілік қонысында шашыраңқы сәулелері бар күн шеңберіне еліктейтін өрт құрбандық орны қазылды. Мұндай кешен Оңтүстік Түрікменстандағы Алтынтепе мен Ерқорғанда ашылды. Орталық Соғдының ертедегі ғибадатханаларының ішінен Самарқандтың батысындағы Орлат ауылындағы Қорғантепенің кейінгі антиквариат жерінен табылған ғибадатхананың қалдықтарын көруге болады.

Жібек жолы отты храмдардың дамуына үлкен серпін берді. V-VII ғасырларда олар Жібек жолы бойындағы барлық қалалар мен ірі елді мекендерде болды. Археолог, тарих ғылымдарының докторы, академик Б.Г.Гафуров атындағы Худжанд мемлекеттік университетінің профессоры А.К.Мирбабаев осы кезеңдегі храмдарды шартты түрде үш түрге бөлінеді:

1. Қалалық;
2. Үй капеллалары;
3. Жол жиегіндегі;

Жол бойындағы өрт ғибадатханалар ұзын әрі балама айналма дәлізі бар болғандықтан оларды «чартак» деп атаған. Бұл ғибадатхананың орналасуы Уструшана және Чач жол бойындағы храмдарға тән болды. Тәжікстан Республикасының Наусский (қазіргі Спитамен ауданы) облысындағы осы аттас ауылда қазылған Ақтепаның От ғибадатханасы орталықтандырылған макетке ие болды. «Чартак» орталық бөлмесі ені мен ұзындығы бойынша бірдей дерлік айналма дәліздермен біріктірілген. Ескерткіш VII ғасырға жатады. (Пулатов, 1977: 86)

Ташкенттегі Ақтепа Юнусабад ескерткішінде де осындай макеттегі ғибадатхана қазылған (Филинович, 1989: 42). Шірін-І қалашығының цитадельінде А.Қ. Мирбабаев капелла типтес үй отты ғибадатхананы қазды. Ол құрбандық үстелінен және көптеген ат тәрізді ошақтардан тұрды, олардың да культтік маңызы бар (Мирбабаев, 1995: 45). Құрбандық үстелінің оттық қорабына тұрақты ауа кіруі үшін өлшемі 28х30 см болатын ауа өткізгіші төселді. Ауа арнасы цитадельдің қорғаныс қабырғасының корпусында жасалған.

Зороастризм шеңберінде қолданылатын от культі Ұлы Жібек жолы бойындағы діни және мәдени әртүрліліктің дәлелі болып табылады. Бұл аймақтағы әртүрлі мәдениеттер мен діндердің дамуына әсер ететін осы сауда жолдары бойында идеялар мен нанымдардың қалай алмасқаны туралы. Зороастризм ең көне әлемдік діндердің бірі. Оның ғұрыптық тәжірибесі ғаламның төрт элементін: суды, отты, жерді және ауаны қастерлеумен сипатталады. Айта кету керек, Орта Азия мен Қазақстанда зороастризмнің канондық діннен өзгеше ерекше нұсқасы дамыған. Ол жергілікті пұтқа табынушылық культтермен – от, ру, ата культімен және жануарлар қошқар, жылқы, түйемен тығыз байланысты болды. Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерінде жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесінде зороастризмді сипаттайтын олжалар жиынтығы анықталды. Бұл діннің белгілерін сәулет және өнер ескерткіштерінен, діни үй-жайлардың ішкі безендірілуінен, салт-жораларда қолданылатын атрибуттардан байқауға болады. Бейнелеу өнері

ескерткіштеріндегі бейнелердің арқасында құдайлармен танысуға, олардың иконографиясын анықтауға болады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы кей қалаларда зороастризм дінінің Қазақстанның орта ғасырлық қалалары мен Иран жерінде біздің дәуірімізге дейінгі VІІ- VІ ғасырларда кең таралғаны хақ. Зороастризмнің бұл элементтерін ескі Қостөбе, Қызылөзен (Красная речка) қалаларынан табылған оттың жалынына ұқсас күмбезді мұнара қалдықтарынан және Орта Азия, Соғды, Сырдария қалалары мен Жетісу аңғарларынан табылған от шамдардан көруге болады. Басқа аймақтарға қарағанда Қазақстанда зороастризмнің ерекше түрі кең тараған. Ол жергілікті пұтқа табынушылықпен, отқа, ата-баба әруағына, төрт түлік мал қой, жылқы, түйе тәрізді жануарларға табынушылықпен енді. Бұл бағыт Қазақстан аумағына VІ-VІІ ғасырларда соғдылар арқылы енсе, ал Оңтүстік Қазақстанға бұдан да бұрын сақ, массагет тайпалары кезінде қалыптасқан (Затов, 2005: 266-321).

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі отқа табыну идеясы Орталық Азияда кең таралуын М.С. Орынбеков былай түсіндіреді: «Қайтыс болған адамның жаны қайтып келмес үшін мүрдені өртеп жіберу де осыдан келіп шыққан. Бұл ағым дами келе отқа табынуға әкелді. Мазарлардағы қызыл бояу да осымен байланысты. Сол кезеңде күн – барлығын жалмаушы от ретінде басты құдірет болуына сәйкес, көкті көктей шабатын аспан атына табыну қалыптасты. Жоғарыда сақ тайпалары үшін аттың тарихи маңызын атап өткен едік. Ол малшылық пен көшпеліліктегі басты орынды иеленген еді. Бұл атты да құдірет күштерінің қатарына қосу арқылы көрініс тапты. Негізінен күн мен отқа табыну шығыс халықтарының көне ұғымы болды. Мифологияның жойыла бастауына сай оның орнына тұрақтылық пен нақтылық жайындағы ойлар, біз тіршілік етіп отырған ортадағы әртүрлі табиғат күштерінің – судың, жердің, от пен ауаның бізге тигізетін әсері жайлы ойлар басым. Парсы тұқымынан тараған сақ тайпалары үшін басты ұғым от болды (Орынбеков, 1996: 21 б.).

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Жетісу, Іле алқабы, Ыстықкөл ойпаты, Шу, Талас өңірлерінің

аңғарларында, Сібір, Памир, Ферғанада шамдар мен құрбандық үстелдері табылған. 1947 жылы Ыстықкөл маңындағы Семеновское жерінен екі құрбандық үстелі, екі шам табылды. Сақтар мен үйсіндер арасында, Жетісуда «от» культтінің қызметі зор болған. Қазақтар мен қырғыздарда отқа табынудың кейбір дәстүрлері осы уақытқа дейін сақталған.

Көбінесе зороастризммен және отты қасиетті элемент ретінде құрметтеумен байланысты өртке табынудың Қазақстанда, әсіресе кейбір қазақ қауымдастықтары арасында тарихи маңызы бар. Қазақстандағы негізгі дін ислам болса да, көптеген қазақтар исламды ұстанса да, отқа табыну элементтері бар, олар сақталған және жергілікті мәдениет пен дәстүрге әсер еткен. Міне, Қазақстандағы от культінің кейбір аспектілері:

1. Тарихи қатысу. Қазақстан, әсіресе оның оңтүстік және батыс аймақтарында, зороастризм мен отқа табынудың ықпалында болды. Бұл әсерді ежелгі дәуірден бастап, бұл территориялар Парсы империясының құрамында болған, кейінірек Ұлы Жібек жолының сауда жолдары әсер еткен кезден бастап байқауға болады.

2. Қасиетті оттар. Кейбір қазақ қауымдастықтары көбінесе дәстүрлі тәжірибелер мен рәсімдер контекстінде қасиетті оттарды немесе ошақтарды тарихи түрде қолдады. Бұл өрттер үй шаруашылығын қорғауға, малдың әл-ауқатына және табиғат әлемімен рухани байланысқа байланысты болуы мүмкін.

3. Наурыз көктемгі күн мен түннің теңелу күнінде атап өтілетін Парсы жаңа жылының Қазақстанда ұзақ тарихы бар. Ол өмірдің жаңаруын және жарықтың қараңғылықты жеңуін бейнелейтін мереке аясында от жағуды қамтиды.

4. Символдық от. От көбінесе қазақ мәдениетінде тазалықты, ағартушылықты және қорғауды білдіру үшін символдық түрде қолданылады. Мұны ерекше жағдайларда шам немесе май шамдарын жағу сияқты әртүрлі рәсімдерде көруге болады.

5. Шамандық тәжірибелер. Қазақстанның кейбір өңірлерінде, әсіресе көшпелі қазақ қауымдастықтары арасында шамандық тәжірибелер отқа табыну элементтерін қамтиды.

"Бакси" немесе "бакс" деп аталатын бақсылар өздерінің рәсімдерінде отты рухтар әлемімен байланыс құралы ретінде қолдана алады.

6. От фестивалі. Қазақстанның кейбір аудандарында жергілікті мәдени дәстүрлердің бір бөлігі ретінде от фестивалі мен мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Бұл фестивальдерге көбінесе билеу, ән айту және от жағу кіреді, бұл қоғамдастықтың бірлігі мен тазаруын білдіреді.

7. Жібек жолының әсері. Қазақстан арқылы өткен Жібек жолы идеялармен, нанымдармен және мәдениеттермен алмасуға ықпал етті. Зороастризмнің элементтері, соның ішінде отқа табыну, осы мәдени алмасу нәтижесінде жергілікті дәстүрлерге енгізілген немесе біріктірілген болуы мүмкін.

От культі мен онымен байланысты тәжірибелердің Қазақстанда тарихи және мәдени маңызы бар болғанымен, олар басқа діни және мәдени нанымдармен, ең алдымен исламмен қатар өмір сүретінін атап өту маңызды. Отқа табыну дәрежесі және оның нақты рәсімдері Қазақстанның әртүрлі аймақтары мен қауымдастықтарында әр түрлі болуы мүмкін. Бұл тәжірибелер ғасырлар бойы әртүрлі тарихи және діни дәстүрлер әсер еткен Қазақстанның мәдени мұрасының алуан түрлілігі мен күрделілігін көрсетеді.

От пен ошақ культі күні бүгінге дейін сақталып қалды. Қазақтар отты «әулие» (қасиетті), «ана» деп атайды. Неке қию рәсімінде де от жағылады. Киіз үйге кіргенде келін ошақтың алдына тізерлеп отырады, отқа май құйылады. Бала туғанда отқа да құрбандық шалатын. Қазақ оттың қаһарынан қорыққандықтан, отпен ант берген.

4.2 Аспан денелері және Ұлы Жібек жолы

Түркітануда ономастиканың басқа салаларына қарағанда космонимика мәселелері әлі күнге дейін кең көлемде зерттелмеген. Түркі тілдеріндегі космонимдерге арналған мақалалар 60-жылдардың соңынан бергі кезеңдерде жарық көре

бастады. Атап айтқанда, В.И. Никонов, Ю. Немет, М.Н. Юхма және т.б. космонимдерді зерттеп, олардың аталу уәжін, лексикасемантикалық құрамын, қызметін анықтаған ғалымдар да баршылық. Мәселен, Ресей ғалымы А.В. Суперанская космонимдердің жалпы теориясына тоқталса, татар ғалымы Р.Ә. Авакова, Ж.Г. Нукежанова това түркі космонимдерінің қыр-сырын ашуға талпынған. Исқақов М.Ө. «Халық календары» атты еңбегінде жалпы космонимдердің шығу төркінін анықтаған. Ал Аронов қазақ тіліндегі аспан денелері атауларына кешенді зерттеу жүргізген. Космонимдер мәселесін профессор Т. Жанұзақов қарастырып, лексикасемантикалық ерекшеліктерін талдаған. Терминология мәселесіне көңіл бөлініп атаулардың грек-латын атауынан басқа әр халықтың өз халықтық ұғымы, атауы болатыны жөнінде К. Жүністеги қарастырған.

Космонимдер тілдің ең көне қабаттарын қамтиды. Сондықтан тілімізде жалпы немесе көпшілік түркі тілдеріне ортақ космонимдердің болуы – заңды құбылыс. Себебі уақыт өтіп, қоғам дамығанымен туыс тілдер бұрынғы ортақ тілдік байлықты белгілі бір мөлшерде сақтап қалып отырады. Бұған қазақ тіліндегі кейбір халықтық космонимдер мысал бола алады. Сонымен жалпы немесе көпшілік түркі тілдеріне ортақ космонимдер қатарына тіліміздегі мына халықтық космонимдерді атауымызға болады: Ай, Күн, жұлдыз, Темірқазық, Алтынқазық, Үркер, Мешін, Шолпан, құйрықты жұлдыз, аққан жұлдыз, Құсжолы, Жетіген т.б. Тіл білімінде кейбір ғалымдар аспан шырақтары атауларын космонимдер немесе астронимдер деп, соған сәйкес бұларды зерттейтін ғылымды космонимика немесе астронимика деген терминдермен атайды. Атап айтқанда, Н.В. Подольская астронимдер деп жұлдыздар, планеталар, кометалар және астероидтер атауларын көрсетеді де, ол космонимдер ретінде шоқжұлдыздар, галактикалар, космостық кеңістік аймақтары атауларын атайды (Подольская, 1978: 39-68).

Алайда көпшілік зерттеушілер бұлайша жіктеуді қолдамайды, сондықтан өз еңбектерінде аспан шырағы атауына бір ғана терминді (космонимді немесе астронимді) қолданады.

Мәселен, В.Д. Бондалетов бұл мәселе жөнінде өз тұжырымын былайша анық көрсетеді: «Біз космоним, космонимия терминдерін нүктелі, аймақтық космос объектері атауларын анықтау үшін қолданамыз, космонимика – осы атаулардың ғылымы» (Бондалетов, 1983: 199).

Күн – өзіне тоғыз ғаламшарды бағындырып тұрған алып жұлдыздың атауы. Кейбір басқа аспан шырақтарындай Күн жұлдызының тілімізде өзге атауы жоқ. Дегенмен тіліміздегі Күн космонимін әртүрлі фонетикалық варианттармен өзге туыс түркі тілдерінің барлығында дерлік болуы – бұл сөздің жалпытүркілік лексикаға кіретіндігін дәлелдейді. Ал «Құтадғұ білікте» аталмыш аспан шырағының Йашық (Древнетюркский словарь: 1969: 246) деген атауы бар. Алайда бұл көне космоним түркі тілдерінің ешқайсысынан ұшыраспайды. Күн космонимі түркі тілдерінде әр тілдің ерекшелігіне қарай фонетикалық аздаған өзгерістерге түскен. Атап айтқанда, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, қарайым, қарашай-балқар, алтай, хакас, якут тілдерінде Күн деп аталады. Ал аталмыш космоним түрікмен, түрік, әзірбайжан, гагауыз, құмық тілдерінде Гүн немесе Гүнеш деп аталады. Соңғы тұлғаға жақын атауды Кунәш (Древнетюркский словарь, 1969: 327) көне түркі тілдерінен кездестіреміз. Күн космонимінің өзгешелеу тұлғаларын бірқатар түркі тілдерінен ұшыратамыз.

Түріктердің ең үлкен құдайы Тәңірі – Көк, аспан құдайы болды. Күн мен ай, жұлдыздар да сол Көк тәңірінің ең жақын көмекшілері, жер құдайы, табиғат, жаратылыс иесі – Алтай, Йер-суб болады деп, оған да құрмет көрсетілді. Жыл 75 сайын 5 айдың орта шенінде ру-ұлыс адамдары жиылып аспан рухтарының құрметіне құрбан шалып, жалынып, жалбарынды. Ертеде Саян тауын мекендеген угралардың туысы нгасандарда да күнге табыну бертінге дейін сақталған. Олардың түсінігінше, көк аспан ең үлкен құдай, күн қызметшісі, күн сәулесі – сансыз жіп, әлемдегі өсімдіктерді қоректендіріп, оны аспан құдайымен байланыстырып тұрады-мыс. Ертедегі түркілердің Көк тәңірі, күн туралы ұғым нанымдарды басқа да халықтардың нанымдарына ұқсас болған, осы да Ұлы Жібек жолы мәдениетінде өз жалғасын табады.

Қазақстанның оңтүстігіндегі табылған тастағы суреттерге қарап аңшы-малшылардың Күн, Ай секілді аспан денелерін пір тұтқанын көреміз. Бірақ уақыт өте құдайлар жайлы пікір ауысты. Мұны құдайлардың сыртқы сипатынан байқауға болады. Бастапқыда шеңбер түрінде кездескен бейнелер уақыт өте келе адам тұрпатына айналды, яғни басы аспан, ал өзге мүшесі адам денесіне ұқсас болды (Сәбетқазы, 2011: 200).

Күн ұғымымен байланысты Ұлы Жібек жолы бойындағы географиялық атаулар көбінесе сауда жолдары өткен аймақтардағы күннің мәдени маңыздылығын көрсетеді. Мұнда бірнеше мысалдар келтірілген:

Ұлы Жібек жолындағы ежелгі қала Самарқанд тарихи түрде «Мараканда» және «Афрасиаб» деп аталды. Бұл атау ежелгі парсы тілінен шыққан және күн құдайымен немесе күнмен байланысты символизммен байланысты болуы мүмкін.

Сурияпура (Мултан), Пәкістан: Инд өзеніндегі маңызды қала Мултан тарихи түрде Сурияпура деп аталды, бұл санскритте «күн қаласы» дегенді білдіреді. Суриякунда, Үндістан: Суриякунда – Үндістандағы жердің атауы, ол «күн бассейні» дегенді білдіреді. Бұл индуизм мифологиясымен және күнмен байланысты рәсімдермен байланысты.

Орталық Азия топонимикасы еліміздің кез келген басқа аймақтардағы топонимдер секілді тарихтағы белгілі бір оқиғасымен байланысты болады. Көптілді халықтар мен тайпалардың қайта-қайта қоныс аударуы көпқабатты географиялық атауларды айқындап берді. Олардан ең көне қабаттарды бөліп алып зерттеу өлкенің тарихына, этнографиясына, географиясына көптеген құнды мәліметтер береді. Тарихи-лингвистикалық, тарихи-географиялық әдістерді пайдалана отырып, географиялық атаулардың қалыптасу тарихын, олардың құрылымын, сөздік құрамын, этимологиясын белгілеуге болады.

Орта Азиядағы топонимиканың көне қабаттарының бірі – «қат», «қад», «кент», «канд», «жанд» (Паркат, Заркат, Ташкент, Панжикент, Бешкент) топонимикалық жұрнақтары бар қала

атауларынан тұрады. Самарканд, Күканд, Вабканд, Пайканд, Хожанд, т.б. топонимдер құрамындағы топоформанттардың ең көнелері «кат>кад» екені даусыз. 9-10 ғасырлардағы жазба деректерде «қат» және «қад» жұрнақтарымен тіркескен қала, ауыл атауларын көптеп кездестіреміз. Мұндай атаулар В.В.Бартольд атап өткендей, Орталық Азияның оңтүстік аймақтарында, өзен алабында кездеспейді.

Біз негізге алған «ҚУҚАНД» және «ХУЖАНД» топонимдерінің этимологиясы көптеген ғасырлар бойы қатты өзгерген, сол себепті олардың этимологиясы әрқашан пікірталас тудырды. Екі топонимде де «қу» және «ху» компоненттері сөз тудырушы қосымшалар, «қанд» және «жанд» субстраттары қызметін атқарады. 10 ғасырдағы жазба деректерде. «Кувканд» — Ферғана алқабының сол жағалауындағы көне қалалардың бірі — «Хуканд», «Хуваканд» және «Хувоканд» түрінде кездеседі. Сол жақтағы тағы бір көне қала — Сыр өңірі «Хужанд» түрінде суреттелген. Бірінші және екінші құрамдас бөліктерде де жеке әріптердің ауысу заңдылықтарын ескеретін болсақ, бұл екі географиялық атаулардың екі компоненті де сөзжасамдық «ху» қосымшасынан («хва») құралған біртұтас бастапқы формаға қайтады.

Ежелгі үнді-иран тілдеріндегі сөздердің морфологиялық құрылымын зерттеген Л.Г.Герценберг бойынша. «Хван»//Xvan-«күн» сөзі топоформант қызметін атқарады деп топшылады. Жалпы мағанасы «күн қала» болуы ықтимал.

4.3 Жануарлар дүниесі және Ұлы Жібек жолы

Адам баласы ерте заманнан бері табиғатпен, қоршаған ортамен байланыста болған. Оған дәлел Көне Алматыдағы табыну орнының табылуы, «аң стиліне» қатысты кескіндемелер, Жетісу, Есік, Таулы Алтай өңірлерінен табылған тәждер, т.б. Еуропа мен

Азияда кең тараған, грек халқының наным-сенімдерінің бірі, құдайана Диониске табыну Қарғалы диодемасында бейнеленген. Бұл диодемада дүниенің үш саласы бейнеленеді. Біріншісі, жерасты тіршілігі. Екіншісі, адамдар мен жануарлар өмір сүретін жер бетіндегі тіршілік. Үшінші, құдайлар мен құстар мекені – аспан тіршілігі. Мұндай күрделенген мифологиялық образдың Қазақстан өңіріне, атап айтқанда Жетісу, Алматы маңындағы көшпелілер идеологиясына енуіне Ұлы Жібек жолы бойындағы байланыстар өз әсерін тигізді (Байпақов & Нұржанов, 2005: 182).

Осы тұста құрбандық үстелі, ошақ, от, шамдарға артықшылық беру керек, өйткені олардың әрқайсысы даралық белгісімен белгіленген. Бірінші шам – конустық тірекке орнатылған тік жақтары бар төртбұрышты науа. Науаның төрт бұрышында жыртқыш мысықтар бейнеленген. Бұл шамдар Шыңжаңда (ҚХР) табылды. Бұл шамдардың Жетісудан табылған шамдардан айырмашылығы қанатты жыртқыштардың саны мен орналасуында. Екі шамдағы жыртқыштар аңдар: жолбарыстар мен қабыландар. Жетісу өлкесі мен Шығыс Түркістан фаунасының өкілдері тау бөктерлері мен өзен аңғарларын мекендеген. Бұл жануарлардың бейнелері Еуразия халықтарының өнеріне, фольклорына және мифологиясына тән. Жануарлар қамқоршы қызметін атқарды және кеңістікті, сақтар әлемін жан-жақтан қорғады. Жолбарыстың (және жыртқыштардың) бейнесі негізінен космогониялық сипатта болғаны белгілі, ол ғарыш шекарасын қорғады. Қала қақпалары мен будда монастырларының бұрыштарында екі-төрт жолбарыс, барыс, арыстан бейнеленген.

Сурдарияның орта ғасырлардағы қалаларын, атап айтқанда, жиырма жылдай уақыт бойы зерттеулер жүргізіліп жатқан Отырарды қазу жұмыстары кезінде шетелдік заттар табылды. Атап айтқанда, шиыршық атып жатқан жолбарыс немесе барыс бедерленіп бейнеленген нефрит қапсырма. Қапсырманың көлемі диаметрінде 3,2 – 3,5 см, оның бейнелерінде бекітуге арналған құлақшалар бар. Бейненің иконографиясы оның Қытайда шығарылғанын дәлелдейді. Жыртқыш мүсінін көрсету дәстүрлі аспан аждаһалары «лун» және аждаһа сияқты «ақ жолбарыстар –

байху» бейнелеріне өте ұқсас. Мұндай «жолбарысты қапсырма» – регалиялардың ертедегі үлгілері Чжоу дәуірінің Чжанго кезеңіне жатады. Қапсырмалардың жасалған уақыты – Тан немесе Сун дәуірі. Бәлкім қапсырма иеленуші адамның рулық эмблемасы болуы мүмкін деген, болжамдар жасаған зерттеуші ғалымдар (Акышев, 1977:74).

Тағы мысал ретінде Алтынемел тауларына тоқталсақ. Алтынемел таулары – Ұлы Жібек жолы өткен тарихи аймақ. Даланың ауызша тарихнамасы бұл атаудың қойылуын Шыңғысхан дәуірімен байланыстырады. 1219 жылы ұлы қолбасшы Орта Азия жерлерін жаулап алуға аттанғанда, осы алқап арқылы өтсе керек. Сонда батқан күннің шапағына малынып тұрған тауды көргенде «Алтынемел ғой мынау» деп таң қалыпты. Монғолша ол «алтынданған ер» деген мағынаны білдіреді. Шынында да алыстан қарағанда Алтынемел атқа салатын ертоқымның үлгісіне қатты ұқсайды екен. Мұнда б.з.д. ғасырларға жатқызылатын ежелгі жартасқа салынған бейнелері бар «Тамғалы тас» тәрізді тарихи ескерткіштер бар. Онда сақ, ғұн тайпаларының тасты қашап салған көне суреттері тұр. Үш мүйізді таутекелердің, қос өркешті түйеге мінген садақты жауынгердің, таудан нұрын шашып шығып келе жатқан күннің және басқа да сол кезең үшін маңызы зор, ал қазір біздің түсінуімізге қиын мағыналы суреттер салынған. Олардың тарихы екі жарым мың жылдарға созылып жатқаны ғылымда дәлелденген. «Таңбалы тас» петроглифтерін Алтынемелдің көптеген жерінен кездестіруге болады. Алтынемелдегі «Қасқырсай» шатқалындағы «Үңгіртас» аталатын тау қуысын жергілікті жер «Қаша» (қора) атап кеткен. Бұл да осы таудағы табиғат жаратқан ғажайып құбылыстың бірі. Кіреберісінің биіктігі 25 метрден тұратын үңгірді ерте заманда адамдар мекендесе керек. Оны осындағы петроглифтердің көптігі дәлелдей түседі (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы, 2017: 27).

Отырар, Құйрықтөбе, Күйік-Марданда қазу жұмыстарын жүргізгенде қошқар мүйізі бейнеленген заттар табылды. Олардың ең соңғысы қошқар пішінді қақпақ тұтқалары соңғы орта

ғасырларға жатады. Бұл бейне екі мың жылға жуық Сырдария тұрғындары арасында танымал болды. Мұндай заттар ошақ орны немесе культтік табыну бейнелері ретінде қолданыс тапқан. Археолог Г.В. Григорьев қошқар мүйізді тұтқалардың пайда болуын ежелгі тайпалардың тотемдік идеяларымен байланыстырды. Ал өзге зерттеушілер қошқардың тұтқалары «қошқардың көркем бейнесі – ыдыстың күзетшісі» деп есептеді, яғни Фарн құдайының бейнесі болуы мүмкін. Жануарлар культінің сақталуы туралы этнографтар қызықты деректер келтіреді. Қошқар мүйіздері жаман көзден, «жамандықтан» сақтайды деген сенім болған. «Қошқар» сөзінің өзі табиғаттан тыс сиқырлы күшке ие болды, ол көбінесе адамға ерікті түрде берілген жеке есім ретінде қолданылды. Бұл жануардың мүйізі тұмар ретінде қызмет етті. Үйдің кіреберісіне қошқар мүйізін ілу, балалар мен қыздардың бас киімдеріне ағаштан қашалған мүйіздерді тағып қою әдет-ғұрыптары болды. Жалпы киімнің құрамына кіретін көптеген тұмарлар қошқар культімен байланысты.

Қазақтардың культтік көзқарастарында қошқар маңызды орынға ие болды. Оны құрбандыққа шалатын мал ретінде қастерлеп, мүйізін бойтұмар ретінде қолданған. Халық аңыздары бойынша желдей күшті жылқы желден, таза қойлар мен қошқарлар аспан мен оттан жаратылған. Құрбандық шалуда жануарлардың түсін таңдау маңызды рөл атқарды. Сұр түсті аспанның символы ретінде ерекше бағалаған, оған табынған. Осыған байланысты қошқарлардың мүсіндері сұр немесе көк глазурьмен жабылған. Сырдария керамикасындағы қошқар бейнелері ежелгі кангюйлерден бастап, ортағасырлық қаңғарлар (печенегтер), оғыздар мен қыпшақтар өмірінде маңызды рөл атқарған.

Түйе жануары. Ұлы Жібек жолы бойындағы, әсіресе құрғақ аймақтардағы керуен саудасы үшін түйелер қажет болды. Бактрия түйелері Орталық Азия мен Таяу Шығыста кеңінен қолданылды, ал бір өркешті дромедар түйелері Араб түбегінде және Солтүстік Африкада жиі кездеседі.

Түйе бейнесі Қазақстан және Орта Азия халықтарының идеологиясында ерекше рөл атқарды. Әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде кеңінен таралған. Мысалы Қаратау петроглифтеріндегі түйе бейнесі. Түйе культі мен оның бейнелерінің Орталық Азияда таралуы сақ-юэчжи тайпаларының қозғалысымен және олардың Кушан империясын құруымен байланысты. Адамдар оны құдіретті билеуші, жеңіс және найзағай құдайы «Веретрагнпен» салыстырды.

Бұл жануардың Жетісудағы ең алғашқы бейнелері қола дәуіріндегі жартасқа салынған суреттерден көрінеді. Бұдан өзге Алматы, Ақ-Бешім өңірлерінде түйе жануары бейнеленген археологиялық заттар табылған болатын. Түйені қастерлеу Жетісу өңірінде ұзақ сақталды. Оған дәлел қазақтар арасында түйе «ақ түйе, бура» ең қымбат құрбандық саналған. Ал қырғыздардың «Манас» жырында түйе батырдың сенімді көмекшісі әрі қорғаушысы ретінде сипатталады. Манас дүниеден өткеннен кейін оның түйесі Желмая кесене алдында он екі жыл тізерлеп тұрған делінген. Түйе культінің және оның бейнелерінің Орта Азияда таралуы сақ тайпаларының қозғалысымен байланысты. Осылайша Хорезмге Сырдария өңірлеріндегі билеушілер келіп, өздерімен бірге түйе бейнесіндегі тәжді ала келді. 5-6 ғасырларға жататын Бұхара билеушілерінің тиындарының оң жағында (түйе), сол жағында (от) бейнеленген (Байпаков, 1998: 145).

Еуразия даласының ұлан-ғайыр кеңдігін мекендеген Бактрия түйесі бес мың жылдай бұрын қолға үйретілген. Бұл құдіретті аң көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың шаруашылығында жүк тиеу қызметін атқарды. Оның еті мен сүті, жүні тұрмыста жиі пайдаланылды. Бактрия – Орталық Азиядағы ең ірі жануар, ол өзінің жабайы мінезімен және күшімен ерекшеленеді. Ежелгі халықтардың миф жасаушылық ойлауы мен бейнелеу өнерінде ерекше орын алуы ғажап емес. Түйе бейнелерінің ең алғашқы үлгілері Орта Азияның таулы аймақтарындағы, Тянь-Шань мен Памир сілемдеріндегі қола және ерте темір дәуірінің петроглифтерінде кездеседі. Зерттеушілер олардың тотемдік және магиялық мәнге ие екендігін алға тартады. Қасиетті

жануарлардың, соның ішінде бактриялардың бейнелері біздің дәуірімізге дейінгі 2-1 мың жылдардағы «қазыналарда» және жерлеу орындарында, ыдыстарда, терракотада, қару ұстағыштарында және құрбандық үстелдерінде көрініс табады (Кошеленко, 2004: 144-146). Грек-Бактрия және Грек-Үнді нумизматикасында түйе бейнесі Менандр I Сотердің (шамамен б.з.б. 155-130 ж.) қола теңгелерінде ғана кездеседі.

Б.И. Вайнбергтің пайымдауынша, ерте темір дәуірінде бактрия түйесі Қазақстан далаларында, Орталық Азияның іргелес аймақтарында және Оңтүстік Сібірде тұратын иран тілдес көшпелі тайпалардың белгілі бір тобының тотемі болды дейді. Бұл аймақтар бактрия культінің қалыптасу орталығына айналды (Вайнберг, 1977: 25). Ал А.Ақышев үнді-иран халықтарының түрлі эпостары мен мифтерінде аспан және күнмен байланысты киелі, сиқырлы түйе (кейде қанатты) бейнесі кездесетінін атап өтеді (Ақышев, 1984: 73).

Хорезм – Орталық Азияның ежелгі өркениет орталықтарының бірі. Оның көп бөлігін шөлді аймақтар алып жатыр. Мұнда ежелгі дәуірден бері көшпелі шаруашылық пен жартылай көшпелі мал шаруашылығы қалыптасқан (Вайнберг, 1999: 87). Бактрия түйесінің суреттері біздің дәуірімізге дейінгі алғашқы ғасырларда этникалық қозғалыстарға байланысты Сырдарияның төменгі бөлігі мен Хорезм, Бұхара мен Самарқандта табылды (Вайнберг, 1977: 25). Бұл жануардың бейнесі ежелгі және ерте ортағасырлық мәдениетте жан-жақты сипатталады.

Ежелгі кезеңнің соңы – ерте орта ғасырда Хорезм монеталарында түйе бейнелері пайда болды. Бұл шартты түрде «тұрандық» деп аталатын билеуші монеталарының сериясы. Олар иран тілдес тайпалардың (хиониттер, кидариттер, эфталиттер) енуімен байланысты 3-4 ғасырларда жасалынды. Олардың ішінде оңға қаратып жатқан түйе түріндегі тәжде билеушінің кескіні бейнеленген монеталар ерекше көзге түседі (Вайнберг, 1977: 23-28, 97). Бұл сипаттағы тәждер алғаш рет Вазамар патшаның монета сарайына (3 ғасырдың 2-жартысы - 4 ғасырдың басы) тиесілі мыс тиындарда кездеседі. Бұхара оазисіндегі тиындардағы да басы

жоғары көтерілген түйе бейнеленген. Монеталардың сырт жағында гүлдену құдайы Фарнбагтың есімі жазылған жазу бар.



1-

сурет.

Бактрия түйесінің мүсіні

Бактрия түйесіне қатысты деректер:

✓ Соғды өнерінде Бактрия түйесі жеңіс құдайы Вретрагнаға қатысы бар деген деректер өте көп. Л.И. Ремпель, кей жағдайда түйе бейнесі тар әулеттік мағынаға ие болды деп мысал келтіреді (Ремпель, 1977: 95-101). Осы тұрғыда түйе бейнесі соғды глиптикасында бар. Ташкенттегі Өзбекстан тарихы музейінің асыл тастар коллекциясында оң жақта келе жатқан Бактрия түйесі бейнеленген екі асыл тастар мен жарысқан түйенің бейнесі бар қоладан жасалған төртбұрышты мөр бар (Горячева, 2017: 110-111).

✓ Түйе культінің Орталық Азияға терең таралуы көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың солтүстіктен қоныс аударуымен байланысты. Орта Азия топонимиясында бактрия түйесін қастерлеудің іздері де кездеседі. Қырғызстан аумағында

Бішкектің шығысында Краснореченское елді мекені белгілі (ортағасырлық Навекат, VI-XII ғғ.); «Алтын түйе қаласы» ретінде Краснореченск қонысы туралы аңыздар сақталған (Горячева, 2017: 110-111).

✓ Ортағасырлық мұсылман авторлары Ибн Хордадбех, Ибн Хаукал, Истахри және т.б. Шашты географиялық тұрғыдан сипаттағанда, осы аймақтағы ең ірі қалалардың бірі Шутуркетті немесе Үштүркетті, яғни «Түйе қаласын» атап өтеді (Вайнберг, 1977: 23).

✓ Орта Азия халықтарының рухани мәдениетінде бактрия түйесі мағыналық жағынан бірнеше аспектіде көрінеді. Біріншіден, қасиетті, сиқырлы аң, жақсылық әкелуші, күн мен аспанмен байланысты, дүниенің қамқоршысы. Әрі қарай, зороастризм дінінің дамуымен Бактрия бейнесінде кейбір авесталық құдайлар пайда болады: жеңіс құдайы Веретрагна, гүлдену құдайы Фарнбаг. Сонымен қатар, Орталық Азия халықтарының бейнелеу өнеріндегі Бактрия түйесінің бейнесі қола дәуірінен – Батыс Тянь-Шань мен Памир петроглифтерінен және Бактрия-Маргиана археологиялық кешенінің материалдарынан белгілі болды деп қорытынды жасауға болады.

Түйе мен түйе шаруашылығы қазақтардың дәстүрлі өмірінде үлкен орынға ие. Түйе қазақтар үшін байлық болып саналды. Қазақтар түйелерді иемденуді (tuye) өркендеудің белгісі деп санады. Ежелден бері көшпелі халықтың күнделікті өмірінде түйе негізгі көлік құралының рөлін атқарды. Әсіресе шыдамдылық, батылдық пен күш сияқты қасиеттері бар бұл жануар адамның негізгі көмекшісі болды. Түйе керуендерінің көмегімен сауда істері енгізілді. Түйенің күші жерді өңдеуде, тауарлар шығаруда қолданылды. Көшпелі халық арасында түйеге байланысты түрлі дәстүрлер, халықтық білім, нанымдар болған. Түйе рух, өлімнің символы ретінде қарастырылады, сондықтан халық аңыздарында оның зираттар мен жарық жерлердің, қажылық орындарының пайда болуымен байланысты түсіндірмесі бар.

Бұқа культі. Ыдыс-аяқтардағы бейнелердің ішінен Хум сынығында бұқа немесе сиыр басының сызылған сызбасын және бұқа басы түрінде жасалған 9-11 ғасырлардағы су құйғыштарды кездестіруге болады. Зороастризмде сиыр сүті киелі саналған. К.В. Тревер мақаласын Гайомарт өгіздің бейнесін талдауға арнап, онда Орталық Азия халықтарының культтік көзқарастарындағы өгіздің маңызды рөлін көрсетті. Зороастризмде барлық нәрсенің негізінде адам мен өгіздің бейнесі жатыр. Бұл дін бойынша бұқа өлгеннен кейін оның денесінен 55 түрлі дән, 12 түрлі дәрілік өсімдіктер, тұқымынан өгіз бен сиыр өскен. Гайомарттан металдар, тұқымнан алғашқы еркек пен әйел шыққан. Зерттеушілердің пікірінше, бұл тірі қалу құбылыстарындағы өгіздің культтік маңызын түсіндіруге мүмкіндік беретін бастапқы нүкте. Сиыр мен өгіз бейнесінің ежелгі мағынасы ұмытылды, бірақ олардың жәдігерлері өмір сүре берді, жануардың бейнелері осының дәлелі. Дәстүрдің өміршеңдігін тарихи материалдардан да, этнографиялық материалдардан да байқауға болады. Шамасы, суқұйғыш ыдыстарындағы бұқаның бейнесі үй иесінің амандығы мен дәмнің молдығына негізделеді.

Қабан культі. Бұл жануардың бейнесі Құйрықтөбе және Сырдарияда жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, Ташкент оазисіндегі Каунчин мәдениетінің қонысынан қабан мүсінінің табылғаны белгілі. Зерттеушілер бұл бейнені авесталық пантеонның ең жауынгер құдайы Веретрагнамен байланыстырады.

Әтеш культі. Қазба жұмыстары кезінде құстардың бейнелері де табылды, олардың арасында әтеш пен қырғауыл айқын ерекшеленеді. Әтеш бейнелері жалпақ қақпақтарда кездеседі. Бұл суреттер Отырардың шығысынан 2 шақырым жерде орналасқан шағын елді мекеннен табылған. Құстың үш саусақты аяқтары, қанатының дөңес контуры, басындағы шоқтығы және өзіне тән әтеш суы бар. Көптеген халықтар арасында белгілі әтеш барлық зұлым рухтардан, зұлымдықтардан және хаостан қорғауды бейнелейді. Орынсыз уақытта әтештің шақыруы алдағы апат туралы ескерту ретінде қарастырылды. Авестада әтеш адамдарды жын-шайтандардың айла-шарғысынан қорғайтын ізгі құдай

Сраонидің ең жақын көмекшісі, зұлым рухтармен күресу үшін жаратылған деп құс деп таниды.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының аман қалу ғұрыптарында әтеш пен тауық маңызды рөл атқарған. Мысалы, Хорезм өзбектерінде әтеш шамандық рәсімдерде қолданылған. Керамикалық бұйымдарда, әсіресе ас үйдегі қазан қақпақтарының басында әтештер бейнеленген жағдайда тамақты арам нәрседен қорғайтын бойтұмарды көру керек сияқты. Исламға дейінгі культтердің айқын көрінісін ортағасырлық қалалардың, атап айтқанда, Отырар өңіріндегі археологиялық материалдардан байқауға болады. Қазақ халқындағы «пұтқа табынушылықты» ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан әмбебап адами көзқарастардың, наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар кешенінің бір бөлігі ретінде зерттеу Орталық Азия-Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар мен халықтардың мәдениетін неғұрлым толық түсінуге мүмкіндік береді.

Сұңқарлар, әсіресе Перегрин сұңқарлары Ұлы Жібек жолының бойында Сұңқар аулауда, сол кездегі элита арасында танымал спорт пен аң аулау әдісінде пайдалану үшін сатылды. Бұл құстар аңшылық қабілеттері үшін жоғары бағаланды.

Жылқы жануары. Ұлы Жібек жолы тағы бір сабағы көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі аттың рөліне байланысты. Қазіргі заманда электрондық жүйелер қандай маңызды рөл атқаратын болса, жаһанданудың алғашқы нұсқасы – Ұлы Жібек жолы мәдениетінде жылқы мен түйе сондай рөл атқарды. Қуаң дала мен шөл тек осы үй жануарларын пайдаланумен адамдық ойкуменаға айналды. Бұл – оны құдірет күші деп тануға негіз болды. Өркениеттіліктің бірінші толқыны да бақташылық көшпелі өмір тіршілігімен тығыз байланыста жүрді. Көшпелі үндіеуропалықтар біздің дәуірімізге дейінгі 3000 жылдықтың басында Еуропада, екімыңжылдықтың басында Иран мен Үндіде, сол мезгілде Орталық Азияға тарихи өркениеттердің негізін қалады. Осы үрдіс Ұлы Жібек жолы мәдениетінде тереңдей түсті. Жылқының өркениеттер қалыптасуындағы рөлін тек К. Ясперс пен А. Вебер сияқты Батыс ғалымдары ғана емес, біздің

отандық зерттеушілер де баса көрсетті. М.С. Орынбеков бұл мәселені тиянақты қарастырады: «Жылқыға табынушылық жылқына мүрдемен бірге жерлеудің әрқелкі жағдайларынан айқын көрінеді. Құрбандыққа шалынған жылқы мүрденің аяқ жағына көмілген. Жылқыға деген көзқарас әртүрлі болғаны соншалық, сақтар жайлаған аймақтардың әрқайсысында жерлеу салттары әртүрлі болды. Сондықтан да археологиялық қабаларда жылқы әбзелдеріне қарап, мүрденің жерлену уақытын, марқұмның тайпалық тегі мен дәрежесін айқындауға болады. Жүген, ауыздық, құйысқан, айылбас, ат әбзелдері ұмытылып бара жатқан жылқының адамдар ұғымындағы орнын көрсетеді. Геродот айтқандай, олардың жалғыз табынатыны – күн. Олар жылқыны күнге құрбандыққа шалады. Бұл құрбандық шалудың мәні: ең жүйрік, ең ұшқыр тәңірге ең жүйрік жануарды құрбандыққа шалу керек дегенді білдіреді. Әйткенмен, бұл тек сақтардың ғана ерекшеліктері емес еді. Күн мен жылқыны теңестіру көптеген халықтарда кездеседі. Ригведа мен Авестада күн тәріздес доңғалақты арбаны сүйреген ат бейнеленген. Сақ қолөнерінің негізгі ерекшелігі Оңтүстік Сібірде, Қазақстан мен Орта Азия аумағында кездесетін тағы аңды бейнелеу болды. Оның мәні мынада еді: осы тотемнің элементтері әр тайпаның шығу тегін көрсетеді» (Орынбеков, 1996: 23).

Жазба деректердегі сақтардың жылқымен бірге жерлейтін ғұрыптық рәсімдері археологиялық тұрғыда Пазырық, Аржан, Берел қорғандарымен расталған болатын. Аталған қорымдардан бүгінге дейін 270-тен астам жылқы сүйегі табылған. Жерлеу орындарынан табылған жылқылардың басым көпшілігі жирен (күн, от, алтын сары түсті білдіреді) түсті. Бұл сақтардың наным-сеніміндегі күнге табынушылықпен байланысты болса керек. Сақтардың космогондық түсінігінде жылқыны күн, от және аспан тәңірлері деген үштік моделмен байланыстыруы ежелгі халықтардың мифологиясындағы Аспан, Күн, Ай, Жер, Су, Тау секілді киелі саналған көне танымдарға байланысты пайда болған дейді ғалымдар. Сол себепті, сақтар өздерінің патшаларын жерлегенде күн түстес алтын әшекейлермен аптаған. Таңбалы

таста күнбасты адамдар бейнесінің кескінделуі де ежелгі халықтардың танымындағы күнді қастерлеуінен шыққандығын көрсетеді (Қыдырәлі, 2018: 17).

Жылқылар Ұлы Жібек жолында саудаланған ең маңызды жануарлардың бірі болды. Олар тасымалдауда, соғыс жүргізуде және ауыл шаруашылығында шешуші рөл атқарды. Орталық Азия мен Қытай арасындағы Жылқы тұқымдарының алмасуы екі аймақтағы әскери және мәдени дамуға айтарлықтай әсер етті.

Мифтік дәуірден феодалдық кезеңнің соңына дейін жылқы жануарына деген көзқарас ерекше болды. Хань халқы жылқыны өз тотемімен, яғни айдаһармен салыстырып оны асыл тұқымды жануар деп есептеген. Азияда жылқыны қолға үйрету біздің дәуірімізге дейінгі 4000 жылдарға жатады. Жылқы байлық пен күштің символы болған, сонымен қатар көшпенді халықтың басты көлігі саналған. Түркі-моңғол халықтарының арасында жылқының руханиландырылған бейнесі кездеседі.

Сандық белгілердің символдық ерекшеліктері Шығыс және Орталық Азия халықтарының мәдениеттері арасындағы түрлі мәнге ие болды. Мысалы: «үш» саны барлық халықтардың күнделікті өмірінде кеңінен қолданылады, ал «тоғыз» саны және оның қайталануы түркі-моңғол халықтарының саяси мәдениетінің көптеген құбылыстарына, әсіресе олардың ақсүйектері – Шыңғыстардың өміріне енген. Шайқасқа дейін Шыңғыс хан 99 құдай биеден сауын жинады, «алтын әулеттің» 13-ші буынының өкілі болды, ол алғаш рет 13 жасында ерлік жасады. Жалпы «он үш» санының жылқы малымен байланысын мына мысалдардан көруге болады. Бәйгедегі шабандоздар негізінен 10-13 жастағы балалар болатын. Көшпелі халықтардың ішінде жасөспірім 13 жасында алғашқы жауынгерлік тәжірибесін алды, бұл жаста елшілікті билеушілердің ұлдары басқара алады. Жылқы шаруашылығында жылқы түсінің 13 негізгі түрі болған, олардың әрқайсысы 13 түршеге бөлінген. Солтүстік халықтар қардың 300-ден астам түсін танитыны секілді, көшпелі халықтарда жылқыны сипаттайтын 300-ден астам термин бар. Жылқының рухани бейнесінің сандық және түстік символизммен үйлесуі фольклорға

ғана емес, Шығыс және Орталық Азия халықтарының саяси мәдениетіне де жарқындық пен өзіндік ерекшелік қосады (Хафизова, 2015: 16).

Ұлы Жібек жолы бойындағы жануарлар саудасы тек экономикалық мақсаттарды көздеп қана қоймай, мәдени, әскери және символдық мәнге ие болды. Бұл тек тауарлармен ғана емес, идеялармен, технологиялармен және мәдени тәжірибелермен алмасуға ықпал етті. Сонымен қатар, бұл Ұлы Жібек жолы бойындағы қоғамдар мен экожүйелердің қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

4.4. Өсімдіктер дүниесі мен Ұлы Жібек жолы

Өсімдіктерді пайдалану рәсімдері Ұлы Жібек жолындағы мәдени және діни тәжірибелердің ажырамас бөлігі болды. Бұл рәсімдер көбінесе терең рухани және символдық мағынаға ие және әртүрлі діндермен, соның ішінде буддизммен, даосизммен, зороастризммен және басқалармен де байланысты.

Сан ғасырлық керуен қатынасы жол бойында сауда мен қолөнердің, суармалы егіншіліктің жақсы дамуына себепші болды. Егіншілік алқаптары жергілікті халықты ғана емес, сауда керуендерін де азық –түлік түрлерімен қамтамасыз еткен. Сол кездегі ауыл шаруашылығы географиясын талдасақ, көптеген тарихи деректер оның маманданған тауарлы сипаты болғанын дәлелдейді. Мұның өзі – Жібек жолы бойындағы елді мекендерде нарықтық шаруашылық-сауда қатынастары керуен жолдары бойындағы қалалардың мамандану сипатын анықтап берді. Сонымен Ұлы Жібек жолы Қазақстанның Оңтүстік өңірінде феодалдық – қалалық мәдениеттің дамуына шешуші ықпал етті деуге болады.

Сол кездегі үлкен қала орталықтардың бірі Алматы (Баба Ата – Алмалық) елді мекенінің тарихта алатын орны зор. Қазіргі Алматының орнында орналасқан Алмату деп аталатын ортағасырлық қала болған. Қалалар жайында мәліметті ХҮІ ғ. өмір сүрген мемлекеттік қайраткер, қолбасшы, ақын әрі жазушы Заһир

ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-наме» атты шығармасында былай делінген: «Ферғана – бесінші климаттық белдеудегі аймақ. Ол жер өңдеумен айналысатын елдердің шекарасында орналасқан. Оның шығысында – Қашқар, батысында – Самарқанд, оңтүстігінде – Бадахшан таулары, солтүстік шекарасында – Таразкент қаласы. Кітапта Алмалық, Алматы, Янги қалалары сияқты ежелгі елді мекендерді айтады» (Бабыр Захир ад – дин Мухаммед, 1993:473).

Алайда олардың монғолдар қиратып кеткен, сондықтан да ол жерлерде қазір ешқандай мекендер қалған жоқ. Алматы елді мекені жайлы Бабырдың замандасы, «Тарих – и – Рашиди» атты еңбектің авторы Мұхаммед Хайдар Дулат та монғол шапқыншылығы мен осы елді мекеннің маңында болған соғыстарға байланысты деректерінде атап өтеді. Алматыдан 1979 ж. екі күміс теңге табылды. Бұл теңгелердің Жетісуда соғылғандығы және қазіргі Алматы территориясында XIII ғ. ақша соғатын өндіріс болғаны жайлы болжамдар бар. 1990 ж. тағы таңбалы екі теңгелер табылған. Теңгелерді оқып зерттеу барысында ғалымдар, оның сол кездің өзінде қазіргі «алмалы жер» немесе «алма көп өсетін жер» деген мағынаны білдіретін «Алматы» атауымен аталып, XIII ғ. Қазақстанның оңтүстік астанасының орнында өмір сүрген қала екеніне көз жеткіземіз. Бұл аймақта б.з.д. X-IX ғғ. қола дәуірінің өзінде елді мекен болған. Одан сақтар, үйсіндер мекендеген жер. Алматы тыныс-тіршіліктің келесі бір маңызды кезеңі ортағасырлар дәуірімен байланысты. Өйткені осы кездерде бұл аймақта елді мекендер мен қалалар пайда бола бастаған. Бұл VIII-XIII ғғ. аяғы, қала мәдениетінің дамып, Жібек жолы бойындағы халықаралық сауда байланыстары арасында гүлдене түскен кезі. Жібек жолы, дәлірек айтсақ, оның Іле алқабына кетеін бір тармағы X-XIII ғғ. жұмыс істеп тұрған. Осы кезеңде «үлкен Алматы» маңында бірнеше елді мекендер мен қалалар болған. Қазір олардың бәрі құрылыс жұмыстарының астында қалды. Жазба ескерткіштер, теңгелер және археологиялық материалдарға сүйене отырып, қазіргі Алматы ежелден осы атымен белгілі болып, X-XII ғғ. қалыптасқан деп археолг, ғалым К. Байпақов тұжырымдайды. Демек бұл қаланың тарихы мың

жылдан асып кеткен. Сонымен, Алматы бір кездері ортағасырлық Қазақстанның саяси, экономикалық, мәдени орталығы, қолөнері, саудасы, сонымен бірге Жібек жолы бойндағы халықаралық саудасы күшті дамыған, Жетісу өңірі тұрғындарын ақшамен қамтамасыз ететін ақша сарайы жұмыс жасаған ірі қаласы болған (Агеева&Пацевич, 1958: 574).

4.5 Табиғи құбылыстар (салттар, ырымдар) мен Ұлы Жібек жолы

Жаңбыр – табиғи құбылыстардың бірі. Егіншілікпен айналысатын шаруалар үшін жауынның мөлшерден тыс жаууы немесе құрғақшылыққа әкелуіне байланысты *жаңбыр дұғасы*, *жаңбыр шақыру*, *жаңбыр тоқтату* секілді табиғатқа қатысты жосын-жоралғылар жасалған. Соның ішінде Ежелгі Жібек жолы басып өткен қалаларда күн жайлату, тасақтық ғұрпының орындалғанын байқаймыз. Алтайдағы қазақтар «күн жайлату» деп атайтын бұл жоралғы бойынша адамдар ұжымдық түрде тасаттық береді немесе жеке дара түрде жай тасын қолданады. Мұндай ғұрып көне түркілерде жадытас, жай тасы арқылы орындалған. Бұл Қазақстан жеріндегі Жетісу, Сырдария, Алматы өңірлерінде орта ғасырдың соңына дейін сақталған (Этнографиялық энциклопедия, 2012: 219). Ұлы Жібек жолы бойындағы егіншілікпен айналысатын қалаларда жаңбыр шақыру рәсімін жүзеге асыруда «нефрит» тасының маңызы зор болды.

Қытайдан батысқа дейін қызмет еткен жолдың ең ерте кезеңі «Нефрит жолы» деп аталды. Нефрит – майда-шүйде жасайтын көк тас, сирек жағдайда ақ, сұр, қара түсті болады. Әдемілігі, беріктілігі мен тұтқырлығы жағынан ежелгі халықтарда айрықша жоғары бағаланды. Көне Қытайда бұл минерал ізгілік әкеледі деп есептелді. Одан әртүрлі табыну заттарын: мосы, литфон, ваза, құрбандық тостағаны мен басқа да көптеген нәрселер жасады. Сыма Цянь нефритті тас ретінде түсі бойынша қармен, дымқылдығын – жаңбырмен, жылтырақтығын – маймен, жарқылы бойынша – шырақпен салыстыруға келмейді деп сипаттаған.

Дегенмен, оны алу өте қиын, ол үшін Куньлунь тауындағы нефрит шығатын жерге бару үшін екі өзен мен алты көлден өтуге тура келген. Тек мыңнан жүз, ал жүзден он ғана саяхатшы үйіне аман-есен оралған. Осы қысқа ғана хабарламаға екі факті ақиқат. 1) нефрит ежелгі қытайлықтар үшін ерекше бағаланды. 2) нефрит Қытайға Куньлунь тау тармағында орналасқан Хотаннан әкелінді. Чжан Цзянь Орталық Азияда б.з.д. 140-130 жылдары болған кезде Хотанда Хань империясына жөнелту үшін нефрит өңдеу өркендегенін атап өткен. Сыма Цяньның жазбасында Цинь Ши Хуан императордың төрешісі Ли Сыдың Куньлуньның

қазына

түсуі
рапорт



Хотан
нефрит
«Таулар

мемлекеттік
қоймасына
нефриттің
жөнінде
берген
мазмұндағы
баяндамасы
сақталған.
және ондағы
өндірісі
мен

теңіздердің каталогінде» айтылады. Хотан мен Қытай арасындағы нефрит саудасындағы делдалдар ретінде б.з.д. III ғасырға дейін Орталық Азияның алып кеңістігін алып жатқан юэчжилер алда тұрды. Сонымен Қытай ежелгі дәуірден бастап Ганьсуй дәлізі, Тарим ойпатымен өтетін сауда жолы арқылы юэчжилерден нефрит алатын Хотанмен байланыста болды.

2-сурет. Ұлы Жібек жолы бойындағы бағалы тас – нефрит

Табиғаттың тылсым күштерін түсініп, апаттардан қорғану, қоршаған ортадағы заттарға табыну Жібек жолындағы мәдени алмасулар арқылы да жандана түсті. Орталық Азиядағы кей аймақтарда ата-бабаларға, ізгі ниетті адамдарға түрлі ғұрыптық сауыттар, қару-жарақтар жасалған. Соның бірі нефриттен жасалған бұйымдар ерекше рәміздік сипатқа ие. Бұл жайында К.Байпақов пен А.Нұржанов былай сипаттама береді: «Қытай халқында нефрит қасиетті тас саналған. Сол себепті бұл тас тек патша сарайындағыларға ғана берілген. Ал Батыс Хань әулетінен шыққан әйел адамдарының сыртқы киімдері тұтас нефрит тастарымен көмкеріледі. Қазақстан жеріндегі Красная речка деген өңірден нефриттік крест табылған. Бұл Жібек жолы арқылы келген бұл тастың сол дәуірдегі құндылығын көрсетеді (Байпақов К, 1998: 31).

Ал түріктер танымында нефрит тастарын бір-біріне қашау арқылы жауын сұрау рәсімі жасалған. Тіпті асыл тасты тәңірге тенеп жалбарынған деген деректерде кездеседі (Байпақов & Нұржанов, 2005: 198).

С. Қондыбай өзінің «Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері» атты еңбегінде «тас» ұғымының мынандай этнографиялық, мифологиялық ерекшеліктеріне тоқталады:

- Материалдық байлықтың қайнар көзі;
- Тіршіліктің қайнар көзі;
- Жылудың қайнар көзі;
- Жарықтың қайнар көзі;
- Сөздің, уәденің, құпия танымның қайнар көзі;
- Ылғалдың қайнар көзі.

Енді осы жердегі тастың «ылғал көзі» болуына қатысты көне түркілік мына мысалды келтірсек: «Тәңіршілдікте таулар теңіз толқындарының тартылуынан жасалған деген түсінік бар. Ежелгі түркі дәуірінде жаңбыр шақыратын «жады тасы» жайлы түрлі

аңыздарды кездестіруге болады. Қазақ тілінде жады «ес, есте сақтау» мағынасында жұмсалады. Демек судың да, тастың да есте сақтау қызметтерінің бар екенін байқаймыз. М. Қашқаридың сөздігінде жадылау сөзінен шыққан (йат) сөзін атап көрсетті. Жадылау (арбау, алдау) мағынасында жұмсалып түркілер арасында кең тараған сиқырлы тастардың көмегімен жаңбыр, қар, жел шақыру үшін жасалған ғұрыптық салт. Мысалы, йағма тайпасының арасында өрт шыққанда оны тоқсату үшін жай тасын дуалаған. Сонымен қатар, жай тасының метеорологиялық өзгерістер туғызатын қасиеті бар. Жай тасының құпиясын білетін адам белгілі бір магиялық әрекеттер арқылы ауа райын өзгерте алған (Қондыбай, 2018: 320-322).

Жай тасы жайлы деректер

Малов С.Е. «Шаманский камень «яда» у тюрков Западного Китая»	Ғалым С.Малов жай тасының түсі ақ, алакөк болатынын атап өтті. Рашид ад диннің жазбаларында наймандар Шыңғыс ханға қарсы ұрыста қар жайдыру үшін сиқырлы әдіс қолданғанын жазған.
Валиханов Ч.Ч. «Собрание сочинений в пяти томах»	Ғалым Әбілғазының деректеріне сүйене отырып түркілердің жауын шақыратын жада, яда тасын қазақтар «жай тасы» деп атайтындығын алға тартты. Бұл тастың құдіреті сонша күн күркіретіп, найзағай ойнатады екен.
Худяков И.А. «Краткое описание Верхоянского округа»	И.А. Худяков ел арасында тараған аңыздар негізінде бұс тастың түсі қара не мөлдір түсті болып келетіндігін атап өтті.

1-кесте. Жай тасы туралы деректер

Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты байланыстыратын сауда жолдарының кең желісі болды және осы маршрут бойында әртүрлі мәдениеттер мен аймақтардың табиғатпен байланысты өзіндік әдет-ғұрыптары мен рәсімдері, соның ішінде жаңбырды шақыру рәсімдері болды. Жаңбыр ауыл шаруашылығының өркендеуі үшін өте маңызды болды және көптеген қоғамдар құрғақшылық кезінде жаңбырды шақыру немесе егіннің сәтті жиналуын қамтамасыз ету рәсімдерін жасады. Ұлы Жібек жолы бойындағы жаңбыр рәсімдерінің нақты егжей-тегжейлері мәдениет пен аймаққа байланысты өзгергенімен, мұнда жалпы шолу берілген:

Тибеттік жаңбырды шақыру рәсімдері	Мақсаты: құрғақшылықты азайту және мол өнім алу үшін жаңбырды шақыру. Тибеттің биік таулы жағдайлары жауын-шашынның түсуін ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы үшін ерекше маңызды болды. Ұлы Жібек жолының бөлігі болған Тибет таулы аймағында жаңбырды шақыру рәсімдері көбінесе ламалардың (будда монахтарының) қатысуымен және қасиетті мәтіндер мен құралдарды қолдануды қамтыды. Қоңыраулар, барабандар және мүйіздер сияқты салтанатты аспаптар қолданылды.
Орталық Азия жаңбыр рәсімдері	Орталық Азияның жаңбыр рәсімдері түрлі этникалық топтар мен аймақтарда әр түрлі болды. Оларға рухани әлеммен байланысты орнатып, жаңбыр сұрау үшін билер әндер мен рәсімдерді орындайтын

	бақсылар немесе рухани көшбасшылар жиі қатысты. Бұл рәсімдер жергілікті құдайларға құрбандық шалуды және символдық заттарды қолдануды қамтыды.
Персиядағы (қазіргі Иран) жаңбыр шақыру рәсімдері	Ежелгі парсыларда су мен құнарлылық құдайы Анахита сияқты су құдайларына табынуды қамтитын жаңбыр рәсімдері болған. Бұл рәсімдер көбінесе қасиетті су нысандарының жанында өткізілді. Діни қызметкерлер мен қатысушылар құрбандықтар шалып, дұға оқыды. Мақсаты: су құдайларынан бата сұрау және құрғақ аймақтарда ауыл шаруашылығы мен өмір сүру үшін судың болуын қамтамасыз ету.
Үнді жеріндегі жаңбыр шақыру рәсімдері	Үндістанның әртүрлі аймақтарында жаңбырға байланысты өздерінің рәсімдері мен билері болды. Кейбіреулеріне жаңбыр Құдайы Индраны шақыратын билер мен дұғалар кірді. Кейбір жағдайларда адамдар қасиетті ағаштардың немесе жауын-шашынға байланысты өзендердің айналасында рәсімдер жасады.

2-кесте. Жаңбыр шақыру рәсімдері

Жаңбыр шақыру дәстүрі Жібек жолы бойындағы әртүрлі аймақтарда көптеген салт-дәстүрлер мен рәсімдермен қатар жүрді. Бұл дәстүрлер Жібек жолы бойындағы жер атауларына да әсер етті. Мысалы, Ұлы Жібек жолы өткен Тибет таулары (Куньлун, т.б.), Ферғана аңғары, Сары өзен, Дунхуан қаласы, Тұрпан шұраты,

Гималай таулары жаңбыр мен су сияқты табиғи құбылыстарға қатты тәуелді болды. Оған сол аймақтардағы географиялық ерекшеліктер дәлел.

Қорыта айтқанда, ұзақ уақыт бойы Қиыр Шығыс елдерінің өнері ежелгі және ортағасырлық әлемнің басқа аймақтарынан оқшауланған түрде толығымен дамыды деп есептелді. Соңғы зерттеулер бұл аймақтың көрші елдермен бұрыннан және ұзақ мерзімді байланыста болғанын көрсетті. Ұлы Жібек жолы, б.з.б. 1 мыңжылдықта салынған болуы мүмкін. Ол арқылы тек тауарлар ғана емес, сонымен қатар көптеген халықтың дәстүрлер мен мәдени құндылықтары алмасты. Қиыр Шығыс өнерінің келбеті мен бағытын анықтаған ең көне мәдениет Қытай болды. Ғасырлар бойы басқа мемлекеттердің назарын аударды. 5 мыңжылдықтан бастап дәйекті түрде дамып келеді. Қытай өзінің мәдени тәжірибесін Жапонияға, Кореяға, Моңғолияға және Шығыс Азия елдеріне бере алды. Бұл, ең алдымен, тіл және иероглифтік жазу, конфуцийлік этика мен мораль негіздері, буддалық идеологияның жергілікті ерекшеліктері және, әрине, әлемді бейнелі және поэтикалық қабылдау. Қиыр Шығыс өнерін дәстүрлі деп атауға болады. Өнер канонында көрініс тапқан көне үлгіні ұстану өнер қызметінің барлық саласына тән. Ол өнердің дәстүрлі түрлері мен жанрларын анықтайды, олардың өзара байланысы белгілі бір дәуірдің рухани құндылықтарына байланысты. Бұл тарауда қарастырылған мәселелер:

❖ Ұлы Жібек жолы бойында табиғатқа қатысты рәсімдердің орындалуы. Бұл рәсімдер тек практикалық ғана емес, сонымен қатар адамдар мен табиғат әлемі арасындағы байланыстың символдық көрінісі болды.

❖ От – зороастризмдегі орталық символ және қастерлеу объектісі. Өрт зұлым күштерді тазартады және қорғайды деп сенген. Ирандағы Йезд, Өзбекстандағы Самарқанд және Әзірбайжандағы Баку сияқты қалалар от храмдарымен танымал болды. Бұл жерлерде жыл бойы бірнеше өрт мерекелері атап өтіледі, олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі–Наурыз (парсы

Жаңа жылы). Осы фестивальдар кезінде қоғамдық орындарда от жағылды.

❖ Бактрия түйе культі ерте заманда Қазақстанның, Оңтүстік Арал өңірі мен Оңтүстік Сібірдің көшпелі және жартылай көшпелі халықтары арасында пайда болған. Бейнелеу өнеріндегі түйе бейнесі Хорезм мен Соғдының ерте ортағасырлық ескерткіштерінде белгілі.

❖ Ұлы Жібек жолы феномені көшпелі мәдениеттің көшпелі мәдениеттің сұхбат пен мәдени ауысулар жағдайында жоғары дәрежеде жасампаздыққа ие екендігін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Труды института истории, археологии и этнографии Академии наук КазССР. Алм-Ата, Т.5. 1958.

Ақышев А.К. Отырардан табылған өрнекті ефрит. Отырардағы археологиялық зерттеу. Алматы. 1977. 74-б.

Ақатай С.Н. Күн мен көлеңке: ғылыми-танымдық аңсар; Тарихи материалдар. Қайта басылған. – Алматы, 2011. – 424-б.

Бабыр Захир ад – дин Мухаммед. Бабырнама. Алматы, 1993.

Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.

Байпаков К.М. Воякин Д.А. Казахстанский отрезок Великого Шелкового пути в серийной номинации ЮНЕСКО. – Алматы: «Археологическая экспертиза», 2011. – 154 б.

Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216с.

Беленицкий А.М., Маршак Б.И. Черты мировоззрения согдийцев VII-VIII вв.в в искусстве Пенджикента//История и культура народов Средней Азии: Древность и средние века.М.:Наука, 1976.С. 75-89

Бондалетов,В.Д. Русская ономастика: учебное пособие /В.Д.Бондалетов. – М.: Просвещение, 1983. – 224 с.

Вайнберг Б.И. Монеты древнего Хорезма.М.:Наука, 1977.223.

- Вайнберг Б.И. Этногеография Турана в древности. М.: Восточная литература, 1999. 359с.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алматы. 1985. 4-т. С. 49
- Горячева В.Д. Кыргызстан// Религии Центральной Азии и Азербайджана. Самарканд: МИЦАИ, 2017. С. 76-134.
- Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с
- Затов Қ. А. Зороастризмнің тарихи тамырлары мен діни ілімі // Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. - Астана: Аударма, 2005. – 266-321 бб.
- Кошеленко Г.А. Булла с изображением двугорбого верблюда сгородища Гебеклы// Российская археология. 2004. № 3. С. 144-146.
- Қазақстанның 70 тарихи орны (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы). – Алматы: «Керемет медиа», 2017. – 224 бет.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК “Слон”, 2012. – (иллюстрацияланған)
- Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым. – Алматы : «Қазақ тілі», 2018. – 480 бет.
- Қыдырәлі Д. Ұлы дала тарихы. – Астана, «Ғылым» баспасы, 2018. – 432 б.
- Малов С.Е. Шаманский камень «яда» у тюрков Западного Китая// Советская этнография. 1947. С. 159
- Мирбабаев А.К. Дахмаки Курката и проблемы зороастрийской идеологии в Северном Средней Азии. - Автореф. дисс....доктора исторических наук. – Душанбе, 1995.
- Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. - 168 б.
- Подольская, Н.В. Словарь русской ономастической терминологии / Н.В. Подольская. – М.: Наука, 1978. – 198 с.
- Солодовникова О.Н. Искусство Китая. – «Издательство АСТ», 2023

- Хафизова К. Диалог цивилизаций на Шелковом пути (исторические сюжеты): Монография/К.Хафизова – Астана: «Ғылым» баспасы, 2015. – 416 с.
- Худяков И.Н. Краткое описание Верхоянского округа. М., 1969.С. 275
- Филанович М.И. Система поселений и градостроительные формы Ташкентского микрооазиса в древности и раннем средневековье // Градостроительство и архитектура. Культура Среднего Востока: развитие, связи и взаимодействия. – Ташкент, 1989.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЕЛДЕРДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ДӘСТҮРЛІ КӘСІПТІК ДАҒДЫЛАР

Ұлы Жібек жолы өзінің сауда маршруттарымен ғана емес, осы тарихи маршрут өткен әртүрлі аймақтарда өркендеген дәстүрлі кәсіптік дағдыларымен де танымал болды. Кәсіптік дағдылардың көпшілігі Ұлы Жібек жолында жоғары бағаланған тауарларды өндірумен байланысты. Қалыптасқан дәстүрлі кәсіптік дағдылар Ұлы Жібек жолындағы елдердің мәдени әртүрлілігі мен техникалық шеберлігінің байлығын көрсетеді. Халықтар арасындағы мәдени алмасулар тек заттай дүниелермен ғана емес, сол материалды мәдениетті қалыптастыруда тұрақтанған дағдылар мен білімдердің жиынтығынан да тұрады. Дәстүрлі кәсіптік дағдылардың халықтар арасында кең тарауы Ұлы Жібек жолының әлемдік тарихтағы ең маңызды тарихи құбылыстардың біріне айналуына ықпал етті.

Халықтық дәстүрлі өнер, халықтық кәсіп, шаруашылық, қолөнер туындылары Ұлы Жібек жолының торабы арқылы Орталық Азиядан Шығыс Еуропаға дейін жетіп, руханияттың, өркениеттің алмасуына жағдай жасады. Этностардың ғасырлары бойы қалыптасқан өнер, мәдениет, кәсіп, шаруашылық дағдылары жер-жерге тарап, жаңа тыныс алды. Тәжірибе алмасу, өркениет жетістігімен бөлісу Ұлы Жібек жолындағы елдер мен қалалардың қайта жандануына, дамып, түрленуіне әсер етті. Соның нәтижесінде керуен жолындағы елдімекен, жер-су атаулары да көпшіліктің аузына іліге бастады. Мәселен, Бұхара қаласы өзінің кілем тоқу өнерімен танымал болғандықтан, ел аузында *«Бұхара кілемі»* тұрақты оралымы қалыптасты. Сол секілді *«Қытай жібегі»*, *«Қытай шайы»* сынды тіркестер халықтар арасында таралып, жер-жердің қандай өнеркәсіппен айналысатындығын айқындайтын, топонимдердің өзіндік ерекшелігін танытатын сипатқа ие болды. Кәсіптік дағдылардың сол кәсіп жанданған топоним атауымен қатар қолданылуы маркетингтік сипатқа да ие болғаны байқалады. Мысалы, кілем тоқу өнері Ұлы Жібек жолы бойындағы біраз елдің

кәсіптік дағдысына сіңген, соған сай өзіндік технологияларын қалыптастырса да, барлық аймақ кілем өндіріс арқылы таныла бермеді. Солардың ішінде Бұхара кілемінің кең сұранысқа ие болып, керуен жолы маршруты арқылы жер-жерге тарауы, тілде қалыптасқан оралымның, ауыздан-ауызға тарауының, ұрпақтан-ұрпаққа жетуінің нәтижесінде. Әлі күнге дейін Ұлы Жібек керуен жолы арқылы тараған Бұхара кілемінің ғажаптығы туралы ақпарат танымдық деңгейге өтіп, тілдік кумулятивтік қызметі арқылы бүгінгі күнге жетіп отыр.

Ұлы жібек жолы осы тарихи сауда жолы өткен әртүрлі аймақтардағы дәстүрлі өнеркәсіптерге айтарлықтай оң берді дей аламыз. Атап айтар болсақ:

- Тоқыма өнеркәсібінің дамуы. Тоқыма өнеркәсібі Ұлы Жібек жолындағы ең маңызды және дамыған салалардың бірі болды. Жібек және басқа тоқыма тауарларымен алмасу Қытай, Үндістан және Персия сияқты аймақтарда өндіріс пен тоқудың дамуына ықпал етті.

- Қыш өндірісінің кеңеюі. Фарфор және фаянс сияқты қыш бұйымдарын өндіру маршрут бойынша мәдени алмасудың маңызды бөлігі болды. Бұл қыш өндірісі шеберлігін дамытуға және бірегей дизайн жасауға ықпал етті.

- Зергерлік бұйымдар технологиясының жаңдануы. Зергерлік бұйымдар, оның ішінде сәндік қолданбалы бұйымдар Ұлы Жібек жолында сұранысқа ие болды. Бұл әртүрлі аймақтардағы зергерлік бұйымдарды дамытуға және бірегей стиль қалыптастыруға жағдай жасады.

- Медицинаның дамуы. Ұлы Жібек жолы бойынша медицинада қалыптасқан білім мен түрлі емдік шөптердің өзара алмасуы медицина өнеркәсібінің дамуына және дәрі-дәрмек өндірісіне ықпал етті.

- Тамақ өнеркәсібі. Түрлі дәмдеуіштер мен басқа да ұлттық тағамдар алмасуы әр түрлі аймақтардағы жергілікті аспаздықтың дамып, түрленуіне ықпал етті.

- Білім және технологиялармен алмасу. Ұлы Жібек жолы бойында медицина, астрономия, сәулет және өндіріс

салаларындағы білім мен технологиялар, кәсіптік дағдылар арақатынасы нығая түсті. Бұл дәстүрлі өндірістік процестердің дамуына және жетілдірілуіне ықпал етті.

- Өнер мен қолөнердің дамуы. Маршрут бойынша мәдени алмасу кескіндеме, мүсін, дизайн, тоқу және кесте тігу сияқты өнер мен қолөнердің дамуына түрткі болды.

Тұтастай алғанда, Ұлы Жібек жолы әртүрлі аймақтардағы дәстүрлі өнеркәсіптердің дамуы мен жетілуіне ықпал етіп, халық мәдениетінің баюына, әртүрлілік сипат алуына жағдай жасады. Біз өз зерттеуімізде Ұлы жібек жолындағы елдердің *қолөнеріндегі, тамақ өндірісіндегі* халықтан халыққа тараған білімдері мен тәжірибелерінің, технологиялық ерекшеліктерінің сауда маршруттары арқылы таралуына, жанданып, түрленуіне кеңірек тоқталамыз.

5.1. Дәстүрлі қолөнер және Ұлы жібек жолы

Ұлы Жібек жолы сауда маршруты металл өңдеу, шыны, қыш, ағаш өңдеудегі, мата, тоқыма өндірісіндегі қалыптасқан білімдер қорын елдер арасында таратуға, тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Ұлы Жібек жолында қолөнер:1) Сауда және айырбастау саласында ерекше маңызға ие болды. Жібек шаруашылығы, кесте тігу, тоқыма өндірісі, керамика, зергерлік бұйымдар және т.б. сияқты қолөнердің әртүрлі түрлері Ұлы Жібек жолы өткен аймақтар арасында айырбастау тауарларын ұсынды. Бұл тауар алмасу сауданың дамуына және аймақтардың экономикалық өркендеуіне ықпал етті. 2) Мәдени алмасуға ықпал етті. Қолөнер маршрут бойындағы әртүрлі халықтар мен өркениеттер арасындағы мәдени алмасудың ажырамас бөлігі болды. Қолөнер шеберлері қолөнер техникасы мен өнерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, әртүрлі стильдер мен дәстүрлердің таралуы мен бірігуіне түрткі болды. 3) Зергерлік бұйымдар мен киімдердің түрлі технологияларын қалыптастырды, Қолөнер зергерлік бұйымдар мен киімдерді жасауда маңызды рөл атқарды. Кесте мен асыл тастармен безендірілген жібек және мақта маталар

Ұлы Жібек жолы базарларында танымал тауарларға айналды. Бұл әр түрлі аймақтардағы сән мен киім стилін әртараптандыруға мүмкіндік берді. 4) Өнер және дін саласындағы қолөнер бұйымдары. Қолөнер көбіне өнер туындылары мен діни артефактілерді жасау үшін қолданылған. Мүсіндер, иконалар, ағаш және тас оюлары және діни заттарды қолөнер шеберлері жасаған және маршруттағы аймақтардың мәдени және діни өмірінде маңызды рөл атқарған. 5) Мәдени бірегейлікті нығайтуға ықпал етті. Қолөнер Ұлы Жібек жолындағы әртүрлі аймақтардың мәдени бірегейлігінің маңызды бөлігі болды. Шеберлер туындылары арқылы өз аймағының дәстүрлері мен ерекше стильдерін сақтап, жеткізді. 6) Адам өмірін түрлендірді. Қолөнер түрлі халықтардың мәдени байлықтарын байытып, олардың өмірін түрлі-түсті және алуан түрлі етті. Қолөнер бұйымдары күнделікті қолдануға арналған зергерлік бұйымдар, киім, ыдыс-аяқ және басқа заттар ретінде пайдаланылды. Ұлы Жібек жолында діни және идеялық ауысулармен қатар қолөнер бұйымдарының сауда арқылы тарауы аса маңызды рөл атқарды. Егер Қытайдан Жібек ағылса, онда Батыстан Шығысқа шыққан қымбат бағалы бұйымдар ішінде, Жетісудан византиялықтарға еліктеп, крест тәрізді таңба салып шығарылған күміс құмыраларды атап өтуге болады. Құмыраны жасаған шебер оны айна-қатесіз византиялық заттай етіп шығаруға күш салған. Күрешкелердің бірінің тұтқасы иілісінде адам басының «ежелгі пішіні» бейнеленген. Зерттеушілердің пікірінше, византиядық үлгілерге еліктеуге бұлайша ұмтылу «империялық жұртшылыққа тән сұлулықты қастерлеуден» туса керек (Малдыбек, 2007: 14). Қаялық және Сарайшық атты ортағасырлық қалалардан қазақстандық археологтар Жапония, Персия, Грекия және Италиядан әкелінген ежелгі тауарларды тауып алған. Ал Талхирде дамастық болатты балқытқан, оның құпиясын тек сол жердің жергілікті шеберлері ғана білген. Ақыртас атты құпия қалашықтың қамалының жобасы Ирактағы Ухайдыр немесе Сириядағы Каср әл-Хайр әл-Гарби сарайының құрылыс стилімен сәйкес келеді (Ұлы Жібек жолы, 2013: 10).

Ұлы Жібек жолы бойындағы қала-базарларда түрлі өнеркәсіп түрлері жанданған. Зергерлердің, ұсталардың, хат жазушылардың, қыш өндірушілердің, тігіншілер мен тоқымашылардың, киіз үй шеберлерінің, етікшілердің еңбектері де жоғары бағаланатын (Насыров, 1998:15). Қашқар – металл өңдеу, мата өндіру, киіз басу, кілем тоқу, музыкалық аспаптар жасау, қыш өндірісі, тігін; Қотан – кілем тоқу, жібек өндіру; Жаркент – металл өңдеу, киіз басу, кілем тоқу; Ақсу – мақта матасын өндіру, тері илеу, киіз басу (Каримова, 2005: 30). Баку қаласында кілем тоқу, қыш өндіру, тері илеу, зергерлік бұйымдар жасау, қару-жарақ әзірлеу жұмыстары жүргізілген (Великий шелковый путь, 2018:5). Түркілер қала мәдениетімен бірге адамзат өркениеті тарихында тас қашау, тас бедерлеу, тасты қырнау өнерімен де даңқы шыққан ел. Тас бейне жасау өнері әуелгіде жартастарға шекіп салудан басталған. Соның өзінде тастан адам бейнесін қашау сатысына бірден жетпеген. Бұл саладағы аса білгір ғалым Әлкей Марғұланнның топшылауы бойынша: «Ең ескі тас мүсіндер ғұн дәуірінде – б.з.б. II-I ғ., б.з. I-V ғасырларда шыға бастаған. Олардың құрылысы өте биік, ... 8 метрге дейін жоғары көтеріліп тұрады. Оларда тек бас жағын ғана әдемілеп безендірген, өзге пішіні салынбаған... Ғұндардың тас мүсіні ата-ананың рухын қадірлеуден шыққан, аспанға, күнге табынудың бір елесі» (Марғұлан, 1984: 12-16).

Қолөнер тек экономикалық пайда көзі ғана емес, сонымен бірге мәдени құндылықтарды, дәстүрлер мен сәйкестікті беру құралы, сонымен қатар мәдени байыту мен Ұлы Жібек жолының әртүрлі халықтары мен аймақтары арасындағы алмасу факторы болды. Дәстүрлі қолөнердегі қалыптасқан білімдер мен дағдылар Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимикалық атаулардың қалыптасуына, сауда маршруттары өткен жерлердің сол қолөнер бұйымдары арқылы аталуына ықпал етті.

1. Мата өндірісі және тоқыма өнері. Ұлы Жібек жолында тоқыма саласы маңызды рөл атқарды. Шығыс пен Батысты байланыстыратын бұл тарихи сауда жолы әртүрлі мәдениеттер мен аймақтар арасындағы түрлі маталар мен тоқыма бұйымдар

технологияларының алмасуына ықпал етті. Ұлы жібек сауда торабында қалыптасқан мата, тоқыма өндірісіне қатысты үш саланы тарқатып көрсетуге болады: мата өндірісі, тоқыма және тігін өндірісі, кілем өндірісі. Зерттеуімізде аталған өнеркәсіп түрлеріне жекелей тоқталамыз.

